1959 жылы Ленинградта психологтар симпозиумы болып Қазақстаннан профессор Суфиев бастап барған үш адам орыс ғалымдарынан ығып сөзге жазылмайды, намыстанған Сәлкен аға ғылыми доклад жасайды. Ол материал Ресей жоғарғы оқу орындарыны форумның ақпараттық бюллетеніне жарияланады. Ол материалды әйелі Свердлов университетінің психология кафедрасының меңгерушісі, ғылым докторы, профессор Александра Михайловна Галяховская оқып, Қазақстан Ұлттық Ғылым академиясына Сәлкен Балаубаевтың мекен-жайын сұрап бір жыл бойы хат жазады, жауап болмайды. Ол кісі Сәлкен Балаубаевтың академия тұрмақ, ешқандай ғылыми атағы жоқ екенін қайдан білсін?! Патша көңілі академияға танымал болар деп ойласа керек...

Сәлкен ағаның анасы Кенжеқыз 1961 жылы Қарағандыда наурыз айының басында 93 жасында қайтыс болады. Міне нағыз ардақтап, сыйлайтын адам, сол кісі! Өмірбақи жаңғыз ұлының тілеуін тілеумен өтті бұл өмірден. Жаңаарқаға хабарладық райкомның орготдел басшысы **Ермек Оразалин** бір ту бие сойып әкелді. Мен студентпін Сәкеңнің жерлесі әрі шәкіртімін жерлеуге қатыстым.

Үйден ақыреттеп шығардық намазына бір 10 шақты адам ғана қатысты. Онда әлі кең үйге кірген жоқ, Ленина 52 деген көшеде 2 бөлмелі тар үйде тұратын. Таңертең институт 1 кішкентай автобус алып берді. Сонымен мәйітті қабырдың басына апардық, күн жауын 20 шақты адам өздері жиналып келіпті, ішінде молдасы бар.

Тағы да әлгі оңбағандық... Сәкеңнің әлі ақталмаған, ардақталмаған уақыты ғой, институттың ректоры Сейтқали Баймурзин бұрынғы идиолог, өте сақ кісі еді келген жоқ, орнына Усик Владимир Павлович дейтін момын оқу ісі жөніндегі проректорын жіберіпті. Институттан бас-аяғы 3-4 адам келді.

Қабырға қойып болдық молда құран оқыды, құран оқу аяқтала бере 2 қара волга 1 автобус келіп тоқтады. Елдің үрейі ұшып кетті. Атеистік заман ғой!

Бірінші волгадан обкомның 1 хатшысы Банников, екіншісінен Досмағамбетов түсті. Ел не қыларын білмей абдырап тұрып қалды. Бір уақытта Сәлкен аға ақылды адам ғой, қабырдың дәл жиегінде құран оқымақ болып ыңғайланып тұрған, қолын көтеріп: - «Мен құдайға сенбеймін! Бірақ біздің мұсылман халқының жүрегінде құдайға деген ұлы сенім бар.

Мен ол сенімнен де айрылғанмын «халық жауымын» кешегі деді күңіреніп. «Менің құдайым мына жатыр!» деп қабырды нұсқады.

Бұл кісі құдайға сенген, бес уақ намазын қаза қылмаған, өмірбақи менің тілеуімді тілеумен өткен анам еді! Рұқсат етсеңіздер өзінің ақырғы аманатымен анамды құран оқып шығарып салайын», - деді де, Сәкең ештеңеге қарамай, батпақ демей, перчаткасын тізесіне қойып, кәдімгі тізерлеп отырды да құдай салмасын Яссинді сарнатты. Ол кісі құранды өте мәнерлеп керемет оқушы еді, дауысы зор болатын. Қарасам жаңағы обкомның адамдары түгел Сәкең құсап тізерлеп отырып қалыпты саздың үстіне.

«Аллаhу акпар!», - деп бет сипаған соң, Сәлкен аға маған бұрылып, - «Әй, Сүлеке, (*студенті Жақсыбай Сүлейменовті еркелетіп солай атаған - С.О.*) анау Усиктің машинасына мін де тезірек үйге барып Ермек екеуің жылдам дастархан дайындаңдар», - деді. Үйге тарттық, жолай арақ-шарап сатып алып дастарханды сірестіріп қойдық. Банников бастаған оншақты кісі келіп төрге озды, арасында бізден Жолмұқан Түрікпенұлы, мен, Ермек Оразалин бар. Банников деген иықты, аласа бойлы, төртпақ адам екен. Үй тар, жан-жағына қарап хатшы мынаның бәрін көріп отыр, іле нән табақпен ас келді, шөлмек қоса келді. Сонда Н.В. Банников: - «Сәке, деді. Сіз күні бойы не айттыңыз?! Анамды өз сенімімен мұсылмандық жолмен шығарып салам дедіңіз ә?! Ал, анаңыздың сенімінде мынау жоқ қой, деп шөлмекті нұсқап, осылар жиналса екен», - деді. Апыр-топыр шөлмек, стақандарды жинап алдық. Сонан соң еттен ауыз тиді де - «Сәке, кешіріңіз біздің уақыт санаулы ғой, енді анаңызға арнап өзіңіз бір құран оқыңыз», - деді. Сәкең қысқаша құран оқыды. Келгендер бет сипап, «әмин!» десіп, далаға беттеді.

Енді Александра жеңгемізге келсек, Ұлттық академияға үсті-үстіне хат жазып, іздеуін тоқтатпапты. Күндердің - күнінде академияға келген Мәлік Ғабдуллин бұл әңгімені естіп, ұстазына хабарласып «сүйінші» сұрап, ұлықсатын алып, жеңгесіне адресті хабарлап телеграмма салады. Содан жеңгеміз 1961 жылы күз айында, ең бастысы Сәлкенінің тірі екеніне тәубе қылып, бір көруге әрі арыздасуға Қарағандыға іздеп келді.

Студент кезінде Ташкентте бірге оқыған, 1932-1938 жылдары Алматы, Орал ЖОО бірге қызмет істеген психология ғылымының кандидаты Александра Галяховская педагогика мен психологиядан қазақ групаларына қазақша дәріс оқыған. Ал, Сәлкен аға орыс группасына орыс тілінде оқыған.

Одан, 1934 жылы жаңадан ашылған Орал пединститутына Сәлкен ағаның жұбайы ретінде барған жас маман Сәлкен ағаға жаңадан құрылып жатқан институттың педагогика-психология кафедрасының ашылуына үлкен қолғабыс

жасаған. Көп ұзамай С. Балаубаевтың басына қара бұлт төніп ақыры оның 1937 жылы «халық жауы» болып ұсталуымен аяқталады. Сәлкен аға ұсталғаннан кейін бұл кісіге де қудалау мен тергеу басталады.

Осындай дүрбелең күндерде дүниеге нәресте келеді бірақ ғұмыры ұзақ болмай шетінеп кетеді. НКВД-дан маза болмаған соң жеңгеміз 1938 жылы Ресейдің Свердловск университетіне мұғалім болып ауысып, қуғындаудан құтылып, ғылым жолында докторлық қорғап, үлкен жетістіктерге жетеді.

Сертіне берік Александра жеңгеміз біздің тұрақты мекен-жайды білмеген соң Ақмоладағы нағашылары Қаныбек пен Мұқатайдың адресіне қызы Күләндаға арнап посылкамен киім-кешек, кітап, дәптер жіберіп тұрған, олар болса үкіметтің заңынан қорқып алмағандықтан олар қайтып келгенекен. Оны кейіннен өз аузынан естіп, біледі.

Жеңгейді күтіп алдық, кішкентай ғана сүйкімді кемпір екен. Александраның аз да болса күтімін көрген Сәлкен ағаның қызы Күләнда мен күйеу баласы Әбдіқадыр үлкен адамгершілік танытып, ол кісіні құрметтеп қонақ қылды. Екеуін төрге екі креслоға қатар отырғызып өгей аналарын құрақ ұшып күтті. Александра басын Сәлкен ағаның кеудесіне салып еркелеп отырды. Тұрмыс құрмаған екен, бүкіл ғұмыры Сәлкен ағаны күтумен, ғылымға арнағанын айтып: «Енді біріміз кемпір, біріміз шал болып, төрімізден көріміз жақын қалғанда тірі жолықтырған аллаға мың да бір шүкір!», - деп, көзіне жас алады. Қызы мен күйеубаласы өгей шешелеріне қазақи салтпен жол-жоралғыларын жасап, риза қылып аттандырды.

Жеңгемізді аэропортқа аспирант Түрікпен Жолмұқанұлы үшеуіміз шығарып салуға бардық. Қарағандының ескі аэропортында Сәлкен аға екеуі егіліп жылап қоштасып, кешу алысты. Өткен тағдырларына лағнет айтып тұрғандай көрінді бізге. Сол жылаған қалпымен Александра жеңгеміз теңселіп барып самолетқа мінді. Құлап қалады екен деп бізде үрей жоқ. Қос мұңлықтың аянышты халдерін көріп біз де жыладық. Бұл олардың соңы кездесуі екен...

1969 жылы жеңгеміз дүниеден өтті деген суық хабар келді. Міне осылай, Сталиндік репрессия құрбаны болып, не жар, не бала қызығын көрмей, дүниеден өксіп өтті ірі ғалым, полячка жеңгеміз - Александра Михайловна Галяховская. Марқұмның пейіште нұрын шалқытқай!

Қарағанды педагогикалық институтының психология кафедрасына Архипова деген жас маман келіп, оның сабағын тексеру мақсатында кафедра меңгерушісінің міндетін атқарушы Сәлкен Балаубаев кіреді.

Сабақ тақырыбы: «Ұйқы мен түс» деп аталады. Жас маман судырлатып лекциясын оқып шығады. Аудиториямен байланыс жоқ. Студенттерді не ұйықтатпайды не түс көргізбейді. Осы жағдайға өзі куә болған С. Балаубаев ренжіп педсоветте жас Архипованы жерден алып, жерге салады. - «Сен неге ізденбейсің, студенттерді неге алдайсың?» - дейді. Ондай құқай көрмеген ол, бота-борым болып жылап үйіне келеді. Күйеуі обком партияда бөлім меңгерушісі екен, - «Мен ол «халық жауына» ұрысқанды көрсетейін», - деп әйелінің атынан СССР ғылым-білім министрі Илютинге шағым жолдайды.

«Ректор Баймурзин «халық жауларын» жұмысқа алып, үкімет саясатына

қарсы жұмыс жүргізіп отыр, жас мамандарға қудалау жасалуда»,- деген мағынада. Ол кезде арыз-шағым қатты тексерілетін уақыт қой, СССР білім министрлігінен бір психология ғылымының докторы, профессор, Қазақстан оқу министрлігінен екі маман, Қарағанды медицина институтынан бір маман, өз институтымыздан бір маман, барлығы 5 адам комиссия құрылып бұл істің ақ-қарасын ажырату үшін тексеріс жүргізеді.

Жолмұқанның «Сені Балаубаев шақырып жатыр» - дегенге барсам.

«Жағдай осындай болды Сүлеке! Мен комиссия алдында эксперименттік сабақ өткізбекпін. Бір жаман әдетім, біреу алаңдатса ойым пышырап кетеді. Сол себепті сен мен сабақ өткізетін аудиторияның есігін бір пар бойы күзетіп тұршы, біреу есікті ашып, ойымды бөлмесін», - деді.

Студентер аудиторияға жиналған соң комиссия мүшелері кірді, ішінде Архипова да бар. Балаубаев сөз бастайды: «Құрметті комиссия мүшелері! Мен жұмыс барысында жас маман Архиповаға кінә артып, ізденбейсің деп ұрысқаным рас.

- Сіз мақұлдайсыз ба Архипова жолдас? - Ия дейді.

- Сіздің студенттерді ұйықтата алмағаныңыз рас па? - Рас дейді.

- Ал, менің атақ-дәрежем жоқ екені рас. Бұл тұрғыда ректор Баймурзиннің ешқандай жазығы жоқ, мен ҚазССР білім министрлігінің жолдамасымен келгенмін бұл жұмысқа, деп ректорды қорғап сөйледі.

- Дау болған сабақ тақырыбы: «Ұйқы мен түс» дұрыс па студенттер?

- «Дұрыс»,- дейді студенттер.

Олай болса мен уақытты созбай тақырып бойынша іске кірісейін, үлгергенімше сіздерді ұйықтатып, түс көргізейін деп, келген комиссия мүшелері бес адамды ұйықтатып, түс көргізіп сабақ біткенде комиссия мүшелерінің қандай түс көргендерін өздеріне айтып береді. Комиссия мен көріп отырған студенттер мен Архипова аң-таң. Тәжірибелік сабаққа «өте жақсы» деген баға берген комиссия Балаубаевтың еңбегін бағалап «доцент» атағы қайтып берілсін» деген шешім қабылдайды.

Осы сабақта болған комиссия мүшелері Балаубаевтың есімін Москва мен Алматыға жаяды. Куә болған студенттер ұстазының есімін аңызға айналдырады. Балаубаев есімі бүкіл Қазақстанға әйгілі болып, беделі асқақтап кетеді. Ал, көпе-көрнеу жала жапқаны үшін ғылыми кеңес Архипова жұмыстан босатылсын деп шешім шығармақ болады.

Осы арада Сәлкен аға үлкен мәрттікке барады. Ғылыми кеңес мүшелерінен жас маман Архипованы жұмыстан шығармай, қатаң ескертумен шектеліп, өзінің қол астында жұмыста қалдыруын өтінеді.

- «Екеуімізден де білместік болған шығар, жас маманның тағдырына балта шаппайық, үйретейін» деп аман алып қалады.

Кейіннен осы Архипова Сәлкен ағаның туған қызындай болып, үйіне қонақ келсе дастархан дайындасып, ыдыс-аяғына шейін жуып кететін көрдік.

Профессор Сәлкен Балаубаевтың тәрбие жүйесі міне осындай ерекше болатын. Бұл соның бір ғана көрінісі. Енді ондай ғалым қайда-а-а!

Бір күні аспиранты Жолмұқан: - «Сәлкен аға сені іздеп, сұмдық абыржып

отыр, тез жет» - деді. Жүгіріп бардым.

- Әй, Сүлеке, мені обкомға шақыртып жатыр, менімен бірге жүрші деді, байқаймын, өңі қашып, абыржып келе жатыр. Обкомға келдік Сәкең документін көрсетіп кіріп кетті. Мен сыртта қалдым. Енді уақыт өтсейші, көңілде күдік тағы не жазды екен деп, дегбірім қашып мен тұрмын.

Бір уақытта Сәкең жылап келе жатыр, масқара, тағы бір сұмдық болған екен ғой деген жаман ой келді. Жаныма келіп: «Сүлеке, 1932 жылдан кейін көрген құрметім осы болды! Мынау міне, Досмағамбетовтың үш бөлмелі үйінің кілті. Артымнан өзі де келеді, Банников ана үйіңіз сізге лайық емес екен, басқа бұйымтайыңыз болса хабарласарсыз деп мына кілтті берді»,- деді қуанып. Сөйтсем, бұл қуаныштың көз жасы екен.

Сәлкен ағаға обкомның Крылов көшесі 18 үйден, 3 бөлмелі пәтер берген жолы оған Архипованың да ықпалы болғандығын ел айтып жүрді. «Халық айтса - қалып айтпайды». Әкесіндей қамқор болған адамға жақсылығының өтеуі шығар дедік. Ал, ең өкініштісі, сол үйдің қабырғасына әлі күнге бір белгі-тақта жоқ. Бұлай елеусіз қалатындай Сәлкен аға адамның қоры емес еді ғой?!...«Артында жоқтаушысы жоқ дүние осылай болады екен шырағым»,- деп күрсінді Жақаң ақсақал.

Маған таяуда сенің айтуыңмен Қарағандының Евней Бөкетов атындағы университетінің кафедра меңгерушісі болған, ғылым докторы, академик Бибісара Әубәкірқызы келіп біраз дерек алып кетті. Саған бөтен емес, Сармантайдың қызы екен. Көп жылдан бері Сәлкен Балаубаевтың жоқшысы болып ізденіп жүр екен айналайын, кафедра ішінен Сәлкеннің аудиториясын ашыпты, кішігірім музейін жасақтап қойыпты. Енді өз қаражатына өмірдерек монографиясын жазып шығарып, институт қабырғасына ескерткіш-тақта орнатыпты. Өжеттігіне сүсіндім. Ол қызымызға алланың нұры жаусын! Нағыз ғалым осындай болу керек.

(Жалғасы бар)

15 тамыз 2024 жыл. Жәйрем кенті.

АҢЫЗ АДАМ
ҚАЗАҚСТАН ПСИХОЛОГИЯ ҒЫЛЫМЫНЫҢ НЕГІЗІН ҚАЛАҒАН ҒҰЛАМА ҒАЛЫМ СӘЛКЕН БАЛАУБАЕВ (1900-1974)

Жолмұхан Түрікпенұлы

Мен, Жолмұхан Түрікпенұлы, 1959-60 жылдары Қарағанды педагогикалық институты, «Педагогика және психология» кафедрасында, кафедра менгерушісі доцент, педагогика ғылымдарының кандидаты Сәлкенағанын, Сәлкен Балаубаевтың ассистенті болып қызмет істедім. Ол кісі бұл кызметті 1956 жылдан бері аткарады екен. Сәкең (Сәкен аганы барлығы осылай айтатын) өткен ғасырдың 30-жылдарындағы зобалаң кезінде қуғын-сүргінге ұшыраған, 1938 жылы сотталып, жас өмірінің 18 жылын абақтыда, лагерде өткізеді.

1953 жылы жазасын түгел өтеп еліне, Қарағандыға оралады. Жергілікті биліктегілердің бұл кісіге қыңыр қарауынан 3 жыл жұмыссыз жүріп, ілдәләп күн кешеді (өйткені олар бұрынғы «халық жауы» аталған кісіден бір пәлеге ұшырап қалмаймыз деген бір үйден қорқып, өз бастарының амандығын ойлаған).

1956 жылы біржолата ақталып осы жұмысқа орналысады. Мен Сәкеннің қоластында жұмыс істеген кезде отбасында жаңадан қосылған зайыбы Жәмилә, еріп келген қызы Раушан бар еді. Ол қызы қаладағы медициналық институтта студент болатын. Кейін институтты бітірген соң ауруханада дәрігер болып жұмыс істеді, күйеуі Қуанышбекте медициналық институтта бірге оқыған, медицина саласының қызметкері болатын. Олар Жезқазған қаласында тұрды. Одан бері көп жыл өтті, қазір олардан хабарсызбын. Сәкеннің бірінші қазақ әйелінен туған қызы Күләнда Теміртауда қаласында ауруханада қызмет жасаған. Ол кісіденде хабарым жоқ.

Сәкен бойшаң, түр-тұлғасы келіскен, қараторы, қасқабас, бет ажары сүйкімді, көзі күлімдеп, ажарынан нұр төгіліп тұратын аса сымбатты азамат еді. Ол кісінің түріне қарап, ұзақ жыл түрмеде отырып, небір нәубетті басынан өткізген адамның нышанынан аңғармайсыз. Аса сергек, жүріс-қимылы шапшаң, іске тиянақты, ұқыпты, сөзге шешен, екі тілге бірдей еді. Әңгіме-дүкенге құмар, тыңдаушысы келіссе сөйлеуден жалықпайтын. Сәкеннің әңгімесін тыңдауға құмартып, қашанда ықыластанып отыратынбыз. Ол кісіге тыңдаушының үлкен-кішісі, білімнің көп-аздығы бірдей, тек ықыласпен тыңдаса болды, шаршау дегенді білмейтін. Сәкеңді ел-жұрты қатты сыйлап, құрметтейтін.

Қарағанды ол кезде шағын қала еді.Орталығы «Жаңа қала» («Новый город») деп аталатын. Қазақстан шыққан зиялы адамдар да онша көп емес еді. Халқының көбі орыс-украин, орыс тілділер. Қалада бір-екі техникум, үш жоғарғы оқу орындары болды. (Педагогикалық институт, Медициналық институт, Политех). Педагогикалық институт болмаса, басқаларында қазақ студенттері де көп емес.

Сәлкеннің қаладағы интеллегенциялар арасында беделі өте зор, абыройы асқақ, аса құрметті ақсақал. Ол кісінің қызметшісі болып жанында жүрген соң, мен де сыйлы адамның қатарында болдым. Оған құрбы-құрдас, әріптестерім қызғанышпен қарайтын. Абзал ағаның жанында жүріп көп нәрсені естіп-көріп, талай ізгі жақсы адамдармен таныс-тамыр болдым. Есімдері есімнен кетпейтін, былайғы өмірімде үлгі тұтқан азаматтар көп болды.

Кейбірін атап айтсам: институт ректоры Сейтқали аға Баймурзин, оқытушы профессорлар Ермағанбетов, Нұрышев, Абеуов, Жуасов, Келтенов, Мейрамов, Қалжан апай, философ Раиса Ахметовна т.б. біразының есімдері есімнен шығып қалды.

Сол кездегі қаладағы аса сыйлы адамдардың бірі академик, Социалистік Еңбек Ері, Политех институтының ректоры Абылқас Сағынов еді. Ол кісі горняк, тау-кен ісінің аса білгірі, ғұлама ғалым болатын.

Сонда жүргенде Сәлкен ағаның арқасында аттарынан ат үркетін, сайдың тасындай Алаш азаматтары, сойұанды жылдардағы қуғын-сүргіннен Алланың

әмірімен аман қалған (чудом) Әлімхан Ермеков, Жайық Бектұровпен және бір-екі кісімен таныс болдым, дидарластым, небір ғажап әңгімелеріне куә болдым.

Менің мамандығым математик, КазГУ-дің физика-математика факультетін бітіргенмін. Біраз жылдар мектепте сабақ бердім. Тағдырдың салуымен келген соң, Сәлкен ағамен танысып, шүйіркелесіп, ол кісі мені біртіндеп өзіне тартып, психолог қылып шығарды. Үш жыл осы мамандыққа үйретіп, содан соң КазГУ-дің психология саласының аспирантурасына түсіп оқуымды қалады. Өзі тікелей жүгіріп жүріп целевой орын алып, Алматыға жетектеп әкеп, сол кездегі КазГУ-де психология кафедрасының меңгерушісі, атағы жер жарған академик, профессор Төлеген Тәжібаевтың алдынан бірақ шығарды.

1964 жылы аспирантураны бітірген соң, сонда қызметте қалдым. Сәлкен ағамен өмірінің соңына дейін байланыста болып, жиі-жиі хабарласып тұрдым. Ағаның қайтыс болғанынан хабарсыз болып, басына топырақ сала алмадым. Тек Бибісара Әубәкірқызы Әмірова Сәлкен ағаның ғылыми мұраларын жинап, жинастырып, зерттеп-зерделеп жүр. Соған да мың да бір шүкір! Бибісара қарындас Қарағанды Ұлттық университетінде психология кафедрасының профессоры, психология ғылымының докторы, Қазақстандағы белгілі ғалым.

Төменде ұстазым Сәлкен ағаның аузынан естіген, жазып қалдырған мағлұматтарына сүйене отырып біршама ақпараттар берейін:

«Сәлкен 1900 жылы 15 сәуір күні Ақмола қаласы маңында Майбалық көлінің жағасында дүниеге келген. Әкесі Балаубай, анасы Кенжеқыз. Әкесі 1932 жылы 75 жасында, анасы 1961 жылы 93 жасында қайтыс болған. Сәлкен отбасындағы тоғыз баланың кенжесі болды. Орта шаруалы отбасында өскен Сәлкен 6-7 жасында молда алдына барып, екі жыл оқыған. Одан кейін Спасскіге көшкен (қазір Өспен дейді) онда мыс қорыту зауыты бар. Спасскіде екі жылдық приходная мектеп болған («заводская школа») деп аталатын, 4 ай сонда (1911 жыл аралығы) жеке мектепте оқиды. Одан соң, сол жердегі орысша жеке мектепте оқиды, 1916 жылы 7 сыныпты бітіреді. (Жетекшісі Волостников - жоғары білімді мұғалім болған). 1916 жылы орыс әскеріне тыл жұмысына алатын болады, әкесі бастықтарға пара беріп алып қалады. 1917 жылы (Ақпан революциясына дейін) плотник ағаш ұстасы болып жұмыс істейді. Енді саясиағарту жұмысымен айналыса бастайды. Орынбек Беков деген бірге оқыған (4 жас үлкен) жігіт екеуі «Жас жүрек» деген жастар ұйымын құрады. Бұл Ақмолада С. Сейфуллин құрған «Жас қазақтың» бөлімі еді. Жастар театрын ұйымдастырып, өзі пьеса жазады. Ағылшын өндіріс басшысы Вильсонның әйелі қолдау көрсетіп, театр гүлдене бастайды. Ғимарат салып береді, киім-кешекке қаражат беріп, театрды қамтамасыз етіп отырған.

1917 жылы октябрьде революция оты тұтанып, буржуйлар қашып кетті, олардың орнына қызылдар келді. Мен жергілікті Ревкомның хатшысы болдым. 1919 жылы Байдәлет болысында (Ақмола) хатшысы болдым, одан кейін оның президенті болып сайландым.

1920 жылы Ақмола округі 1-ші учаскеге «Нарсуд» етіп жіберді. Қосымша, өзбетімше жалданып оқып жүрдім. 1922 жылы Ақмола уездік советінің (губисполком) секретары болдым. 1923 жылы Бүкіл Ресейліксъезде делегат

болдым. 1923-24 жылдары Қызылжарда «Бостандық туы» газетінің әдебиет бөлімінің меңгерушісі қызметін атқардым. 1925-29 жылдары Ташкенттің Орта Азия мемлекеттік университеті (САГУ) педагогика-психология факультетінің студенті болдым. Одан кейін физиология-психикалық зертхананың бастығы болды. Бірнеше ғылыми еңбектер жаздым, оның ішінде кәсіби бейімделу, іріктеу, жастар психологиясы тақырыптарында.

1929 жылы Қазақстанның ВАК психология ғылымының кандидаты және доценті атағын берді. 1932-35 жылдары Алматыдағы Қазақ педагогикалық институтында (ҚазПИ) психология кафедрасының меңгерушісі, қоғамдықғылымдар бөлімінің бастығы болдым.

1934 жылы С.М. Киров қастандықпен өлген соң қуғын-сүргін басталады. (Кек алу). С.М. Киров Совет үкіметін басқарған аса ірі, алдыңғы қатарлы мемлекет қайраткері еді. Содан бас сауғалап Орал педагогикалық институтына доцент болып ауыстым. Осы кезде «Психология» оқулығын жазған едім. Атағы шыққан шәкірттерім Әди Шәріпов, Қалижан Бекхожин, бақытжан Байқадамов, Мәлік Ғабдуллин (ҚазПИ). Оралда Айтбай Нәрешов. Ол «Есеп» деген астарлы совет үкіметіне қарсы ұйым құрған. Оралдан қашып Мәскеуге бардым. Әйелім Голоховская Александра Михайловна (1926 жылы студент кезінде бірге оқып, үйленген, мамандығы педагог-психолог).

1938 жылы Оралға қайтып келгенде ректор Лукянецтың кабинетінде қамауға алындым. Айып - «Жапониямен байланыстасыңдар (шпион), Қазақстанда Совет үкіметін құлатуды көздеп жүрсіңдер», - дейді. «Кім үгіттеді?», - деп сұрады. - Әлжанов Шарапидин - деп жауап бердім. Ұзақ қатыгез азаптарды көтере алмай «Әлжанов» тағылған жалған айыпты мойындауға мәжбүр болдым. 3 айдан кейін жанымдағы камералас алты қазақ та «мойындайтын» қағаға қол қойды. Содан үш ай түрмеде қамалып жаттым. Артымда інім Файыз, шешем Кенжеқыз, қазақ әйелімнен туған қызым Күләнда (Қарағанды түбінде Шахтинск ауданында сот) қалды. Содан (мойындаған соң) 6 айдан кейін сот болды (сот 3 кісі). Жалпы 15 жыл және 3 жыл жер аудару, барлығы 18 жылға соттады. Көрсеткендер Құдайберген Жұбанов, Даниял Сқақов (Сқақ Абайдың інісі, Даниял Сқақов ол кезде Минпроста қаржы бөлімінің бастығы еді) болған екен. Олардың берген жазбаша куәліктерін оқып берді.

Қ. Жұбанов: «Маған айтқан Қажым Жұмалиев» дейді. Үкім шыққан соң 17 ай бойы (1 жыл 5 ай) түрмеде болдым. Түрме жазаланатындары бөлу Шымкентте орналасқан еді. Содан Соликаменскіге жіберді, Пермь облысы, Қағаз фабрикасы онда 12 мың жұмысша бар. Бір бөлімде 900 кісі болдық. Бәрі Қазақстаннан, көбісі қазақ. Жұмыс күні 12 сағат. 1941 жылы мүгедектікке шығарды. Жұмысым жеңілденді. 1949 жылдан бастап мүгедектер лагерінде болдым.

1953 жылы 4-наурыз күні лагерден босанып шықтым. 5-наурызда Сталин қайтыс болды. Одан Қарағандыдағы Федоровка ықшам ауданына әкелді, одан Ескі қала (Старый город) ықшам ауданына ауыстырды. 10 күнде бір комендантқа көрініп тұрасың. Жұмыс жоқ (жұмыс істеуге заңды құқығым бар,

бірақ алмайды). Екі жыл жұмыссыз жүрдім. Қарағанды обкомының 1-ші хатшысы Яковлев: - оны жұмысқа орналастырыңдар деп тапсырды, бірақ ешкім орындамады. «Халық жауы» болған деп қорқады, қашқақтайды. Қарағанды горком хатшысы Әділов Ахмет (шәкіртім еді), болыса алмады, мұғалімдік жұмысқа да орналастыра алмады ғой.

1954 жылы Қазақстанға 1-ші хатшы болып Мәскеуден Пономоренко келді. Сол азамат көзімді ашты (ол туралы сөз басқа). Сол кісіге хат жаздым. - «3 жыл жұмыссыз жүрмін» - деп. 10 күн өтпей үйіме облкомның 1-ші хатшысының орынбасары келіп, 1-ші хатшының өзіне апарды. Яковлев түрегеп келіп қолымды алып амандасты. Халімді сұрады.

Педагогикалық институтқа оқытушы жұмысына барыңыз, пәтер екі айдан соң беріледі. Қазір менің атыма «Кінәсізбін» деп арыз жаз, - деді.

Жазуға қорқамын.

Жоқ, жазыңыз. Бұйырамын!-деді зәлдә дауыспен.

Жарайды, жазайын,-деп кабинеттен шығып кеттім.

Арыз жазған соң, көп кешікпей ақтау қағазын алдым. Қуанып Алматыға келдім. Ақтау қағазымды таныстарыма көрсетіп едім, ешкім сенбеді. Тек, Сәбит Мұқанов жақсы қарсы алып, ұзақ жылы сөйлесті. Басқа таныс жолдас, шәкірттерім қауқарсыз болды. Солардың ішінде Мәлік Ғабдуллин ҚазПИ-де ректор, Әди Шәріпов - оқу министрі міндетін атқарушы, Айманов - Министрлікте ВУЗ басқармасының бастығы (артис Кәукен Кенжжетаевтың ағасы), Ермеков - Шымкент педагогикалық институтының ректоры. Содан соң аудармамен айналыстым. Онда да ең төменгі ставка қойылады.

1956 жылы XXII съезден кейін оқу министріне тағы бардым. Министр Закарин Асқар. Өтінішім - пединститутқа жұмысқа тұру. Былтырғы Шәріпов пен Аймановтың қылығын айттым. Министр оларды қатты сөкті. «ҚазПИ-ге кел деп тұрғанда, неге жібермедіңдер?» - деді. Екеуінде үн жоқ. Дегенмен де қызарып, қорғанып бақты. Дереу Қарағанды қаласындағы ҚарПИ-ге жұмысқа алуға бұйрық жазылды. Міне, содан, 1956 жылдан бері осы жерде жұмыс жасап жатырмын. 1959 жылы ғылыми дәреже, атақтарымды қайтарып берді (педагогика ғылымдарының кандидаты, доцент). Ол жердегі кафедрада 4-ақ оқытушы бар екен, қазір 16 адам. 1963 жылы аспирантура ашылды. Бірінші аспирант - Бақыт Хамзин, екіншісі - Заманбек Ахмедин, екеуі де кандидаттығын қорғады. Қаhарман Қаппасов қорғайын деп жүр. Ташкенттегі САГУ-де бірге оқыған Ғабдулла Темірбековпен бірігіп Жоғарғы оқу орнына арнап «Психология» оқулығын шығардық (16 б.т. 1900 тиражбен). Ол кітап қазір табылмайды, қайта шығарсақ тәуір болар еді. «Балалар психологиясын» жазып жүрмін.

Жолмұхан балам, менің тағдырым, өткен өмір жолым осындай. Тағдыр маңдайыңа жазса, сол болады - деген осы екен. Жасымда ғылым-білімге беріліп, алдыма үлкен мақсат қойып едім. Алланың үкімі олай болмады. Көп уақытым бос кетті. Өкінішті!», - деген еді…

Осылайша Сәлкен ағамен таныс болған едім.

ЕСТЕН КЕТПЕС ЕҢСЕЛІ ТҰЛҒАЛА
(ТӨЛЕГЕН ТӘЖІБАЕВ, СӘЛКЕН БАЛАУБАЕВ ЖАЙЛЫ ҮЗІК СЫР)

Жолмұқан Түрікпенұлы

Әлі есімде… Өткен ғасырдың елу бірінші жылы Қазақ мемлекеттік университетінің физика-математика факультетіне оқуға түстім. Соғыстан кейінгі кез. Ел езілген еңсесін енді-енді көтеріп жатқан. Студенттерге жатақхана жетіспейді. Туып-өскен жерім - Алматыдан 70 шақырым қашықтықтағы Еңбекшіқазақ ауданының Шыбыл ауылы. Жатақханадан орын беретін кісі: - Біз алыс жақтардан келгендерді жатар орынмен қамтамасыз ете алмаудамыз. Сен осы облыстан екенсің ғой, бірдеңе қылып күніңді көрерсің, - деді. Қалада тұратын туыстарымның жоғын қанша айтсам да құлақ аспады. Күнде соншалық қашықтықтағы ауылға барып-келіп оқу оңай ма? Ол кезде бүгінгідей ерсілі-қарсылы ағылып жатқан көліктер қайда?! Өкпесі сырылдаған жалғыз автобустың жүргенінен тұрғаны көп. Оның үстіне қартайған әке-шешемнің түрі анау. Аз ғана зейнетақыларымен күн кешуде. Бірге оқитын студенттерге тез бауыр басып, алғашқы бір айда солардың жанында жатып жүрдім. Қанша дегенмен, кереует екі адамға тарлық етеді екен. Жоғарғы курста оқитын жерлесім бар еді. Сабақ арасында кездесіп қалдық. Жағдайыма қаныққан ол: - Жолмұқан, бұлай жүре берме. Университеттің ректоры Төлеген Тәжібаевқа бар. Жас кезінде қиыншылықты өте көп көрген жан деп естігенмін. Жағдайыңды айтсаң, түсінер, - деді.

Бұрын ректорды сыртынан көргенмін. Орта бойлы, дөңгелек жүзді, қою қасты, келбетті кісі. Алдына баруға жүрексініп, тағы біраз күнді өткіздім. Боз қырау түсіп, күздің салқыны күш ала бастаған сайын дірдектей бастадым. Ақыры тәуекелге бел буып, Ленин көшелерінің қиылысындағы ректоратқа қарай тарттым. Ескі Верныйдың тұрысында бұл үй гимназия болған деседі. Онда Жандосов пен Фрунзе оқыпты.

Төлеген аға жылы шыраймен қабылдады. Өрекпи соққан жүрегімді басып, жағдайымды баяндадым. Ол зер салып тыңдады. Сабақ үлгеріміме көңіл қойды. Сосын қоңыр үнмен: - Ел есін енді жиып жатыр. Қашан экономикамыз көтерілгенше, қиыншылықтар бола береді. Бірақ бәріне де төзіп, бастаған істі аяқтау керек. Бәріміз де аспаннан осылай салбырап түсе салғанымыз жоқ. Небір ауыр кезеңдерді бастан өткердік, - деп өз тағдыр-талайын қысқаша баяндап берді. Тыңдап отырсам, менің қиналғаным оның қасында түк те емес екен. Әжептәуір жігерленіп, рухтанып қалдым. Ол сөзінің соңында:

- Оқимын деген жаннан көмегімді аянып қалмаспын, деп өтінішіме Бұрыштама жазды да:

- Мынаны комендантқа бер, - деді. Ертеңіне жатақханаға орналастым. Төлеген ағайды содан кейін жиындарда көріп жүрдім. Сөзі қандай! Білімі қандай! Жүйе-жүйесімен айтып, тереңінен қозғағанда, құлақ құрышы қанады. Ауық-ауық жатақханаларды аралап, студенттердің жай-күйін біліп, жағдайларын жасайтын.

Бес жылдан соң университетті ойдағыдай бітірдім. Қарағандының Пединститутына оқытушы етіп жіберді. Сонда доцент Сәлкен Балаубаевпен таныстым. Алпысты алқымдап қалған, педагогика және психология кафедрасын басқарады екен. Тағдыры күрделі жан. Ташкенттегі Орта Азия мемлекеттік университетінің алғашқы түлектерінің бірі. Алматыдағы Қазақ педагогикалық институтында декан болған. Сол кездегі педагогика ғылымы бойынша әр баланың тұмысынан өз ерекшеліктері мен қарым-қабілеттері бар деп есептеп, жасөспірімдерді өз бейімдеріне қарай тәрбиелеу керек деген бағытты ұстанған. Бұл кісі сол салада көп еңбек етіпті. Ал Кеңес идеологиясын ұстанғандардың бұл ғылымға көзқарасы кереғар келді. Отызыншы жылдарда-ақ олар мұны буржуазиялық ғылым, марксизм-ленинизм қағидаларына мүлде жат деп байбалам салған: Адам тұмысынан бері бірдей. Тек болашақта кім болып шығатыны мектептен алған біліміне, тәрбие-тәлімге байланысты, - дейтін. Бұған Балаубаев та бастапқы бағытынан қайтпай, өзінің ғылыми тұжырымдарын дәлелдеп жанталасса керек. Ақыры отыз жетінің зобалаңында сол ғылыми көзқарасы өзіне пәле болып жабысыпты. Буржуазиялық ғылымды дәріптеуші деген жаламен итжеккенге айдалады. Бір жолы оңаша сәтте мен одан осы мәселе жөнінен суыртпақтап сыр тарттым. Ол сол бойда ішіндегісін ағыл-тегіл ақтара салған жоқ. Қыртысы көп маңдайын жиырып, ілкім сәт үнсіз отырып, іркіле сөйледі.

Е-е, шырағым, - деді күрсініп. - Біздің қазақта күншілдік деген жазылмайтын әлеуметтік ауру бар емес пе? Үстімнен үш адам мені бұрынғыны көксейтін ғалым деп жоғарыға арыз жазыпты. Ту сыртымнан біреулер солай тас атады деп ойлаппын ба? Айтысармыз, пікір таластырармыз, сөйтіп жүріп, түбі бір мәмілеге келерміз деуші едім. Қателесіппін. Бар зұлымдығын іштеріне бүккен жау болып шықты.

Олардың кім екенін білесіз бе?

Білемін. Жер басып жүр ғой. Кейде Алматыдағы үлкен ғылыми жиындарда сырттарынан көріп те қаламын.

Кімдер екенін ашып айтпайсыз ба?..

Қайтесің, шырағым… Мен олардың аттарын аузыма алуға жиренемін. Сен естімей-ақ қой. Ер жеткен ұл-қыздарынан ұят. Тек итжеккенде босқа өткен жиырма жыл уақытты айтсайшы. Қазір жастық шағымдағыдай қайрат қайда? Қаншама ғылыми еңбектер жазылмай қалды. Соған өкінемін…

Ол әлдене есіне түскендей маған жалт қарап:

- Жолмұқан, сенің ойлау жүйең қазақша екен. Сөзің өте жатық. Психология ғылымында өзіңдей тілді жетік білетін ұлттық мамандар өте аз. Бұл - адамның жан дүниесін тану ғылымы. Қазақ халқының ерекшелік болмыстары енді-енді зерттеле бастады. Бізде физиктер мен математиктер саны біршама, естіп жүрсің ғой. Сен осы психология ғылымын қолға алсаң қайтеді? ҚазМУ-дың ректоры, психолог Төлеген Тәжібаевпен өзім таныстырар едім. Құдай қазақтың бағына берген жігіт қой ол. Ондай ғалыммен дүниені төңкеруге болады, - деді.

Ойланып көрейін, Секе, - дедім мен.

Балаубаевтың ұсынған бірнеше кітаптарын оқып шықтым. Уақыт тауып,

дәрістерін тыңдадым. Барған сайын психологияға қызығушылығым арта түсті. Шынында да, менің қолайыма келетін, жаныма жақын ғылым секілді. Арада біраз уақыт өткен соң мен ол кісінің ұсынысымен келістім.

Сәлкен аға мені Төлеген Тәжібаевқа алып барды. Төлеген аға күлімсіреген көздерінен ұшқын шашып: Сәлке, сіздің шәкірт таңдаудан қателеспейтініңізді білемін, - деді.

Сынақтарды ойдағыдай тапсырып, аспирантураға қабылдандым. Ғылыми жетекшім Төлеген Тәжібаев «Балаларды еңбекке тәрбиелеудің психологиялық негіздері» деген тақырыпты бекітіп берді. Сол кезде қоғамда мектептерді өндіріспен байланыстырып, сабақты ұштастыра жүргізу қызу өріс алған еді. Өкінішке қарай, бұл тақырыпты қорғаудың сәті келе қоймады. Аспирантураның екінші курсында оқып жүргенде Төлеген аға кенеттен қайтыс болды. Мен ғылыми жетекшісіз қалдым. Содан аспирантураны тастауға тура келді. Жоғары білім министрлігіне қызметке ауыстым. Оған сол кездегі министр, ардақты азамат, талантты ғалым, ұйымдастыру қабілеті ерекше күшті Біләлов Қали аға қол ұшын берді.

Академик Төлеген Тәжібаев - күрделі тұлға. Ол өмірден өткен соң көп жылдар бойы атаусыз қалды. Тіптен ұмыт бола бастады. Артында қалдырған мұралары шаң басып жатты. Ал ол ұмытуға болмайтын, кейінгі жастарға өнеге тұтатын жан еді. Осыдан қырық жыл бұрын профессор Құбығұл Жарықбаев екеуіміз оның өмірі мен ғылыми еңбектерін жинастырдық. Жұмыстарын кітап етіп шығардық. 2002 жылы менің «Академик Төлеген Тәжібаев» деген үлкен кітабым жарық көрді.

Төлеген Тәжібаев 1910 жылы Оңтүстік Қазақстан облысындағы Шардара ауданының Сүткент ауылында туған. Осы ауылдағы орта мектеп бүгінде Төлеген Тәжібаев атымен аталады. Ғалымның жылдық мерейтойында осындай шешім қабылданды. Ол жеті жасқа толғанда ата-анасы мен өзінен үлкен бауырлары аштық пен жұқпалы аурудан қайтыс болады. Ал Төлеген босқан жұртқа ілесіп, Әріжан (қазіргі Арықбалық немесе Арыс болуы мүмкін - нақтылауға болады) қаласына жетеді. Көше жиегінде бұратылып, хал үстінде жатқан баланы теміржол бойында істейтін Иван Кабанов көріп, жаны ашығаннан үйіне көтеріп алып келеді. Кеберсіген таңдайына қайнатылған күріштің суын тамызып, есін жияды. Бертінде Кабановтың үлкен қызы Клавдиямен кездескенімізде, ол туралы талай қызықты жайтқа қанықтық:

- Біз азып-тозған баладан қазақшалап атын және кімнің баласы екенін сұрадық. Ол өзін «Төлегенмін» деп, тесірейе қарап тұрып, Тәжібайдың баласы екенін, тұл жетім қалғанын айтты. Күйеуге шыққан әпкесі барын, бірақ одан бейхабар екенін тағы ескертті. Бала өте зерек, айтқаныңды тез қағып алады. Орыс тілін де лезде меңгерді. Әкеме қолқанат болды. Әкем 1917 жылғы төңкеріске дейін жол бойына байланысты салада істеген. Оған ұры-қары, қарақшылардан қорғануға қару берілген еді. Қалаға бірде қызылдар, бірде ақтар кіріп, тұрғындардың есін шығарып жатқан аласапыран шақ. Бір күні үйге түсі суық кісілер баса-көктеп келіп, қару-жарақ іздеп, тінти бастады. Бізді ішкі бөлмеге қамап жатқанда, Төлеген сыртқа шығып бара жатты. Оның түр-түсі

бізге ұқсамайтын болған соң ба, жоқ әлде көрші үйдің баласы деп қалды ма, елірген аналар оған аса мән бермеді. Бөлмелерді ақтарып, ештеңе таппаған соң шатырға көтеріліп, астан-кестенін шығарып жатты. Сонда әкем: Пистолетімді сонда тығып едім. Енді бәрі де бітті. Мені жазалайды, - деді шарасыз кейіппен, үміті үзіліп. Үрейіміз ұшып, тыпыршып отырмыз.

Аналар қайтып келді. Елірген мұрттысы қабаған иттей әкеме төніп: Қаруынды жасырып, бізге қарсы тұратын болсаң деп кіжініп, сұқ саусағын безенді. Олар үйден шығып кеткенде ғана бәріміз демімізді бір-ақ алдық. Әкемнің еңі қашып, тұла бойы қара терге шомыпты. Таңдана қарап: Оңай жерге-ақ қойған секілді едім. Иттер қалай таба алмады, ә? - деді бізге аңтарыла қарап.

Сол кезде сырттан ентігіп Төлеген кірді. Аналар үй ішін тінтіп жатқанда, шатырға шығып, пистолетті алыстау бір жерге көміп тастапты. Шынашақтай баладан мұндай істі кім күтсін? Әкем оны жерден көтеріп, құшағына қысты: Сен мені бір өлімнен құтқардың, балам, - деп бетінен сүйді. Содан кейін біз оны тіпті де жақсы көріп кеттік. Оның музыкалық зейіні де күшті еді. Аз уақыттың ішінде бірнеше аспапта ойнауды үйреніп алды. Әкем оның алғырлығына, зеректігіне сүйсініп: Төлегенді оқыту керек. Одан үлкен азамат шығады, - дейтін. Арыста жетім балалар үйі ашылғанда, Төлегенді соған тапсырды. Ол жексенбі сайын үйге келіп, бізбен бірге болатын. Кейін үлкен қызметкер болғанда, ай сайын бізге өз қалтасынан мың сом салып тұрушы еді...

Ол балалар үйінде озат оқушы атанды. Ұстаздары оны Шымкенттегі Педтехникумға жіберген. Оның директоры - «Алаш» партиясының мүшесі, жазушы Жүсіпбек Аймауытов психология пәнінен сабақ беретін. Кейін Тәжібаевтың: Менің болашақ мамандығым сол педтехникум қабырғасында жүргенде-ақ анықталды, - дегенінен қарағанда, оған Аймауытовтың ерекше ықпалы болған секілді. Педтехникумды үздік бітірген соң, оны сол оқу орнына оқытушылық жұмысқа қалдырған да - сол асыл ағамыз.

Төлегеннің өз ұлтына деген шексіз сүйіспеншілігі - жеті жасында тұл жетім атанып, орыстардың отбасында өсіп, Ресейдің жоғарғы оқу орындарында тәрбие алса да, ана тілін өте жетік білетінінен айқын көрінетін. Қазір арамызда әке-шешесінің қамқорлығында өссе де, тегінен жерінген, ана тілінен мақұрым қаншама оқытушылар жүр…

Үкімет басшылары алғыр жасты пединститутта көп ұстамады. Екі жылдан соң-ақ оны мемлекеттік қызметтерге тартты. 1940 жылы отыз жастағы Төлегенді Қазақстанның Оқу-ағарту Халық Комиссарының бірінші орынбасары, келер жылы Оқу-ағарту Комиссары етіп тағайындалды. Тағы бір жылды артқа тастап, Халық Комиссарлары Кеңесі Төрағасының орынбасарлығына көтерілді. Ал 1944 жылдың тамызында оған Қазақ Республикасының Сыртқы істер Халық Комиссариатын құрып, жұмысын жолға қою тапсырылды. Жаңа «Халкомды» ұйымдастыру барысында сол кездегі КСРО Сыртқы істер Халық Комиссары Вячеслав Молотовпен танысып, талай түйінді мәселелерді бірге шешті. Молотов оның ақыл-парасатына тәнті болып, ерекше дарындылығын жоғары бағалады. Төлеген Ленинградта оқып жүргенде-

ақ ағылшын тілін үйреніп, еркін сөйлегені белгілі.

Тәжібаевтың жоғарыдағы өмір белестеріне қарап, «басына бақ қонған жан» дерсің. Ол рас. Басқа мемлекеттік қызметтерін былай қойғанда, мұхиттың арғы жағындағы Америкаға барып, БҰҰ-да Совет Одағы атынан сөз сөйлеп, оның бір үлкен комитетін басқару сол кезде одан басқа қай қазақтың пешенесіне жазылыпты?! Бұл - бүкіл ұлтымыз үшін абырой, мақтаныш емес пе?!

Алайда оның елдегі өмір жолының кейбір кезеңдері күреспен өткені, тағдырының талай рет толқып-төңкерілгенін көзі көргендер болмаса, былайғы жұрт біле бермейді.

Білікті ұстаздың қаламынан бірнеше монографиялар, жүзге жуық ғылыми мақалалар жарық көрді. Сол жылдары Тәжібаевтың ғылыми еңбектерінің бір шоғыры халқымыздың ардақты, ғұлама перзенттері - Шоқан, Абай, Ыбырайдың психологиялық және педагогикалық көзқарастарын зерттеуге арналды. Солардың бірі - абайтанудың соңғы соқпағы «Абайдың философиялық, педагогикалық, психологиялық көзқарастары» деп аталады.

Тәжібаев осы тақырыпта докторлық диссертация қорғауды да жоспарлаған. Бұл еңбек туралы пікір білдірген Мұхтар Әуезов: «Бұл - Абай шығармаларын психологиялық тұрғыдан тануда тың ой-пікірлерге негізделген өте құнды еңбек» деген екен. Өкінішке қарай, Тәжібаевқа бұл тақырыпта қорғаудың сәті түспеді. Абайды үстем тап өкілі деушілердің айқай-шуы күшейіп, Әуезовтің өзін қудалауға ұшыратты.

Орыстандыру саясаты күшейіп тұрған сол бір кезеңде психология пәнінен ұлттық тілде кітап жазып, баспадан шығару мүмкін емес еді. Бұл пәнге қатысты еңбектер жоғары жақтың қатаң бақылауында болатын. Сондықтан да Тәжібаев еңбектерін орыс тілінде жазды. Алайда, филология факультетіне дәрісті ана тілінде оқыды. Сабақ барысында бір ауыз орысша сөз қоспайтын. Тәжібаевтың жұмыс істеу тәсілі де өзгеше еді. Кафедра, ректорат, ғылыми кеңес пен мәжілістерде жұрттың бәрі сөйлеп болмайынша, пікірін ашып айтпайтын. Өзгелерді мұқият тыңдап отыратын тәкәппар кейпінен, іштей кімді құптайтынын аңғару қиын болатын. Қандай да бір қайшылықты пікірлер айтылғанда, тосыннан киліге кетпей, сабыр мен ұстамдылық танытатын. Ол университетке ең білікті ғалымдарды жинап, олардың басына қиындық түскен шақта бар жан-тәнімен қорғады.

Сол кезде тарихшы Ермұхан Бекмахановтың «Қазақстан XIX ғасырдың 20-40 жылдарында» атты кітабы ғалымдар арасында кері пікірлер туғызған еді. 1949 жылы 28 ақпанда КСРО Жоғарғы білім министрлігінің бұйрығымен Бекмахановтың «буржуазиялық-ұлтшылдық концепциясы» әшкереленгенде, университет ректоры Төлеген Тәжібаев: «КСРО Білім министрі Бекмахановты негізсіз кінәлаған», - деп, оның әділ әрі аса білімді ғалым екенін дәлелдеп, ресми түрде жауап хат жолдайды. Алайда іс мұнымен тоқтамады. Келесі жылдың 26 желтоқсанында «Правда» газетіне «За марксистско-ленинское освещение вопросов истории Казахстана» атты көлемді мақала жарияланып, онда Е. Бекмахановтың Кенесары Қасымовтың феодалдық-монархиялық, реакциялық көтерілісін ғылыми тұрғыдан бағалауда саяси қателіктер жібергені

сөз болды. 1951 жылы 10 сәуірде Қазақстан Компартиясы Орталық Комитеті осы мақаланы талқылап, газеттің Бекмахановтың қатесін дұрыс ашқанын мәлімдеп,аталмыш еңбекті ғылыми тұрғыда талдап, сергек қарауға шақырады.

Т. Тәжібаевқа шабуыл мұнымен тоқтаған жоқ. 1952 жылы 22 қарашада «Правда» газетінде Марковтың «В Казахском университете зажимают критику» атты сын мақаласы жарық көрді. Автор бұл мақаласында КК(б)ОК шешімдеріне сүйене отырып, Тәжібаевты университетке іскерлік пен саяси сапасы тұрғысынан жарамсыз мамандарды, туыстары мен жақындарын жинап алған деп айыптады. Тәжібаев университетке барлық жағынан лайықты, білімді, іскер мамандарды ғана тартты. Ал жақындарына келсек, сол кезде педагогика және психология кафедрасында бірге жұмыс істеген оқытушы Рашида Хабибуллаевна Хисматулина былай еске алады: «Жалғыз апасы Қарақыз - Оңтүстік Қазақстан облысының Сарыағаш ауданында тұрады. Жасы келген, қарапайым колхозшы. Баласы Ерлік ол кезде мектеп оқушысы еді. Биофакта әйелі Әзиза Шамухамедқызының інісі оқитыны рас. Бірақ ол университетке Тәжібаев ректор болып келмей тұрып түскен. Оқуды бітірісімен партия шешімін қолдап, ауылға аттанды. Әзиза апай - педагогика ғылымдарының кандидаты. Ол ұзақ науқастанып жүрген кезде мен:» - Төлеген Тәжібайұлы, Әзиза апайды бәлкім, біздің кафедраға жұмысқа аларсыз? - деп сұрадым.

Ол сәл үнсіз тұрып: - Жоқ, Рашида ханым. Олай істеуге болмайды. Дене тәрбиесі институтында бір бос орын бар деп естідім. Оның кафедра меңгерушісі - менің шәкіртім. Онымен өзіңіз сөйлесуге қалай қарайсыз? - деді. Мен келістім. Әзиза апай сол институттан зейнетке шықты».

Кейінгі бес жыл өмірі Үндістандағы Кеңес елшілігінде өтті. Жат жерде жүрсе де ғылымнан қол үзген жоқ. Мерзімдік басылымдарға ағылшын тілінде мақалаларын жариялап, үнді ғалымдары мен қоғам қайраткерлеріне тез танылды. Қолы жұмыстан қалт еткен шақта фотосуретке түсірумен де айналысты.

Үндістаннан оралған соң біраз айлар жұмыссыз жүріп қалған болатын. Осыдан бес-алты жыл бұрын Михал Есеналиев: «Қонаев Тәжібаевқа Үндістаннан келгенде жұмыс бермей қойды», - деп жүрген. Бұл - бос сөз. Қонаев пен Тәжібаев өмірде бірін-бірі өте сыйлап өткен жандар. Қонаевтың «Ақиқаттан аттауға болмайды» кітабын оқығандар мұны анық біледі.

Төлеген ағаның жұмыссыз жүрген кезінде маған былай дегені бар еді: «Жолмұхан, мемлекеттік қызметтерден бас тарттым. Енді жасым ұлғайған шақта қалған өмірімді ғылымға арнасам ба деймін. Ұлттық психология ғылымын жолға қою үшін әлі қаншама жұмыстар істеуіміз керек».

Ардақты ұстаз 1961 жылы Қазақ университетінің «Педагогика және психология» кафедрасына қайта меңгеруші болып тағайындалды. Сол жылы ол жоғары лауазымды қызметке де шақырылды. Бірақ Орталық Комитетке «Тәжібаев докторлық диссертациясын қорғаған жоқ» деген іріткі сөздер жетіпті.

Академик үшін докторлық атақ мансап емес еді. Оның үстіне, мемлекеттік

қызметтен саналы түрде бас тартып жүрген. Соған қарамастан, сол сөз намысын қамшылаған болуы керек, 1962 жылдың желтоқсанында Ленинград педагогикалық институтының ғылыми кеңесінде «XIX ғасырдың екінші жартысындағы Қазақстанда халық ағарту ісі, мектеп пен педагогикалық ой-пікірдің дамуы» деген тақырыпта докторлық диссертациясын қорғады. «Адам бойындағы жақсы қасиеттерді көре білу және соған сүйене отырып, оны одан да жақсы болуына көмектесу» - бұл Төлеген Тәжібаевтың өмірлік ұстанымы еді.

Басқалардың өзіне деген көзқарасы қандай тұрғыда болса да, көмек беруден тартынбайтын. Бұл - екінің бірінің қолынан келе бермейтін ізгі қасиет.

Оқытушы Рашида Хисматуллинаның әлі жарияланбаған естелігінен мына бір жайтты келтіре кеткен артық болмас: «Кезінде ғылыми атақ пен дәрежелерге Тәжібаевтың көп көмегі тиген екі адамды білетінмін. Бірақ кейін олар Саратовтан келген психолог И.С. Стычинский жайлы орынсыз пікірлер айтып, оны қолдаған Тәжібаевтың үстінен арыз жазып, газетке мақала ұйымдастырған. Бұл жағдай Төлеген ағаға ауыр тиді».

Бір жолы кафедраға бас сұқсам, Тәжібаев жалғыз отыр екен. Қолында әлгі екеуінің ғылыми мақаласы жарияланған басылым бар. Ол менен: «Оқыдың ба?» - деп сұрады. Мен мақалаға жирене қарап, басымды изедім. Сол кезде Тәжібаев қатқылдау үнмен:

- «Мұның тәуір еңбегін мойындағыңыз келмейді, ә? Мен Үндістанда жүргенде олар мені жақсы көретіндерін айтып, хат жазған еді», - деді.

- «Сіз соған сенесіз бе?!» - деп жүзіне тура қарадым. Ол жымиды да қойды. Мен сөзімді жалғап:

- «Сіз үшін олар жақсы жандар екен. Ықыластары да ерекше жандар сияқты. Ал неге кафедраңызға қызметке шақырмайсыз?» - дедім еркеленіп.

Ол маған байыппен қарап:

- «Рашида ханым, мен біздің адамдарды жазған ғылыми еңбектеріне қарап сыйлағаныңызды жөн дер едім», - деді. Мен жұлқып алғандай: «Олардың адамгершілікке жат істерін елемей ме? Кешіріңіз, мен олай ете алмаймын!» - дедім. Тәжібаев басын шайқап: «Амал қанша… Өкінішті!» - деді.

Тәжібаев көп ұзамай, сол екеуінің пәтер алуларына да көмек көрсетті. Ал ол кезде пәтер алу өте қиын еді. Иә, жамандыққа жақсылық жасау - ер адамның ісі ғой!

1964 жылдың наурызында Тәжібаевтың денсаулығы сыр беріп, «жедел жәрдемді» шақыртады. Әуелі сасып қалған Әзиза апай оған ескертпей университетке телефон шалып, зембілді кетіруге студенттер жіберуін өтінеді. Тәжібаев ашуланып: «Қайдағы бір профессор үшін студенттерді сабағынан босату кімнің ойына келді екен?» - деп сыртта тұрған келікке өзі барып барады.

Машинаға отырғанда ғана есінен айырылып қалған болуы керек. Содан 1964 жылдың 14 маусым күні Мәскеу ауруханасында мәңгілікке көз жұмды.

XVIII–XIX ғ. БІРІНШІ ЖАРТЫСЫНДАҒЫ КӨРНЕКТІ ӨКІЛДЕРДІҢ ПСИХОЛОГИЯЛЫҚ ОЙ-ТОЛҒАУЛАРЫ

Акажанова А.Т.

Ата-бабаларымыз өздерінің сан ғасырлар бойы жас ұрпаққа тәрбие берудің мол тәжірибесін, әдеп-ғұрпын, салт-дәстүрлерін рәсімдепжинақтай білді. Бүгінгі күні қазақтың күміс көмей, жез таңдай ақын жырауларының өмірдің сан алуан қыр-сыры, адам мен қоғамның байланысытуралы, жан мен тән мәселесі, жастарға берілетін ақыл-кеңес өсиеттері, толғаныстары қазіргі жастарымызға психологиялық тұрғыда өте маңызды, қажетті мұра деп білеміз.

Қазақ психологиясының негізін қалаған, этнопедагогика және этнопсихология ғылымдарының белгілі өкілі академик Қ.Б. Жарықбаев былай деген: «Қандай ғылым саласы болмасын (әсіресе психология ғылымы), өткен замандардағы рухани мұраларға соқпай, оны ой елегінен өткізбей, жан-жақты дами алмайтыны белгілі» [1; 4].

XVIII–XIXғ. бірінші жартысындағыкөрнекті өкілдердің бірі - ***Ақтамберді жырау (1675-1768 жж)*** - жырау, қолбасы, қазақтың көне жыраулық мектебінің өкілі, дипломат Қазіргі Шығыс Қазақстан обл. Абай ауд. Жүрекадыр мекенінде дүниеге келген [2; 211]. Он бес жасынан бастап жорықтарға қатысып, жоңғарларға қарсы ұрыстарда даңқы шығып, ержүрек ерлігімен белгілі болған. Әйгілі батыр, жауынгер, әскер басшысының бірі. Оның ақындық таланты тым ерте танылып «Он екіде аттанып, қылыш ілдім білекке» деп өзінің жорық жортуылына ерте араласқанын сөз етеді, жалынды жырларымен халықты жат-жұрттық басқыншыларға қарсы күреске жігерлендіреді. Жоңғарларды түбегейлі талқандап, шығыс аймақтарды қайтарып алғаннан кейін Ақтамберді жырау қазақтарды босатылған жерлерге орналастыруға қатысады. Жырау толғауларында көшпенділердің өзіндік психологиясы көрініс тапқан (ақ көңіл, қонақ жайлы, меймандостық т.б.) - ұлттық қасиет. Қазақ үшін байлық - мал (тамақ, киім, көлік жүйрік). Сайып келгенде жастарды шаруашыл, еңбекқор, бірлікке, татулыққа ата-ананы сыйлауға, туған жерді жаудан қорғауға, ер жүректікке, батыр болуға шақырады, табандылыққа, ерлікке үндейді.

Күмбір-күмбір кісінетіп,
Күреңді мінер ме екенбіз
Күрек тісін ақситып
Сұлуды сүйер ме екенбіз.
Күдеріден бау тағып,
Кіреуке тон киер ме екенбіз
Жағасы алтын, жеңі жез,
Шығыршығы торғай көз
Сауыт киер ме екенбіз.
Сырттан сауыт келген соң
Қоңыраулы найза қолға алып,

Қоңыр салқын төске алып
Қол қашырар ма екенбіз, - деген толғауы соның дәлелі. Сондай-ақ:
Жауға шаптым ту байлап,
Шепті бұздым айғайлап.
Өлім деген ойда жоқ
Жалынды жүрек қанқайнап.
Ерлер жұртын қорғайды,
Өлімге жүрміз бас байлап, - деп ел ел, жертұтастығын, тыныштығын ойлайды.
Хеңіме жамау түскенін
Жарлылық сенен көремін
Жағама қолдың тигенін,
Жалғыздық сенен көремін, - деп өз ғұмырынан да хабар береді.

Осы кезеңдегі қазақ ойшылдарының көрнектілерінің бірі ***Бұқар жырау (1693-1787 жж)*** - Бұрынғы Баянауыл, Далба тауы, Бұхара шаһары маңындағы Белібай ауылында туған. Абылай ханның ақылшы-биі [3; 457]. Әкесі Қалқаман батыр қаһармандығымен аты шыққан (90 жастан аса өмір сүрген). Бұқар қазақ даласындағы ірі-ірі қоғамдық-саяси оқиғалардың бел ортасында жүреді. Ол ислам уағыздарын (мұсылманша сауаты бар)
Алла деген ар болмас
Ақтың жолы тар болмас
Тар пейілді кеңілмес,
Кең пейілді кемімес, - деп шама шарқынша дінді насихаттаумен айналысқан, ел басқару ісіне белсене араласқан. Абылай ханның ақылгөй, тәжірибелі дана кеңесшісі болады. Жыраудың толғауларының дені «Ай, Абылай, Абылай» деп басталып, халық қамын, келер күнді ойлаумен тынады. Негізгі ойын айту үшін ханды сынап-мінеп отырады, сондықтан да ақынның кейбір сөзі кейде ханның қатал әмірінен де биік, ойткені ол қазақ деген елдің, жерінің атынан сөйлейді. «Жұртыңа жаулық сағынба» деп ханды қисынсыз жорықтардан сақтандырады.
Хандар киген қамқа тон -
Шүберек болар тозған соң
Еңсесі биік кең сарай -
Мортық болар өлген соң, - деп хандық салтанаттың ғұмыры ұзақ еместігін аңғартады. Ойшыл жырау өзі өмір сүрген дәуір ерекшеліктерін (ақ пен қараның іс-әрекетін таразыға салып, сан-алуан өмір құбылыстарын ой елегінен өткізіп отырды) реалистік тұрғыдан дұрыс суреттей алған. «Ағайын тату болса, жат жанынан түңілер», - деген халық мәтелін құптай, халықтың тату-тәтті өмір сүруін армандады. Қазіргі әлеуметтік психологияға бір табан жақын идеясы - ол адамның жас ерекшеліктеріне берген сипаттамасы (әр жастағы адамдардың көңіл-күйі, сезімдері, мінез ерекшеліктері, сенім, қызығулары, әдет-дағдылары) түрлі болып келетіндігі жөнінде қызықты ой толғайды.

Адам өмірінің ішінде жігіттік пен кәрілік шаққа ерекше көңіл бөлген жырау еді. Өскелең ұрпаққа ақыл-ой, адамгершілік, имандылық тәрбиесін беруге

ерекше мән беріп, шешендік өнерді жастар тәрбиесінде басты өлшемдердің бірі деп есептейді. Бұқар жырау қазақ ақын-жыраулары арасынан тұңғыш рет кәрілік құпиясына терең үңіліп, оның сан қилы ерекшеліктері туралы пікірлер айтқан ғұлама. Оның кәрілік туралы айтқандары, көпті көрген ақылман қариялардың тәлімгерлік үлгі өнегелері, туған жерге, ата-мекенге деген патриоттық сезімдерге толы толғаулар. Онда жас ерекшелігіне байланысты жиырма мен тоқсан жастың арасына баға береді. «Тоқсан деген жасыңыз ажалдан басқа жоқ деген екен», немесе «Менің жасым тоқсан үш, мұнай былай сөйлеуім маған да болар ауыр күш» деуінде кәрілік философиясы көрінеді.

Өкпеңменен қабынба,
Өтіңменен жарылма.
Басына мұнша көтерген
Жұртыңа жаулық сағынба.
Күнінде мендей жырлайтын
Тоқсан үште қария
Енді саған табылмас, деуінде де үлкен мән жатыр.

Шал ақын (1748-1819 жж.) - XVIII ғ. әдебиетіндегі ең көрнекті тұлғаның бірі, өзінің психологиялық ой-толғауларымен көзге түскен. Қазіргі Көкшетау облысының, Азат теміржол станция маңында туған. Он бес жасынан ақындығымен даңқы шықты. «Он бес деген жасым-ай» деген өлең соның дәлелі.Онсыз бірде-бір мереке, той-думан өтпейтін. Ол өзінің ағайын, жекжат-жұрағат туыстарының достығын, береке-бірлігін жырлап, оларды топтасуға, бір-біріне қол ұшын беруге, ізетті де әділетті болуға шақырған. Шал өлеңдерінен қоғамдағы теңсіздік, заман, адам жайлы ой анық көрініп тұрады.

Адам ғұмырының әртүрлі кезеңдеріндегі (балғын балалық, жігіттік, кемел жас пен қарттық шақ) Шал ақының өзекті тақырыптарының бірі. Ол тіршіліктің байлығы - денсаулық, еңбек ету, отбасының жайлылығы дейді. Сонымен қатар, қазіргі кезде психологиялық маңыздылығын жоймаған жігіт-желеңнің үш түріне сипаттама береді.

Мәс., 1-ші үлгісі - болбыр, бозөкпе, арамтамақ, надан, жалқау - бұл «құржан», адам атын жамылған жансүлде - өмірде мақсаты жоқ, мағынасыз өмір сүретін адам.

2-ші - керенау, кербез, мешкей, мақтаншақ, өркөкірек, екі жүзді, тойымсыз - мұндай адам «еті тірі», «пысық» жан, қызғаншақтық, жеңілтектік - оның ерекше қасиеттері.

3-ші - жаны жайсаң, «жігіт жан», ой-мақсаты жан-жақты, өрісті, сабырлы да салиқалы, еңбек сүйгіш, халқына, адамдарға пайдалы болып келеді дейді. «Кәрілік туралыда»:

Қатты-құттыға өтпейді қайран тісім,
Кәріліктің келгенін біледі ішім.
Сүйіктісін сүйірлеп кесіп жейді,
Дастарханда, табақтас болған кісім, - деп кәрлікті сынаса;
Жамандар өзін-өзі зорға санар,
Бір өзінен басқаны төмен болар.

Жақсылар - ағын судай, асқар таудай,

Жаймалап қайда жақсы орын алар, - деп жаманнан қашқызып, жақсыларға құштар етеді. Шал ақынның бұл тұжырымы қазіргі кезде де маңызын жойған жоқ [4; 91].

XIXғ. бірінші жартысындағы ғұламалардың ішінде өзіндік психологиялық түйіндерімен ***Дулат Бабатайұлы (1802-1871 жж.)*** ерекшекөзге түседі. Семей облысы Аягөз ауданыны, Сандықтас қонысында дүниеге келген, өмірі туралы деректер толық зерттелмеген. Өлеңдері ел ішінде ауызша және қолжазба түрінде таралған [5; 294-295]. Дулат толғауларынан әл-Фараби мен Дуани (XV ғ.) дәстүрлері байқалады. Өз жырларына қазақ халқының көне тарихи, аңыз-әңгімелері мен этикалық ертегі-жырларды арқау етті. Ақын ізгілік пен зұлымдылық, жақсы, жаман ниет, жомарттық пен сараңдық, надандық арасындағы айырмашылықтарды тәптіштеп түсіндірді. Баланың ата-аналарының жақсы өнегелеріне еліктеуі, білім игеру, кәсіппен айналысу, кісі тек өзі үшін ғана емес, жұртқа ортақ іс үшін еңбектенуі қажет, ол өмірді парасатты негізде құра білуі тиіс, ерік-жігер мен еңбек, сөз бен істеу бірлігі - адамның көсегесін көгертеді, оның мәртебесін арттырады (тәлімдік пайымдар). Ата-аналарын сыйламай, еңбексіз бос жүретін, өсек-аяңға үйір кейбір жас адамдарды жазғырады. Кәсіптік өнерді мадақтайды, зергерлік өнердің маңызын, олардың жастар үшін іс жүзіндегі мәнін атап көрсеткен.

Дулат ақындық өнер, сөз құдіреті туралы да терең толғанған ақын. «Абайға дейінгі қазақ ой-пікірінің даму тарихында сөз дүлдүлдері жайында пікір айтып, олардың психологиясын байқай білген Дулаттан басқа ойшылды табу қиын», - дейді академик Қ.Б. Жарықбаев. Бұған келесі айтқандары дәлел: «Сөз жібек жіп, жыр кесте, құр сөзде күш болмас, ауызға салып шайнамай, жыршылардың шәйірі асыл сөзді езбеген нысананы дәл басып қалған жерден көздеген». Ақын әр кез жақсы сөз - жанға жібектей жайлы тиеді, ақылды адамның сөзі ықшам, тәртіпті, жүйелі келеді, шешендік, тілге жүйрік болуға адамға аса жарасымды сипат дейді. Сөйлей білу - үлкен өнер, ол кез келген адамға қонбайды, көпті көрген, өмірден түйгені мол адамдардың сөзі де, ісі де берекелі болады. Сөздің шашыраңқы болуы, ойдың көмескі мазмұнсыз, сәнсіз болуына алып келеді, ал ойсыздықтан асқан бишаралық жоқ. Ойлы сөз адамның жан-жүйесіне ерекше әсер етеді.

«Шешендік сәні тоқ,
Сөзіне сүттей ел ұйып,
Қолтығына ел сыйып,
Басына бақыт қонбаса».

Дулат толғауларында туған жердің әсем табиғаты оның асқар тауы мен тасы, жасыл орманы, мөлдір суы айқын түрде суреттеледі.

Қамшының сабындай ғана қысқа өмірінде артына өшпестей із қалдырып, отты өлеңдерімен халыққа ой салған казақтың ойшыл ақыны - ***Махамбет Өтемісұлы (1804-1846 жж.)*** Орал аумағы, Орда ауданында туған. Молдадан дәріс алған. Он бес жасында Бөкей ордасындағы хан мұрагерінің тәрбиешісі болды. Көп ұзамай оның Жәңгір ханмен арасы ашыла бастады. Махамбет

Исатайдан кейінгі көтерілісшілер көсемдерінің бірі, хан озбырлығына қарсы шыққан шаруалар қозғалысының басты дем берушісі. Көтеріліс сәтсіздікке ұшыраганнан кейін Махамбет Жайық (Орал) өзенінің арғы бетіндегі ауылдарда бас сауғалайды. Алайда көп ұзамай сатқындардың араласуымен қаза табады. Ақын өлең-жырларында жастардың әскери тәрбиесіне, дене шынығуына, олардың ерік-жігері мен мінез-құлқын тәрбиелеу ісіне зор маңыз береді, кейбіреулердің қорқақтық пен қоян жүректілігін айыптап, сатқындықты халық, туған-туыстары мен жақындары алдында кешірілмес масқаралық деп есептейді. Жастар тек «сымбатты да денелі, келісті» болып қана қоймай, сонымен бірге рухани жағынан таза, ақыл-парасаты мол, не үшін тіршілік ететінін терең түсіне білетін жан болуға тиіс деп тұжырымдайды атақты ел батыры.

Заманым менің тар болды,
Тура әділдік биде жоқ,
Бәрін айтта, бірін айт,

Қазақта бар да, менде жоқ, - деп «Жалғыздық» деген өлеңінде бақыт пен тағдырдың айнымалы екенін психологиялық тұрғыда қорытса, ал жиырма тоғыз жолдан тұратын «Күн қайда» өлеңінде өзінің ел, келешек алдындағы ұлы армандарын желіге тартқандай тізіп береді. «Толарсақтан саз кешіп» жүрсе де қайратқа шақырады. Оптимистік үнінен жаңылмайды. Сол аңсаған күндердің келеріне сенеді [4; 92-93].

Сүйінбай Аронұлы (1815-1898 жж.) - ойшыл ақын, Жетісу аймағы, Верный уезі, Ұзынағаш болысында туған. Суырып салма ақын өзінің өлең-толғауларында өлең-дастандарында туған халқының талап-тілегін, мұң-мұқтажын жоқтап, қарапайым адамдардың ой-мақсатын білдіреді. Ол елдің ғасырлар бойғы арман-мүддесі мен мұраттарын көркем бейнелер арқылы зор шабытпен жырлады. Сүйінбай Аронұлының поэзиясы, ең алдымен терең психологиялық тұжырымдармен, көркемдік, әсемдік әлемімен, тілінің мәнерлі әуезділігі мен сипатталады. Ол адамның мінез-құлқының әр алуан қалтарыс-қатпарларын ішкі психологиялық тебіреністерін, тұлғаның жеке басын, оның моральдық, рухани қадір-қасиеттерін шебер көрсетеді. Жақсы мен жаманнан, жексұрынды бекзаттықтан айыра білмейтін, жеке басының амандығын, баюын ғана керек ететін адамдарды шенеп-сынайды. Ақынның психологиялық идеялары оның «Жақсы мен жаманның айырмасы», «Нақылдар», «Әділеттілік арнасы», «Бөрілі менің байрағым» т.б. осы сияқты лирикалық өлеңдері мен ақындық толғауларында терең суреттелген. Сүйінбай Аронұлының шығармашылығы тақырыбы жағынан жан-жақты, қозғаған әлеуметтік мәселелері жөнінен алуан қырлы. Оның шығармалаларында адам мінезі әрқашан бірінші орында тұрады. Ойткені, қандай да болмасын әрекет, қимыл адамның ішкі психологиялық жаратылысынан туындайтынын ақын жақсы түсінеді. Мысалы:

Әсері асыл сөздің балдай татыр,
Бұл жерде көңіл қорқақ, тілім батыр...

немесе: «Екінші қымбат нәрсе көңіл деген,
Көңілі бұзық адамнан түңіл деген,

Үшінші қымбат нәрсе ақыл деген,
Ақылсызда тәулық жағы тақыр деген.
Төртінші қымбат нәрсе шүкір деген,
Нығматқа шүкіршілік күпір деген
Бесінші қымбат нәрсе әдеп деген,
Әдеп деген махаббатқа себеп деген.
Алтыншы қымбат нәрсе сабыр деген,
Сабырлы адам мұратын табар деген...
немесе: Жақсылар хақтан көңіл аудармаған,
Жаманға құдай рахмет жаудырмаған,
Болмайық төрт аяқты мал секілді.
Қуарған жапырақсыз тал секілді...
Бақшадай жігіт адам көркейеді,
Ғылыммен сөз сөйлесе бал секілді...[4; 93-94].

Ақын, ерекше, айналаға сүлесоқ, селқос қарауға қарсы. Жақсының жақсы екенін, жаманның жаман екенін талғап, ажыратып алмаушылықты адамның ең үлкен міні деп есептейді. Ол психолог-маманша адамның көңілі ояу, санасы тұнық, зерделі болуын қалайды.

Әдебиеттер:

1. Жарықбаев Қ.Б. Қазақ психологиясының тарихы. - Алматы: Қазақстан, 1996. - 160 б.
2. Қазақстан. Ұлттық энциклопедия /Бас ред. Ә. Нысанбаев. - Алматы: Қазақ энциклопедиясы, 1998. - 1-ші том. - 720 б.
3. Қазақстан. Ұлттық энциклопедия / Бас ред. Ә. Нысанбаев. - Алматы: Қазақ энциклопедиясы, 1998. - 2-ші том. - 720 б.
4. Акажанова А.Т., Ж. Түрікпенұлы. Психология тарихы: Оқулық Алматы: Nurpress, 2019. - 292 б.
5. Қазақстан. Ұлттық энциклопедия / Бас ред. Ә. Нысанбаев. - Алматы: Қазақ энциклопедиясы, 2001. - 3-ші том. - 720 б.

ҚАЗАҚ ПСИХОЛОГИЯСЫНЫҢ ДАМУЫНА ШЫҒЫС ОЙШЫЛДАРЫНЫҢ ҚОСҚАН ҮЛЕСІ

Перленбетов М.Ә.
Жарықбаев Қ.Б.

Егемен, тәуелсіз Қазақ елі жағдайында қазір жалпы адамзаттық құндылықтарға қол жеткізіп, біртұтас мәдени жүйе қалыптастыру үшін өткен жолымызды, шыққан тегіміз бен биігімізді бағалай білуіміз қажет. Өйткені, өткенін бағалай білмейтін ел келешегін де болжай алмайды. Біздің өткен жолымыз, шыққан биігіміз Еуразия даласын дүбірлете өтіп, Еуропа әлемін оятқан жасампаздыққа толы тарих.

Қазақ топырағы жантану ілімі жайында жеті трактат жазған әл-Фарабидей ой алыбын тудырғаныны психологиялық ой пікірлерінің үдере дамуына айтарлықтай әсер еткені даусыз.

Әбу-Наср әл-Фараби (870-950) – қазақ даласының ұлы перзенті, орта ғасырларда өмір сүрген көрнекті ойшыл, сонымен бірге Таяу және Орта Шығыста пайда болған араб тілді философиялық ілімнің негізін қалаушылардың бірегейі, орта ғасырдағы көрнекті энциклопедист-ғалым. Оның еңбектері Орта Азия мен Қазақстанда өмір сүрген халықтардың рухани мәдениетіне орасан зор ықпал еткен. Ол терең талдаужасамаған, даналық көзқарас білдірмеген ғылымның бірде-бір саласы жоқ. Әл-Фараби Аристотельдің ғылыми мұрасын жәй насихаттаушы ғана емес, оны творчестволықпен ілгері дамытқан, жаңа пікірлермен байытқан әмбебап ғалым. Аристотельдің жан ғылымы саласында жазған еңбектерін дамыта отырып, әл-Фараби жеті трактат жазған («Жанның мәні туралы», «Түс көру туралы сөз», «Жан туралы», «Ақыл және ұғым», «Ересектердің ақылы туралы сөз», «Жас өспірімдердің ақылы туралы сөз», «Темпераменттер туралы»).

Әл-Фарабидің есімі шоқжұлдыздар арасында ерекше жарқырап көрінеді, себебі олараб әлеміндегі аристотелизмді шынайы философиялық жүйеге айналдырды, соның арқасында көзі тірісінде-ақ Аристотельден кейінгі «Екінші ұстаз» атанды. Фараби артына үлкен ғылыми мұра қалдырып кетті: оның еңбектері шамамен 160 трактаттан асып жығылады. Ғұлама ғалымның араб, парсы, түрік, латын, неміс, испан, француз, орыс, қазақ, өзбек, тәжік, түркімен тілдеріне аударылған 100-ден астам еңбегі біздің заманымызға дейін сақталып жетті.

Әбу Насыр әл-Фараби өмір сүрген заман Шығыс әлемінде ғылым мен білімнін, дәуірлеп тұрған кезі еді. Ұлы ғұламаның балалық, жігіттік шақтары өткен қазақ даласы да сол кезде мәдени орталықтардың бірі болды. Тарих шежіресі бізге IX-X ғасырлар арасында Отырар қаласы (бұрынғы Фараб) Таяу және Орта Шығысқа баратын үлкен сауда жолы болғандықтан, ол, сондай-ақ, өнер-білімнің, мәдениет пен әдебиеттің өркендеп өскен, көптеген ғұлама ғалымдар шығарған белгілі ел болғандығы жайлы сыр шертеді. Әрине, осындай құнарлы ортаның Фарабидің аты әлемге жайылған ғалым болуына себебі тигендігіне күмәнданудың болмайды.

Философия, психология ғылымдары үшін танымдық мәні зор, іргелі мәселенің бірі - жан мен тән проблемасы. Фараби адамның жан дүниесін (психикалық құбылыстар) тәннің құрылысына орайлас түсіндіруге тырысты тәннің де, жанның да иесі - жүрек, бұған мидың да қатысы бар, бірақ тәннің басқа мүшелері сияқты ми да жүрекке бағынышты. Жүрек тіршілік тірегі, қан айналысы мен қимыл қозғалысының орталығы. Жүрек пен байланыспайтын мүше жоқ, ми да жүректен қорек алып, сонан кейін ғана адамның жан дүниесін басқарады [1].

Жан туралы ілімде Фараби ұстазы Аристотельдің ықпалында болды. Ұлы грек ойшылы өзінің «Жан туралы» атты еңбегінде өсімдіктерде. жануарларда, адамдарда үш түрлі жан болады десе, Фараби осы пікірді қуаттай келіп, адам жанының өзін үшке бөлді. Ол психикалық құбылыстарды жан қуаттары деп атады. Жан қуаттарын ол алдымен организмді қозғалдыратын және оған бір нәрсені танып білгізетін қуат деп екіге бөлді. Қозғалғыш қуат бүкіл тірі

организмге ортақ. Ал танып-білу қуаты жануарлар мен адамдарға ғана тән, бұлар сыртқы дүниені түсіне, сөзіне алуға қабілетті. Өсімдіктерде мұндай қабілет жоқ. Соңдықтан да, олар бұл топқа кірмейді. Адамда ең алдымен қоректендіру қуаты пайда болады. Бұл адамдардың тәні, яғни өсіп өнуге негіз болатын дене бітімі. Адамның танып білу қуаты да екіге бөлінеді. Оның біріншісі – сыртқы жан қуаты немесе оның түйсіктену қуаты деп аталады. Мұндай қабілет сыртқы дүние зарттарының сезім мүшелеріне тікелей әсер етуінен туады сыртқы жан қуатының бес түрі бар. Олар – көру, есту, дәм, иіс, тері түйсіктері. Екіншісі - ішкі жан қуаты делінеді. Бұларға еске түсіру, талпыну қабілеттері жатады. Адамды жануарлардан ерекше бөліп тұрған қуат - оның ақыл-парасаты, яғни ойлай, сөйлей алу кабілеті.

Ұлы ғұлама бұл жерде адамның психологиялық, әсіресе физиологиялық әрекетіне тәннің, дененің жеке мүшелердің (аяқ, қол т.б.) атқаратын қызметіне ерекше мән береді. Оның пікірінше адамның күнбе - күнгі тіршілігінде организмнің саулығымен, тәндің қалпына келтіруге қолданылатын шараларды білу керек, Үшіншіден, ол аурудың түрлерін білумен қатар оның себептерін, әсіресе кеселді жоятын жолдарды білуге, организмдегі аурудың әрекетін бақылай алуға тиіс. Төртіншіден, дәрігерге сау және сырқат мүшелердің айырмашылықтарын айқындау, оның басты белгілерін білу, ішкі мүшелерді зерттеу қажет. Бесіншіден, тамақтану режимін, дәрі - дәрмекті (фармакология) қолдану жолын және дәрілердің ерекшеліктерін, олардың әсерлілігін арттыратын барлық құралдарды білу қажет. Алтыншыдан, ауру адамның денсаулығын шығайтуға себепші болатын әсер заңдарын білу және қолдану жолдарын меңгеру керек.

Әл-Фараби қара түнек кең жайлаған заманда жаратылыстану ғылымдары ішіндегі ең сүбелілерінін бірі - медицина туралы қызықты пікірлер айтып бұл ғылымның деректерін адамның тіршілік қажеттеріне пайдалануды қарастырған. Ұлы ғұлама медициналық мәселелерді психология ғылымымен жақындастыруды ерекше мақсат еткен. Сондықтан да, оны шығыс әлемінде медициналық психологияның негізін қалаушылардың бірі деп те айтуымызға әбден болады.

Әл-Фараби өзінің «Ізгі қала тұрғындарынын, көз - қарастары туралы трактат» дейтін әйгілі философиялық еңбегінде жүрек туралы былай дейді: «Жүрек - басты мүше мұны тәннің ешқандай басқа мүшесі билемейді, Бұдан кейін ми келеді... Оның өзін жүрек билейді... Жүрек - ішкі табиғи жылылықтың көзі. Басқа мүшелерге жылылық нақ осыдан тарайды». Өзінің, «Он жетінші сөзінде» Абай да Фараби ойын қайталаған сияқты, өйткені ол мен барлық билікті жүрекке беремін, ол адам тіршілігінің патшасы, әміршісі, - дейді. Жалпы жан дүниесін жүрек қызметімен байланыстырған алғаш Аристотель болатын. Жан мен тәннің ара қатынасы туралы дәйекті пікір айта алмаған бірінші ұстаз, жан дүниесінің орталығы жүрек деп түсінген. Мұны әл-Фараби, Абай секілді Ғұламалар Аристотель түсінігінше қабылдап кете берген. Кейбір зерттеушілер айтатындай, ұлы ойшылдар адамның бар тіршілігін жүрекке әкеліп телігенде өздерінің гуманистік, адамға қамқорлық жасауға байланысты

ойларын білдірмек те болған болар дейді. Бірақ бұлай деп ойлау ғылыми тұрғыдан жаңсақ болады. Жүрек культінің басты себебі жан мен тән мәселесінің ара қатынасын дұрыс шеше алмауда (әсіресе, жанды мәңгі - бақи өлмейді деп қате түсіну. - Қ.Ж.) жан дүниесінде мидың, нерв жүйесінің жетекшілік ролін ұғына алмауға келіп тіреледі. Біздің бұл айтқанымызды жоғарыда келтірілген Фараби пікірі де («Жүрек басты мүше... бұдан кейін ми келеді») қуаттап тұрған жоқ па?

Екі ұлы ой алыбының жан мен тән туралы түсініктері де сөйтіп идеалистік - метафизикалық пайымдаулар мен (жанды мәңгі бақи өлмейді деу) материалистік сарындармен (жанды сыртқы дүниенің денедегі яғни жүректегі сәулесі деп түсіну) араласып жататындығы байқалады, Абайдың бұл жердегі Фарабиден айырмашылығы - олөсімдікте де жан болады дейтін жаңсақ, пікірді қостамай, ақыл - ой әрекетінің жүрекпен байланысын мойындайды (Фараби ойлауды тәнмен байланысы жоқ Алла тағаланың рухымен болатын қуат деп ұққан. - Қ.Ж.) сананың дамуындағы іс-әрекеттің маңызын дұрыс түсіндірді.

Фараби мен Абай пікірлері этика мәселесінде де (білім - ғылымның адамның моралъдық жағынан жетілудегі жетекші орны, мінез-құлықтың туастан пайда болмай, өзгеріске түсіп отыратындығы, жазмыштан ештеңенің болмайтындығы т.б.) бір арнадан материалистік пайымдаулардың төңірегінен табылады,

Арада мың жылдай уақыт жатса да ғұламалардың көз қарасындағы осы секілді пікір үндестігі мен ой іліктестігі кімді де болса қайран қалдырады.

Халқымыздың Х-ХІ ғасырлардағы тарихынан елес беретін, қоғамдық ой - пікірлеріміздің төркіндерінің бірінен саналатын көне туындыларымыздың бірі - Жүсіп Баласағұнның«Құдатғу білік» шығармасы.

Бұл - дидактикалық, моральдық - этикалық сарында жазылған шығарма. «Құдатғу білік» - түркі сөздері. Мұның біріншісі, «Құдатғу», «құт», «бақыт», «құтты», ал екіншісі «сөз» – «білік», «білім», «кітап» деген мағынаны білдіреді. Олай болса. «Құдатғу білікті» қазақша «білімді құтайтушы кітап, «бақытқа жетудің ғылымы» деуге де болады. Кітап 85 тараудан, 6500 өлең жолынын тұрады. Дастан оқиғасына аз ғана топ қатысады. Автор мұндағы төрт кейіпкерді төрт қасиеттің (әділет, дәулет, парасат, қанағат) иесі етіп алады. Дастан төрт кейіпкердің арасындағы бақыт туралы сөз жарысына - диалогқа құрылған. Шығарманың бұл ерекшелігі бізге айтыс жанрының тууы жайында да көптеген қызықты деректер береді. Кітап Қараханид мемлекетін нығайту, оның даңқын шығару мақсатында жазылған. Бұл өлке кезінде шаруашылығы шарықтап өскен, жазу, сызу өнері дамып, мәдениеті өрлеген, зиялы оқымыстылары көп ел болса керек. Мәселен, осы қаладан шыққан Қашқари 1072-1074 жылдары «Диван лұғат ат түрк», Жамал Қарши (1230-1305), «Мұлхакат ул Сурах» атты кітаптар жазған. «Құдатғу біліктің» авторы Жүсіп Баласағұнның туып, өсіп, тәрбие алған жері онша қашық емес) сол кезде қаңлы тайпасының астанасы болған.

Дастанның мазмұнын ұғыну қиынға соқпайды, ол қарапайым тілмен жазылған. Жазылу стилі жағынан ол араб - парсы поэзиясымен, әсіресе,

Фирдоусидің атақты «Шахнамысымен» үндес.

Баласағұндық Жүсіптің, «Құдатғу білікті» түркі тілінде жазуы, сөйтіп, оның өз ана тілін аса қадір тұтып, құрметтеуі ерекше атап етуді қажет ететін жайт. Автор билеу жүйесін тәртіпке түсіру, елдің бейбіт өмір суруі жөнінде қам жеу - бұл бәрінен бұрын халық игілігі үшін қызмет ету дұрыс тұжырымдайды. «Семсер мемлекетті ұлғайтып, оның билеушісі алдында бас июшілерді көбейтсе, қалам мемлекетті нығайтып, оның билеу жүйесін ретке келтіреді, яғни мемлекеттік аппараттың қызметі атқа мінген мың сан нөкерден кем түспейді», дейді Баласағұндық Жүсіп. Дастанның оқырман көңілін ерекше аударатын тағы бір ерекшелігі - мұнда адам психологиясының түрлі жақтарын көрсететін қызғылықты деректердің (кісінің көңіл - күйі, қайғы - қасіреті, қуаныш - сүйініші т.б.) молдығы. Мәселен, автор бұл: жерде жанға шипа тек тәуіптің дәрісі ғана емес, қасындағы жора - жолдас, көрші - қонсың құрбы - құрдасың, бұған әлеумет пен қоғамның да әсері тиіп отыратындығын айтады. «Құдатғу біліктің енді бір көңіл аударарлық жері - мұнда сол кездегі ғылым салаларынан біраз мағлұмат берілетіндігі. Бұл жөнінде совет тюркологі А. Валитова былай дейді: «Құдатғу білік» авторының медициналық әдебиеттерден мол хабары барлығы байқалады. Ол, әсіресе, ибн Сина мен орталық азияның басқа да көптеген ғалымдарының. дәрігерлерінің ғылыми қағидаларымен жете таныс болған. Мәселен, дастанда дүниені құрайтын төрт түрлі элемент жайлы, темпераменттер туралы, денсаулық сақтау жөнінде, ауру, сырқаттану және оның себептері, бұлардың адамның жас ерекшелігіне, ауа райына тәуелділігі, тамақтандың гигиенасы, ауру адамды емдеудің тәсілдері т.б. мәселелер әр қырынан сөз болған [2].

Біздің пікірімізше, баласағұндық Жүсіптің моральдық психологиялық, қағидалары да ибн Сина мен әл-Фарабидің этикалық жүйесімен байланысып жатқан сияқты, өйткені аталмыш дастаннан да адамдарды тәрбиелеу мемлекеттің негізгі міндеттерінің бірі, зұлымдық - әлеуметтік ауру, оны тәрбие арқылы жоюға болады, адамдардың қылықтары мен қасиеттерін жетілдіре бере, қоғамды да, мемлекетті де жақсартуға болады дейтін белгілі идея аңғарылады.

Баласағұндық Жүсіптің философиялық қисынын сөз еткенде ежелгі гректер мен әл-Фараби, ибн Синалар іліміне теориялық арқау болған бүкіл әлемдік үйлесімдік теориясы еріксіз еске түседі. Әлем төрт түрлі элементтен (жер, су, ауа, от) құралған, бұлардың пропорциясы дүниедегі заттарды бір-бірімен үйлестіріп тұрады дейтін концепцияға ұқсас жайттарды осы дастаннан да көптен кездестіруге болады. Автордың түсінігінше, осы айтылған үйлесімділік қоғамдық - әлеуметтік жағдайлардан да орын алады. Мәселен, ел билеушіден әділет, дәулет, қанағат, парасат сияқты төрт қасиет түгел табылса, онда мұндай басшысы бар елдің қойының үстіне боз торғай жұмыртқалайды. Осы төрт қасиеттің бір - бірімен тығыз байланысы жатқаны абзал. Мәселен, ел билеушісінің халыққа әділдігі тек барша жұртты ғана бақытқа жеткізбейді, ол, сонымен бірге патшаның өзін де бақытты етеді, өйткені ол атын бүкіл әлемге жаяды, халықты бақытқа бөлейді. Білім мен ақыл әділеттілікке қосақтаса жүруі тиіс, бұларсыз әділ заң шығаруға болмайды. Ақыл адамның қанағатын да реттеп

отырады. Мәселен, адамның азға қанағат етуі, тағдырға бой ұсынуы, жаман жолға түспеуі - барлығы да ақылдық арқасы деп, тұжырымдайды Жүсіп өз философиясын.

«Құдатғу білікте» жоғарыда ескерткеніміздей дәуір тілімен айтылған ғибратты сөздер көп. Мұнда бүгінгі күн талабына қайшы келмейтін әртүрлі әлеуметтік, философиялық, этикалық, эстетикалық, тарихи, географиялық, педагогикалық, психологиялық деректер де аз емес. Дастан лингвистикалық тұрғыдан біршама зерттелген деуге болады. Ал басқа ғылымдар тарапынан жүргізілген зерттеулер әзірге бізге мәлім емес.

«Құдатғу біліктің» он бес тараулы түгелдей дерлік моральдық, психологиялық мәселелерді әр қырынан сөз етеді. Бұлардың бірінде адамға білім мен ғылымның не үшін қажет екендігі (6, 10, 28-тараулар) айтылса, енді бір тарауларда бақытқа жетудің жолдары, адамның жақсы - жаман қылықтары (9, 16 - тарау) сөз болады. Мұнда сондай - ақ сөз өнері, шешендік қасиет (7, 11, 2.2 тараулар) дәріптеледі, ел билеушілер мен әкімдерге қажетті-сипаттар (29, 30-тараулар) әртүрлі әлеуметтік топтардың бір бірінен айырмашылықтары (ақындар, дін иелері, уәзірлер, шаруалар, саудагерлер, ғалымдар, диқаншылар, көпестер, қол өнершілер т.б.) жайлы сөз қозғалады. Дастанның 52-ші тарауында отбасында ұл мен қызды қалай тәрбиелеу керек, оларды оқытудың жолдары, бала тәрбиелеудегі ата - ананың ролі тағы осындай мәселелер сол заман тұрғысынан сөйленеді.

«Құдатғу біліктегі» ел басшыларының әлеуметтік психологиялық ерекшеліктері, адамдардың жақсы – жаман қасиеттері, білім мен ғылымның маңызы туралы айтылған пікірлер педагогикалық және психологиялық тұрғыдан оқырман назарын өзіне аударады. «Құдатғу біліктің» 29-30 тарауларында X-XII ғасырлардағы Караханид мемлекетінің ел билеген басшылары мен ізгі жақсылары туралы сөз болады. Автор бұларды жұртқа идеал етіп ұсынады, оларға еліктеп үлгі - өнеге алу қажеттігін айтады.

Жоғарыдағы айтылған ұлы шығыс ғұламаларының ой пікірлері қазақ психологиясының негізін салды деуге болады, сөйтіп қазақтың этногенезінде «психология» деп аталмағанымен, ұлы дала жан ілімінің дамуы мен қалыптасуына зор әсер етті.

Халқымыздың психологиялық ой-пікір тарихының қалыптасып, даму жолын қазақ елінің азаматтық тарихымен орайластыра отыра, бұл үрдісті негізгі **төрт кезеңге** бөліп қарастыруды ғылыми тұрғыдан дұрыс тұжырым деп есептейміз.

Мұның **бірінші кезеңі** - VI-XIV ғғ. басталатын қазіргі түркі тектес халықтардың бәріне ортақ психологиялық ой пікірлердің ілкі бастау, түп-төркініне ежелгі түркі ескерткіштері «Күлтегін», «Тоныкөк», «Білге қаған», Орхон-Енисей жазулары мен әл-Фараби, Ж. Баласағұни ж.т.б. тағылымдарын жатқызған жөн. **Екінші кезең** - қазақ хандығының құрылу дәуірінен басталып, Қазан төңкерісіне дейінгі психологиялық ой-пікірлердің дамуын қамтыса, **үшінші кезең** – психология ғылымының кеңестік Қазақстанда маркстік идеялармен рухтанған, яғни коммунистік идеологияның дәурендеген кезеңіне

тұстас келеді. **Төртінші кезең**- бұл тәуелсіздік жылдарынан бастау алатын, қазіргі егемен елдің психологиясы.

XV-ші ғасырдың бірінші жартысындағы психологиялық ойлар дала философы атанған Асан Қайғы толғауларында, қара үзген шипагер Өтейбойдақ Тілеуқабылұылының «Шипагерлік баянынан» ерекше көрініс тапқан [3]. Дала ғалымы аталған еңбегінде адамның жан құбылыстары (түйсік, ойлау, сөйлеу, қиял, дағды, мінез, қабілет, т.б.) туралы біраз мағлұматтар келтіреді. Ғұлама адамның иіс түйсігін - мұңқ (қазіргіше иіс), татым (дәм), ойлауды «ойламалық», сөйлеуді «сөйлемелік», миды «мияқ» атауларымен өрнектейді. Ол өзінен бұрын өмір сүрген ұлы ғұламалардың (әл-Фараби, Жүсіп Баласағұни, т.б.) жан туралы түсініктеріне сүйене келіп, дүниедегі тіршіліктің басқарушысы, реттеушісі жүрек десе де, мидың атқаратын рөлін жоққа шығармайды. Оның адам есіне, ойлауына байланысты ой-түйіндері мен келтірілген нақты мысалдары қазіргі ғылым тұрғысынан дәйекті де, нанымды.

Осындай психологиялық ой-пікірлерді екінші дала ғалымы Мұхаммед Хайдар Дулати да айтқан. Оның қазақ халқының өзіндік психологиясы, ел басқару, дін мен денсаулық, ұрыс жүргізу туралы айтқандары психологиялық тұрғыдан ерекше назар аудартады.

Қазақ халқының азулары алты қарыс философ-жыраулары - Шалкиіз, Жиембет, Ақтамберді, Шал ақын, Бұқар Қалқаманұлдарының көшпенділер психологиясының сан қырларын суреттейтін толғаулары, дала дипломаттары атанған ұлы үш биіміз - Төле би, қаз дауысты Қазыбек би, Әйтеке билердің психологиялық тұрғыдағы аса құнды ойларымен тоқайласып жатады.

XIX ғасырдың екінші жартысындағы психологиялық ой-пікірлердің дамуы қазақтың үш ой алыбы - Ыбырай, Шоқан, Абай есімдерімен байланысты екендігі белгілі.

XX ғасырдың бірінші ширегіндегі психологиялық ой-пікірлердің дамуына - Ш. Құдайбердіұлы, С. Торайғыров, А. Байтұрсынов, М. Жұмабаев, Ж. Аймауытов, Мәшһүр - Жүсіп Көпеев, т.б. еңбектері зор әсер етті.

Қазақ топырағында XX ғасырдың басында тәлімдік ой-пікірлерімен ұлттық колоритке толы психологиялық көзқарастарымен барша жұртты тәнті еткен, қазақ жантану ілімінің көшбасшысы ретінде танылған Ж. Аймауытовпен қатар, оқу-тәрбие ісіне тікелей қатысты педагогикалық психологияға ерекше ден қойған М. Жұмабаевтың қосқан үлесін ерекше атап өтуге болады.

Жоғарыда айтылғандай, қазақтың халықтық психологиялық ой-пікірлері шығыстың ұлы ғұламаларының тұжырымдарынан сусындап, XX ғасырдың 20 жылдарында ұлттық ғылыми психологиясына ойысты деуге болады, ал оны үстіміздегі XXI ғасырда өрістету - қазіргі және бізден кейінгі ұрпақтың еншісінде болмақ.

Әдебиеттер:

1. Әл-Фараби. Философиялық трактаттар. - Алматы, 1973. - 290 б.
2. Жарықбаев Қ. Қазақ психология ғылымы. 1 том. - Алматы, 2017. - 308 б.
3. Тілеуғабылұлы Ө. Шипагерлік баян. - Алматы: Жалын, 1996. - 43 б.

В НАЧАЛЕ СЛАВНЫХ ДЕЛ: 35-ЛЕТИЮ КАФЕДРЫ ПСИХОЛОГИИ КАРГУ ИМ. Е.А. БУКЕТОВА ПОСВЯЩАЕТСЯ

Шаукенова З.К.

Как же быстро пролетели 10 лет с четверть векового юбилея кафедры психологии Университета Букетова. Для меня большая честь вновь получить приглашение на юбилейную конференцию, которая в этом году проходит в рамках празднования 100-летия выдающегося казахстанского ученого, чье имя носит Университет - Евнея Арстановича Букетова. Человека с Большой Буквы, к которому в нашей семье относятся с особым пиететом. В далеком 1965 году после окончания химического факультета Московского Государственного Университета им.М.В. Ломоносова мою маму на работу в Химико-металлургический институт АН КазССР принимал сам Е.А. Букетов. Интеллигент, интеллектуал, тонкий психолог, заботливый руководитель - таким он запечатлился в моем сердце, благодаря рассказам мамы и ее коллег.

35-летие кафедры психологии Карагандинского университета им. Е.А. Букетова - знаменательная дата для тех, кто здесь учился и учится сейчас, кто здесь работал и продолжает работать сегодня, а также для многих, кто за это время получил реальную психологическую помощь благодаря выпускникам кафедры. А ведь всего 35 лет назад, сейчас в это трудно поверить, но людям в нашей стране было незнакомо само слово «психолог», и мало кто в то время видел «живого» психолога и понимал зачем он нужен.

Моему профессиональному становлению очень сильно помогло образование, полученное мною в одном из престижных университетов Советского Союза. Сама учеба в Ленинграде стала в свое время подарком судьбы благодаря тому, что Карагандинский Университет Букетова направил меня на учебу на факультет психологии Ленинградского Государственного Университета. Там же позже я закончила заочную аспирантуру и в 1995 году защитила кандидатскую диссертацию по социальной психологии. Я очень дорожу тем, что после окончания факультета психологии ЛГУ в 1987 году мне посчастливилось 10 лет проработать в социально-психологической службе Карагандинского металлургического комбината. Именно заводская проходная Кармета вывела меня в люди, сделав не просто специалистом социологом, а социологом-практиком. Благодаря этому и состоялись все мои научные достижения и звания - доктор социологических наук, профессор, академик НАН РК, Заслуженный деятель Республики Казахстан.

В 1993 году я получила приглашение работать на кафедре психологии КарГУ в качестве штатного совместителя. С этого момента началась моя преподавательская деятельность в вузе, которую после переезда в Астану я продолжила на кафедре социологии и международных отношений, на кафедре психологии в Евразийском национальном университете им. Л.Н. Гумилева, а с 2007 года в Казахском национальном университете им. аль-Фараби.

О достижениях и успехах кафедры психологии Университета Букетова

очень хорошо и подробно написано на сайте Университета. Со своей стороны и мне хочется поделиться своими воспоминаниями о тех, кто стоял у истоков и был в начале ее славных дел.

Основа успешного развития кафедры психологии университета и ее достижений, главным из которых, на мой взгляд, являются профессиональные успехи ее учеников - ее основоположники, люди, которые все начинали. Замечательно, что, будучи настоящими энтузиастами своего дела, каждый из них был последователем известной психологической школы и носителем уникального профессионального психологического знания.

Одно имя безусловно вписано в историю становления кафедры, в целом в историю становления отечественной психологической науки золотыми буквами - Джакупов Сатыбалды Мукатаевич. Все знали его, как президента Казахской ассоциации психологов, заведующего кафедрой общей и этнической психологии Казахского национального университета им. аль-Фараби (г. Алматы), почетного профессора МГУ имени М.В. Ломоносова, доктора психологических наук, профессора.

При этом - и это особенно хотелось бы подчеркнуть, - что в 1990 году именно он был *первым* заведующим кафедрой психологии в КарГУ и *первым* куратором *первой* группы студентов-психологов.

Благодаря С.М. Джакупову, выпускнику факультета психологии МГУ им. М.В. Ломоносова, его приверженности деятельностному подходу в психологии, многим студентам казалось, что Алексей Николаевич Леонтьев читает свои лекции где-то рядом, в этих же стенах, а его книга «Проблемы развития психики» была для всех как психологический букварь, который все знали практически наизусть. Многие выпускники, став преподавателями психологии, старались подражать его манере читать лекции, используя тезисы на маленьких карточках.

Мне повезло в жизни, будучи еще студенткой, стать свидетелем, как он на самом деле волшебно владел искусством чтения лекций. На четвертом курсе университета я приехала на практику в университет и он разрешил мне на своих поточных лекциях тестировать своих студентов. Его лекцию по стилям руководства, склонностью к руководящей деятельности с удивительными иллюстрациями позже я много раз с успехом повторяла в аудиториях руководителей на Карметкомбинате и мысленно благодарила Саке за его уроки мастерства. Мне также повезло поработать с ним, когда я работала деканом факультета философии и политологии Казахского национального университета им. аль-Фараби. Он был настоящим заведующим кафедрой. Я очень благодарна ему за совместную работу, за его поддержку и особенно за то, что он всегда подчеркивал, что гордится и доволен мной. Ведь именно он в далеком 1982 году, будучи заместителем председателя приемной комиссии КарГУ вытащил для меня лотерейный билет - из нескольких личных дел абитуриентов отобрал именно мое и меня направили на учебу в Ленинград. Героиня культового фильма «Москва слезам не верит» говорит: «Как подумаю, что было бы, если бы я тогда не села в эту электричку». Так и я думаю, что было бы, если бы

Сатыбалды Мукатаевич отобрал бы тогда не мою кандидатуру… Безмерно благодарна ему!

Невероятно грустно и больно осознавать, что такой уникальный человек, ученый, педагог и психолог так рано ушел из жизни. Ему по праву принадлежало бы первое слово на юбилее кафедры.

С двумя главными людьми, благодаря инициативе и усилиям которых состоялось 35 лет назад открытие кафедры психологии в КарУ судьба свела меня в самом начале моей профессиональной деятельности. Это доктора психологических наук, профессоры Клочко Виталий Евгеньевич и Краснорядцева Ольга Михайловна. В 1987 году, когда на Карметкомбинате была создана социально-психологическая лаборатория, именно они приезжали со своими лекциями по психологии для руководителей комбината, помогали с первыми программами психологических исследований, позже готовили кадры для нашей социально-психологической службы на созданных ими курсах переподготовки.

В.Е. Клочко, начиная с 1967 года, в течение 26-ти лет работал в Карагандинском университете Букетова. Благодаря ему большинству студентов стал близок и понятен мир идей Льва Семеновича Выготского и Олега Константиновича Тихомирова. А его лекции по психологии мышления и методике преподавания психологии, его неповторимая манера преподавания (в том числе «…студенту должно быть непонятно, как говорит и пишет преподаватель…») оказали огромное влияние на формирование профессионального образа мира первых выпускников кафедры. Очень интересными и всегда посещаемыми всеми студентами были такие лекционные курсы, как «Педагогическая психология», «Психопрофилактика неблагоприятных функциональных состояний», «Психология профессионализма», «Психодиагностика», которые вела О.М. Краснорядцева. В программу подготовки педагогов-психологов на специальных курсах Ольга Михайловна включила курс социально-психологического тренинга и пригласила меня его вести. Поскольку я работала на Карметкомбинате, то эту работу я могла вести только в выходные. В течение нескольких месяцев, в пятницу после работы я выезжала в Караганду домой к Ольге Михайловне, где она со своими прекрасными родителями окружали меня теплом и заботой и следующие два дня - субботу и воскресенье работала тренером в группах будущих школьных психологов.

Переехав сначала в г. Барнаул, а позже в г.Томск, они продолжали поддерживать профессиональные и личные контакты со своими казахстанскими коллегами. Приезжали в Астану, чтобы поддержать становление кафедры психологии в столичном филиале Университета «Кайнар», позже когда я возглавляла диссертационный совет в КазНУ им.аль-Фараби помогали с отзывами, рецензиями. Многим дали зеленый свет, организовав обучение в аспирантуре, соискательство и защиты диссертаций. Я безмерно благодарна, что моя первая ученица, выпускница первого набора психологического отделения Университета Букетова Дарина Даненова свою

кандидатскую диссертацию защитила в диссертационном совете Барнаульского государственного педагогического университета при содействии В.Е. Клочко и О.М. Краснорядцевой.

Эти два человека являли собой удивительный слаженный проверенный годами тандем - двух профессионалов и прекрасных людей. Виталий Евгеньевич - профессор кафедры психологии образования и педагогики факультета психологии Томского государственного университета, почетный работник высшего профессионального образования Российской Федерации. Ольга Михайловна - заместитель декана по учебной работе, заведующая кафедрой психологии образования и педагогики факультета психологии Томского государственного университета, ответственный секретарь Сибирского отделения Российского психологического общества.

Виталия Евгеньевича Клочко не стало 11 февраля 2017 года. Авторитетное российское издание «Психологическая газета» в том году написала: «3 августа 2017 исполнилось бы 74 года *выдающемуся* российскому психологу, профессору Виталию Евгеньевичу Клочко».

Обязательно хочется отметить также еще трех замечательных женщин-педагогов кафедры психологии Университета Букетова, которые благодаря своему высокому профессионализму, педагогическому такту и личному обаянию, повлияли в личностном и профессиональном смысле на каждого студента.

Человек, который все эти 35 лет остается бессменно предан кафедре, несколько лет был ее руководителем, это - Блок Ольга Григорьевна, психолог, старший преподаватель кафедры психологии, заведующая психологической службой Карагандинского университета им. Е.А. Букетова. Отношения студентов и преподавателей кафедры всегда были особенно теплые и уважительные, «любая искорка вовремя потухала» и каждый мог найти для себя поддержку и совет. Бесспорно, во многом это заслуга именно Ольги Григорьевны. Я очень благодарна ей за нашу совместную тренерскую работу на первых группах социально-психологического тренинга для начальников цехов Карметкомбината.

Не могу не сказать о Бендас Татьяне Владимировне, человеке, сформировавшем профессиональный интерес многих студентов к социальной и гендерной психологии. Татьяна Владимировна - доктор психологических наук, доцент, многие годы заведовала кафедрой социальной психологии Оренбургского Государственного Университета, руководитель лаборатории Гендерной психологии при Оренбургском Государственном Университете. К Ольге Григорьевне и Татьяне Владимировне испытываю чувство благодарности за их особое отношение ко мне. Нас, безусловно, сближала одна альма-матер, они обе - выпускницы факультета ЛГУ.

Огромные слова благодарности мне хочется выразить Амировой Бибисаре Аубакировне, доктору психологических наук, профессору, академику Академии педагогических наук Казахстана, которая также несколько лет возглавляла кафедру психологии, прежде всего, за создание всех необходимых

условий для обеспечения профессиональной подготовки студентов казахского отделения. Б.А. Амирова человек неравнодушный, ответственный, всю себя отдающая своему любимому делу - психологической науке, воспитанию студентов, формированию из них профессионалов. Скольких кандидатов и докторов психологических наук в нашей стране она поддержала в качестве рецензента их диссертаций. Она прекрасный организатор многих форумов, в том числе и данной конференции.

Сегодня, оглядываясь назад, горжусь тем, что тоже смогла внести свой посильный вклад в становление кафедры, как преподаватель и как руководитель дипломных работ студентов первых ее выпусков. Особо хотелось вспомнить и рассказать об уникальном опыте, думаю, что можно смело сказать об успешном эксперименте, связанным с практической подготовкой студентов-психологов Университета Букетова.

В 1993 г. на Карметкомбинате возникла острая необходимость в укомплектовании социально-психологической службы специалистами психологами. Надо сказать, что в то время подобных специалистов в Казахстане просто не было. Чтобы сосчитать всех практических психологов страны, хватило бы пальцев одной руки. В связи с этим я встретилась с ректором университета, профессором Ж.С. Акылбаевым, объяснила ситуацию и предложила направить с 4-го курса 10 человек к нам в службу на летний период. И затем пятерых из них, кто пройдет отбор, мы в сентябре официально примем в штат, и они в течение 5-го курса будут у нас работать, соответственно им нужно будет дать разрешение на свободное посещение занятий. И ректор согласился! Вообще Жамбыл Саулебекович заслуживает огромных слов благодарностей и самой светлой памяти за все, что он сделал для отечественного вузовского образования, для КарГУ, и огромное спасибо ему за его отношение к нашей психологической науке, к становлению и поддержке кафедры психологии. В этом был и личностно-ориентированный подход, такой важный в психологии, его дочь Гульжан Акылбаева - выпускница психологического отделения, кандидат психологических наук. Все 5 человек (из них четыре девушки), которые прошли карметовскую школу, стали востребованными специалистами в области практической психологии.

Так, Дарина Даненова, которая первой среди них защитила кандидатскую диссертацию по психологии в России, подтвердила ее в Казахстане, работала экспертом в Администрации Президента РК, в исследовательской компании «ЦЕССИ-Казахстан», которую в 1997 году мы создали с нашими российскими коллегами, а позже она сама создала и возглавила созданную ею успешную исследовательскую компанию, работала главным экспертом в Казахстанском институте стратегических исследований при Президенте Республики Казахстан. Маншук Бокенчина под руководством Джакупова С.М. защитила кандидатскую и в 2011 году докторскую диссертацию по психологии и работает в исследовательских структурах КНБ РК.

Символично то, что год, когда началась подготовка психологов в КарГУ - это значимый год для всей нашей страны. 25 октября 1990 года - особая дата

для граждан Казахстана, символизирующая начало новой страницы развития Республики Казахстан. В этой новой для всех казахстанцев жизни, с ее новыми перспективами и возможностями, а также трудностями и опасениями, выпускникам нашей кафедры было предопределено помогать людям быть профессионально успешными и счастливыми в личностном плане. И если посмотреть на то, где и кем работают наши выпускники в настоящее время, то можно с уверенностью сказать, что они с этой задачей, даже можно сказать, миссией, хорошо справляются. Среди них есть директора HR-отделов крупных коммерческих организаций, проректора, деканы и ведущие преподаватели в высших учебных заведениях, кандидаты психологических наук, руководители собственных консалтинговых компаний, высококлассные специалисты-психологи в области судебно-медицинской экспертизы, правоохранительных структур и органов национальной безопасности, а также организационной психологии и педагогической психологии - Мадина Умуркулова (проректор по академическим вопросам Университета Букетова), Акбота Жаппар (корпоративный психолог АО «Казатопром»), Дауирхан Кожахметов (директор «Дома школьников №1 Управления образования г.Алматы), Наталья Ли (член правления, HR-директор группа кампаний «Alageum Electric»), Мадина Нигмадилова (психолог Авиационного медицинского центра РГП «Казаэронавигация») и многие многие другие.

Психология как наука и практика прошла большой путь становления и влияния на жизнь общества. Подтверждение этому - возникшая необходимость принятия в стране закона, который бы защищал права как психологов, так и населения, способствуя получению людьми квалифицированной психологической помощи. Отвечая этим актуальным запросам, женское крыло партии «Amanat» инициировало работу по приоритету «Содействие и развитие психологической службы». В экспертный пул вошли практикующие психологи, исследователи и преподаватели вузов с большим опытом работы. И среди них выпускники и сотрудники кафедры психологии Университета Букетова.

От всей души поздравляю кафедру психологии Карагандинского университета им. академика Е.А. Букетова, ее выпускников, всех тех, кто в разные годы оказался счастливо причастен к истории ее становления, с этой замечательной датой - 35 лет, и желаю продолжать оставаться лучшим центром подготовки психологов в нашей стране!

1. ЖАС ЕРЕКШЕЛІК ЖӘНЕ ПЕДАГОГИКАЛЫҚ ПСИХОЛОГИЯНЫҢ МӘСЕЛЕЛЕРІ.
1. ПРОБЛЕМЫ ВОЗРАСТНОЙ И ПЕДАГОГИЧЕСКОЙ ПСИХОЛОГИИ.

ЖАСӨСПІРІМДЕРДІҢ ТҰЛҒАЛЫҚ ДАМУЫНДАҒЫ ОТБАСЫЛЫҚ ТӘРБИЕ СТИЛІНІҢ РӨЛІ

Алтаева А.Б.

Эмоционалдық тұрақтылық – адам психикасының маңызды аспектілерінің бірі болып табылады. Бұл адамның стресс пен қиын жағдайлардан туындайтын эмоцияларына деген реакциясын басқару қабілеті, сонымен қатар оның өзін-өзі реттеу және психологиялық тепе-теңдікті сақтау қабілетін білдіреді. Эмоционалдық тұрақтылықтың денсаулыққа әсері кеңінен зерттелген, бұл жайында көптеген ғылыми зерттеулер көрсетуде, бұл қасиет адамның психологиялық және физикалық денсаулығын сақтауға ықпал етеді. Эмоционалдық тұрақтылықтың өмір сапасына тигізетін әсері оның мәнін терең түсінуді қажет етеді. Мақалада эмоционалдық тұрақтылықтың денсаулыққа әсері мен оны жақсарту әдістері қарастырылады.

Эмоционалдық тұрақтылық – адамның психологиялық жағдайын басқару қабілеті. Бұл қабілет адамның эмоционалды реакцияларын бақылауға, шиеленіс пен күйзелістерге адекватты жауап беруге, сондай-ақ өз эмоцияларын дұрыс бағытта басқаруға мүмкіндік береді. Көптеген ғылыми зерттеулер эмоционалдық тұрақтылықтың депрессия, мазасыздық, стресстің алдын алуға және оларды басқаруға үлкен әсері бар екенін көрсетеді.

Эмоционалдық тұрақтылықтың психологиялық денсаулыққа әсері депрессия мен алаңдаушылықтың деңгейін төмендетуге, адамның өзіне деген сенімділігін арттыруға және өмірдің қиындықтарына қарсы тұру қабілетін нығайтуға мүмкіндік береді. Эмоционалдық тұрақтылықтың артуы адамның әлеуметтік қарым-қатынасын жақсартады, өйткені ол конфликтілерді шешу, өз эмоцияларын дұрыс білдіру және қоршаған ортамен үйлесімділік орнату қабілетін арттырады. Сонымен қатар, эмоционалдық тұрақтылықтың жоғары деңгейі адамның психологиялық бейімделуін және жалпы көңіл-күйін жақсартады [1; 75].

Эмоционалдық тұрақтылық тек психологиялық денсаулыққа ғана емес, физикалық денсаулыққа да тікелей әсер етеді. Эмоционалдық күйдің тұрақтылығы адамның ағзасындағы физиологиялық процестерге, әсіресе, жүрек-қан тамырлары жүйесіне, иммундық жүйеге және жүйке жүйесіне әсер етеді. Стресс пен күйзеліс жағдайында ағзада кортизол гормоны көп мөлшерде бөлінеді, ол ұзақ уақыт бойы тұрақты деңгейде болғанда иммундық жүйенің әлсіреуіне, жүрек-қан тамырлары ауруларының дамуына және ұйқының бұзылуына себеп болуы мүмкін [2; 23].

Алайда, эмоционалдық тұрақтылықтың жоғары деңгейі адам ағзасындағы

стресстің деңгейін төмендетуге және жүрек-қан тамырлары ауруларының алдын алуға көмектеседі. Бұл күй ағзаның гормоналды балансын тұрақтандырып, иммундық жүйені нығайтады. Эмоционалдық тұрақтылық физикалық белсенділікке де ықпал етеді: адам стресстен құтылу үшін жиі дене шынықтырумен айналысады, бұл өз кезегінде жүрек-қан тамырлары жүйесін күшейтеді және жалпы физикалық жағдайды жақсартады.

Эмоционалдық тұрақтылықты дамыту үшін бірнеше тиімді әдістер бар. Әрбір адам өз эмоционалды жағдайын бақылау арқылы денсаулығын сақтай алады. Эмоционалдық тұрақтылықты дамыту үшін стресс басқару маңызды. Стресс деңгейін төмендету үшін медитация, тыныс алу жаттығулары, йога және басқа да релаксация әдістері тиімді болып табылады. Бұл әдістер адамға эмоцияларын басқаруға, денсаулығын нығайтуға және өмір сапасын жақсартуға көмектеседі [3; 29].

Физикалық белсенділік эмоционалдық тұрақтылықты арттырудың тағы бір маңызды тәсілі болып табылады. Жаттығулар мен спорт адамның көңіл-күйін жақсартып, стресс деңгейін төмендетеді, сонымен қатар ағзаның физикалық және психологиялық саулығын жақсартады. Сонымен қатар, әлеуметтік қолдау адамның эмоционалдық тұрақтылығын арттырады. Жақын адамдардан, достардан және әріптестерден қолдау алу адамға қиын сәттерде күш береді және оның эмоционалдық жағдайын жақсартады.

Когнитивті әдістер де эмоционалдық тұрақтылықты арттыруда маңызды рөл атқарады. Позитивті ойлау, өз-өзін қолдау және стресс жағдайларына қатысты дұрыс көзқарас қалыптастыру – эмоционалды тұрақтылықты сақтау үшін қажет дағдылар. Когнитивті психотерапияның әдістері адамның ойлау жүйесін қайта құрылымдауға, негативті ойларды жоюға және өзін-өзі басқаруға көмектеседі.

Қорытындылай келе, эмоционалдық тұрақтылықтың адамның психологиялық және физикалық денсаулығына тигізетін әсері өте зор. Эмоционалдық тұрақтылық – адамның өміріндегі психологиялық күйінің біркелкі әрі үйлесімді болуын қамтамасыз етеді. Ол жеке тұлғаның стреске деген төзімділігін арттырып, әр түрлі қиындықтар мен күйзелістерге тиімді жауап беру мүмкіндігін береді. Әсіресе, эмоционалдық тұрақтылық стресс пен мазасыздықтың деңгейін төмендетіп, адамның күнделікті өмірінде қиындықтармен күресуге көмектеседі [4; 28].

Эмоционалдық тұрақтылықтың артуы, ең алдымен, адамның өз эмоцияларын дұрыс басқаруына мүмкіндік береді. Бұл өз кезегінде адамның психикалық денсаулығына, қарым-қатынасындағы сапаға және өмірге деген көзқарасына айтарлықтай оң әсер етеді. Эмоционалдық тұрақтылықтың жоғары болуы күйзелістен туындайтын түрлі денсаулық мәселелерінің алдын алу мен емдеуге көмектеседі. Оның арқасында адамның иммундық жүйесі нығаяды, ұйқының сапасы жақсарады, жүрек-қан тамырлары ауруларының қаупі төмендейді және жалпы өмір сүру ұзақтығы артады [5; 12].

Эмоционалдық тұрақтылықты дамыту үшін арнайы тәсілдер мен әдістер қажет. Біріншіден, стресс басқару әдістерін үйрену маңызды. Бұл әртүрлі

тыныс алу жаттығуларын, медитация, йога, релаксация әдістерін қамтиды, олар адамға өз эмоцияларын басқаруға көмектеседі. Екіншіден, физикалық белсенділік маңызды рөл атқарады, өйткені дене шынықтыру жаттығулары эндорфиндердің бөлінуіне, яғни адамда жағымды эмоциялардың пайда болуына әсер етеді. Үшіншіден, әлеуметтік қолдау жүйесі өте маңызды. Отбасы мен достардың қолдауы, жұмыс орнындағы оң қарым-қатынас адамға психологиялық қолдау көрсетіп, оның эмоционалдық жағдайын жақсартады. Төртіншіден, когнитивті әдістер – адамның ойлау тәсілдерін өзгерту, негативті ойларды оң пікірлермен алмастыру арқылы эмоциялық күйді реттеуге көмектеседі [6; 96].

ЕРЛЕР МЕН ӘЙЕЛДЕРДІҢ ПСИХОЛОГИЯЛЫҚ ҚОРҒАНЫС МЕХАНИЗМДЕРІНІҢ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ

Бекхалиева Б.А.
Бурленова С.О.

Қазіргі қоғамда тұлғаның психикалық саулығына әсер ететін факторлар күрделене түсуде. Әлеуметтік, экономикалық және мәдени өзгерістер адамның ішкі жан дүниесіне ықпал етіп, эмоционалдық тұрақтылықты сақтау қажеттілігін алдыңғы орынға шығарады. Әсіресе 30-40 жас аралындағы ерлер мен әйелдер жастағы адамдар үшін бұл кезең- маңызды өмірлік шешімдер мен жоғары жауапкершілік уақыты. Осы жаста жеке тұлға отбасын құру,мансаптық мақсаттарға жету және әлеуметтік рөлдерді үйлестіру секілді көптеген күрделі

міндеттермен бетпе-бет келеді. Бұл міндеттер психологиялық күйзеліс пен ішкі шиеленісті арттыру мүмкін.

Э.Эриксонның теориясына негізделсек, бұл жас кезеңі адам өміріндегі ең ұзақ мерзімді қамтитын даму кезеңдерінің бірі болып саналады. Оның пікірінше, осы жастағы басты психологиялық мәселе – өнімділік пен енжарлық арасындағы таңдау. Бұл екі бағыт адамның даму жолын айқындайды: өнімділік – алға жылжу мен даму үрдісін білдірсе, енжарлық – кері кету мен тұрып қалуды сипаттайды. Эриксон «өнімділік» ұғымына тек кәсіби немесе шығармашылық саладағы белсенділік емес, сонымен қатар келесі ұрпақты тәрбиелеу мен оларды өмірге бейімдеуге қосқан үлесті де жатқызады [1]. Дегенмен бұл процесте адам жиі ішкі күмән,сенімсіздік және психоэмоционалдық шиеленіс жағдайларын бастап кешіреді. Осы ішкі күрестің нәтижесінде әр тұлға өзінше қорғаныс тәсілдеріне сүйенеді.

Осыған байланысты, ерлер мен әйелдердің психологиялық қорғаныс механизмдерін зерттеу-олардың эмоционалдық бейімделу ерекшеліктерін, стресс жағдайында қолданылатын әдістерін және тұлғалық даму бағытын тереңірек түсінуге мүмкіндік береді.

З. Фрейд қорғаныс механизмі ұғымына алғаш рет анықтама беріп, оны сана аясынан тыс және одан жоғары деңгейде жүретін ерекше қорғаныс процесті ретінде сипаттады. Қорғаныс механизмі автоматты түрде және бейсаналы түрде эмоционалдық кернеуден арылу және үрейді жеңілдету мақсатында іске қосылады. Бұл механизм саналы түрде қабылдау мүмкін емес жағдайлармен күресудің құралы ретінде пайда болады [2; 21-22].

А. Фрейдтің анықтамасы бойынша,қорғаныс механизмдері-бұл «Мен» қызметінің бір түрі, ол «Мен» шамадан тыс күшті ниеттердің немесе соларға сәйкес келетін аффектілердің ықпалына ұшырағанда іске қосылады. Олар автоматты түрде жұмыс істейді және санамен келісілмейді [2].

Қорғаныс механизмдерінің классификациясы бойынша З. Фрейд, К. Роджерс, Ф. Березин, Н. Мак-Вильямс зерттеулеріне сүйенсек: 1) теріске шығару (отрицание)-жағымсыз ақпаратты елемеу. Адам бұл ақпаратты қабылдамайтындай кейіп танытады, естімегендей болады, сондықтан осы оқиғаларды саналы түрде сезінбейді. Бұл механизм адамның назарын ауыр ойлар мен сезімдерін басқа жаққа бұрады, бірақ оларды сана үшін мүлде қолжетімсіз етпейді; 2) Орнын ауыстыру (замещение) - адамның бейсаналы түрде өз ниеттерінің бағытын бір объектіден қауіпсіздеу немесе қолжетімді басқа объектіге ауыстыруы; 3) Ығыстыру (подавление) - бұл қорғаныс жоққа шығаруға ұқсас, бірақ мұнда адам жағымсыз оқиғаны мойындайды, алайда оны саны астына итеріп жібереді. Бұл ақпаратты есте сақтауға өткізбей, санада бұғаттау арқылы мазасыздық тудыратын ойлар мен әрекеттерден аулақ болуға тырысады; 4) Регрессия - даму барысында кейінгі кезеңде туындаған қақтығыстардан қашу мақсатында адамның психосексуалды дамуының ертерек кезеңіне тән мінез-құлық үлгілеріне қайта оралуы; 5) Реактивті түзілім (реактивное образование) - амбиваленттікке (қос сезімділікке) негізділген механизм. Қабылдауға келмейтін ниетке негізделген мінез-құлық үлгісі оған

тікелей қарама-қарсы әрекетпен алмастырылады; 6) Компенсация-адамның өз кемшіліктері мен жетіспеушіліктерін өтеу немесе өтеп алу тәсілі; 7) Интеллектуализация - қақтығыстарды сезімдік жағынан бастан өткермей, тек ақыл-ой тұрғысынан түсіндіруге және талдауға тырысу [2;154-157]; 8) Проекция - адам бойындағы жағымсыз қасиеттері мен қылықтарын басқаларға телитін қорғаныс тетігі [3].

Зерттеу жұмысы.

Ең алдымен сыналушылардың психологиялық жынысты анықтау мақсатында ұсынылған және адамның феминдік, маскулиндік және андрогиндік сипаттарының көрсеткішін анықтауға бағытталған, 60 тұжырымнан тұратын С.Бемнің «Маскулинность-феминность» әдісі қолданылды. Сыналушы әрбір тұжырымға «иә» немесе «жоқ» деп жауап беріп, өз бойындағы аталған сипаттардың бар жоғын көрсетеді. Зерттеуге 30-40 жас аралығындағы 36 ерлер мен әйелдер қатысты.

Кесте 1. Сыналушылардың жыныстық типке бөліну көрсеткіштері.

Тип	Саны	Үлесі
Маскулиндік	15	41.7%
Феминдік	15	41.7%
Андрогиндік	6	16,6%

Кесте 1 көрсеткендей, зерттеушілердің басым бөлігі 83,4% - дәстүрлі маскулиндік пен фемининдік типке жатады. Ал қалған, 16,6% андрогиндік типке жатады. Ол дегеніміз тұлғаның бойында маскулиндік пен феминдік сипаттар тең дәрежеде байқалады. Зерттеудің бұл бөлімі психологиялық жыныс бағытылықты анықтап қоймай, оның негізінде маскулиндік пен феминдік сипаттары басым ерлер мен әйелдердің психологиялық қорғаныс механизмдерін салыстыра талдауға мүмкіндік берді.

Зерттеудің екінші кезеңінде ересек адамдардың «Мен» деңгейіндегі психологиялық қорғаныс механизмдерін диагностикалауға бағытталған 97 тұжырымнан тұратын «Индекс жизненного стиля»әдістемесі қолданылды. Әрбір тұжырымға «иә,келісемін» немесе «жоқ келіспеймін» деп жауап беру қажет. Сауалнама сегіз түрлі қорғаныс механизмін анықтауға бағытталған: теріске шығару (отрицание), ығыстыру (подавление), регрессия, орнын ауыстыру (замещение), компенсация, реактивті түзілім (реактивное образование), проекция, интеллектуализация. Әрбір қорғаныс механизм түріне 10 - 14 аралығындағы тұжырым сәйкес келеді, олардың мазмұны адамның түрлі жағдайда көрсететін мінез - құлықтық реакцияларын сипаттайды. Әдіске феминдік қасиеттер басым 15 әйел сыналушы мен маскулиндік типтегі 15 ер сыналушының жауаптары әрбір шкала бойынша арнайы кілттер негізінде өңделіп, орташа нәтижелер есептелді.



Сурет 1. Әйелдер мен ерлердің қорғаныс механзмдер көрсеткіштері

Гистограммаға сәйкес 1, тұлғалардың ішкі шиеленіске бейім екендігі және олардың эмоционалдылық тұрақтылығын сақтау мақсатында әртүрлі бейсаналық қорғаныс әдістеріне жүгінетіндігін көрсетеді. Әйелдер арасында, теріске шығару (отрицание) мен реактивті түзілім (реактивное образование) механизмдері басым болғаны байқалды. Бұл оларға кері әсер ететін сезімдерден арылу үшін сыртқы көріністе қарама-қарсы мінез-құлық көрсету тән екендігін білдіреді. Ал, ерлерде интеллектуализация мен теріске шығару (отрицание) механизмдерінің белсенділігі жоғары. Бұл көрсеткіштер ер адамдардың ішкі шиеленістерден логика арқылы қорғануға бейім екендігін көрсетеді. Сонымен қатар, ерлерде де теріске шығару (отрицание) механизмі жоғары, олар да теріс ақпаратты қабылдамауға бейімділік бар екенін аңғартады.

Әдебиеттер:

1. Кулагина И.Ю., Колюцкий В.Н. Возрастная психология: учебное пособие для вузов. – М.: ТЦ «Сфера», 2001. – 153 с.
2. Субботина Л.Ю. Психология защитных механизмов личности: учеб. пособие. - Ярославль: ЯрГУ, 2013.
3. Психология: Энциклопедиялық сөздік / Бас ред. Б.Ө.Жақып. – Алматы «Қазақ энциклопедиясы», 2011. – 440 б.

ИССЛЕДОВАНИЕ ВЛИЯНИЯ КНИГ НА ЭМОЦИОНАЛЬНЫЙ ИНТЕЛЛЕКТ

Вакула О.А.
Панченко А.В.

В условиях стремительных социальных изменений и усложнения межличностных взаимодействий всё более актуальным становится развитие эмоционального интеллекта - способности распознавать, понимать и регулировать собственные эмоции и эмоции других людей [1]. Современные

исследования показывают, что высокий уровень эмоционального интеллекта способствует успешной социализации, укреплению психического здоровья и профессиональной эффективности. Одним из доступных и при этом малоисследованных ресурсов для формирования эмоциональной сферы личности являются художественные книги. Чтение способствует не только расширению словарного запаса и когнитивному развитию, но и активному включению эмпатии, способности понимать чувства героев, прогнозировать их поведение и соотносить с собственным эмоциональным опытом.

Актуальность настоящего исследования обусловлена возрастающим интересом к немедикаментозным способам развития эмоционального интеллекта, особенно в детском и подростковом возрасте.

Цель исследования - выявить и проанализировать влияние чтения художественной литературы на развитие эмоционального интеллекта.

Объект исследования - процесс формирования эмоционального интеллекта.

Предмет исследования - влияние художественной литературы на развитие компонентов эмоционального интеллекта (эмпатии, эмоциональной осознанности, саморегуляции и др.).

Гипотеза - регулярное чтение художественной литературы способствует развитию эмоционального интеллекта, следовательно уровень эмоционального интеллекта у читающих людей выше, чем у не читающих.

Понятие эмоционального интеллекта впервые было введено П. Саловэем и Дж. Майером в 1990 году. Они определяли его как способность отслеживать свои собственные эмоции и эмоции других, различать их и использовать эту информацию для руководства своим мышлением и действиями. Позже Д. Гоулман расширил концепцию, выделив пять ключевых компонентов эмоционального интеллекта: самосознание, саморегуляция, мотивация, эмпатия и социальные навыки [2; 41]. С точки зрения современной психологии, ЭИ представляет собой совокупность когнитивных и аффективных процессов, обеспечивающих осознание, интерпретацию и управление эмоциональными состояниями [3]. Развитый эмоциональный интеллект позволяет человеку эффективно справляться с трудными жизненными ситуациями, строить устойчивые межличностные отношения и достигать личностного и профессионального благополучия.

Чтение художественных книг - это процесс не только интеллектуального, но и эмоционального взаимодействия с текстом. Художественная литература способна вызывать сложные эмоциональные переживания, предоставляя читателю возможность «примерить» на себя чувства, мотивации и внутренний мир героев. В процессе чтения человек активно интерпретирует поведение персонажей, анализирует их мотивы и учится сопереживанию - что является важнейшей составляющей эмоционального интеллекта. Психологические исследования подтверждают, что художественная литература может быть мощным средством развития эмпатии [4]. Так, в исследовании Кида и Кастано (2013) было установлено, что чтение качественной художественной прозы (особенно произведений с глубокими психологическими портретами героев)

повышает способность к «теории разума» - умению понимать эмоции, намерения и убеждения других людей. Это умение напрямую связано с уровнем эмпатии и социального интеллекта.

Чтение художественной литературы влияет на развитие эмоционального интеллекта через ряд психологических механизмов. Во-первых, читатель вовлекается в переживания героев, что способствует формированию эмпатии - умения распознавать и понимать чувства других людей. Эмоциональная идентификация с персонажами позволяет человеку «проживать» различные жизненные ситуации, испытывать спектр чувств, что расширяет эмоциональный опыт. Во-вторых, литературные произведения часто ставят персонажей перед моральным выбором, что стимулирует читателя к рефлексии, осмыслению собственных ценностей и чувств. Это развивает эмоциональную осознанность и самопонимание. В-третьих, язык художественной литературы насыщен эмоциональной лексикой, метафорами и описаниями состояний, благодаря чему у читателя формируется более точный эмоциональный словарь. Это помогает лучше выражать и осознавать собственные эмоции. Наконец, наблюдение за взаимодействием между персонажами служит своего рода социальным моделированием: читатель учится понимать мотивы поведения других, прогнозировать реакции и оценивать последствия поступков. Все эти процессы в совокупности способствуют развитию ключевых компонентов эмоционального интеллекта.

В исследовании приняли участие 40 человек в возрасте от 18 до 22 лет. Все участники дали добровольное согласие на участие в исследовании. Гендерный состав группы не учитывался, так как целью исследования являлось выявление общей зависимости между чтением и уровнем эмоционального интеллекта, вне зависимости от пола.

Для сбора данных использовались два метода:

1. Анкетирование, направленное на выявление читательских привычек участников (наличие интереса к чтению, предпочтения в жанрах, частота чтения художественной литературы и др.).

2. Тест на эмоциональный интеллект Н. Холла, который позволяет оценить общий уровень эмоционального интеллекта и его ключевые компоненты, включая самопонимание, управление эмоциями, самомотивацию, эмпатию и распознавание эмоций у других.

Исследование проводилось в индивидуальной форме. Каждый участник сначала заполнял анкету, после чего проходил тест Холла. Вся процедура занимала около 20-25 минут. Участникам было обеспечено комфортное и спокойное пространство для выполнения заданий.

На основе анкетирования были выделены две группы участников:

Читающие художественную литературу - 20 человека;

Не читающие - 18 человек.

После обработки результатов теста на эмоциональный интеллект по методике Н. Холла были получены следующие данные:

У читающих уровень эмоционального интеллекта оказался

преимущественно средним и высоким. Средний балл по шкале теста составил 72 балла. У не читающих участников чаще встречались низкие и средние показатели, со средним баллом 58 баллов (рис.1).



Рисунок 1. Сравнение испытуемых, читающих и не читающих хдожественную литературу

Анализ по подшкалам теста показал, что наиболее значимые различия наблюдались в компонентах эмпатии и распознавания эмоций у других. У читающих участников эти показатели были заметно выше, что указывает на связь между регулярным обращением к художественной литературе и развитием эмоциональной чувствительности.

Результаты проведённого исследования подтверждают гипотезу о том, что чтение художественной литературы положительно связано с уровнем эмоционального интеллекта. Участники, регулярно читающие художественные книги, продемонстрировали более высокие показатели как по общему уровню ЭИ, так и по отдельным его компонентам, особенно по шкале эмпатии и способности распознавать эмоции других людей.

Полученные данные согласуются с результатами предыдущих исследований,в частности работ Кида и Кастано (2013), где было выявлено, что чтение художественной литературы активизирует когнитивные процессы, связанные с «теорией разума» - способностью понимать внутреннее состояние других людей [5]. Аналогично, наши участники, увлечённые чтением, продемонстрировали большую эмоциональную чуткость и лучшее понимание как собственных, так и чужих эмоций. Интересным моментом является то, что различия между группами были особенно заметны в показателях, связанных с эмпатией, тогда как другие компоненты, такие как саморегуляция и самомотивация, различались менее значительно. Это может свидетельствовать о том, что именно эмоциональное сопереживание - ключевой механизм, через который чтение влияет на развитие эмоционального интеллекта. Полученные данные также подчёркивают важность содержания и формы литературных

ArticleKZ.com., 2023.
2. Педагогические условия сопровождения детей с высоким уровнем тревожности // MektepZhurnal.kz., 2023.
3. Волков И.П. Проблемы адаптации детей младшего школьного возраста // Психологическая наука и образование. - 2017. - №1. - С. 82-90.
4. Bowlby J. Attachment and Loss. - New York: Basic Books. 1969. - 472 p.
5. Ainsworth M.D.S., Blehar M.C., Waters E., Wall S. (1978). Patterns of Attachment: A Psychological Study of the Strange Situation. - https://doi.org/10.4324/9780203758045
6. Жумабаева К.К. (2023). Типы привязанности у детей и их проявления в школьной адаптации // Bulletin of Pedagogy, КазНПУ им. Абая.
7. Абдразакова З.З. (2023). Роль семейных отношений в социализации младших школьников // Bulletinof WKU.
8. Малдыбаева М.Ж. (2023). Эмоциональная сфера ребенка и привязанность // Bulletin of Social and Political Sciences, КазНПУ им. Абая.

ЖАСТАРДЫҢ ЖАЛҒЫЗДЫҚТЫ СЕЗІНУІ МЕН ӨЗІН-ӨЗІ БАҒАЛАУЫ АРАСЫНДАҒЫ БАЙЛАНЫС

Дауренқызы С.
Бурленова С.О.

Ақпараттық технологиялардың қарқынды дамуы жастардың өмір сүру салтына елеулі өзгерістер енгізді. Жаңа мүмкіндіктер мен еркіндік кеңістігіне қарамастан, бүгінгі таңда жас ұрпақ бірқатар психологиялық қиындықтарға жиі тап болуда. Соның ішінде нақты қарым-қатынас түрлерінің азаюы, шынайы өмірден гөрі виртуалды кеңістіктің басымдыққа ие болуы, сонымен қатар адамның әлеуметтік ортада өзін еркін көрсете алмауы секілді мәселелер ерекше өзектілікке ие. Әлеуметтік желілерде жиі кездесетін идеалды бейнелер мен мінсіз өмір салтының көріністері жастардың өзін-өзі бағалауына айтарлықтай ықпал етеді. Мұндай идеалдарға қарап, жастар өздерін өзгелермен салыстырып, жетістіктерін, сыртқы келбетін немесе өмірлік ұстанымдарын төмен бағалауға бейім болады. Бұл жағдай өзін-өзі бағалаудың әлсіреуіне, ішкі мазасыздықтың артуына және жалғыздық сезімінің күшеюіне себеп болуы мүмкін. Айналасында адамдар көп болғанымен, шынайы эмоционалдық байланыс пен терең түсіністіктің жетіспеушілігі жалғыздықты одан әрі күшейтеді. Бұл - қазіргі ақпараттық дәуірдің басты қайшылықтарының бірі.

Жалғыздық - адамның өзге адамдардан оқшаулануы салдарынан туындайтын ерекше психологиялық күй. Бұл - тек физикалық жалғыз қалу емес, адамның ішкі жан дүниесінің әлеуметтік қарым-қатынасқа зәрулігінен пайда болатын эмоционалдық сезім. Жарықбаевтың пікірінше, жалғыздық ұзақ уақытқа созылған жағдайда адамда тілдесу, араласу қажеттілігі арта түседі [1; 191-192]. Жалғыздық феноменін зерттеген Вейс бұл құбылысты адамның тұлғалық ерекшеліктері мен өмірлік жағдайлардың өзара әрекеттесуінен туындайтын психологиялық күй ретінде сипаттайды. Вейстің жіктеуі бойынша, жастар көбіне екі түрлі жалғыздықты бастан кешіреді. Эмоционалдық

жалғыздық - жақын әрі сенімді қатынастардың жетіспеуінен пайда болса, әлеуметтік жалғыздық - достары мен өз ортасында өзін қабылданбағандай сезінуінің нәтижесі [2]. Бұл пікір қазіргі жастар үшін де өзекті, себебі олар өмірлік жолдың күрделі кезеңінде - кәсіби бағыт таңдау, жеке тұлғалық қалыптасу, әлеуметтік ортада өз орнын табу сияқты міндеттермен бетпе-бет келеді.

Жарықбаев өзін-өзі бағалауды "өзін-өзі қастерлеу" ұғымы арқылы сипаттайды. Бұл - тұлғаның өзіне деген оң көзқарасы, өзін қабылдай білуі және үнемі өзін жетілдіруге деген ұмтылысы. Өзін-өзі қастерлеу - адамның тек сырт келбетіне ғана емес, ішкі жан дүниесіне де мән беріп, өзін сыйлай алуы, өзіне ұқыпты қарауы. Мұндай тұлға өзін өзгелермен салыстырмай, өз табиғатын сол қалпында қабылдап, сонымен қатар даму мен кемелденуге ұмтылады. Жарықбаевтың пікірінше, шынайы өзін-өзі қастерлеу эгоизммен шатастырылмауы тиіс, себебі бұл қасиет адамның ар-намысын сақтауға, өмірге және өзіне қанағаттануға жол ашады [1; 419-420]. Өзін-өзі бағалаудың негізгі аспектілерін зерттеген ғалымдардың бірі М. Розенберг оны тұлғаның ішкі эмоционалдық құрылымының құрамдас бөлігі ретінде қарастырып, арнайы шкала арқылы өлшеуді ұсынған. Өзін-өзі жоғары бағалайтын жастар өмірлік қиындықтарға еркін бейімделеді, шешімдер қабылдауда дербестік танытып, қоршаған ортамен оң қарым-қатынас орнатады. Ал төмен өзін-өзі бағалау ішкі күмән мен мазасыздықты күшейтіп, әлеуметтік қатынастарда қиындықтар туғызуы мүмкін [3].

Зерттеу жұмысының мақсатына сәйкес, жастардың өзін-өзі бағалау деңгейі мен жалғыздықты субъективті сезінуін анықтау үшін екі психодиагностикалық әдістеме қолданылды. Өзін-өзі бағалау деңгейін өлшеуде 50 тұжырымдамадан тұратын М. Соренсеннің өзін-өзі бағалау тесті алынды. Тестте "иә" және "жоқ" деген жауап нұсқалары беріледі, "иә" жауап нұсқасына 1 балл, ал "жоқ" нұсқасына 0 балл беріледі. Тест нәтижелері бойынша 0-7 балл аралығында болса, өзін-өзі бағалаудың жоғары деңгейін, 8-25 балл аралығы орташа деңгейді және 26-50 балл аралығы өзін-өзі бағалаудың төмен деңгейін көрсетеді. Алжалғыздық сезімін бағалау үшін Д. Расселл, Л. Пепло, М. Фергюсонның 20 сұрақты қамтитын Жалғыздықты субъективті сезіну шкаласы (UCLA Loneliness Scale) таңдалды. Шкала төрт жауап нұсқасымен есептеледі: "ешқашан" нұсқасы 1 баллмен, "сирек" - 2 баллмен, "кейде" - 3 баллмен және "әрқашан" - 4 баллмен бағаланады. Егер, шкала бойынша 40-60 балл жиналса, бұл жалғыздықты сезінудің жоғары деңгейін, 20-40 балл аралығы орташа деңгейін және 0-20 балл аралығы жалғыздықты сезінудің төмен деңгейін анықтайды. Бұл әдістемелер жеке тұлғаның өзін бағалауынжәне жалғыздықты сезіну деңгейін зерттеуге мүмкіндік береді. Зерттеу таңдамасы 18-25 жас аралығындағы 30 сыналушыдан құралды. Қатысушылар кездейсоқ іріктеу әдісі арқылы таңдалып,жоғары оқу орындары мен колледж студенттерін қамтыды. Зерттеу онлайн форматта жүргізілді. Сауалнамалар Google Forms платформасы арқылытаратылды. Жиналған деректер сандық тұрғыда өңделіп, пайыздық көрсеткіштер анықталды.



Сурет 1. Жастардың жалғыздықты субъективті сезіну көрсеткіштері

Гистограммаға 1 сәйкес, сыналушылардың басым бөлігі жалғыздықты орташа деңгейде сезінеді екен, бұл 53,3%-ды (16) құрайды. Жалғыздықты жоғары деңгейде сезінетін сыналушылар 46,7%-ға (14) тең және зерттеу бойынша жалғыздықты төмен деңгейде сезінетін сыналушылар анықталған жоқ. Бұл деректер жастар арасында жалғыздық сезімі айтарлықтай кең таралғанын көрсетеді. Зерттеу барысында сыналушылардың жалғыздықты көбінесе орташа деңгейде сезінуі олардың белгілі бір әлеуметтік байланыстарға ие болғанымен, бұл қарым-қатынастардың эмоционалдық тереңдігі мен тұрақтылығының жеткіліксіз екенін көрсетуі мүмкін. Яғни, олар жалғыз емес, бірақ жеткілікті деңгейде түсіністік пен эмоционалдық қолдаудысезінбеуі ықтимал.



Сурет 2. Жастардың өзін-өзі бағалау көрсеткіштері

Гистограмма 2 сыналушылардың басым бөлігінің өзін-өзі бағалауы орташа деңгейде екенін көрсетеді. Зерттеу нәтижесі сыналушылардың көрсеткіштері бойынша үш деңгейге бөліп, есептелді: жоғары өзін-өзі бағалау 6,7%-ды (2); орташа өзін-өзі бағалау 53,3%-ды (16); төмен өзін-өзі бағалау 40,0%-ды (12) құрады. Аталған көрсеткіштер жастардың өзін-өзі бағалауы шынайы, алайда

белгілі бір дәрежеде тұрақсыз сипатта екенін көрсетеді. Бұл олардың өз мүмкіндіктерін толық пайдалана алмауын немесе өз-өзіне деген сенімділіктің әлсіздігін білдіруі мүмкін. Зерттеу нәтижелері жастар арасындағы өзін-өзі бағалау мен жалғыздықты субъективті сезіну деңгейінің өзара байланысты екенін көрсетті. Яғни, өзін-өзі бағалауы төмен және орташа жастар көбінесе жалғыздықты да жиірек сезінетіні байқалды. Бұл көрсеткіштер жастардың өзіне сенімділігінің жеткіліксіздігі мен әлеуметтік қолдаудың шектеулілігі олардың жалғыздық сезімін күшейтуі мүмкін екенін айғақтайды.

Әдебиеттер:
1. Психология: Энциклопедиялық сөздік / Бас ред. Б.Ө. Жақып. - Алматы: «Қазақ энциклопедиясы», 2011. – Б. 191-192; 419-420.
2. Лабиринты одиночества / Пер. с англ. / Сост., общ. ред. и предисл. Н.Е. Покровского. – М.: Прогресс, 1989. - С.114-125.
3. Әуелбекова Н.Ж., Ахтаева Н.С., Клепиков Д.А., Садвакасова З.М., Абдурахмонов Х.И. Студенттік жаста өзін-өзі бағалауға табандылықтың әсері // ҚазҰУ Хабаршы. Психология және социология сериясы. - 2024. - №1 (88). - Б. 16-27.

ОҚУШЫЛАРДЫҢ ӨЗІН ӨЗІ БАҒАЛАУЫ МЕН ӘЛЕУМЕТТІК МӘРТЕБЕСІНІҢ ӨЗАРА БАЙЛАНЫСЫ

Дәуренқызы М.
Молдабаева Р.А.

Қазіргі білім беру жүйесінде оқушылардың тұлғалық дамуына ерекше көңіл бөлінуде. Бұл үдерісте баланың өз-өзіне деген көзқарасы мен әлеуметтік ортадағы орны маңызды рөл атқарады. Өзін-өзі бағалау - тұлғаның өзіне деген ішкі қатынасын, қабілеттерін, мүмкіндіктерін бағалау деңгейін сипаттайтын психологиялық ұғым. Ал әлеуметтік мәртебе - жеке тұлғаның ұжымда, құрдастар ортасында алатын орны, танылу деңгейі мен беделінің көрсеткіші.

Бұл екі фактор - өзін-өзі бағалау мен әлеуметтік мәртебе - оқушының мектеп өміріндегі бейімделу үдерісіне, академиялық жетістіктеріне, мінез-құлқына және эмоционалдық жағдайына тікелей әсер етеді. Мектептегі орта - оқушы үшін алғашқы әлеуметтік орта болғандықтан, мұнда қалыптасқан қатынастар оның тұлғалық дамуына елеулі ықпал етеді. Егер оқушының әлеуметтік мәртебесі жоғары болса, ол өз-өзіне сенімді болып, белсенді әрекет етеді. Керісінше жағдайда, оқушы тұйықталып, өз-өзіне сенімсіздік танытады, бұл өз кезегінде оқу үлгеріміне және психоэмоционалды жай-күйіне кері әсер етеді.

Бұл зерттеудің өзектілігі - білім беру мекемелерінде оқушылардың тұлғалық өсуіне әсер ететін ішкі және сыртқы факторларды ескере отырып, олардың әлеуметтену жолдарын жетілдіру қажеттілігімен байланысты. Өзін-өзі бағалау мен әлеуметтік мәртебенің өзара байланысын зерттеу арқылы мектеп психологтары мен мұғалімдері оқушылармен жұмысты тиімді ұйымдастыруға мүмкіндік алады. Осы мақалада аталған ұғымдардың теориялық негіздері

қарастырылады және олардың арасындағы байланысқа қатысты тәжірибелік қорытындылар ұсынылады.

Өзін-өзі бағалау - бұл тұлғаның өзін қабылдауы мен тануына, өз әрекеттерін, қасиеттерін, мүмкіндіктерін бағалауына негізделген күрделі психологиялық құрылым. Ол адамның мінез-құлқына, мотивациясына, әлеуметпен қарым-қатынасына тікелей әсер етеді. Психологияда өзін-өзі бағалау адамның «Мен» бейнесінің бөлігі ретінде қарастырылады, ал педагогикада бұл ұғым оқушылардың оқу белсенділігі мен тұлғалық дамуының көрсеткіші ретінде маңызды. Жоғары өзін-өзі бағалау оқушыны сенімді, дербес, бастамашыл болуға итермелейді. Мұғалімнің қолдауы, ата-ананың жылы қатынасы, құрдастар тарапынан қабылдану секілді сыртқы факторлар бұл қасиетті қалыптастыруда шешуші рөл атқарады. Төмен өзін-өзі бағалауға ие балалар көбінесе тұйық, ынжық, шешім қабылдауда әлсіз болып келеді, бұл олардың оқу жетістіктеріне де кері әсерін тигізеді.

Әлеуметтік мәртебе ұғымы адамның қоғамда немесе белгілі бір ұжымда алатын орны мен танылуын білдіреді. Оқушы өмірінде бұл ұғым сыныпта немесе мектеп ұжымындағы рөлі мен беделіне байланысты анықталады. Әлеуметтік мәртебе ресми және ресми емес болып бөлінеді. Ресми мәртебе - оқушының оқу үлгерімі, сынып белсенділігі, мұғалім тарапынан мойындалуы арқылы көрінсе, бейформалды мәртебе - құрдастар арасындағы бедел, достық қарым-қатынас, бейресми лидерлік сияқты көрсеткіштермен сипатталады. Жасөспірім кезеңінде балалар үшін ресми емес мәртебе өте маңызды, өйткені олар үшін құрдастарының пікірі мен қолдауы үлкен мәнге ие болады. Оқушы өзін топ мүшесі ретінде сезініп, бағаланған жағдайда өзіне деген сенімі артады, керісінше, қабылданбаған немесе шеттетілген бала өз-өзін төмен бағалайды [1].

Өзін-өзі бағалаумен әлеуметтік мәртебе өзара тығыз байланысты факторлар. Бір қатар теориялық модельдер бұл байланысты нақты көрсетеді. Мысалы, Куперсмит моделі бойынша, өзін-өзі бағалау адамның басқалар тарапынан қабылдануымен, жетістіктерімен және жеке тәжірибесімен тікелей байланысты [2]. Маслоу қажеттіліктер иерархиясындада адамның өзін сыйлаумен танылу қажеттілігі оның психологиялық тұрақтылығы үшін маңызды екені айтылады [3]. А. Бандураның өзіндік тиімділік теориясы өзін-өзі бағалауы жоғары тұлғалардың әлеуметтік ортада белсенді болатынын көрсетеді [4]. Бұл теориялардан өзін-өзі бағалаудың тек ішкі емес, сонымен қатар әлеуметтік факторларменде анықталатыны аңғарылады. Зерттеулер көрсеткендей, жоғарым әртебелі оқушылар өздеріне сенімді, бастамашыл, шешім қабылдауда батыл болады. Ал әлеуметтік мәртебесі төмен оқушылар тұйық, өз пікірін айтуға ұялатын, көп жағдайда өзінен күмәнданатын тұлғалар ретінде қалыптасады. Бұл ерекшеліктер олардың оқудағы жетістігіне ғана емес, болашақтағы әлеуметтенуіне де әсер етеді.

Бұл теориялық тұжырымдарды эмпирикалық зерттеу арқылы нақтылау мақсатында Жетісу облысы, Талдықорған қаласындағы №27 орта мектеп-гимназияның 6-сынып оқушылары арасында зерттеу жүргізілді. Зерттеуге барлығы 77 оқушы қатысты. Қатысушылардың жасшамасы 11–12 жас.

Сыналушылар ер балалар мен қыз балалар арасында тең дәрежеде болды. Зерттеу әдістері ретінде Дж. Морененың социометрия әдісі қолданылды, бұл әдіс ақылы сыналушылардың социометриялық мәртебесі анықталды. Социометрия - бұл топтағы іскерлік, жеке, эмоционалды, коммуникативті қатынастарды зерттеуге бағытталған әдіс. Оқушылардың өзін-өзі бағалау деңгейін анықтау үшін С.А. Будассидің әдістемесі қолданылды [5].

1 кесте. Топтағы оқушылардың әлеуметтік мәртебесін анықтау нәтижесі.

Әлеуметтік мәртебесі	Пайыздық көрсеткіші %
көшбасшы	7,5
ұнамдылар	45
қабылданғандар	23,5
қабылданбаған	24

Жиналған мәліметтерді талдау нәтижесінде өзін-өзі бағалауы жоғары оқушылардың көпшілігі сыныпта белсенді, беделді, достары көп екені анықталды. Олар көбінесе өз пікірін ашық білдіріп, түрлі іс-шараларға белсене қатысады. Бұл топтағы оқушылардың 75%-ы өзін «сенімді», «беделді», «шешімді» деп сипаттаған. Керісінше, өзін-өзі төмен бағалайтын оқушылардың көпшілігі (шамамен 68,5%) «тұйық», «біреудің көлеңкесінде қалатын», «басқалармен аз араласатын» тұлғалар ретінде танылды. Сонымен қатар, бейформалды мәртебемен өзін-өзі бағалау арасында нақты байланыс бары байқалды: достары көп, топ ішінде жиі араласатын оқушылар өзін жоғары бағаласа, достары аз, шеткері қалып жүретін оқушылар өзін төмен бағалаған. Бұл деректер мұғалімдердің бақылауымен және интервью нәтижелеріменде расталды: мұғалімдер жоғары мәртебелі оқушыларды «бастамашыл», «ынталы», «өз ойын ашық жеткізетін» деп сипаттаса, төмен мәртебелі оқушылар көбінесе «үнсіз», «пассивті», «қатыспайды» деген пікірлерге ие болды.

2 кесте. Әлеуметтік мәртебесі әр түрлі оқушылардың өзін өзі бағалау деңгейі

Әлеуметтік мәртебесі	Өзін өзі бағалау деңгейі		
	жоғары	орташа	төмен
көшбасшы	75	20	5
ұнамдылар	25	38,6	36,4
қабылданғандар	13,5	20,5	66
қабылданбаған	6	25,5	68,5

Жалпы алғанда, зерттеу нәтижелері теориялық болжамдарды растап, оқушылардың өзін-өзі бағалауы мен әлеуметтік мәртебесі арасында екіжақты, өзара толықтыратын байланыс бар екенін көрсетті. Бұл байланыс мектеп психологиясында, тәрбие жұмыстарында, топтық тренингтермен

әлеуметтендіру бағдарламаларында ескерілуі тиіс маңызды фактор болып табылады.

Жүргізілген зерттеудің нәтижелері теориялық модельдермен алдыңғы зерттеулердің тұжырымдарын нақтылай түсті. Куперсмиттің өзін-өзі бағалау теориясы мен Бандураның өзіндік тиімділік тұжырымдамасы негізінде өзін-өзі жоғары бағалайтын оқушылардың әлеуметтік мәртебесіде жоғары болатыны туралы болжам расталды. Ал А. Маслоу иерархиясында көрсетілгендей, адамның өзін құрметтеу мен әлеуметтік қабылдануы - тұлғалық даму үшін маңызды факторлар [6]. Зерттеуде өзін-өзі жоғары бағалайтын оқушылар сыныпта беделді, белсенді, ал достары аз немесе бейформалды мәртебесі төмен оқушыларда өзін-өзі бағалауда төмен екені байқалды. Бұл байланыс өзара ықпалдастықта жұмыс істейді: мәртебе өзіндік бағалауға әсер етеді және керісінше (2-сурет).



2-сурет. Әлеуметтік мәртебесі әр түрлі оқушылардыңөзін өзі бағалау деңгейінің диаграммасы

Алынған мәліметтер білім беру процесінде оқушылардың психологиялық жай-күйін назарда ұстаудың қажеттігін көрсетеді. Мұғалімдер мен мектеп психологтары оқушылардың әлеуметтік мәртебесі мен ішкі сенімділігіне әсер ететін жағдайларды бақылап, қолдау көрсетуі маңызды. Топтық тренингтер, психологиялық ойындар, шағын топтармен жұмыс сияқты тәсілдер арқылы оқушылардың өзара қарым-қатынасын дамыту, өзін-өзі бағалауды арттыруға болады. Сонымен қатар, төмен өзін-өзі бағалайтын оқушылармен жеке жұмыс жүргізу, оң мотивация беру, жетістікке жету жағдайын жасау қажет.

Зерттеу нәтижелері оқушылардың өзін-өзі бағалауы мен әлеуметтік мәртебесінің өзара тығыз байланысты екенін көрсетті. Бұл байланыс екі жақты сипатта болады: жоғары әлеуметтік мәртебе оқушының өз-өзіне сенімді болуына, өзін оң қабылдауына себеп болса, өзін жоғары бағалайтын оқушылар өз кезегінде ұжымда белсенділік танытып, құрдастары арасында беделге ие болады. Мұндай оқушылар сынып ішінде танымал, лидерлік қабілеттерге ие

және оқыту процесіне белсенді қатысатын тұлғалар ретінде көрінеді. Ал керісінше, өзін-өзі төмен бағалайтын оқушылардың көпшілігі тұйық, пассивті, ұжымдық шараларға сирек қатысады, бұл олардың әлеуметтік мәртебесінің де төмен болуына ықпал етеді.

Мектеп өмірінде бұл факторлар оқушылардың психологиялық әл-ауқаты мен академиялық жетістіктеріне тікелей әсер етеді. Өзін-өзі бағалау деңгейі мен әлеуметтік мәртебені ескере отырып, білім беру мекемелері оқушылардың тұлғалық дамуын жүйелі түрде қолдауы қажет. Бұл үшін мектеп психологтары мен мұғалімдер оқушылардың қарым-қатынас мәдениетін қалыптастыруға, өз мүмкіндіктерін тануға көмектесетін орта құруыкерек. Тренингтер, ұжымдық тапсырмалар, рефлексиялық жаттығулар арқылы оқушылардың өзіне деген сенімін арттыруға болады. Сондай-ақ, әр балаға жеке қолдау көрсету, жетістіктерін әділ бағалау арқылы олардың әлеуметтік мәртебесін де көтеруге мүмкіндік бар.

Қорытындылай келе, оқушының өзін-өзі бағалауы мен әлеуметтік мәртебесін бір-бірінен бөлек қарастыруға болмайды. Олар тұлғаның дамуында өзара толық тырып отыратын маңызды психологиялық-педагогикалық көрсеткіштер болып табылады. Сондықтан бұл мәселеге кешенді көзқарас қажет және болашақта бұл бағытта ауқымды зерттеулер жүргізу өзекті болмақ.

Әдебиеттер:

1. Ремшмидт Х. Подростковый и юношеский возраст. Проблемы становления личности. - М.: Знание, 1994. - 156 с.
2. Куперсмит С. Самоуважение: Изучение личности и поведения. - Москва: Прогресс, 1984. - 278 с.
3. Маслоу А. Новые рубежи человеческой природы. - Москва: Смысл, 1999. - 425 с.
4. Бандура А. Теория социального научения. - Москва: Педагогика, 1986. - 320 с.
5. Карелин А.А. Большая энциклопедия психологических тестов. - М.: Эксмо, 2005. - 280 с.
6. Сейдалиев Н. Жас ерекшелік психологиясы. - Алматы: Қазақ университеті, 2019. - 312 б.

ОБРАЗОВАНИЕ КАК ЭКЗИСТЕНЦИАЛЬНЫЙ ФЕНОМЕН

Джумагельдинов М.Н.

В современном образовательном пространстве происходит смещение акцента с традиционного формалисткого подхода или, как выразился П. Фрейре, «банковской системы» [1; 107] обучения, где учащийся – это контейнер, тара, которую нужно наполнить информацией, к подлинно гуманистическим и личностно ориентированным практикам. Одной из таких практик является экзистенциальный подход, который сегодня активно обсуждается в образовательной среде [2,3,4], базирующийся на идеях экзистенциальных философов, таких как К. Ясперс, М. Хайдеггер, Ж.-П. Сартр, М. Бубер и др.

Возникновение экзистенциальной философии связывают с С. Кьеркегором – датским философом, теологом и писателем, который первым ввел этот

термин в научный оборот, рассматривающим экзистенцию как уникальный, неповторимый и своеобразный способ бытия человека в мире, значимый для него.

Однако этому измерению жизни человека в современной школе, колледже или университете уделяется очень мало внимания, поскольку акцент делается не на индивидуальном самовыражении личности, а на ее формировании в соответствии с заданным образцом. По мнению О. Гребенюка, «экзистенциальная сфера характеризуется умением человека управлять своими физическими и психическими состояниями, умением удерживать их на должном уровне, гармонией чувств и поступков, слова и дела» [5; 277]. Поэтому для современной системы образования, испытывающей кризис,важной является разработка и внедрение таких подходов и методов обучения, которые включали бы экзистенциальное измерение бытия человека в учебный процесс, который мог бы стать прочной основой не только обучения, но и развития студента как личности.

Одной из причин кризиса современного образования является отчуждение человека от самого себя, своей подлинной сущности и жизни. Жизнь в современном сложном, динамически развивающемся и непредсказуемом мире и обществе заставляет человека постоянно приспосабливаться к новым условиям, все более отчуждаясь от самого себя, своего подлинного бытия и жизни. Начиная с детства детей учат быть тенью самих себя или тенью других объектов воспитания и образования; их учат подавлять свои мысли, чувства и желания и соответствовать ожиданиям других людей. Детей с детства приучают к тому, что их мысли, чувства и желания не важны, а главное - это соответствовать внешним требованиям или принятым в обществе стандартам. Поэтому когда они приходят в школу или университет, то сталкиваются с давлением или принуждением, которые заставляет их казаться, а не быть.

Но как вернуть учеников и студентов к самим себе, к осознанию своего подлинного бытия или экзистенции?

Как правило люди осознают свою экзистенцию в критические моменты своей жизни, когда сталкиваются с возрастными, психологическими, социальными, личностными или профессиональными кризисами, которые периодически происходят в жизни каждого человека. Однако мы не можем ждать наступления очередного жизненного кризиса или попытаться искусственно вызвать его, как роды у женщины, чтобы ученик или студент осознал свою экзистенцию, поэтому нужно искать иные – более мягкие и менее травмоопасные – способы пробуждения экзистенции.

Один из таких путей нам предлагает экзистенциальная философия, акцентирующая внимание на внутренних аспектах бытия человека, то есть его мыслях, чувствах и переживаниях, влияющих на его личность, жизнь и судьбу.

Образование – это не только социальный или культурный, но в первую очередь экзистенциальный феномен, уходящий своими корнями в духовный опыт и обстоятельства жизни человека и затрагивающий его мировоззрение, отношение к миру, другим людям и самому себе. Иными словами, образование

не должно ограничиваться стенами школы или рамками университета, а выходить за его пределы и опираться на личный опыт, текущие обстоятельства, собственные размышления, убеждения и ценности обучающихся. Образование как экзистенциальный феномен - это опыт переживания человеком своего бытия в мире как уникального, необходимого и значимого.

Экзистенция не может быть заимствована или передана другому, а только прожита самим человеком. Экзистенция – это то, что осознается и переживается человеком в данный момент времени и жизни, как нечто необходимое, значимое и ценное.

Экзистенциальная педагогика есть ответ на кризис образования, который состоит не в демонтаже традиционной системы образования или поиске новых альтернативных, продуктивных и эффективных способов и методов обучения, а в преодолении кризиса человека, который перестал быть в центре своей жизни. «Если я хочу переживать свою жизнь во всей ее полноте, я должен переживать ее в центре – мне необходимо чувствовать свое Я» – пишет Дж. Бьюдженталь в своей книге «Наука быть живым» [6; 26]. Экзистенциальная педагогика – это обретение человеком центра своей жизни, осознание собственной уникальности, самобытности и самоценности. Экзистенциальная педагогика учит человека быть живым человеком, а не мертвым манекеном или роботом, который выполняет чужие приказы.

Традиционная система обучения ориентирована на подавление проявления всякой индивидуальности, которые не согласуются с традиционными формами или стандартами и на передачу некой суммы знаний, умений или навыков, которые необходимы человеку в будущем, а не на проживание текущей ситуации как часть его личного опыта или жизни. Как пишет Э.Фромм в своей работе «Иметь или быть?»: «Существующая система образования, как правило, направлена на то, чтобы научить студентов приобретать знания как некое имущество, более или менее соразмерное той собственности и тому общественному положению, которое они по всей вероятности, обеспечат им в будущем» [7;70].

Но цель обучения – это не приобретение и накопление знаний, а понимание человека личности, его внутреннего мира, системы жизненных ценностей и ориентаций, как учил нас еще Б. Спиноза. Конечно, легче работать с похожими друг на друга, как две капли воды индивидами, чем обращаться к их личному опыту, мыслям, чувствам, переживаниям и убеждениям каждого ученика или студента, однако именно здесь теряется самое важное – цельность человеческой личности и ценность ее индивидуального бытия.

Поэтому методы и приемы обучения должны быть иными и ориентированы не на передачу знаний, умений или навыков, которые должен усвоить студент в течении нескольких лет обучения в университете или обретения набора готовых компетенций, востребованных на рынке труда, а на осмысление своей личности, жизненного опыта и способов взаимодействия с миром и другими людьми, формирование и развитие личности, выбора собственного пути и взятие ответственности за свое обучение и за свою жизнь. Иными словами,

экзистенциальный подход учит человека быть собой и отвечать за себя, а не соответствовать некоторым принятым в обществе стандартам или чьим-то ожиданиям.

Понятно, что это накладывает определенный отпечаток как на сам подход, так и на методы, способы и приемы обучения, поскольку обучение не просто превращается в занятие, которому человек посвящает все свое свободное время, а интегрируется в личную жизнь, жизненный опыт, социальное взаимодействие и профессиональную деятельность человека.

Путь каждого человека уникален, своеобразен и неповторим и даже если мы выделим какие-то общие закономерности – семья, школа, университет, профессиональная деятельность и т.д. – то они не охватывают всей жизни человека, поскольку обучение происходит не только в школе, в университете или на работе, но и за его пределами. Человек обучается каждый день, приобретая ценный опыт и необходимые знания, который требует постоянного осмысления и интеграции в жизнь. Люди учатся не только в учебных заведениях, но и вне их, например, завтракая, стоя на остановке или в очереди в магазине, наблюдая за другими людьми и переживая внутри себя какие-то важные события, которые бесспорно оставляют глубокий след в их душе. Поэтому экзистенциальная педагогика учит человек не выносить за скобки свой личный опыт и не довольствоваться воспоминаниями о пережитом или тревожиться по поводу своего будущего, а акцентирует внимание на том, как человек проживает свою жизнь «здесь и сейчас». Иными словами, экзистенциальная педагогика сосредотачивается на том, что происходит в настоящем, а не на том, что было в прошлом или как должно быть в будущем.

Экзистенциальный подход предполагает, что человек всегда находится в определенном отношении к миру, другим людям и самому себе, переживая его как необходимый, полезный и значимый личный опыт. Отчуждение личности, которое происходит в современном образовании связано с тем, что ученик, студент или даже преподаватель не воспринимает своей опыт, как уникальный, необходимый и значимый, а игнорирует его или интерпретирует его в контексте того, что должно быть правильным или неправильным, соответствует общим требованиям или нет, согласуется с принятыми в обществе стандартами или нормами или не согласуется.

Поэтому мы должны исходить не из учебного плана или рабочей программы, где прописаны все темы, вопросы и задания или компетенции, которые он должен освоить, а исходить из уникальной жизненной ситуации каждого студентам и осмыслять ее в контексте тех принципов, идеалов и ценностей, которые имеют значение для него. Такой подход требует не наполнения студентов информацией или манипулирования их сознанием, а глубокого понимания их внутреннего мира, системы жизненных ценностей, ориентаций и целей, а также различных способов взаимодействия с миром и другими людьми. Как пишет М.А. Татевесян: «Экзистенциальный подход в образовании призван способствовать реализации самой высокой цели – воспитание не только человека, обладающего знаниями и способного ими

оперировать в заданных ситуациях, а человека свободного, способного брать и нести ответственность за свою жизнь, способного реализовать свой потенциал максимально, как в мире в общем и в социуме в частности» [8; 33]. Таким образом, экзистенциальный подход – это целостный подход, которые включает в себя несколько уровней – от экзистенциально-феноменологического и до духовно-практического, которые надстраиваются над экзистенциальным измерением бытия человека и раскрывает процесс обучения как целостный и структурированный процесс.

Рассмотрим последовательно каждый из уровней и ознакомимся с проблемами, с которыми сталкиваются студенты и преподаватели на каждом из них.

В первую очередь я хочу сказать об экзистенциальном уровне, который является наиболее важным для человека и в частности для студента, но которому вообще не уделяется время и место в образовательном процессе, поскольку все внимание сосредоточено на том, как передать необходимые знания или развить определенные навыки, востребованные в обществе или на рынке труда.

Однако следует отметить, что прежде всего мы есть, но именно наше существование отходит на второй план в процессе обучения, поскольку мы считаем, что не стоит смешивать учебу и жизнь. Обучение – это подготовка к жизни. Но студенты проживают свою жизнь на занятиях, а не только вне них, поэтому необходимо строить занятия таким образом, чтобы этот опыт проживания своей жизни был еще более глубоким, сильным и значимым для него, оставляющим след в его душе. Например, я использую метод «Я здесь», который позволяет определить присутствует студент на занятии или нет в качестве личности, которая испытывает определенные переживания, связанные как с темой занятия, так и учебной ситуацией, созданной преподавателем или спонтанно возникшей в ходе обсуждения данной темы.

Экзистенциальный уровень связан с осознанием своего присутствия в мире, как необходимого или значимого, но поскольку на занятиях, важно только физическоеприсутствие, а не метафизическое, поэтому этот аспект выпадает из учебной деятельности. Периодически студентов нужно «будить» чтобы они не впали в «сон автоматического или анонимного существования», а пробуждались и реагировали на то, что происходит «здесь и сейчас». Ведь на занятии они не только учатся, но и проживают свою жизнь.

Хотя следует отметить, что многим студентам очень сложно быть «здесь и сейчас», поскольку они не привыкли быть, а лишь присутствовать физически на занятиях, реагируя только тогда, когда преподаватель лично обращается к ним. Можно даже сказать, что они не умеют этого делать, поскольку их задача состоит в том, чтобы слушать преподавателя, который может просто механически рассказывать о том, что должен, не переживая и не проживая того, что происходит на занятии, а чтобы сказать то, что хочет он услышать от них. Экзистенциальный уровень – это уровень, где мы не просто присутствуем на занятии в качестве преподавателя или студента, а проявляем максимально

искренне и свободно свое бытие, которое показывает, кто мы есть на самом деле, а не чем мыкажемсясебе или представляемся другим людям.

Но именно здесь студенты сталкиваются с экзистенциальными и психологическими барьерами, которые мешают им прожить свою жизнь на занятии, начиная от отсутствия всякого интереса к тому, что происходит на занятии и заканчивая тревогой по поводу того, что другие люди о нем. Поэтому важно создать безопасную среду, в которой студент может проявлять себя, не боясь своих мыслей и чувств и не пугаясь осуждения со стороны других студентов, а все время ощущая поддержку со стороны как преподавателя, так и со стороны одногруппников.

Если экзистенциальный уровень состоит в том, что человек переживает свое бытие как «Я есть», то психологический уровень связан с реакциями, чувствами и эмоциями, которые говорят о том, что человек испытывает или чувствует в данный момент. Но проблема в том, что студенты не всегда будут говорить о том, что они чувствуют или переживают, но за них говорят их тела, лица, мимика, жесты и позы. Поэтому важно со стороны преподавателя обращать внимание на эти моменты, которые позволяют нам «заметить» тех студентов, которые испытывают трудности в том, чтобы быть «здесь и сейчас». Психологический уровень говорит: «Я есть то, что я испытываю или переживаю в данный момент времени».

Здесь мы сталкиваемся со множеством проблем, на которые очень мало обращают внимания в образовательном процессе, а если и обращают педагоги внимание, то в рамках специальной работы, которая ведется с каждым из студентов. Но каждый из нас не просто есть в этом мире, но и определенным образом проживает его, например, через свою боль, страх или тревогу. Может быть, именно через наши чувства и переживания мы испытываем самую глубокую и сильную связь с миром и другими людьми? Важно подмечать эти моменты, но не говорить человеку, что он трус или же, что он неуверен в себе, а пытаться сказать, что я вижу, что ты не решаешься что-то сказать, а если бы ты был рядом с человеком, с которым тебе комфортно, то, что бы ты сказал. Важно вовремя заметить волнение, смущение или сомнение, которое выражает тело, лицо, движения или позастудента. Многие студенты испытывает определенные чувства и эмоции в момент занятия, поэтому важно сделать паузу и остановиться, и спросить, что вы чувствуете или переживаете, почему вы так реагируете на эту ситуацию именно таким образом.

Как мы видим психологический уровень тесно связан с экзистенциальным, поскольку первый уровень проявляется через второй. Мы есть то, что мы есть через то, что думаем, чувствуем или переживаем.

За ним идет интеллектуальный уровень, который связан с нашей способностью говорить, думать, слушать и понимать. Я есть то, что я говорю или думаю. Именно здесь на помощь приходит эмоциональный интеллект, который помогает нам не просто обозначить наши чувства, но и осмыслить их, поэтому используя свой интеллектуальный ресурс, мы можем проделать работу, которая позволяет нам справиться со своими переживаниями, понять,

что за ними стоит – какие идеалы, ценности и убеждения. Однако здесь возникает еще больше проблем, чем на психологическом уровне, поскольку многие студенты не могут ясно и четко говорить, кратко выражать свои мысли и выделять главные идеи, поэтому предстоит проделать большую работу с ними, которая поможет им развить свои навыки говорения, слушания и думания.

Этот уровень тесно переплетается с социальным, поскольку интеллектуальный уровень проявляется через социальное взаимодействие с другими людьми. Но, к сожалению, не все студенты умеют быть вместе с другими в обществе, что связано в первую очередь с тем, что на занятиях они много взаимодействуют с преподавателем и очень мало друг с другом. Он начинается с того, что мы обращаем внимание на других студентов и начинаем слушать тех, кто говорит, а также слышать то, что они говорят и давать им обратную связь. Даже, если студенту это неинтересно, то это тоже обратная связь, которую нельзя оставлять без внимания.

Если экзистенциальный уровень говорит: «Я есть», психологический – «Я есть то, что я переживаю», а интеллектуальный – «Я есть то, что я говорю или думаю», то социальный уровень – это уровень, где я учусь быть собой вместе с другими. Иными словами, я есть то, как я взаимодействую с другими людьми.

Следующий уровень это духовный и этический, который связан как с сознанием человека, так и с его жизненными ориентациями и системой ценностей. Все, что происходит с человеком на экзистенциальном, психологическом, интеллектуальном или социальном уровне так или иначе связано с его идеалами, убеждениями и ценностями, которые познаются человеком в процессе его взаимодействия с другими людьми и миром. Здесь «Я есть, то, что я думаю, чувствую или переживаю в одиночестве или вместе с другими» переходит в то, что «Я есть то, что для меня важно или ценно». Здесь я могу переживать свои ценности в одиночестве или разделять чужие, например, когда кто-то рассказывает события из своей жизни, которые знакомы нам и вызывают у нас отклик или какую-либо другую реакцию. Мы не просто проживаем свою жизнь в окружении других людей, переживаем ее и думаем или делимся с другими своим опытом, мыслями и чувствами, но ощущаем некое внутреннее родство или единство, которое еще больше может сплотить нас. Именно этот уровень показывает, насколько мы глубоко взаимодействуем и общаемся друг с другом, переживаем свое бытие не только как значимое для себя, но и имеющее ценность для других людей. Мы здесь учимся не просто быть людьми, а быть самими собой вместе с другими. Например, на одном из занятий на вопрос «Кто Я» студентка сказала, что он не знает, кто она и чуть не расплакалась, тогда я обратился к студентам и попросил их ответить на этот вопрос и она получила поддержку от других студентов, когда услышала, что они о ней думают.

Последний уровень связан с практическими действиями человека и как бы подводит черту под все, что мы говорили выше, поскольку на этом уровне человек есть то, что он делает или как он проживает свою жизнь. Здесь человек

не просто совершает действия над какими-то предметами в одиночестве или вместе с другими, но и проводит работу над самим собой и своей жизнью, которая позволяет ему изменять, строить и преобразовывать ее.

Я описал эти уровни, чтобы показать, что образование - это целостный процесс, который должен строиться, опираясь на эти уровни, причем они не статичны, а динамичны и в разные периоды времени, в зависимости от целей занятий и учебных ситуаций они могут меняться. В какие-то моменты значение имеют экзистенциальные аспекты, в какие-то – социальные, а в какие-то – духовные или практические. Но именно благодаря работе на каждом уровне достигается та полнота бытия, которая превращает обучение в захватывающий и непредсказуемый процесс поиска и познания самого себя и открытия других людей.

Таким образом, образование как экзистенциальный феномен - это путь к осмысленному, подлинному, включённому в жизнь обучению, которое помогает человеку осознавать своё бытие, проживать его в полноте и проявлять себя в мире вместе с другими людьми.

Литература:

1. Фрейе П. Педагогика угнетенных. – М.: КоЛибри; Азбука-Аттикус, 2018. – 288 с.
2. Ниязбаева Н.Н. Экзистенциально-психологический подход в образовании: проблемы и перспективы // Электронный журнал «Психологическая наука и образование». – 2011. - № 3. - https://psyjournals.ru/journals/psyedu/archive/2011_n3/47079
3. Олейникова О.Д., Сапрыкин Б.В. Экзистенциальное направление философии образования // Философия образования. – 2015. - № 1(58). – С.49-57.
4. Подлиняев О.Л., Аннушкин Ю.В. Перспективы экзистенциального подхода в современном образовании // Известия Иркутского государственного университета. Серия «Психология». – 2016. – Т.15. – С.72-80.
5. Гребенюк О.С., Гребенюк Т.Б. Основы педагогики индивидуальности. – Калининград: Калининградский унив-т, 2000. – 572 с.
6. Бьюдженталь Дж. Наука быть живым. – М.: Издательство Корвет, 2017. – 332 с.
7. Фромм Э. Иметь или быть? – М.: Политиздат, 1986. – 240 с.
8. Татевесян М.А. Экзистенциальный подход в образовании // Современное педагогическое образование. – 2021. - №12. – С.32-34.

ӘЛЕУМЕТТІК ЖЕЛІЛЕРГЕ ТӘУЕЛДІЛІКТІҢ МАЗАСЫЗДЫҚҚА ӘСЕРІ

Джумалиева А.Б.
Жансерикова Д.А.

Қазіргі замандағы ақпараттық технологиялардың дамуы мен интернеттің күнделікті өмірімізге терең енуі әлеуметтік желілердің кеңінен таралуына себеп болды. Әсіресе жастар арасында Instagram, TikTok, Facebook, Twitter, Telegram секілді платформалар уақыт өткізудің, ақпарат алудың және қарым-қатынас орнатудың басты құралынаайналды. Әлеуметтік желілер жастардың физикалық және рухани денсаулығына тікелей әсер ететінін ерекшеатап өтсек болады.

Сонымен қатар, әлеуметтік желілерге тәуелділік артып келеді және бұл құбылыс жастардың психологиялық әл-ауқатына, өмірлік бағдарларына, болашаққа деген көзқарасына айтарлықтай әсер етуде.

Заманауи зерттеулерге сәйкес, жастар уақытының көп бөлігін әлеуметтік желілерде өткізеді бұл олардың тұлғалық дамуына жағымды және жағымсыз әсерлері бар.

Әлеуметтік желілерге тәуелділік – бұл тек уақыт жоғалту немесе ойын-сауыққа берілуден туындаған мәселе ғана емес, сонымен қатар тұлғаның өз болашағына қатысты көзқарасының бұрмалануына, тұрақсыз эмоционалды жағдайға алып келетін күрделі психологиялық құбылыс.

Сонымен қоса, ол сыртқы бағалауға тәуелділік, кибербуллинг, идеалдандырылған бейнелер арқылы нақты өмір салтын бұрмалау сияқты тәуекелдерді жоғарылатады.

Соңғы жылдары жүргізілген зерттеулерге сүйенсек, Қазақстан жастарының шамамен 85%-ы әлеуметтік желілерді күніне кемінде 3-4 сағат пайдаланады**,** ал олардың 30%-ы өздерін белгілі бір деңгейде желіге тәуелді екенін мойындайды (Қазақстан Республикасының Ақпарат және қоғамдық даму министрлігі, 2023). Бұл жағдай жастардың білім алу процесіне, ұйқы режиміне, шынайы өмірмен байланысына және болашаққа қатысты ұстанымдарына кері әсерін тигізуде.

D. Marengo, I. Poletti және M. Settanni тұлғаның әлеуметтік желілердегі белсенділігі мен оларға тәуелділігін түсіндіретін маңызды факторлар ретінде өз еңбектерінде экстраверсия мен нейротизм интернеттегі жоғары белсенділік арқылы әлеуметтік желілерге тәуелділікпен байланысты болуы мүмкін деген гипотезаны жылжытады [1].

Американдық психологтар Дж. Хаидт пен Ж. Твенг жүргізген зерттеулердің нәтижесі бойынша, 2010 жылдан кейін туылған ұрпақта (Gen Z) болашаққа деген сенімсіздік пен үрей деңгейі 35%-ға артқан. Мұның басты себептері ретінде әлеуметтік желілердегі идеалдандырылған өмір сүру бейнелері мен салыстыру феномені, кибербуллинг, ақпараттың шамадан тыс көптігі мен жалған мәліметтердің таралуы аталады.

Қазақстандық психологтар да бұл мәселені назардан тыс қалдырмаған. Мысалы, А. Құсайынованың (2021 ж.) зерттеуінде әлеуметтік желілерді артық пайдалану – тұлғалық оқшауландыруға, жалғыздық сезіміне және уақытты тиімді пайдаланбауға әкелетінін көрсеткен. Ол өзінің эмпирикалық зерттеуінде 150 оқушыны бақылау арқылы әлеуметтік желіде күніне 5 сағаттан артық отыратын оқушылардың 80%-ында оқу үлгерімі төмендегенін және өмірлік белсенділігі әлсірегенін дәлелдеген.

В.Д. Сабиров және Е.Г. Корнильцева «Зависимость от социальных сетей среди молодежи» атты мақалаларында әлеуметтік желілерге тәуелділік динамикалық түрде дамып отыратын сипатқа ие. Алдымен адам әртүрлі әлеуметтік желілерге қызығушылық танытып, тіркеліп, өзіне қатысты ақпаратты толтырып, достарын іздейді, әртүрлі топтарға жазылады. Содан кейін ол виртуалды ортаға белсене еніп, шексіз хат алмасуларға, бейнемазмұндар мен мемдерді (мәдени ақпарат бірліктері) көруге, кейде тіпті

жаңалықтар лентасын сансыз рет ойланбай қарай береді. Осыдан кейін бұл жағдай патологиялық тәуелділікке айналады. Көп адамдардың пікірінше, әлеуметтік желіге кірмей өткен күн қызықсыз және өнімсіз өтеді. Авторлар әлеуметтік желілерге тәуелділіктің үш тобын бөліп көрсетеді: әлеуметтік платформаларды сирек пайдаланатын және сауатты түрде қарым-қатынас жасайтын пайдаланушылар, әлеуметтік желілерді қабылдамайтын адамдаржәне тәуелді пайдаланушылар [2].

Психолог Т.Е. Конюхов әлеуметтік желіге тәуелділіктің жас ерекшеліктеріне байланысты ерекшеленетінін атап өткен. Оның пікірінше, 15-25 жасаралығындағы жастар шынайы өмірден виртуалды қарым-қатынасқаоңай көшеді, себебі бұл кезең – әлеуметтік және тұлғалық сәйкестіліктің қалыптасу уақыты. Бұл ретте әлеуметтік желілер олар үшін өзіндік бір “қауіпсіз аймаққа” айналып, нақты өмірдегі қиындықтардан қашуға мүмкіндік береді. Алайда ұзақ мерзімді перспективада бұл шынайы өмірге бейімделуге кедергі келтіреді.

Нақты мысал ретінде, қазақстандық жоғары оқу орны студенттері арасында жүргізілген зерттеуді келтіруге болады. Бұл зерттеуде 200 студенттің 73%-ы күн сайын кем дегенде 4 сағаттан астам уақытын әлеуметтік желіде өткізетінін көрсеткен. Олардың арасында 60%-ы ұйқысының бұзылуы, 48%-ы мазасыздық пен уайымшылдық белгілері бар екенін мойындаған. Бұл – тәуелділіктің тікелей психологиялық салдары.

Е.Ю. Распопина өзінің зерттеу жұмысында ин-тернет дискурстың қосымша аспектісін, тіл арқылы және ережеге сәйкес ұйымдастырылған пайдаланушы мен интернет кеңістігінің өзара әрекеттесуін атап көрсетеді. Ал жанрлық топта-стыру:

1. ақпараттық (веб-сайт, интернет-құжат, іздеу жүйесі т.б.);
2. коммуникативтік (электронды хат, әлеуметтік желілер);
3. дамытушылық (онлайн ойындар, ойын әлемі);
4. сервистік (ин-тернет магазин, төлемдер) деп жіктелген (Распопина, 2010).

Әлеуметтік желілерді қолдану тенденциялары жыл сайын өзгеріп, жаңа сипатқа ие болуда. Алғашқыда бұл платформалар тек байланыс орнату құралы ретінде қолданылса, қазіргі уақытта олар көпқырлы қызмет атқарады. Адамдар әлеуметтік желілерді ақпарат алу, білім үйрену, тауар мен қызмет жарнамалау, кәсіби байланыс орнату, күнделікті жаңалықпен бөлісу, бос уақытты тиімді пайдалану, көңіл көтеру мақсатында қолданады. Сонымен қатар, пандемия кезеңінде онлайн режиміндегі жұмыс, оқу және коммуникацияның маңызды бөлігіне айналған әлеуметтік желілердің маңыздылығы бұрынғыдан да арта түсті. Бұл процестер платформалардың қолданылу жиілігі мен тәсілдерін түбегейлі өзгертті [3].

Бүгінгі күні жастардың уақытын үнемсіз пайдалану, өнімсіз желіде отыру, ақпаратқа шектеусіз қолжетімділік олардың когнитивті белсенділігіне де кері ықпал етуде. Ұзақ уақыт экранға қарап отыру көздің көру қабілетін ғана емес, зейінді шоғырландыру, есте сақтау, логикалық ойлау дағдыларының нашарлауына әкелуі мүмкін. Бұл, әсіресе, білім алу процесіне теріс әсер етеді және болашақта сапалы маман болып қалыптасуға да кері ықпал етеді [4].

Сонымен бірге, кейбір жастар әлеуметтік желілерді психологиялық қашу құралы ретінде пайдаланады. Бұл дегеніміз – шынайы өмірдегі мәселелер мен жауапкершіліктен қашу, виртуалды әлемде өз орнын табуға ұмтылу. Мұндай мінез-құлық формасы олардың шынайы әлеуметтенуіне, кәсіби және тұлғалық даму траекториясын дұрыс қалыптастыруына кедергі келтіреді.

Әлеуметтік желілердің жастарға әсері күрделі және көпқырлы. Бір жағынан, олар – өзіндік даму мен шығармашылықтың алаңы болса, екінші жағынан – жастардың эмоционалдық және танымдық процестеріне қауіп төндіретін фактор. Сол себепті әлеуметтік желілерді пайдалануда цифрлық мәдениетті дамыту, медиа сауаттылықты арттыру және психологиялық қолдау көрсету – қоғам үшін аса өзекті міндет болып табылады [5].

Біз, тақырыптың өзектілігін теориялық тұрғыда қарастыра отырып, нақты мәселені тәжірибеде зерттеуді ұйымдастырдық. Осы мақсатпен біз зерттеудіңөзектідігін анықтау үшін Спилбергер-Ханиннің мазасыздық шкаласын таңдждадық. Зерттеуге 3курс студенттері қатысты. Жалпы саны 20 студент. Біз зерттеуді онлайн форматта ұйымдастырдық.

Мазасыздықты өлшеудің белгілі әдістерінің көпшілігі жеке мазасыздықты немесе мазасыздану жағдайын бағалауға мүмкіндік береді. Спилбергердің өзін-өзі бағалау шкаласы формасы 40 сұрақты қамтиды - 20 ситуациялық мазасыздық деңгейін бағалауға, 20 тұлғалық мазасыздықты бағалауға арналған.

Жағдай ретіндегі ситуациялық немесе реактивті мазасыздық субъективті тәжірибелі эмоциялармен сипатталады: шиеленіс, мазасыздық, нервоздық. Бұл жағдай стресстік жағдайға эмоционалдық реакция ретінде туындайды және уақыт өте қарқындылығы мен динамизмінде өзгеруі мүмкін.

Жеке тұлғалық мазасыздық – бұл тұрақты жеке ерекшелік, ол субъектіге мазасыздық бейімділігін көрсетеді және оның көп түрлі жағдайларды қауіп төндіретін деп қабылдап, әрқайсысына белгілі бір реакциямен жауап беруге бейім екендігін білдіреді. Бейімділік ретінде жеке тұлғалық мазасыздық белгілі бір ынталандыруларды қабылдағанда белсендіріледі, олар адам тарапынан өзіндік бағалау мен өзін-өзі құрметтеуге қауіп төндіретін деп бағаланады [6].



1 сурет. Спилбергер-Ханиннің мазасыздық шкаласы бойынша алынған мәліметтер нәтижесі

Зерттеу нәтижелері бойынша студент жастар арасында жалпы эмоционалдық жағдайдың салыстырмалы түрде тұрақты екендігі байқалды. Қатысушылардың көпшілігі өзін жиі немесе үнемі тыныш, еркін, сенімді сезінетінін көрсетті. Дегенмен, Спилбергер шкаласының кейбір сұрақтарында уайым, мазасыздық, ашушаңдық, ішкі қысым секілді көрсеткіштердің байқалуы - жастардың күйзеліс белгілеріне бейімді екенін дәлелдейді.

Зерттеу нәтижесі бойынша, 40% сыналушылар сирек күйзеліс сезінетінін айтқан, 30%-ы жиі, және тағы 30%-ы ешқашан күйзелмейтінін көрсеткен. Бұл күйзеліс жағдайы тұрақты емес екенін, бірақ айтарлықтай үлесте мазасыздық сезімі байқалатынын дәлелдейді. 30%-ы жиі алаңдайтынын, 40%-ы сирек, ал 25%-ы ешқашан алаңдамайтынын көрсеткен. Бұл – алаңдаушылықтың негізгі себебі болашақтағы белгісіздікпен байланысты екенін көрсетеді. "Менде көтеріңкі көңіл-күй жиі болады" деген сұраққа 50% респондент "жиі", 20% "әрқашанға жуық" деп жауап берген. Бұл жалпы жағымды көңіл күйдің басым екенін білдіреді. Дегенмен 30% сирек көтеріңкі күйде жүретінін мойындаған, бұл эмоциялық тұрақсыздықтың бар екенін білдіреді. 65% қатысушы сирек көңілсіз жүретінін айтқанымен, 20% жиі көңілсіз жүретінін көрсеткен. Бұл көңіл-күйдің ауытқуы кейбір жастарда қалыпты жағдай екенін білдіреді.

Қазіргі қоғамда цифрлық технологиялардың қарқынды дамуы адамның күнделікті өмір салтына, қарым-қатынас формасына, сондай-ақ психологиялық ахуалына елеулі өзгерістер алып келді. Әсіресе жастар арасында кең таралған әлеуметтік желілер уақыт өте келе тек коммуникациялық құрал ғана емес, тұлғалық қалыптасуға ықпал ететін күрделі психологиялық факторға айналды. Осы курстық жұмыста қарастырылған "Әлеуметтік желілерге тәуелділіктің болашаққа алаңдаушылыққа әсері" тақырыбы өзектілігімен, тәжірибелік мәнділігімен және теориялық тереңдігімен маңызды болып табылады.

Болашаққа алаңдаушылық деңгейі студенттердің өзін-өзі қабылдауымен және өмірлік бағдарының анықтығымен тығыз байланысты. Жастар арасында әлеуметтік желіде үнемі салыстыру, лайк пен пікірлерге тәуелділік, басқалардың өмірін бақылап, соған ұмтылу арқылы өзіне көңілі толмау, болашаққа деген сенімсіздік, жоспарсыздық, мақсатсыздық секілді белгілер анықталды. Мұның барлығы психологиялық тұрғыдан алаңдаушылықтың көбеюіне себеп болады. Осылайша, әлеуметтік желілерге шектен тыс тәуелділік жастардың шынайы өмірден алшақтауына, уақытты тиімді басқармауына, ішкі мазасыздық пен болашаққа қатысты үрейді күшейтуіне ықпал етеді.

Қорыта айтқанда, бұл курстық жұмыс аясында жүргізілген теориялық және практикалық зерттеу нәтижелері әлеуметтік желілерге тәуелділіктің жастардың болашаққа алаңдаушылық деңгейін арттыратынын нақты көрсетті

Әдебиеттер:

1. Шейнов В.П., Бубнов Ю.М., Ермак В.О., Грибановский С.П. Социально-психологические корреляции зависимости молодежи от социальных сетей. - https://journals.bsu.by/index.php/sociology/article/download/5131/5270/
2. Сабиров В.Д., Корнильцева Е.Г. Зависимость от социальных сетей среди молодежи. - https://elar.urfu.ru/bitstream/10995/95264/1/978-5-7996-3110-9_2020-53.pdf

3. Баева И.А. Психологическая безопасность личности в образовательной среде: монография. - СПб.: Речь, 2015. - 256 с.
4. Назарова С.Ш. Әлеуметтік желілердің жоғары сынып оқушыларына психологиялық әсері // Ғылым және өмір. - 2020. - №6. - Б. 89-92.
5. Қайратова Б.Н. Қазіргі жастардың болашаққа көзқарасы мен алаңдаушылық деңгейі // Психология және өмір. - 2023. - №1. - Б. 38-44.
6. Шкала тревоги Спилбергера (STAI). -https://mozok.ua/ru/depressiya/testy/item/2703-shkala-trevogi-spilbergera-STAI

ЖАСӨСПІРІМДЕРДІҢ КӘСІБИ ӨЗІН ӨЗІ АНЫҚТАУЫ

Дуашева А.Д.
Исина С.С.

Қазіргі заман жастарының алдында тұрған маңызды мәселелердің бірі - кәсіби болашақты дұрыс таңдау. Жасөспірімдер үшін өзінің кәсіби жолын анықтау, тұлғалық дамуды жалғастырудың маңызды кезеңі болып табылады. Бұл кезеңде жасөспірімдер тек өзінің қызығушылықтары мен қабілеттерін ғана емес, қоғамның талаптарын, еңбек нарығының өзгеру динамикасын да ескеруі тиіс. Себебі, жұмыс орындары мен мамандықтар үнемі жаңарып отырады, сондықтан жасөспірімдер осы өзгерістерге бейімделіп, болашақта тұрақты жұмыс табу үшін кәсіби таңдау жасауға тиіс.

Еңбек нарығының үнемі өзгеріп отыруы мен жаңа мамандықтардың пайда болуы жасөспірімдердің дұрыс кәсіби шешім қабылдауын қиындатады. Қазіргі таңда көптеген мамандықтар техникалық және ақпараттық салаларда дамып, жаңа бағыттар пайда болуда. Мысалы, цифрлық маркетинг, жасанды интеллект, мәліметтер аналитикасы секілді салаларға сұраныс артуда. Осыған орай, жасөспірімдер болашақта қандай мамандықтарды игеріп, қай салаларда жұмыс істеу қажеттігін дұрыс анықтау үшін кеңестер мен бағыт-бағдарлар қажет [1].

Кәсіби өзін-өзі анықтау - бұл тек жұмыс табудан ғана емес, жасөспірімнің тұлғалық дамуының маңызды бөлігі. Бұл процесс барысында жасөспірімдер өздерінің қабілеттерін, қызығушылықтарын және құндылықтарын түсініп, оларды еңбек саласына бағыттай алады. Сонымен қатар, бұл кезеңде жасөспірімдер қоғамдағы өз орны мен рөлін анықтай отырып, өзін-өзі бағалауы мен тұлғалық сенімділігін арттырады. Кәсіби өзін-өзі анықтау психологиялық және әлеуметтік тұрғыдан да маңызды болып табылады, себебі ол жасөспірімнің болашақта табысты әрі тұрақты өмір салтын қалыптастыруына ықпал етеді.

Бұл тақырыптың өзектілігі қазіргі қоғамдағы жасөспірімдердің кәсіби таңдау жасайтын кезеңнің ерекше мәні бар екендігін көрсетеді. Олардың кәсіби болашағының дұрыс қалыптасуы тек жеке тұлғаның ғана емес, бүкіл қоғамның дамуына ықпал етеді [2; 21].

1. Жасөспірімдердің кәсіби таңдауына әсер ететін факторлар.

Жасөспірімдердің кәсіби өзін-өзі анықтауы тек олардың жеке ерекшеліктеріне ғана емес, сонымен қатар сыртқы әлеуметтік, экономикалық,

отбасылық және мәдени факторларға да байланысты. Мысалы, отбасының ықпалы, қоғамдағы мамандықтарға деген көзқарас, білім беру жүйесінің мүмкіндіктері және жастардың психологиялық ерекшеліктері кәсіби таңдауына әсер етеді. Әсіресе, отбасылық жағдай мен әлеуметтік ортаның маңызы зор, себебі осы факторлар жасөспірімнің болашаққа деген көзқарасын қалыптастырады.

2. Жасөспірімдер үшін кәсіби бағыт-бағдар беру жүйесінің қажеттілігі.

Қазіргі уақытта жасөспірімдер үшін дұрыс кәсіби бағыт-бағдар беру жүйесінің маңызды екенін атап өту қажет. Білім беру мекемелерінің және қоғамның осы саладағы жұмысын күшейту, жасөспірімдерге кәсіби бағдар беру қызметін кеңейту, психологиялық қолдау көрсету жүйелерін дамыту қажет. Мұндай жүйе жастардың өз-өзіне сенімін арттыруға, оларды жеке кәсіби бағытта дамытуға және дұрыс шешімдер қабылдауға көмектеседі.

3. Қазіргі заманғы мамандықтардың эволюциясы.

Сонымен қатар, заманымыздың дамуы, жаңа технологиялар мен индустриялардың пайда болуы кәсіби таңдауды өзгертуде. Мысалы, жасөспірімдерге бұрын белгілі мамандықтармен қатар, қазіргі заманның сұранысына сай жаңа салалар туралы да ақпарат беру маңызды. Бұл оларға кеңірек мүмкіндіктер мен болашақта таңдауға болатын салалардың көп екенін көрсетеді [2; 82].

Зерттеудің негізгі нысаны - жасөспірімдердің кәсіби бағдарлану үдерісі. Бұл үдеріс жасөспірімдердің болашақ мамандықты таңдау және кәсіби бағыт-бағдар алу кезеңіндегі барлық психологиялық, әлеуметтік және тұлғалық факторларды қамтиды. Жасөспірімдердің өз-өзіне кәсіби тұрғыдан баға беруі, қызығушылықтары мен қабілеттерін түсінуі, әрі сол арқылы өз болашағын анықтауы маңызды зерттеу тақырыбы болып табылады.

Зерттеу мақсаты - жас ерекшеліктері, тұлғалық қасиеттер және қоршаған ортаның әсерін ескере отырып, кәсіби өзін-өзі анықтауға ықпал ететін негізгі факторларды анықтау. Жасөспірімдердің кәсіби бағдарлануында қандай ішкі және сыртқы әсерлер маңызды рөл атқаратынын зерттеу арқылы олардың кәсіби таңдау жасаудағы қиындықтарын түсіну. Бұл зерттеу жасөспірімдердің кәсіби өзін-өзі анықтауының психологиялық және әлеуметтік аспектілерін айқындап, жастарды кәсіби тұрғыда дұрыс бағыттау үшін қажетті шараларды анықтауға мүмкіндік береді.

Жасөспірім шақ - кәсіби өзін-өзі анықтаудың бастапқы кезеңі. Жасөспірімдік шақ - адамның тұлғалық және кәсіби өзін-өзі анықтаудың ең маңызды кезеңдерінің бірі болып табылады. Бұл кезеңде жасөспірімдер өзіндік ерекшеліктерін анықтап, болашаққа деген мақсаттар мен ұмтылыстарын қалыптастырады. Осы уақытта психологиялық өзгерістер мен әлеуметтік қарым-қатынастар негізінде олардың кәсіби бағдарлары да қалыптасады.

Жасөспірімдік шақтың психологиялық ерекшеліктері. Жасөспірімдік кезең - адамның тұлғалық дамуының ең динамикалық кезеңі, себебі бұл шақта жасөспірімдер өздерінің әлеуетін және қабілеттерін алғаш рет сынап көреді. Психологиялық тұрғыдан бұл кезеңде жасөспірімдер өзін жеке тұлға ретінде

тануға тырысады, өзінің орнын қоғамда және отбасында анықтайды. Сонымен қатар, өздерінің сыртқы бейнесіне қатысты алаңдаушылықтар, әлеуметтену үдерісі, ерте жасөспірімдік дағдарыс сияқты факторлар да оларды жиі алаңдатады. Бұл кезеңде жасөспірімдер өздерінің болашақ кәсіби жолын таңдауда түрлі әсерлерге тап болады, олардың арасында сыртқы факторлар мен ішкі мотивация маңызды рөл атқарады.

Э. Эриксонның тұлғалық даму теориясында жасөспірімдік кезең «рольдік сәйкестікке» жету кезеңі ретінде сипатталады. Бұл кезеңде жасөспірімдер өздерін жеке тұлға ретінде қабылдай бастайды, өзіндік ерекшеліктерін түсініп, қоғамдағы рөлдерін анықтауға тырысады. Эриксонның айтуынша, жасөспірімдер өздерінің қандай адам екендігін, қай салада болашақта өзін көрсетуі керектігін анықтайды. Осы кезеңде кәсіби бағыт-бағдар да айқындала бастайды, яғни жасөспірімдер өздерінің мүдделері мен бейімділіктеріне сәйкес мамандықты таңдайды. «Рольдік сәйкестік» олардың болашақ кәсіби рөлін таңдауға әсер етіп, өзін-өзі анықтауға мүмкіндік береді [2].

Қорыта айтқанда, жасөспірімдік шақ кәсіби өзін-өзі анықтау үдерісінің алғашқы кезеңі болып табылады, мұнда жасөспірімдердің тұлғалық даму, қызығушылықтары, құндылықтар жүйесі мен әлеуметтік әсерлер маңызды рөл атқарады. Бұл кезеңде дұрыс бағыт-бағдар беру арқылы жасөспірімдер өз болашақ кәсіби жолын таңдауға қабілетті болады.

Кәсіби өзін-өзі анықтауға әсер ететін факторлар. Кәсіби өзін-өзі анықтау - бұл жасөспірімдер мен жастардың өздерін кәсіби тұрғыдан анықтап, өмірлік мақсаттарын белгілейтін, болашақ мамандықты таңдауға бағытталған маңызды процесс. Бұл үдерісте көптеген факторлар әсер етеді, олардың ішінде ішкі және сыртқы факторлар ерекше орын алады.

Жасөспірімдердің кәсіби таңдауы көбіне олардың қызығушылықтары, қабілеттері мен өзін-өзі тану деңгейіне байланысты жүзеге асады. Алайда, қазіргі таңда көптеген жасөспірімдер кәсіби болашағын саналы түрде емес, сыртқы факторлардың, соның ішінде ата-ананың, қоғамның немесе мектептегі қысымның әсерінен таңдауда. Бұл өз кезегінде болашақта кәсіби қанағаттанбауға, эмоционалдық күйзелістерге және тұлғалық дағдарыстарға алып келуі мүмкін. Осыған байланысты, кәсіби бағдарлау жұмыстары тек танымдық сипатта ғана емес, терең психологиялық диагностиканы қамтуы тиіс. Кәсіби өзін-өзі анықтауға әсер ететін ішкі бейімділіктер мен танымдық сипаттамаларды анықтау үшін валидті және сенімді психодиагностикалық құралдарды қолдану қажет. Бұл ретте Дж. Барреттің кәсіби бағдарлау тесті - заманауи талаптарға сай кешенді, когнитивтік және тұлғалық факторларды ескеретін стандартталған әдістеме болып табылады. Аталған зерттеу жұмысы жасөспірімдердің кәсіби қызығушылықтары мен бейімділіктерін диагностикалау арқылы олардың кәсіби өзін-өзі анықтау ерекшеліктерін анықтауға бағытталған.

Мақсаты: жасөспірімдердің кәсіби қызығушылықтары мен бейімділіктерін Дж. Барреттің кәсіби бағдарлау әдістемесі негізінде анықтау және кәсіби өзін-өзі анықтау үдерісінің психологиялық ерекшеліктерін талдау [3; 128].

Міндеттері:

1.Дж. Барреттің кәсіби бағдарлау тестін қолданып, оқушылардың кәсіби қызығушылықтарын психологиялық тұрғыдан бағалау;

2.Диагностикалық мәліметтерді сандық тұрғыда өңдеу арқылы кәсіби бейімділіктердің басым бағыттарын анықтау;

3.Кәсіби өзін-өзі анықтаудың психологиялық механизмдерін жасөспірімдік даму контекстінде талдау;

4.Алынған нәтижелер негізінде кәсіби бағдарлау бойынша психологиялық ұсынымдар ұсыну.

Зерттеу әдістемесі. Зерттеу жұмысы Қарағанды қаласындағы №82 жалпы білім беретін мектептің 10-11 сынып оқушылары арасында жүргізілді. Зерттеуге жалпы саны 35 оқушы (17 оқушы - 10-сынып, 18 оқушы - 11-сынып) қатысты. Зерттеу барысында Дж. Барреттің кәсіби бағдарлау тесті қолданылды. Бұл әдістеме когнитивтік компоненттерді (логикалық ойлау, кеңістіктік елестету, дерексіз ойлау), сондай-ақ кәсіби бағыттылықты анықтауға мүмкіндік беретін психологиялық құрал ретінде кеңінен қолданылады.

Тест нәтижелері бойынша оқушылардың кәсіби қызығушылықтары келесі бес негізгі бағыт бойынша талданды: гуманитарлық бағыт - тіл, әдебиет, коммуникация, тарих және құқық салаларына бейімділік. Әлеуметтік бағыт - адамдармен өзара әрекеттесу, әлеуметтік көмек, педагогика және психология салаларына қызығушылық. Техникалық бағыт - техника, инженерия, математика және физикаға бейімділік. Шығармашылық бағыт - өнер, музыка, дизайн және бейнелеу өнеріне бейімділік. Кәсіпкерлік бағыт - бизнес, ұйымдастыру, тәуекелге бару, сату және басқару салаларына қызығушылық. Оқушылардың әрбір бағыт бойынша көрсеткен нәтижелері 0-ден 10-ға дейінгі шкалада бағаланып, орташа ұпайлар негізінде төмендегі диаграммада көрсетілді. Диаграмма жасөспірімдердің кәсіби бейімділіктерінің басым бағыттарын көрнекі түрде бейнелейді (сурет 1).



Сурет 1. Жасөспірімдердің кәсіби қызығушылық нәтижелерінің орташа көрсеткіші.

Диаграмма нәтижесіне сәйкес, 30-40 жасөспірімнің кәсіби қызығушылықтарының орташа көрсеткіштері әр түрлі салада әркелкі деңгейде байқалады. Ең жоғары ұпай гуманитарлық салаға (7,4) тиесілі болса, әлеуметтік сала (6,6) және шығармашылық бағыт (6,1) та жоғары деңгейде қызығушылық танытқан. Ал техникалық сала (4,8) мен кәсіпкерлік бағытқа (4,6) қызығушылық салыстырмалы түрде төмен.

Гуманитарлық сала ең жоғары көрсеткішке ие болды. Бұл оқушылардың әдебиетке, тарихқа, тіл біліміне, заң, психология салаларына қызығушылығының жоғары екенін көрсетеді. Әлеуметтік сала да жоғары орында тұр. Оқушылардың адамдармен қарым-қатынас жасауға, көмек көрсетуге, топта жұмыс істеуге бейімділігін байқатады. Шығармашылық салаға қызығушылық та аз емес. Музыка, сурет салу, дизайнерлік, актерлік өнер сияқты бағыттар оқушылардың шығармашылық әлеуетін дамытатыны анықталды.Техникалық салаға қызығушылық төмен деңгейде болды. Бұл - техника, IT, инженерия бағытында оқушылардың білімі мен қызығушылығын арттыру қажет екенін білдіреді. Кәсіпкерлік сала ең төменгі ұпай жинады. Кәсіпкерлік қабілетті дамыту, бизнес-жобаларды үйрету жұмыстары әлі де жеткіліксіз екенін көрсетті.

Себептері:

-Ақпараттық қолжетімділіктің аздығы.

-Ата-аналардың немесе мектеп тарапынан кәсіби бағыт беру жұмыстарының жеткіліксіздігі.

-Гуманитарлық бағыттың мектеп бағдарламасында көбірек қамтылуы.

-Техникалық және кәсіпкерлік салалар бойынша практикалық сабақтардың аздығы.

Жасөспірімдердің кәсіби өзін-өзі анықтауы - үлкен жауапкершілікті талап ететін процесс. Олардың болашақ мамандығын дұрыс таңдауы үшін мектеп пен ата-ананың бірлесіп жұмыс істеуі маңызды. Зерттеу нәтижелері көрсеткендей, гуманитарлық және әлеуметтік салаларға қызығушылық жоғары болғанымен, техникалық және кәсіпкерлік бағыттарға қызығушылықты арттыру қажет. Сол үшін кәсіби бағдар беру жұмыстарын жетілдіру - бүгінгі күннің өзекті мәселесі [4].

Жасөспірімдер үшін кәсіби өзін-өзі анықтау - олардың болашақ өмір жолын айқындайтын маңызды кезең. Бұл процесс жасөспірімнің жеке тұлғалық дамуымен тығыз байланысты, себебі дұрыс таңдалған мамандық оның өмірдегі табысына, қанағаттанушылығына және өзін-өзі жүзеге асыруына мүмкіндік береді. Осы кезеңде жасөспірімдер өздерінің қабілеттерін, қызығушылықтарын және әлеуетін дұрыс бағалауы тиіс, ал бұл үшін психологиялық және педагогикалық көмек қажет. Кәсіби өзін-өзі анықтаудың тиімді өтуі үшін жүйелі түрде психологиялық және педагогикалық қолдау көрсету маңызды. Мектептер мен оқу орындарында кәсіби бағдар беру жұмысын ұйымдастыру, жасөспірімдердің өз қабілеттері мен қызығушылықтарына сай мамандықтар туралы ақпарат алуына жағдай жасау керек. Сондай-ақ, ата-аналар мен ұстаздар да осы процесте балаларға дұрыс бағыт беруі тиіс. Психологтар мен педагогтар

жасөспірімдерге осы үдерісті түсініп, жауапкершілікпен қарауға көмектесуі керек. Бұдан бөлек, жасөспірімдердің кәсіби таңдау жасау кезінде олардың өзіндік шешім қабылдау құқығын құрметтеу өте маңызды. Өз таңдауларын жасау, жеке шешімдер қабылдау жасөспірімдерге өз өмірін басқаруға, өз жолын табуға мүмкіндік береді. Құрмет пен қолдау жасөспірімдерге өзіндік сенімділікті арттырады және мамандықты таңдау барысында қателіктер жасауға жол бермейді. Тек осындай жағдайлар жасөспірімнің болашақ кәсіби дамуында жоғары нәтижелерге жетуге ықпал етеді.

Әдебиеттер:

1. Мұқанова Б.Ж. Жасөспірім психологиясы. - Алматы: Раритет, 2007. - 240 б.
2. Қоңырбаева Қ.А. Жасөспірімдердің кәсіби қызығушылықтарын анықтаудағы психологиялық ерекшеліктері // Психология ғылымы және практикасы. - 2021. - №3(48). - Б. 82-88.
3. Баррет Дж. Кәсіби бағдарлау тесті / Аударма және қолдану нұсқаулығы. - Алматы: Практик психолог баспасы, 2019. - 128 б.
4. Абишева А.Р. Мектеп оқушыларының кәсіби бағдарлануының әлеуметтік-психологиялық шарттары // Ғылым және өмір. - 2018. - №6. - Б. 37-41.

ЖАСТАР АРАСЫНДАҒЫ БОЛАШАҚҚА АЛАҢДАУШЫЛЫҚТЫҢ ПСИХОЛОГИЯЛЫҚ ФАКТОРЛАРЫ

Ерланқызы Е.
Исина С.С.

Қазіргі қоғамда жастар арасында болашаққа алаңдаушылықтың артуы үлкен мәселе ретінде айқындалуда. Бұл алаңдаушылық тек жеке тұлғалардың психоэмоционалдық жай-күйін ғана емес, сонымен қатар бүкіл қоғамның әлеуметтік және экономикалық дамуын да әсер етеді.

Жастар болашағына деген сенімсіздікті күнделікті өмірде, білім алу мен жұмысқа орналасу процесінде, сондай-ақ жалпы әлеуметтік жағдайларға қатысты сезінуде [1]. Осы алаңдаушылықтың психологиялық негіздерін тереңірек түсіну маңызды, себебі бұл факторлар жастардың жеке тұлғалық дамуында, өмірлік мақсаттарында, жалпы психологиялық жағдайында шешуші рөл атқарады.

Болашаққа деген алаңдаушылықтың негізгі себептері экономикалық тұрақсыздық, еңбек нарығындағы өзгерістер, әлеуметтік теңсіздік пен жеке тұлғаның психологиялық ерекшеліктері болуы мүмкін.

Бұл факторлар жастардың болашаққа деген сенімін төмендетіп, оларды қорқыныш, күйзеліс, стресс сияқты теріс эмоцияларға душар етуі мүмкін. Ал осы алаңдаушылықты жеңу үшін тиімді психологиялық қолдау мен дұрыс білім беру жүйесі қажет.

Жастар арасындағы болашаққа алаңдаушылықтың психологиялық факторлары қазіргі қоғамда өзектілікке ие. Бұл алаңдаушылықтың пайда болуына бірнеше факторлар әсер етеді, олар әлеуметтік, экономикалық және

мәдени жағдайларға байланысты өзгеріп отырады.

Жастардың болашаққа алаңдаушылығы көбінесе түрлі қиындықтармен, тұрақсыздықпен және келешекке деген күмәнмен байланысты.

Мұндай алаңдаушылықты зерттеу, оның психологиялық аспектілерін түсіну қоғамның дамуына, жастардың өмір сапасын жақсартуға үлкен ықпал етуі мүмкін.

Жастардың болашаққа деген алаңдаушылығы олардың жеке тұлғалық ерекшеліктеріне де байланысты. Кейбір жастар оптимистік көзқарастарға ие болса, басқалары болашақтың белгісіздігі мен тұрақсыздығына алаңдайды.

Жастар арасындағы болашаққа алаңдаушылықтың психологиялық факторларын зерттеу олардың эмоционалды және әлеуметтік әл-ауқатын жақсарту үшін маңызды. Жастарды қолдау, оларға сенімділік пен өмірлік мақсаттар ұсыну олардың болашаққа деген сенімін арттыруға мүмкіндік береді [2].

Жастар арасындағы болашаққа алаңдаушылықтың психологиялық факторларының мақсаты - осы алаңдаушылықты тудыратын себептер мен жағдайларды анықтау, оның жастардың психоэмоционалды жағдайына және өмір сапасына әсерін түсіну.

Сонымен қатар, осы факторларды зерттеу арқылы жастардың болашаққа деген көзқарасын жақсарту және олардың психологиялық әл-ауқатын нығайту үшін тиімді стратегияларды әзірлеу болып табылады.

Бұл мақсатқа қол жеткізу үшін келесі негізгі міндеттер шешілуі мүмкін:

Алаңдаушылықтың себептерін анықтау.

Жастардың болашаққа алаңдаушылық туғызатын әлеуметтік, экономикалық, саяси және жеке факторларды зерттеу.

Әлеуметтік орта, жұмыссыздық, білім алу және жеке өмір мәселелерінің әсерін талдау.

Психологиялық факторларды зерделеу.

Жастардың ішкі психологиялық күйзелісі, мазасыздық, сенімсіздік, өзін-өзі бағалаудың төмендігі секілді жағдайларды анықтау.

Алаңдаушылықтың олардың күнделікті өміріне, шешім қабылдау қабілетіне қалай әсер ететінін зерттеу.

Жастардың болашаққа деген көзқарасын зерттеу.

Жастардың болашаққа деген жалпы көзқарасын және оның ықтимал өзгерістерін зерттеу.

Болашақ туралы қорқыныш пен үміт арасындағы теңгерімді қалай қалыптастыруға болатынын анықтау.

Қолдау жүйелерінің рөлін зерттеу.

Жастардың болашаққа алаңдаушылығын төмендету үшін әлеуметтік қолдау, отбасылық, мектептік және қоғамдағы басқа да қолдау жүйелерінің маңыздылығын талдау.

Жастарды психологиялық тұрғыдан қолдаудың және оларды сендірудің тиімді әдістерін анықтау.

Психологиялық көмек көрсету әдістерін ұсыну.

Жастардың болашаққа алаңдаушылығын жеңілдетуге арналған психотерапевтік әдістер мен тренингтерді ұсыну.

Жастарға болашаққа сеніммен қарай білу үшін өмірлік дағдылар мен оң психологиялық көзқарастарды дамыту бойынша ұсыныстар жасау.

Жалпы, жастар арасындағы болашаққа алаңдаушылықтың психологиялық факторларын зерттеу, оларды түсіну және тиісті шаралар қабылдау арқылы жастардың психологиялық жағдайын жақсартуға және олардың болашаққа деген сенімін арттыруға ықпал етуге бағытталған [3].

Болашаққа алаңдаушылықтың психологиялық мәні.

Алаңдаушылық - адамның белгілі бір жағдайлар мен болашаққа қатысты алаңдаушылық сезімі. Психологиялық тұрғыдан алаңдаушылық эмоциялық және когнитивтік реакциялардың күрделі жиынтығы болып табылады, ол адамның болашақта орын алуы мүмкін теріс оқиғаларға қатысты үрей немесе қорқыныш сезімін тудырады. Бұл сезім жастар арасында жиі байқалады, себебі олар әлі өмір жолын таңдамаған, өз болашағын қалыптастыру кезеңінде тұр.

1-кесте. Болашаққа алаңдаушылықтың психологиялық аспектілерін бейнелеу.

Салдарлар	Сипаттама	Нәтижелер мен салдары
Депрессия және стресс	Алаңдаушылықтың жоғары деңгейі депрессия мен стресстің пайда болуына әкелуі мүмкін. Эмоционалдық ауыртпалық және күйзеліс жастардың психоэмоционалдық жай-күйін төмендетеді.	Эмоционалдық бұзылыстар туындап, жастардың өмір сапасы төмендейді. Ұзақ уақыт алаңдаушылық психологиялық ауытқуларға әкеледі, депрессия мен стресстің деңгейі жоғарылайды.
Өзін-өзі бағалаудың төмендеуі	Болашаққа алаңдаушылық адамның өзін-өзі бағалауы мен өзіне деген сенімін төмендетеді. Бұл жастардың өз қабілеттеріне деген сенім сіздігін күшейтеді.	Жастар қоғамда өз орнын табуда қиындықтармен кездесіп, өздерін тыс сезінеді. Өзін-өзі бағалаудың төмендеуі олардың әлеуметтік және кәсіби өміріне теріс әсер етеді.
Мотивацияның төмендеуі	Болашаққа алаңдаушылық жастардың мақсаттарына жетуге дегенынтасын төмендетеді. Бұл мотивацияның жоқтығы оқу мен жұмыс салаларында теріс нәтижелерге әкеледі.	Жастардың өмірде жетістік кежетуге дегенынтасы азайып, кәсіби және оқу саласында қол жеткізген нәтижелері төмендейді. Бұл олардың болашақтағы жетістіктеріне кедергі болады.
Қоғамдық байланыстардың әлсіреуі	Алаңдаушылық жастардың әлеуметтік байланыстарын әлсіретеді, олар өздерін оқшауланған және жалғыз сезінуі мүмкін.	Жастар әлеуметтік оқшаулануға ұшырап, өз проблемаларын жалғыз шешуге тырысады. Бұл олардың басқа адамдармен байланыс орнату қабілетіне теріс әсер етеді.

Бұл кесте болашаққа алаңдаушылықтың психологиялық аспектілерін терең

түсінуге және олардың әрқайсысының адам өміріндегі әсерін бағалауға көмектеседі.

Жастар арасындағы болашаққа алаңдаушылықтың себептері.

Болашаққа алаңдаушылықтың бірнеше психологиялық факторлары бар. Олардың ішінде ең басты себептерге мыналар жатады:

1. *Экономикалық жағдайлар және еңбек нарығының болашағы*

Бүгінде экономикалық тұрақсыздық, жұмыссыздық деңгейінің жоғары болуы және еңбек нарығындағы өзгерістер жастардың болашаққа алаңдаушылығын күшейтеді. Жастар өздерінің кәсіби болашағын және тұрақты жұмысқа орналасу мүмкіндігін болжап білмейді. Сонымен қатар, көптеген жастар білім беру жүйесінің қазіргі талаптарына сай емес екенін түсініп, бұл алаңдаушылықты тудырады.

2. *Әлеуметтік тұрақсыздық*

Қоғамдағы әлеуметтік өзгерістер мен дағдарыстар, соның ішінде саяси жағдайлар, әлеуметтік теңсіздік, отбасындағы қарым-қатынастар да жастардың болашаққа деген алаңдаушылығын арттырады. Әсіресе, отбасында қиындықтар немесе ата-ананың әлеуметтік жағдайы төмен болған жастардың алаңдаушылығы жоғары.

3. *Білім беру жүйесінің жетіспеушілігі*

Қазіргі білім беру жүйесінің кейбір кемшіліктері, жаңашылдықтың жетіспеуі, жастардың кәсіби және шығармашылық қабілеттерін дамытуға жеткілікті көңіл бөлінбеуі жастар арасында болашаққа деген сенімсіздікті арттырады. Осы себептен жастар өздерінің білімдерін нарықта қолдануға күмәнданады.

4. *Психологиялық факторлар*

Жастардың болашаққа деген алаңдаушылығына жеке тұлғалық ерекшеліктер де әсер етеді. Қорқыныш, сенімсіздік, эмоциялық тұрақсыздық сияқты психологиялық қасиеттер алаңдаушылықты күшейтеді. Сонымен қатар, мазасыздану деңгейі жоғары, өзін-өзі бағалауы төмен жастар болашаққа деген сенімсіздікпен қарайды.

5. *Әлеуметтік желілер мен ақпараттық технологиялардың әсері*

Әлеуметтік желілер мен ақпараттық технологиялар жастардың болашаққа деген алаңдаушылығына әсер ететін маңызды факторлардың бірі болып табылады. Әлеуметтік желілерде жастардың жетістіктерін көрсету және өзін басқалармен салыстыру арқылы өздерін төмен бағалау, депрессия, стресс сияқты жағдайларды тудыруы мүмкін.

Осы факторлардың әсерінен жастардың жастарға әсер ететін теріс салдар болады.

1 - кесте жастардың болашаққа алаңдаушылығының теріс салдарын анық көрсетуге көмектеседі, сонымен қатар әрбір салдардың психологиялық және әлеуметтік нәтижелерін түсінуге мүмкіндік береді [4].

Жастар арасындағы болашаққа алаңдаушылықтың шешу жолдары.

Жастардың болашаққа алаңдаушылығы қазіргі қоғамда маңызды мәселе болып табылады.

Бұл алаңдаушылықтың шешілуі жастардың психоэмоционалдық жағдайын жақсартуға, өмір сапасын арттыруға және қоғамдағы тұрақтылықты нығайтуға көмектеседі.

Болашаққа алаңдаушылықты шешудің бірнеше тиімді жолдары бар, олар психологиялық, әлеуметтік, білім беру және экономикалық аспектілерді қамтиды.

1. Психологиялық қолдау көрсету.

Жастардың болашаққа алаңдаушылығын жеңу үшін психологиялық қолдау өте маңызды. Психологтар мен психотерапевттер арқылы жастарға эмоционалдық қолдау көрсетіп, алаңдаушылықты басқару әдістерін үйрету қажет. Психотерапия, когнитивті-мінез-құлықтық терапия, медитация және релаксация әдістері арқылы алаңдаушылық деңгейін төмендетуге болады. Психологиялық тренингтер мен семинарлар жастардың өз-өзін түсінуіне, стресс пен депрессияны жеңуге көмектеседі.

2. Білім беру жүйесін жетілдіру.

Жастар болашақта өз мүмкіндіктерін дұрыс бағалауы үшін білім беру жүйесін жетілдіру маңызды. Оқу бағдарламалары жастарға тек теориялық білім емес, сондай-ақ практикалық дағдыларды да ұсынуы тиіс. Кәсіби бағдар беру жүйесін дамыту арқылы жастардың өз мамандығын таңдауына көмектесу керек. Бұл оларды болашаққа сенімді түрде қарауға және алаңдаушылықты жеңуге көмектеседі.

3. Кәсіптік және қаржылық сауаттылықты арттыру.

Жастардың болашаққа алаңдаушылығын азайту үшін қаржылық және кәсіптік сауаттылықты арттыру қажет. Қаржылық білім беру арқылы жастар өз бюджетін дұрыс жоспарлап, экономикалық тұрақтылыққа қол жеткізе алады. Сонымен қатар, кәсіп ашу, өз ісін жүргізу дағдыларын үйрету жастардың өз қабілеттеріне сенімділігін арттырады. Жастарға еңбек нарығы туралы нақты ақпарат пен дағдылар беру олардың жұмысқа орналасу мүмкіндігін арттырады.

4. Әлеуметтік қолдау жүйелерін дамыту.

Алаңдаушылықты жеңу үшін жастардың әлеуметтік қолдау жүйелерін құру қажет. Бұл жүйе жастардың бір-біріне көмектесуін, өз проблемаларын ашық талқылауын және әлеуметтік оқшауланудан құтылуын қамтамасыз етеді. Әлеуметтік жобалар, тренингтер мен еріктілік іс-шаралары жастардың әлеуметтік байланыстарын нығайтуға және оларды болашаққа сенімді қарауға мүмкіндік береді [5].

5. Мотивацияны арттыру.

Жастардың болашаққа деген алаңдаушылығын төмендету үшін мотивацияны арттыру өте маңызды. Өз мақсаттарына жету үшін жастарға нақты жоспарлар мен мақсаттар қоюды үйрету керек. Позитивті психология әдістері арқылы өз-өзіне сенімділік пен мақсат қою дағдыларын дамыту олардың болашаққа деген алаңдаушылығын азайтады. Сонымен қатар, мотивациялық тренингтер мен коучинг жастарға өз қабілеттеріне сенуді үйретеді [6].

6. Қоғамдық тұрақтылықты қамтамасыз ету.

Әлеуметтік және экономикалық тұрақтылық жастардың болашаққа деген сенімін арттырады. Мемлекет пен қоғам еңбек нарығындағы өзгерістерге дайын болуы керек және жастарға жұмыс орындары мен қаржылық мүмкіндіктер ұсынуы тиіс. Экономикалық дағдарыстар мен жұмыссыздықты болдырмау үшін арнайы бағдарламалар мен жобалар іске асырылуы қажет. Бұл жастарға болашақта қиындықтарды жеңу үшін нақты мүмкіндіктер ұсынады [7].

7. Позитивті ойлауды дамыту.

Жастарға болашаққа деген алаңдаушылықты жеңу үшін позитивті ойлау мен өзін-өзі қабылдау дағдыларын дамыту қажет. Позитивті психологияның әдістері арқылы жастар өз өмірінің жағымды аспектілерін көріп, болашаққа деген оптимистік көзқарасты қалыптастыруы тиіс. Өз мүмкіндіктеріне сенім арттыру, сәтсіздіктерден сабақ алу және қол жеткен жетістіктерді бағалау жастардың болашаққа деген сенімін арттырады [8].

Біз жастар арасындағы болашаққа алаңдаушылықтың психологиялық факторларын зерттеу мақсатында сауалнама жүргіздік. Сауалнамаға барлығы 111 адам қатысты.

Зерттеу жұмысының негізгі мақсаты – жастардың болашаққа деген алаңдаушылығының себептері мен оның психологиялық әсерлерін анықтау болды.

Зерттеу барысында біз келесі міндеттерді қойдық:

1. Жастардың болашаққа алаңдаушылығына әсер ететін негізгі факторларды анықтау.
2. Болашақ туралы ойлағанда жастардың сезімдері мен эмоцияларын зерттеу.
3. Болашаққа деген сенімділік деңгейін және алаңдаушылықтың физикалық белгілерін анықтау.
4. Жастардың болашаққа алаңдаушылықпен күресу әдістерін зерттеу.

Зерттеу барысында біз сауалнама әдісін қолдандық, бұл әдіс жастардың болашаққа деген алаңдаушылықтарын анықтауға және олардың эмоциялық жағдайларын бағалауға мүмкіндік берді.

Жастар арасындағы болашаққа алаңдаушылықтың психологиялық факторлары бойынша сауалнама нәтижелері.

Сауалнамаға 111 жас қатысқан. Нәтижелер бойынша жастардың болашаққа алаңдаушылығына әсер ететін бірнеше негізгі психологиялық факторлар анықталды.

1. Жасмөлшері мен жынысерекшеліктері

- Жастардың 72,1%-ы 22-25 жасаралығында, 16-18 жасаралығындағылар 9%, ал 19-21 жасаралығындағылар 10,8% құрайды.
- Қатысушылардың 62,2%-ы ер адамдар, 37,8%-ы әйелдер болыпшықты.

2. Болашақ туралы ойлау жиілігі

- 31,5% респонденттер болашақ туралы үнемі ойлайтынынайтса, 64% кейде ойлайды. Ал сирек немесе мүлде ойламайтындар аз ғанапайызды (1%) құрады (сурет 1).

Сурет 1. Жастар арасындағы болашақ жайлы ойлар жиілігі

3. Болашаққа деген сезімдер

- Жастар болашақ туралы ойлаған кезде көбіне белгісіздік (38,7%) пен үмітсіздікті (33,3%) сезінеді. Қуаныш сезімі 37,8%-ды, ал үрей сезімі 24,3%-ды құрады (сурет 2).



Сурет 2. Болашаққа деген сезімдер көрсеткіші

4. Сенімділік және алаңдаушылық деңгейі

- Болашаққа сенімділік деңгейі 33,3% жастардың жоғары, 34,2% жастардың орташа сенімді екенін көрсетеді. Ал 2% жастар болашаққа сенім сіздігін білдірген (сурет 3).



Сурет 3. - Сенімділік пен алаңдаушылық көрсетіштері

5. Болашаққа деген алаңдаушылықтың себептері

- Алаңдаушылықтың негізгі себептері – қаржылық тұрақтылық (48,6%), жұмыс табу (41,4%), білімалу (47,7%) және қоғамдағы тұрақсыздық (27,9%) болып табылады (сурет 4).

-



Сурет 4. Болашаққа деген алаудаушылық көрсетіштері.

6. Алаңдаушылықты жеңу әдістері

- Жастар болашаққа алаңдаушылықпен күресу үшін ең жиі қолданатын әдіс – достарымен сөйлесу (45,9%) болса, музыка тыңдау (16,2%) мен медитация немесе спорт (22,5%) екінші орында. Психологқа жүгінгендер өте аз (0%).

7. Болашақты жоспарлау

- 36,9% жастар нақты жоспарлары бар деп мәлім деді, ал 54,1% жастар жартылай жоспарлайды. 6% жастар болашақтарын мүлде жоспарламайды.

Нәтижесінде, болашаққа деген алаңдаушылықтың жастар арасында әртүрлі себептермен байланысты екенін, ал ең басты алаңдаушылықтың әлеуметтік және экономикалық факторлардан туындайтынын байқадық. Сонымен қатар, жастар болашаққа деген сенімсіздіктерін жеңу үшін әртүрлі әдістерді қолданады, бірақ олардың көбісі өздерін қорғалған сезінбеу жағдайында болашаққа алаңдайды.

Сауалнама нәтижелері бойынша, жастар арасында болашаққа алаңдаушылық көбінесе қаржылық және әлеуметтік тұрақсыздық, сондай-ақ жеке жетістіктер мен мүмкіндіктерге деген сенімсіздіктен туындайды. Алаңдаушылықты жеңу үшін көп жастар достарымен сөйлесу немесе спорт пен медитация сияқты әдістерді қолданады. Бірақ, жалпы алғанда, болашаққа деген сенімділік деңгейі орташа болып отыр.

Қорытындылайтын болсақ, жастар арасындағы болашаққа алаңдаушылықтың психологиялық факторлары қазіргі уақытта өте маңызды мәселе болып табылады. Бұл алаңдаушылық, әдетте, түрлі сыртқы және ішкі факторлардан туындайды.

Экономикалық тұрақсыздық, жұмыс мүмкіндіктерінің аздығы, қаржылық қиындықтар мен болашаққа деген белгісіздік жастардың психологиялық күйіне теріс әсер етеді. Сонымен қатар, мансаптық мәселелер, отбасылық жауапкершіліктер мен әлеуметтік қысым да болашаққа деген алаңдаушылықты арттырады.

Бұл алаңдаушылықтың деңгейі әртүрлі болуы мүмкін: бір жағынан, жастар болашаққа қатысты үлкен үмітпен қарайды, ал екінші жағынан, олар қауіп-қатер мен белгісіздік сезімін сезінеді. Болашақ туралы жиі ойлау кейде стресс пен мазасыздықтың себепшісі болуы мүмкін, алайда кейбір жастар үшін бұл ойлар оларды жаңа мақсаттар мен міндеттерге жетелейтін мотивацияға айналады.

Психологиялық тұрғыдан, жастардың болашаққа алаңдаушылығы олардың психоэмоциялық жағдайына әсер етіп, өзін-өзі бағалауға, шешім қабылдауға және әлеуметтік қарым-қатынастарға ықпал етеді. Осыған байланысты жастардың болашаққа деген сенімділігін арттыру, олардың психологиялық тұрғыдан дамуын қолдау маңызды болып табылады.

Қорытындылай келе, болашаққа алаңдаушылық - жастардың өмірінде күрделі және көпқырлы мәселе. Бұл мәселемен күресу үшін психологиялық қолдау, әлеуметтік және экономикалық жағдайлардың тұрақтылығы қажет. Жастарға өз болашағын дұрыс жоспарлап, сенімді қадамдар жасауға көмектесетін қолдау жүйелерін құру маңызды.

Әдебиеттер:

1. Әбілқасымова А., Бейсенова М. Жастық психология: теория және практика. - Алматы: Рауан, 2020. - 214 б.
2. Қалиев Р. Жасөспірімдердің әлеуметтік-психологиялық мәселелері. - Нұр-Сұлтан: Фолиант, 2019. - 176 б.
3. Жұмабаева Т. Жастар психологиясы. - Алматы: Қазақ университеті, 2021. - 198 б.
4. Садықова Г. Жастардың болашаққа деген қауіп-қорқыныштары // Қазақстан психология журналы. - 2022. - №3(45). - Б. 56-67.
5. Тәжібаев Б. Жас ұрпақтың кәсіби бағдарлануына әсер ететін факторлар // Білім және ғылым. - 2023. - №1(12). - Б. 34-42.
6. Қазымбетова А. Жастардың психологиялық тұрақтылығын қалыптастыру // Педагогика және психология. - 2021. - №4(28). - Б. 89-97.
7. Исабекова С. Жастармен жұмыс әдістемесі. - Алматы: Атамұра, 2020. - 152 б.
8. Мұратбаева Е. Стресті басқару: жастарға арналған нұсқаулық. - Шымкент: Өлке, 2022. - 134 б.

ЖАЛҒЫЗДЫҚТЫҢ ПСИХОЛОГИЯЛЫҚ ӘСЕРІ ЖӘНЕ ОНЫ ЖЕҢУ ЖОЛДАРЫ

Жолдасбай С.Н.
Жансерикова Д.А.

Қазіргі уақытта бөтендік пен жалғыздық мәселесіне қызығушылық табиғи болып көрінеді. Бұл белгісіздік пен тұрақсыздықпен сипатталатын бүгінгі әлеуметтік жағдайдың сипатына байланысты. Қоғам өмірінің саяси, экономикалық және мәдени салаларындағы қарқынды өзгерістер тұлғааралық қарым-қатынас құрылымына және адамның өзіндік санасына белсенді түрде әсер етеді. Өтпелі кезең (дәстүрлі орыс ұжымдық мәдениетінен индивидуалистік идеологияға) адамның іскерлік және тұлғааралық өзара

әрекеттесуін, құндылықтары мен әлеуметтік белсенділігін, оның эмоционалдық әл-ауқатын анықтайтын психо-әлеуметтік-мәдени құрылымдардың өзгеруіне әкеледі.

Бүгінгі әлеуметтік жағдай адамнан өзгермелі әлемге барабар бейімделу мүмкіндіктерін қалыптастыру үшін қосымша ресурстарды тартуды талап етеді. Дегенмен, әр адам өмір сүрудің жаңа шарттарын қабылдауға дайын емес. Көптеген адамдар ескі маңызды байланыстардың бұзылуын, жаңаларын алу мүмкін еместігін сезінеді, сонымен бірге олардың қажеттілігін сезінеді. Маңызды қарым-қатынастардың болмауы және/немесе «үсті» жалғыздықтың өткір жағымсыз тәжірибесін тудырады. Жалғыз адам - бұл әлеуметтік қарым-қатынаста қиындықтарды бастан кешіретін субъект. Жалғыздық - бұл қабылдауды, уақыт тұжырымдамасын және әлеуметтік әрекеттердің табиғатын бұрмалай алатын терең эмоционалды тәжірибе.

Жалғыздықты психологиялық проблема ретінде зерттеу тақырыбы өте өзекті. Жылдам өзгеретін өмір сүру жағдайлары, адамдардың қарым-қатынасы мен өмірін жеңілдететін жоғары технологиялардың дамуы, тұрақты әлеуметтік-саяси қақтығыстар мен келіспеушіліктер, сондай-ақ қоғамдағы тұрақсыз жағдай адамдар арасындағы тұлғааралық қарым-қатынас пен өзара әрекеттесу саласына кері әсерін тигізеді. Заманауи адамның психикасы, дүниетанымы мен санасы әр түрлі адамдар топтарының тұрақты қысымы мен ақпарат ағынының күшеюінен қалыптасады. Осы факторлардың барлығы жеке адамды көптеген әлеуметтік әсерлерге үнемі дайын күйде болуға мәжбүр етеді. Сондықтан тұрақты қысым мен өзін-өзі көрсету мүмкіндігінің жоқтығынан жалғыздықты бастан кешіретін адамдардың көбеюі парадоксальды болып көрінеді.

Әртүрлі ғылыми дәрежедегі, көзқарастағы және дәуірдегі көптеген ғалымдардың жалғыздық мәселесін ұзақ уақыт бойы зерттеп келе жатқанына қарамастан, жалғыздық феномені әлеуметтік-психологиялық құбылыс ретінде әлі де аз зерттелген сала болып қала береді. «Жалғыздық» термині үнемі өзгеріп, нақтыланып отырады.

Жалғыздық шкаласын өлшеу және түсіну мақсатында түрлі психометриялық құралдар әзірленген, оның ішінде ең танымалы Калифорния университетінің Лос Анджелес қаласында орналасқан.

Қазақстанда жалғыздықты өлшеу және зерттеу бойынша арнайы психометриялық құралдары бейімдеу мен валидизациялау жұмыстары шектеулі. Қазіргі уақытта қазақстандық зерттеушілердің жалғыздық шкаласын қазақ немесе орыс тілдеріне аударып, оның психометриялық қасиеттерін тексеру бойынша жарияланған ғылыми еңбектері аз. Бұл бағытта отандық ғалымдар үшін үлкен мүмкіндік бар, себебі мәдени және тілдік ерекшеліктерді ескере отырып, жалғыздықты өлшеу құралдарын бейімдеу маңызды. Қазақстандық зерттеушілер қоғамдағы жалғыздық мәселесін әртүрлі әлеуметтік топтар арасында зерттеп, маңызды ғылыми еңбектер жазған. Бұл мақалада Г.А. Мирзакулова мен А.Б. Сарсенова, сондай-ақ А.С. Еламанова мен Қ.А. Авсұдықова жүргізген зерттеулерге шолу жасалады. Г.А. Мирзакулова мен А.Б. Сарсенова өз зерттеулерінде егде жастағы адамдардың жалғыздық мәселесін

қарастырып, оның түрлеріне анықтама береді және негізгі факторларын талдайды [1-4]. Зерттеу барысында Алматы облысының Текелі қаласындағы «Шапағат» арнаулы әлеуметтік қызмет көрсету орталығында сауалнама жүргізіліп, қарттардың жалғыздыққа деген көзқарастары анықталған. Мақалада жалғыздық құбылысын зерттеудің әлеуметтік-философиялық, психологиялық және социологиялық теориялары талданады. Қарт адамдардың өмірін белсенді және қуанышты ету үшін әлеуметтік және медициналық қызметтерге деген қажеттіліктерін қанағаттандырудың маңыздылығы атап өтіледі. А.С. Еламанова мен Қ.А. Авсұдықова Қазақстандағы жас жалғызбасты аналардың әлеуметтік бейімделу мәселелерін бірнеше еңбектерінде қарастырған. Зерттеушілер Алматы қаласындағы дағдарыс орталықтары мен «Ана үйі» орталықтарында тұратын жас жалғызбасты аналардың әлеуметтік бейімделуін талдаған. Зерттеу барысында 18 анамен сұхбат жүргізіліп, 33 анадан сауалнама алынған. Мақалада жас аналардың қоршаған ортаға қайта бейімделуін, аналық жауапкершілікті сезінуін, білім алып, мамандық игеруіне жағдай жасау қажеттілігі атап өтіледі. Тағы бір еңбекте авторлар Қазақстандағы және шет елдердегі (Ресей, Франция, Норвегия, АҚШ, Жапония, Қытай) жас жалғызбасты аналарды әлеуметтік қолдау тәжірибелерін салыстыра отырып талдаған. Зерттеу нәтижесінде жас аналарға қаржылық, медициналық, құқықтық, психологиялық және әлеуметтік көмек көрсету қажеттілігі анықталған. Мақалада ерте жүктілік пен әлеуметтік жетімдіктің алдын алу шаралары ұсынылады. Зерттеушілер қазіргі қазақстандық қоғамдағы жалғызбасты аналар мәселелерін де қарастырған. Мақалада отбасы институтының трансформациясы, некесіз бала туу, жалғызбасты аналардың санының артуы сияқты мәселелер талданады. Авторлар жалғызбасты аналардың әлеуметтік-мәдени себептерін және олардың қоғамдағы орны мен рөлін зерттеген.

Мақалада көтерілген мәселе бойынша әдіснамалық зерттеулерге сүйене отырып, біз нақты феноменді эмпирикалық зерттеуді жалғыздық бойынша алуды ұйғардық. Біз зерттеуді ұйымдастыру мақсатында Д. Рассел, Л. Пепло және М. Фергюсонның ревизияланған UCLA жалғыздық шкаласы қолдандық. Тестің мақсаты адамның жалғыздық сезімін объективті түрде өлшеуге мүмкіндік берді. Шкаланың жоғары сенімділігі мен валидтілігі оны әлеуметтік және психологиялық зерттеулерде, жеке тұлғаларға психологтың көмегін ұсынуда, сондай-ақ әлеуметтік саясатты жоспарлауда тиімді құрал ретінде қолдануға негіз қалады. Осылайша, шкаланың психометриялық қасиеттері мен әдістемелік ерекшеліктері оның ғылыми және практикалық маңыздылығын дәлелдеп, жалғыздықтың күрделі табиғатын тереңірек түсінуге септігін тигізеді. Жәнеде жоғарыда келтірілген тестті өткізу процесі мен нәтижелерді интерпретациялау үлгісі Д. Рассел, Л. Пепло және М. Фергюсонның ревизияланған UCLA жалғыздық шкаласының практикалық қолданылуын көрсетеді [5-8]. Әр қатысушыға шкаланың құрылымы мен сұрақтардың мағынасы түсіндірілді. Жауап беру форматы (Likert шкаласы) жайлы ақпарат берілді, яғни қатысушы әрбір сұраққа өз сезімінің жиілігін «ешқашан» (1 балл)

- «әркашан» (4 балл) шкаласы бойынша бағалады. Тест 20 сұрақ тұрады. Тест онлайн платформа арқылы өткізілді. Зерттеу барысында алынған мәліметтер арқылы адамның әлеуметтік оқшаулану деңгейі мен жалғыздық сезімінің әртүрлі аспектілерін бағалауға мүмкіндік береді. Бұл интерпретациялар тек диагностикалық құрал ретінде ғана емес, сондай-ақ, жеке тұлғаның әлеуметтік әл-ауқатын жақсарту мақсатында арнайы интервенцияларды жоспарлауда да маңызды рөл атқарады. Осы тәсіл арқылы зерттеушілер мен практиктер жалғыздықтың динамикасын түсініп, қоғамдағы әлеуметтік қолдау жүйелерін жетілдіруге бағытталған шараларды жасай алады. Әрқашан есте сақтау қажет, жалғыздықтың әр адамда көрініс тапқан ерекшеліктерін жан-жақты талдау арқылы ғана тиімді шешімдер қабылдауға болады.

Зерттеудің нәтижесінде алынған мәліметтерге көз жүгіртетін болсақ, сыналушылардың 20% төмен жалғыздық деңгейі - тұлға өз әлеуметтік байланыстарымен қанағаттанған, оқшаулану сезімі өте төмен.

56% орташа деңгей - тұлға кей жағдайларда жалғыздықты сезінуі мүмкін, бірақ оның әлеуметтік байланыстары жеткілікті түрде қорғалған.

24% жоғары деңгей - қатысушының әлеуметтік оқшауланулы байқалады, мүмкін өмірінің белгілі бір кезеңінде жалғыздық сезімі күшейген. Өте жоғары деңгей - тұлғаның жалғыздық сезімі айтарлықтай күшейген, бұл эмоционалды және әлеуметтік қолдау шараларын қажет етуі мүмкін (сурет 1).



Сурет 1.

Кей қатысушылар өз жауаптарын әлеуметтік қалаулы әсерден арылу мақсатында өзгертуі мүмкін, сондықтан нәтижелерді интерпретациялау кезінде әлеуметтік контекстті де ескеру қажет. Әр түрлі мәдени ортадағы қатысушылар үшін шкаланың бейімделуі мен аудармасы нәтижелердің интерпретациясына әсер етуі мүмкін. Сондықтан отандық зерттеулерде лингвистикалық және мәдени спецификаларды ескеру маңызды. Жоғары баллға ие қатысушыларға психологтың көмегіне жүгіну, әлеуметтік қолдау топтарына қосылу және жеке терапия сияқты интервенциялар ұсынылады.

Қорытынды

Зерттеу нәтижелеріне сүйене отырып, 18-30 жас аралығындағы жастар арасында жалғыздық сезімі кең таралғаны анықталды. 25 еріктіге жүргізілген UCLA жалғыздық шкаласының нәтижесі бойынша қатысушылардың тек 20%-ы ғана өзін толыққанды сезінсе, қалған бөлігі орташа және жоғары деңгейде жалғыздықты бастан өткеріп жатқаны белгілі болды. Бұл көрсеткіштер қазіргі қоғамдағы жастардың әлеуметтік оқшауланyы, эмоциялық жақындықтың жеткіліксіздігі, отбасылық қолдаудың әлсіздеуі жәнецифрлық қарым қатынастың, шынайы қарым қатынастың орнын баса алмауы сияқты мәселелердің бар екенін көрсетеді. Жалғыздық - жай ғана эмоциялық күй емес, ол адамның психологиялық денсаулығына теріс әсер ететін, ішкі күйзеліс, мазасыздық, өзін-өзі төмен бағалау сияқты мәселелерге апаратын күрделі құбылыс. Ол адамның мотивациясын азайтады, өмір сүру сапасын төмендетеді, кейде тұлғалық дамудың тоқырауына, тіпті депрессия немесе мазасыздықтың клиникалық формаларына ұласады. Бұл құбылысты назарсыз қалдыру - жастардың ертеңгі күндегі әлеуетіне, әлеуметтік белсенділігіне және менталдық саулығына теріс әсерін тигізуі мүмкін. Қатысушылардың 24%-ы жалғыздықты жоғары деңгейде сезінетінін ескерсек, бұл категориядағылар ерекше назарды қажет етеді. Олар көбіне әлеуметтік қолдаудан шет қалған, эмоциялық байланысқа зәру, өзін қоғамнан бөлектенгендей сезінеді. Мұндай жағдайда уақытылы психологиялық қолдау көрсетілмесе, жастардың өз-өзіне деген сенімі төмендеп, оқшаулану деңгейі арта түседі. Ал орташа деңгейдегі жалғыздықты сезінетін 56% қатысушының жағдайы - алдағы уақытта нашарлап кету қаупі бар шекаралық күйде екенін көрсетеді.

Жоғарыда айтылған нәтижелерге сүйене отырып, жастар арасындағы жалғыздықты алдын алу және оны жеңілдету мақсатында келесі ұсыныстар беруге болады:

Әрбір білім ордасы мен жастар ұйымында психологиялық кеңес беру орталықтарын тиімді әрі жасырын форматта жұмыс істету қажет. Студенттер мен жастар еркін келіп, эмоционалдық қиындықтарын бөлісе алатын қауіпсіз кеңістік болуы тиіс. Өз сезімін түсініп, оны басқаруды үйрету - жастардың ішкі күйін реттеуге көмектеседі. Эмоциялық сауаттылық жалғыздықты жеңуде маңызды құрал. Жастар арасында ашық, шынайы байланыстарды нығайтуға бағытталған әлеуметтік жобалар, диалогтық клубтар, пікірталас алаңдары ашылуы тиіс. Бұл - тұлғаралық байланыстарды нығайтып, әлеуметтік қолдау жүйесін құруға ықпал етеді. Қазіргі жастардың басым бөлігі виртуалды кеңістікте өмір сүреді. Алайда шынайы қарым-қатынастың орнын ештеңе баса алмайды. Сондықтан офлайн іс-шараларды көбейтіп, телефонсыз, гаджетсіз қатысуға ынталандыру қажет.Ата-анамен байланысты нығайтатын жобалар жасау маңызды. Мысалы, «Ашық хат» күні, ата-ана мен баланың бірлескен семинар-тренингтері секілді бастамалар жастардың ішкі күйін тұрақтандыруға әсер етеді. Жалғыздық - ұялатын немесе жасыратын нәрсе емес екенін түсіндіру қажет. Ол - әр адам өмірінде кездесетін қалыпты күй. Сол себепті қоғамда жалғыздықты түсіну мен оны жеңу туралы ашық диалог қалыптастыру керек. Еріктілер қозғалысы, шығармашылық топтар, спорттық клубтар жастардың өз-

өзін табуына және ортаға бейімделуіне мүмкіндік береді. Мұндай топтарда өзіндік мағына, тиістілік сезімі қалыптасады. Жастарды өз-өзін тануға, қабілетін ашуға бағыттайтын семинарлар, коучингтер жалғыздықты ішкі өсуге айналдыруға септігін тигізеді.

Қорытындылай kеле, жалғыздық - заманауи жастардың басты психоәлеуметтік мәселелерінің бірі. Оны дер кезінде анықтап, тиісті қолдау көрсету арқылы терең психологиялық мәселелердің алдын алуға болады. Бұл тек жеке тұлғаның емес, тұтас қоғамның эмоционалдық денсаулығына әсер ететін маңызды фактор. Сол себепті бұл мәселені ұжымдық деңгейде шешу қажет: білім беру орындары, психологтар, отбасы және қоғамдық ұйымдар біріге әрекет етуі тиіс. Тek сонда ғана жастардың өмір сапасын арттыруға, толыққанды, бақытты тұлғалардың қалыптасуына жол ашамыз.

Әдебиеттер:

1. Мирзакулова С.А. Жалғыздық феномені және оны жеңудің psихологиялық жолдары // Қоғам және дәуір. - 2016. - №2 (56). - Б. 95-99.
2. Сарсенова Р.А. Жастардың жалғыздық сезімінің psихологиялық ерекшеліктері. - Алматы: Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ баспасы, 2014. - 74 б.
3. Еламанова А.Ж. Жалғыздықтың тұлғалық аспектілері: жас ерекшелік тұрғысынан зерттеу // Абай атындағы ҚазҰПУ хабаршысы. Psихология сериясы. - 2019. - №1 (58). - Б. 112-117.
4. Авсұдықова Н.Б. Үниверситет студенттері арасындағы жалғыздық сезімін зерттеу // Қазіргі білім беру: теория және практика: Халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференция материалдары. – Алматы: ҚазҰУ, 2020. - Б. 221-226.
5. Бектемісова Ж.Т. Жалғыздықты психологиялық диагностикалау әдістері // Психология және тұлға дамуы. - 2021. - №3 (45). - Б. 67-72.
6. Шакирова Г.Б. Қазақстандағы жастардың әлеуметтік-психологиялық мәселелері: ғылыми жоба есебі. - Алматы: ҚР БҒМ, 2015. - 58 б.
7. Russell D., Peplau L. A., Ferguson M. L. Developing a measure of loneliness // Journal of Personality Assessment. - 1978. - Vol. 42. - №3. - P. 290-294.
8. Russell D., Peplau L.A., Cutrona C.E. The Revised UCLA Loneliness Scale: Concurrent and discriminant validity evidence // Journal of Personality and Social Psychology. - 1980. - Vol. 39. - № 3. - P. 472–480.

ҰЖЫМДЫҚ САНАНЫҢ ТҰЛҒАНЫҢ МІНЕЗ-ҚҰЛҚЫНА ӘСЕРІН ЭМПИРИКАЛЫҚ ЗЕРТТЕУ

Жорабек Н.М.
Жансерикова Д.А.

Ұжымдық сана-қоғам мүшелерінің ортақ көзқарастары, құндылықтары мен сенімдерінің жиынтығы және қоғамдағы адамдардың ойлары мен мінез-құлқына әсер ететін маңызды әлеуметтік механизм болып саналады. Бұл ұғымды ғылыми ағымғаалғаш рет Э. Дюркейм енгізіп, ұжымдық сананы қоғамдық тұрақтылықты қамтамассыз ететін моральдық жүйе ретінде сипаттады [1]. Адам - биологиялық қанаемес, сонымен қатар әлеуметтік

ортаның бір мүшесі. Ұжымдық сана адам мінез-құлқына топтық қысым арқылы әсер етеді. Бұл адамға ішкі ұстанымдары емес, қоғам немесе белгілі бір әлеуметтік топ қабылдаған нормаларды ұстануғатырысқанда орын алады.

Тұлғааралық қарым-қатынаста адамдар көбінесе өздерінің референттік тобының пікірлеріне сүйене отырып ерекет етеді. Референттік топ - бұл адам үшін маңызды және оның әлеуметтік бағытын қалыптастыратын адамдар тобы. Мұндай топтар адамның мінез-құлқына, көзқарасына және өзін-өзі бағалауына айтарлықтай әсер етеді.

Топтарда әсер ететін маңызды әлеуметтік-психологиялық механизмдердің бірі - конформизм. Конформизм - адамның белгілі бір топқа, қоғамға немесе жалпы қабылданған әлеуметтік нормаларға, көзқарастарға, түсініктерге, пікірлер мен мінез-құлық үлгілеріне бейімделіп, өз ұстанымдарын өзгертуі.

Конформдылықтың екі түрі бар: сыртқы және ішкі. Сыртқы конформизм адам топтың пікірін дұрыс көрмесе де, қарсы шықпай келісуі көрініс алады. Сыртқы конформизмнің өзіекіге бөлінеді. Біріншісі - көнгіштік, адам белгілі бір маселеде топқа қарсы шықпай қосылыды, екіншісі - мойынсұну, яғни адам белгілі бір бұйрықтарға бағынады. Ішкі конформизмадам топтың пікірінің дұрыстығына сенуіне байланысты ойының топтың пайдасына қарай өзгеруі [2; 53].

Л. Фестингер зерттеулерінде конформизмнің пайда болуы шындық туралы нақты ақпарат алу үшінадамның өзін басқалармен салыстыру қажеттілігімен түсіндіріледі [3; 121]. Әлеуметтік топта рөлдердің болуы тұлғаның топтағы өзін қалыптастыруына әсер етеді. Мысалы, топта қалыптасқан көшбасшының болуы жаңа топқа қосылған тұлғаның бойындағы көшбасшылық қабілеттің төмендеуіне ықпал етуі мүмін.

С. Аш анонимділіктің конформдылыққа әсерін анықтады. Егер субъектілерге көпшіліктің назарынан тыс жауап беру мүмкіндігі берілсе конформдылықтың деңгейі айтарлықтай төмендейді. Субъектілер көпшіліктің бірауыздылығына жоғары сезімталдық көрсетеді. Конформдылық жағдайының сипаты мәселенің түсініксіздігінен және топтағы адамдардың көбейюінен деңгейіартады. Яғни сыртқы факторлардың әсері тұлғаның өзіндік ойлауының белгісіздігіне байланысты болуы мүмкін [3; 122].

Н.С. Жумашева мен А.Х. Жумабаева айтуынша әлеуметтік қарым-қатынас адамның дамуының маңызды факторы. Басқалай айтқанда, басқаадаммен қарым-қатынаста адам өзін-өзі танып біліп, өзіне деген сенімге ие болаболады. Адам өзін-өзі бағалау үшін басқаның мақұлдауын қажет етеді [4; 258].

Зерттеу жұмысы. Тұлғаның әлеуметтік ортаға әсерленгіштігін анықтау үшін біз ең алдымен авторлық сауалама өткіздік. Сауалнама 12 сұрақтан тұрады. Жауап «жиі», «кейде», «мүлдем»деген жауап нұсқаларымен берілген. Бұл сауалнаманы құраудағы мақсатымыз зерттелетін құбылыс жайлы алдын аламәліметтер алу, сонымен қатар сыналушылар жайлы негізгіапараттарды жинақтау. Сонымен қатар сыналушылардың әлеуметтік ортадағы мәселелерге деген көзқарасатрын анықтау.Сауалнаманы 34 сыналушы өтті (сурет 1).

Сурет 1.

Зерттеу мәселесін тәжірбиеде анықтау үшін біз С.В. Клаучак, В.В. Деларю (1997 ж.) «Конформность-внушаемость» тұлғалық сауалнама тестін өткіздік [5; 123]. Әдістеменің мақсаты 18-21 жас аралығындағы студенттердің тұлғасына ұжымдық сананың әсерін және әлеуметтік бейімділігін анықтау.

Бұл әдіс әлеуметтік ортадағы тұлғаның рөлін анықтауға арналған. Сонымен қатар адамның әлеметтік ықпалға деген бейімділігін анықтайды.

Нәтижелерді өңдеу үш деңгейден тұрады.

Төмен конформдылық.

Орташа конформдылық.

Жоғары конформдылық (сурет 2).



Сурет 2. Студенттердің конформдылық деңгейінің көрсеткіші

Біз әдісті өту барысында тандама ретінде ЖОО студенттеріналдық, студенттердің ұжымдық сананың ықпалына қаншалықты бейім екенін анықтау әдісін өткіздік. Әдіске 34 сыналушы қатысты. Әдіс 20 сұрақтан тұрады «ия», «жоқ» деген жауап нұсқасы беріледі. Алынған нәтиже әдістегі кілт арқылы бағаланады, кілтке сәкес келген жауап нұсқаларына 1 баллдан беріледі.

Нәтижелерді өңдеу және интерпретациялау.

Зерттеу нәтижесінде 26 сыналушыда (76.5%) конформдылықтың орташа деңгейін анықталды. Бұл тұлғалар өз көзқарастарын сақтауға тырысқанымен, әлеуметтік қысым жағдайында кейде басқалардың пікірінебағынуға бейім. Топтың ережелерін сақтау мен келісімге ұмтылуды маңызды деп санайды. Жаңа жағдайларға икемділік танытады, бірақ өзінің жеке шекараларын толық жоғалтпайды. Орташа деңгейдегі конформдылық тұлғаның топтың қысымынашамадан тыс ермей, бірақ қажет болған кезде көпшілікпен келісмге келеалуы мен жеке пікірін сақтауда үйлесімділік орнатаалуы. Жоғары конформдылық 34 сыналушылар арасыннан 5 сыналушыда (14.7%) анықталды. Бұл сипаттағы адамдар жағарғы иланғыштық пен сыртқы әсерлерге сезімталдық танытады. Өз пікірінен бас тартуға бейім, басқалардың көзқарасын тез қабылдайды. Көбінде көшбасшы немесе топтық қысым әсерінен шешім қабылдауы мүмкін. Тәуелсіздік пен жауапкершілікті өзінеалудан қашқақтайды. Бұны өзін-өзі бағалауының төмендігі мен сенімсіздікке тікелей байланысты болуы мүмкін.Төмен деңгейдегі конформдылық 3 сыналушыда (8.8%) анықталды. Бұл тұлға топта тәуелсіздікке және тұрақтылыққа ие. Өз пікірін басқалардың пікірімен үйлестірмейді, өзінің ішкі принцптеріне берік. Топтық қысымға қарсы тұраалады, жеке шешімдер қабылдауда тәуелсіз.

Қорытындылай келе, конформдылықтың деңгейі тұлғаның өзіндік тұрақтылығы, сенімділігі және әлеуметтік ортадағы бейімделу қабілетімен байланысты екенін көрсетеді. Жалпы алғанда, зерттеу нәтижелері конформдылық деңгейінің тұлғаның әлеуметтік қарым-қатынастарында маңызды рөл атқаратынын және бұл көрсеткіштіанықтау арқылы жеке мінез-құлық ерекшеліктерін, шешім қабылдау үрдістерін, топпен өзара әрекеттесу сипатын тереңірек түсінуге болатынын көрсетті. Конформдылықтың қалыпты, орташа деңгейі - тұлғаның қоғаммен үйлесімді әрекет етіп, сонымен қатар өзінің ішкі дербестігін жоғалтпауына мүмкіндік беретін теңгерімді психологиялық стратегия ретінде қарастырылады. Сыналушылардың жас аралығына мән беретін болсақ, бұл жас кезеңіндетұлғааралық қарым-қатынасқаүлкен белсенділік танытады.

Зерттеу нәтижелерінің негізінде жеке тұлғаның конформдылық деңгейін ескере отырып,әлеуметтік ортаға бейімделуге тренинг бағдарламаларын ұсыну. Жоғары конформдылық деңгейіндегі жастарға өзін-өзі бағалау және шешім қабылдауда дербестікті дамытуға кеңес береміз. Сонымен қатар төмен конформдылық көрсеткішіндегі сыналушыларға топпен өзара әрекеттестікке икемділік пен эмоционалдық үйлесімділік дағдыларын жетілдіруге бағытталған қолдау қажет.

Әдебиеттер:

1. Ушкина И.А. Социологическое направление в истори изучения конформизма как социальной проблемы: особенности и представители // Электронный научный журнал «Наука. Общество. Государство». - 2014. - №4 (8). - https://cyberleninka.ru/article/n/sotsiologicheskoe-napravlenie-v-istorii-izucheniya-konformizma-kak-sotsialnoy-problemy-osobennosti-i-predstaviteli/viewer

2. Барабанов Р.Е., Блохина А.А. Конформность: классические эксперименты и современное осмысление // Вестник МИТУ-МАСИ. - 2020. - №3. - С.53-55.

3. Рыбалкина А.А. Методологические аспекты исследования конформности // Вестник Санкт-Петербургского университета. Сер. 6. - 2007. - Вып. 2. - Ч. I. - С. 121-125.
4. Жумашева Н.С., Жумабаева А.Х. Студенттердің жеке тұлғасын дамытудағы қарым-қатынас ерекшеліктері // Вестник КазНПУ имени Абая. - серия «Психология». - 2019. - № 4 (61).
5. Клаучек С.В., Деларю В.В. Разработка скринингового метода для выявления склонности к развитию индуцированных состояний // Психологический журнал. - 1997. - Том 18. - № 2. - С.123-128.

ПСИХОЛОГИЧЕСКАЯ СТРУКТУРА ОБУЧЕНИЯ: РОЛЬ ЦЕЛЕПОЛАГАНИЯ И СМЫСЛООБРАЗОВАНИЯ

Изакова А.Т.

Психологическая структура процесса обучения невозможна без осмысления таких категорий, как целеполагание и смыслообразование. Эти компоненты обеспечивают внутреннюю мотивацию учащегося, его включенность в учебный процесс и осознание личной значимости получаемых знаний. Согласно исследованиям С.М. Джакупова, целеполагание - это совместный процесс между педагогом и учеником, направленный на согласование целей и включение учащегося в смысловое поле деятельности. В программах воспитания и обучения должны быть выставлены акценты на личностное самоопределение обучающегося и формирование индивидуальной образовательной траектории, так ка они являются краеугольными в формировании продуктивной познавательной деятельности.

В подходе С.М. Джакупова целеполагание рассматривается не просто как постановка учебных задач преподавателем, а как совместный процесс формирования цели между педагогом и учеником. Такой подход:

- переводит ученика из пассивной позиции в активного субъекта обучения;
- способствует осознанному включению в учебный процесс;
- обеспечивает условия для внутренней мотивации, основанной на личностной значимости цели.

В программах воспитания и обучения целеполагание должно быть связано с развитием саморефлексии где ученик учится ставить перед собой цели, исходя из своих сильных сторон, интересов и зон развития. Это перекликается с концепцией самоопределения в обучении, где ведущую роль играет не только знание «чему учиться», но и «зачем».

Целеполагание трансформируется из внешнего учебного требования в внутреннюю, личностную задачу, принятую и осознанную учеником.

С.М. Джакупов отмечает, что «именно смысловая мотивация, а не внешняя стимуляция, является источником устойчивой учебной активности». Смыслообразование становится «ключом» к мотивации тогда, когда учебная задача приобретает личностную значимость - в ней проявляется жизненная позиция субъекта, его устремления, ценности, самоидентификация. Смыслообразование в обучении - это процесс сопоставления учебного

материала с личным опытом, интересами и жизненными ориентирами учащегося. С.М. Джакупов подчеркивает, что обучение становится по-настоящему эффективным только тогда, когда приобретенные знания обретают личностный смысл [1]. Это соответствует гуманистическим теориям, где смысл как личностное значение выступает основой для внутреннего принятия учебной информации.

В программе обучения и воспитания смыслообразование должно быть связано с такими вопросами:

- Как этот материал связан с моей жизнью?
- Зачем мне это нужно знать?
- Какие ценности я могу выразить через это знание?

Программа обучения и воспитания должна предлагать механизмы рефлексии и обсуждения, в ходе которых ученик сам определяет ценность и практическое применение учебного материала. Это может происходить через:

- ведение личных дневников развития;
- проектную деятельность;
- обсуждения, направленные на осмысление опыта и чувств;
- метафорические и арт-практики.

Такой подход делает обучение не только интеллектуальным, но и экзистенциальным - направленным на рост личности через осмысление знаний как части своего жизненного пути [2].

С.М. Джакупов рассматривает педагога как организатора смыслового поля обучения, педагог задаёт рамку, в которой ученик сам становится активным смыслообразующим субъектом:

- строит смысловую ситуацию, в которую ученик включается как субъект.
- Направляет внимание учащегося на целесообразность и значимость учебной задачи.
- Выступает как партнёр в целеполагании: помогает, но не диктует.

В программе воспитания и обучения педагогическая роль должна быть расширена до роли взрослого-наставника, который:

- помогает подростку сформулировать личную цель обучения, исходя из собственных интересов и склонностей.
- Создаёт условия для рефлексии и осознания личностного смысла происходящего.
- Сопровождает в выборе проектов, помогает увидеть связь между знаниями и жизнью.

Здесь педагог - это тот, кто не даёт готовый смысл, а помогает подростку найти свой путь.

Таким образом, педагог в этих моделях выступает не как «источник знаний», а как навигатор и партнер по смыслу. Егозадача:

- помочь ученику сформировать собственные цели;
- задать вопросы, побуждающие к рефлексии;
- создать образовательную среду, в которой ученик может искать и находить смысл;

- поддерживать «зоны ближайшего развития» не только в знаниях, но и в личностном осмыслении этих знаний.

Таким образом, целеполагание и смыслообразование являются центральными психологическими механизмами, обеспечивающими личностную включённость ученика в образовательный процесс.

Внутренняя мотивация формируется на основе осознания обучающимся личной значимости учебной деятельности, что возможно только при наличии осмысленных целей и пространства для самовыражения.

Педагог в современной образовательной модели играет роль соорганизатора и медиатора смыслов, а не только транслятора знаний. Его задача - сопровождать процесс постановки личностно значимых целей и поиска индивидуального смысла.

Научный подход С.М. Джакупова подчеркивает важность смыслового поля обучения и позиции ученика как субъекта, а практика обучения и воспитания должна показывать, как эти идеи реализуются в реальных программах, направленных на раскрытие потенциала подростков.

Формирование смысловой мотивации требует интеграции рефлексивных, проектных и личностно-ориентированных методов, где ученик имеет возможность выбирать, осмыслять и соотносить знания со своими интересами и жизненными установками.

Современное образование, нацеленное на развитие личности, невозможно без системной работы по развитию целеполагания и смыслообразования как компетенций.

Литература:

1. Джакупов С.М. Психологическая структура процесса обучения: дис. … д-ра психол. наук. - Алматы, 1998.
2. Изакова А.Т. Программа «Талант-менеджмент» [Электронный ресурс]. - Режим доступа: https://izakova.kz

ӘЛЕУМЕТТІК ЖЕЛІНІҢ ЖАСТАРДЫҢ ӨЗІН-ӨЗІ БАҒАЛАУҒА ӘСЕРІ

Кадирбай Ұ.М.
Жансерикова Д.А.

Интернет - адамзат қоғамына ықпал ететін маңызды өнертабыстардың бірі. Бұл ықпал оң да, теріс те бағытта жүруі мүмкін. Адамның өзін-өзі бағалауын қалыптастыруда сыртқы бағалаудың орны ерекше. Соңғы жылдары, әсіресе шетелдік психологияда, өзін-өзі бағалау мәселесі белсенді түрде зерттелуде. Адамдар өзін жоғары бағалауға, сондай-ақ денсаулығын жақсартуға және өмір сапасын арттыруға ұмтылады. Дегенмен, «өзін-өзі бағалау» ұғымы әлі де болса нақты айқындалып біткен жоқ. Бұл ұғым көбінесе өзіне деген сенім, өзін сыйлау, өз мүмкіндіктерін бағалау және жеке қабілеттерін қабылдау сияқты компоненттермен тығыз байланысты. Өзін-өзі бағалау - тұлға мінез-құлқының

маңызды реттеушісі ретінде саналатынын атап өткен жөн. Бұл адамның өзгелермен қарым-қатынасына, өзіне деген талап қою деңгейіне және жетістіктері мен сәтсіздіктеріне деген көзқарасына тікелей ықпал етеді. Сонымен қатар, өзін-өзі бағалау адамның әрекетінің тиімділігіне әсер етіп, оның жеке даму деңгейімен, яғни алдына қойған мақсаттарының күрделілігімен байланысты болады [1].

Егер адам өз ұмтылыстары мен нақты мүмкіндіктері арасындағы айырмашылықты дұрыс бағаламаса, бұл оның өзін-өзі шынайы бағаламауына, яғни мінез-құлқында сәйкессіздік пен үйлесімсіздік туындауына әкеледі. Мұндай жағдайда адам мазасыздық сезініп, эмоционалды тұрғыдан күйзеліске түсуі мүмкін.

Қазақстандық зерттеушілер де бұл мәселені кеңінен қарастырып жүр. Мысалы, психолог Б. Мұқанова жастардың өзін-өзі бағалауы мен оларды қоршаған әлеуметтік орта арасындағы өзара байланысты терең зерттеп, әлеуметтік желілер арқылы жүретін виртуалды байланыстардың жас адамның эмоционалды және когнитивтік дамуына ықпал ететінін дәлелдеген. Ал, Қ. Жарықбаев өзінің еңбектерінде адамның өзін-өзі тануы мен бағалауына отбасындағы тәрбие, мәдениет пен этнопсихологиялық факторлардың әсері зор екенін атап көрсетеді. Бұған қоса, Абай атындағы ҚазҰПУ ғалымдары Г.К. Кусаметова мен О.Б. Баймұрат «Өзін-өзі төмен бағалаудың салдары және оны жеңу жолдары» атты мақаласында әлеуметтік желілерде шынайы өмірден алшақ, мінсіз бейнелердің жиі ұсынылуы жастардың өз-өзіне деген сенімсіздігін арттырып, қорқыныш пен ішкі күйзеліс тудыруы мүмкін екенін көрсеткен [4]. Бұл отандық еңбектер әлеуметтік желінің жастар психологиясына ықпалын дәлелдей отырып, алдын алу тетіктерін айқындауға негіз болады.

Зерттеуші У. Джеймс, К. Левин, Э. Деци және Р. Райан батыс мәдениетінде адамның өзін-өзі бағалауы маңызды психологиялық ресурс ретінде қабылданатынын айта келе, бұл қасиеттің адам өмірінің барлық кезеңінде үздіксіз дамып отыратын динамикалық үдеріс екенін баса көрсетеді. Аталған үдеріс өзін-өзі бағалаудың әр құрамдас бөлігі арқылы ерекше бағытта дамып, осының нәтижесінде бұл ұғым күрделі құрылымға ие жүйелі феномен ретінде сипатталады [4].

Өзін-өзі бағалау мен ұмтылу деңгейі арасындағы байланыс Курт Левиннің еңбектерінде талқыланды Баланың өзін-өзі бағалауына ерекше назар аудару керек, өйткені ондағы барлық нәрсе әлі қалыптасып, оңай өзгереді. Отандық ғалымдар балалар мен ересектердің өзін-өзі бағалауын да зерттеген.

"Өзін-өзі бағалау" ұғымын енгізген бірінші адам Уильям Джеймс болды. Ғалым тұлғаның жеке теорияларын дамыта отырып, адамның өзінөзі бағалауын философиялық көзқарастардың призмасы арқылы қарастырды [2].

Ал, американдық әлеуметтік психолог Леон Фестингер адамдар өздерін басқалармен салыстыруарқылы өз деңгейін, жетістігін, құндылығын бағалайды деп түсіндіреді. Бұл процесс әлеуметтік желілерде бұрын-соңды болмаған деңгейде жиі қайталанады. Себебі желілердегі жазбалар, фотолар мен бейне

материалдаршынайы өмірдің емес, көбінесе әдемі «қапталған», сүзгіден өткен нұсқасы ғана [4].

Көпшілік желі қолданушылары өздерінің ең сәтті, әдемі, жарқын сәттерін ғана бөліседі. Ал мұны көрген басқа адамдар өздерінің қалыпты өмірін сол «мінсіз» өмірмен салыстырып, өзін төмен сезінуі мүмкін. Бұл жағдай - әсіресе жасөспірімдер мен өзін әлі толық танып үлгермеген жастар арасында жиі кездеседі.

В. Штраус пен Н. Хоудың танымал ұрпақ теориясына сәйкес, соңғы 30 жылда туылған адамдар мыңжылдықтар мен зумерлердің ұрпақтары деп аталады. Мыңжылдықтардың ерекшелігі-олар ақпаратты дәстүрлі БАҚ арқылы емес, Интернет арқылы қабылдайды. Биптер әлеуметтік медианы белсенді пайдаланады және көбінесе интернетке тәуелділіктің белгілерін көрсетеді [3].

Зерттеу әдісі.

Зерттеу барысында мен Розенбергтің «өзін-өзі бағалау» шкаласын 18-22 жас аралығындағы 25 адамға өткізген болатынмын.

Өзін-өзі бағалауға арналған тұлғалық сауалнаманы 1965 жылы М. Розенберг ұсынған. Розенбергтің өзін - өзі бағалау шкаласы-бұл өзін-өзі бағалау деңгейін және белгілі бір дәрежеде өзін-өзі бағалау деңгейін өлшеуге арналған жеке тест. Розенберг сынағы 10 пайымдаудан тұрады, олардың әрқайсысына төрт градация жауаптар ұсынылады. Жалпы бұл шкаланың мақсаты: «Мен» бейнесінің эмоционалды-аффективті компонентінің даму ерекшеліктерін анықтауға көмектеседі.

Сурет 1. Розенберг шкаласы бойынша өзін-өзі бағалау шкаласының шкаласы

Зерттеу нәтижелерінеде көрсеткендей 25 адамның ішінде:

- 40% (10 адам) өзін жоғары бағалайды, өз-өздеріне деген сенімділіктері жоғары,өмірлік қиындықтарға төтеп бере деген қабілеті жоғары.
- 45% (11 адам) өзін орташа деңгейде бағалайды, өзіне деген сенімділік пен сеніміне күмән арасындағы теңдіктін барын білдіреді.
- 16% (4 адам) өздерін төмен деңгейде бағалайды, сонымен қатар өзін-өзі қабылдау мен сенімділігі төмен екенін байқауға болады.

Қорытынды.

Қазіргі цифрлық дәуірде әлеуметтік желілер жастардың күнделікті өмірінің ажырамас бөлігіне айналды. Олар ақпарат алмасу, қарым-қатынас орнату және өзін-өзі таныту үшін тиімді құрал бола отырып, жастардың психологиялық дамуына, әсіресе, өзін-өзі бағалауына елеулі әсер етеді.

Зерттеу барысында әлеуметтік желілердің жастардың өзін-өзі бағалауына екіжақты әсері анықталды. Бір жағынан, әлеуметтік желілер шығармашылықты дамытуға, пікірлес адамдармен байланыс орнатуға және өз жетістіктерін көрсетуге мүмкіндік береді. Бұл жастардың өзін-өзі бағалауын арттыруға ықпал етуі мүмкін. Екінші жағынан, әлеуметтік желілерде идеалдандырылған өмір салтын көрсету, үнемі басқалармен салыстыру және виртуалды мақұлдауға тәуелділік сияқты факторлар жастардың өзін-өзі бағалауына теріс әсер етуі мүмкін. Бұл жағдайлар мазасыздық, депрессия және өзіне деген сенімсіздікке әкелуі ықтимал. Сондықтан жастардың әлеуметтік желілерді саналы және сындарлы пайдалануын қамтамасыз ету маңызды. Бұл үшін цифрлық сауаттылықты арттыру, психологиялық қолдау көрсету және әлеуметтік желілерде позитивті контентті насихаттау қажет. Сонымен қатар, жастардың өзін-өзі бағалауын нығайту үшін шынайы өмірдегі жетістіктерге мән беру және жеке дамуға бағытталған іс-шараларды қолдау маңызды.

Қорытындылай келе, әлеуметтік желілер жастардың өзін-өзі бағалауына елеулі әсер етеді. Бұл әсердің оң немесе теріс болуы әлеуметтік желілерді қалай пайдалануға байланысты. Сондықтан жастардың цифрлық ортада өзінөзі тануы мен бағалауын қолдау үшін кешенді шаралар қолданумыз қажет.

Әдебиеттер:

1. Молчанова О.Н. Личность-Время-Самооценка // Психология здоровья и личностного роста. - 2008. - №4. - С. 21-32.
2. Кусаметова Г.К., Баймұрат О.Б. Өзін-өзі төмен бағалаудың салдары және оны жеңу жолдары. - https://bulletin-psychology.kaznpu.kz/index.php/ped/issue/view/21/126
3. Джеймс У. Психология. - М.: Педагогика, 1991.
4. Young Kimberly S., de Abreu C.N. Internet Addiction: A Handbook and Guide to Evaluation and Treatment. - Wiley, 2010. -312 p.

ӘЛЕУМЕТТІК ЖЕЛІ САЛДАРЫНАН ӨЗ «МЕНІН» ЖОҒАЛТУ

Каузова Б.Т.
Бурленова С.О.

Қазіргі заманда әлеуметтік желі қоғам өмірінің маңызды құрамдас бөлігіне айналды. Ақпараттық технологиялардың үдемелі дамуы мен виртуалды кеңістіктің кеңінен қолжетімді болуы адамдар арасындағы өзара әрекеттесу мен өзіндік сананы қалыптастыру тәсілдерін едәуір өзгеріске ұшыратты. Әлеуметтік желі адамдар мен топтардың өзіндік мәдениетін, тұлғалық ерекшеліктерін қалыптастыратын үлкен медиаға айналуда [1; 200-201]. Тұлғалық ерекшеліктерді қалыптастыру үдерісі - бұл өз «Менін» тануға мүмкіндік

беретін, дүниетаным мен әлеуметтік дағдыларын жетілдіретін, индивидуалды қасиеттерін дамытатын көп қырлы құбылыс [2; 159]. Дегенмен, әлеуметтік желі жеке тұлғаның индивидуалды бейнесін қалыптастыруға мүмкіндік бергенімен, оның шамадан тыс пайдаланылуы тұлғаның шынайы өзіндік болмысынан алшақтауына және жасанды, идеалды «Мен» концепциясын басымдыққа қоюына ықпал етуде.

Бұл құбылысты психологиядағы бірегейлік феноменімен байланыстыруға болады. Бірегейлік пен өзіндік «Мен» егіз ұғым ретінде қолданылады. Психолог У. Джеймс ұсынған бірегейлік ұғымы адамның физикалық және рухани қасиеттерінің жиынтығын сипаттай отырып, оны өмірлік маңызды факторлармен байланыстырады. Кейін бұл теория кеңейтіліп, адамның өзін-өзі тануы, әлеуметтік және мәдени ортамен сәйкестенуі секілді аспектілерді қамти бастады [3].

Э. Эриксон өз еңбектерінде бірегейліктің даму кезеңдерін жүйелеп, жас ерекшеліктерінің тұлғалық қалыптасудағы рөлін айқындады. Ол жасөспірімдік кезеңді «Мен» бейнесінің толық қалыптасу кезеңі ретінде қарастырды [4,5]. Бірегейлік жайлы зерттеген ғалымдар теориясы көптеп кездеседі, соның ішінде қазақ ғалымдарынан М. Мұқановтың еңбектерін атап өтуге болады, оның теориясына сәйкес тұлғаның өзіндік санасы мен бірегейлігі әлеуметтік және мәдени факторлар негізінде құралады.

Негізгі мәселеге оралатын болсақ, басында айтып өткендей қазіргі таңда әлеуметтік желі тұлғаны қалыптастырудағы маңызды факторлардың бірі болып табылады. Виртуалды кеңістікте кеңінен берілетін ақпарат «идеалды адам» мен «идеалды өмір» бейнесін көрсету негізінде жүзеге асады, берілген материалдар менжеке тұлғаның бірегейлігі, өзін-өзі бағалауы және әлеуметтік ортадағы мәртебе деңгейі өзара байланысады. Сонымен қатар, тұлға бойында салыстыру механизміде белсенді жүзеге аса бастайды, өзін әлеуметтік желі жұлдыздарымен салыстырады. Бұл жағдай тұлғаның шынайы «Менінен» ажырауына алып келеді, яғни өзінің шынайы болмысын ысырып әлеуметтік желідегі «тренд»-ке сәйкестендіріп жасанды бейнесін қалыптастырады.Бұл көбінесе жасөспірімдер мен жастар арасында кездеседі, себебі бұл жаста сыртқы бағалауға, әлеуметтік нормалар мен стереотиптерге тәуелділік күшейіп, адам өзін-өзі түсінуі, әлеуметтік ортадағы орнын анықтау процесі күрделене түседі. Мұндай жағдайда тұлға өзінің мінез-құлқын, қызығушылықтары мен қалауларын, құндылықтарын айналасындағылардың қабылдауына қарай бейімдейді.

Осы тұжырымдамаға сүйене отырып зерттеу жұмысы жүргізілді. Зерттеудің негізгі мақсаты- тұлғаның өзіндік бірегейлігіне, «Мен» бейнесіне және өзіне деген қарым-қатынасына әлеуметтік желініңбайланысын анықтау және салыстырмалы түрде талдау. Зерттеуге таңдама ретінде 19-22 жас аралығындағы 40 сыналушы қатысты. Зерттеу барысында сыналушылардың әлеуметтік желіні пайдалану жиілігін және оның салдарын анықтау мақсатында авторлық құрастырылған сауалнама қолданылды. Бұл сауалнама әлеуметтік желіге кіру жиілігін, қолдану ұзақтығын, негізгі мақсаттарын және

эмоционалды күйін сипаттау аспектілерін қамтиды. Сауалнама нәтижесіне сәйкес, зерттеуге қатысқан сыналушылардың ішінде әлеуметтік желіні сирек пайдаланатындар саны басымырақ болды. Атап айтқанда, 25 сыналушы (63%) әлеуметтік желіні белсенді пайдаланбайтындығын және оның өмірлерінде маңызды рөл атқармайтынын көрсетсе, қалған 15 сыналушыда (37%) әлеуметтік желіге тәуелділік және өмірлерінде маңызды рөл атқаратыны байқалды. (1-сурет).



1-сурет. Әлеуметік желіні пайдалану.

Сыналушылар арасындағы айырмашылықты айқындағаннан кейін, әлеуметтік желі мен тұлғалық ерекшеліктер арасындағы байланысты тереңірек зерттеу мақсатында В.В. Столиннің «Өзіне деген қатынас» (самоотношение) әдістемесі қолданылды. В.В. Столин бойынша, өзіне деген қатынас - өзінің маңыздылығы мен құндылығын қабылдау, өзіне жанашырлық таныту және өзін-өзі тануға, дамытуға ұмтылу. Бұл әдіс адамның өзіне деген қатынасын көпқырлы деңгейде бағалауға мүмкіндік береді және жалпы өзіндік көзқарастың үш негізгі деңгейін анықтауға бағытталған:

- жалпы өзіне деген қатынас;
- өзін-өзі құрметтеу мен өзіндік бағалауға негізделген қатынас;
- өзіне деген қызығушылық пен күту қатынасы, адамның «Меніне» қатысты нақты әрекеттер деңгейі.

Әдістеме 57 сұрақтан және «келісемін» немесе «келіспеймін» жауап нұсқаларынан құралған. Сауалнама нәтижелері тұлғалық ерекшеліктерін сипаттайтын үш деңгей бойынша интерпретацияланды: тұғалық ерекшеліктің адам бойында көрініс таппауы, қалыпты деңгейде көрініс беруі және айқын көрініс беруі. Бұл әдіс әлеуметтік желіні пайдалану жиілігі мен тұлғаның өзін-өзі қабылдауына байланысты психологиялық корреляцияларды айқындауға мүмкіндік берді.

Зерттеу нәтижелерін салыстырмалы түрде талдай келе, әлеуметтік желіні пайдалану жиілігі мен тұлғаның өзіне деген қатынасыны арасында белгілі бір

деңгейде байланыс бар екені анықталды. Жалпы өзіндік қатынас көрсеткішінің тұлға бойында көріну деңгейін қарастыратын болсақ, әлеуметтік желіні жиі пайдаланатындар арасында бұл көрсеткіш көрініс бермейді, сыналушылар арасында бұл 66,7% құрады. Ал, әлеуметтік желіні сирек пайдаланатын сыналушыдарда бұл көрсеткіш керісінше мәнге ие, яғни айқын көрініс береді, пайыз көрсеткіші бойынша 60% құрады. Диаграммада берілген мәліметтерді салыстыра отырып әлеуметтік желі салдарынан тұлғаның өз «Менін» жоғалтуы мүмкін екенін айтуға негіз бар. Нәтижеге сәйкес салыстырмалы көрсеткіштері 2-суретте және 3-суретте көрсетілген.



2-сурет. Әлеуметтік желіде белсенді адамдардың өзіне қатынасы.



3-сурет. Әлеуметтік желіде белсенді емес адамдардың өзіне қатынасы.

Қазіргі қоғамда әлеуметтік желі тұлғаның психологиялық даму үдерісінде, өзіндік сана мен бірегейліктің қалыптасуында маңызды факторға айналды.

Жүргізілген зерттеу нәтижелері әлеуметтік желіні қарқынды пайдалану мен тұлғаның өзін-өзі қабылдауы және «Мен» бейнесі арасында байланыс бар екенін көрсетті Әлеуметтік желі мазмұны арқылы қалыптасатын «идеалды» бейнелер жеке тұлғаның шынайы болмысынан алыстап, өз-өзіне деген қатынастың бұрмалануына алып келеді. Сауалнама мен психодиагностикалық әдістер нәтижелері әлеуметтік желіні сирек пайдаланатын тұлғаларда өзіндік бағалау мен бірегейлік деңгейінің анағұрлым жағымды сипатта көрініс табатынын көрсетті. Сонымен қатар, әлеуметтік желіні шектеулі пайдаланушылардың өздеріне деген құрметі мен психологиялық тұрақтылығы жоғары деңгейде байқалды.

Осылайша, әлеуметтік желілердің тұлғалық дамуға ықпалын ескере отырып, оны қолданудың шектеулі әрі саналы болуын қамтамасыз ету қажеттілігі туындайды. Бұл, әсіресе, жасөспірімдер мен жастар үшін маңызды, себебі оларда тұлғалық және әлеуметтік идентификация үдерісі әлі де қалыптасу сатысында. Зерттеу нәтижелері аталған мәселені психологиялық, педагогикалық және әлеуметтік тұрғыда тереңірек қарастыру қажеттігін айғақтайды.

Әдебиеттер:

1. ҚахармановаА.З., Исаева Ж.И., Тасполатов Б.Т. Қазақстандағы әлеуметтік желі коммуникациясы: лингвостилистикалық аспект // Ясауи университетінің Хабаршысы. - 2025ж. - №1(135).
2. Айтенова Э.А., Жигитбекова Б.Д., Ешенкулова Д.Б., Манабаева С.Е., Ізтұяқ А.А. Әлеуметтік желілердің жеткіншектердің дамуына психологиялық әсері // Абай атындағы ҚазҰПУ Хабаршысы. «Педагогика және психология» сериясы. - 2024. - №4(81).
3. Кобзева О.В. Феномен идентичности в психологии. https://cyberleninka.ru/article/n/fenomen-identichnosti-v-psihologii/viewer
4. Эриксон Э. Идентичность и цикл жизни / ауд. Т. Зверевич. - СПб.: Питер, 2023.
5. Рассказова Е.И., Тхостов А.Ш. Идентичность как психологический конструкт: возможности и ограничения междисциплинарного подхода // Московский государственный университет имени М.В.Ломоносова. - 2012. - № 26.

GENERATION Z IN KAZAKHSTAN IN THE LIGHT OF PSYCHOANALYSIS

Кудиярова А.М.

I will talk about Generation Z. It is a psychoanalytically informed discussion from my experience in Kazakhstan as a clinician and supervisor/teacher for many decades. I also have a background in pedagogy and am actively involved in educating the public and giving consultations to policymakers.

IMPORTANT CULTURAL POINTS:

Just a few pertinent points on this old culture that is going through rapid changes in the last few decades. The 1980 s were a turning point. With the increased domination of globalization, collapse of Soviet system, Kazakhstan became a land of

massive shifts. From the long traditional/soviet mixture to a future that is still shaping up. It is a change that encompasses all aspects and layers of social life.

The loss of a long Soviet/Kazakh tradition left a quite palpable sense of mourning of the past and evokes deep anxieties and hopes of an unknown feature. This intense emotional undertone has become a defining feature of Modern Kazakhstan social culture. Westernization, the increasing impact of state-controlled market economy is a new major trend. The other new trend is the backlash to modernization in the masses that lead to increase in Islamic Fundamentalism of the Wahhabi tradition which is the strictest interpretation of Islam.

These are the major trends that puts the Kazakh youth, who are living through their formative years under considerable strain. They are at a developmental phase that is ordinarily confusing, as Erikson has pointed out so eloquently with the term "identity confusion". And their challenges are multiplied by the fact that, added to their internal confusion over identity formation, the external world, the family, peer groups and larger society is highly unpredictable. So personal "identity confusion" is developing in the most unfortunate environment of social "identity confusion". There is no stable referent of a social or individual identity format to build on and differentiate from. And this leaves adolescent in a very difficult space. Unlike my generation, life is perhaps freer in certain ways but also more confusing because the loss of perhaps oppressive but cohesive social norms, expectations, and morality that they can identify with and fight against in the process of finding, defining who they are. As you call it in American language a "double whammy".

As psychoanalytic clinicians with a sense of citizenship and social responsibility, we try to talk and write a lot about these issues, the growing pains of our adolescents and the growing pains of our motherland, Kazakhstan. I personally wrote a few books about these issues and we as an institution, besides our regular training, try to have some impact on the discussions that are going on. In fact, in a few weeks I will, with my colleague Sagman give two papers on preschool education in Kazakhstan at a Presidential sponsored international conference that will be held in Astana, our capital. So, this is roughly how one lives as a psychotherapist, a psychoanalyst in my country and it is quite fulfilling to see that there is significant interest in what we can bring to the society, both on an individual level and on a societal level.

GEN Z. IN KAZAKHSTAN

I will, for the purpose of this conference, try to simplify some aspects of the social reality, so apologize for that. In a way, what I will portray is almost a mythic image, a fantasy image of "Kazakh and Kazakhstan", but these mythic images are core definitions of every nation and give an interesting entry point to dynamics of individuals and the family and society. So please keep in mind that this is an ordinarily distorted, simplified story of how Kazakhs see themselves, with occasional reference to facts. These are fantasy creations in the psychoanalytic sense because they motivate behavior of Kazakhs. I believe a central American mythology is Americans are "good" people and America is a "good" country. Quite a simplification of human complexity, but good psychoanalytic material to think about anyways.

So here are the half mythology/fantasy half true points that will give you an idea

about how Kazakhs define the world and live a life motivated by these primitive fantasies, theories of Kazakhs. And how I as a western educated Kazakh psychoanalyst think about these interesting times of my country.

First a fact. Depressed and grieving, anxious parents are quite common in Gen Z. If we take into account that this Gen was born between 1995-2000, it is clear that they are either children, or children of children of Perestroika, Crisis, and Independency. You remember the Chinese curse: "Live in an era of change". This sounds so true in Kazakhstan. The soviet era people had comparatively stable lifestyle and thus stable personalities. A very opposite mood was observed during the Perestroika and following crisis: increased amount of depressed and suicidal people, many cases of aggressive behavior because of unclear ideological, cultural values and uncertainty in the future. By the way, in Sanskrit "freedom" means "uncertainty", "unfreedom" means "certainty".

Second fact, significant portion of Gen Z has increased number of divorced parents. So, Gen Z is inter-generationally traumatized. In Kazakhstan there were 230 divorces per 1000 marriages in 1990, In 2020 it was 373 divorces per 1,000 marriages.

Gen Z has a non- cohesive, ill-defined set of values. The soviet era people had comparatively clear values because of a solid sense of confidence in the future, and a clear interpretation of the world through the well-developed, powerful soviet ideology. It was dogmatic, but it was a clear formulation of life and society.

Our beliefs are vital in having a sense of identity, a sense of belonging. Trust in the natural functioning of one’s own body; in the continuity of the self; in the reality of the outside world; in the consciousness of others. Without that, it will be difficult to fully inhabit one’s own life. To believe, one must be able to place one’s trust not only in others but also in oneself. The etymology of the word "confidant", *cum-fides* (with faith), precisely says this.

The modern society in which we live nowadays in Kazakhstan has lost that sense of somewhat illusory sense of clarity, meaning and purpose. It is slowly but surely conditioning women and men - children or adults - to a world where whatever we desire must be available for ownership, it is moving from a utopian (or you may call it a dystopian) society to a consumerist society. An unlimited range of consumer products are offered through TV and internet. In this context, Gen Z is an infant who would like to get anything he or she desires right now, immediately.

The negative effects are then experienced: a feeling of going round in circles, risk taking, low self-esteem, depressive elements, and associated pathologies (alcoholism, widespread substance abuse, sex addiction, etc.). We note reactions of intense depression when the object or situation has not been satisfied. The subject then feels empty and will have a tendency to treat the desired product, an iPhone, laptop, a bag, or watch becomes the object of libidinal satisfaction and narcissistic nurturance.The loss of belief in the positive effects of a relationship, the loss of hope in others, progressively makes one become sad and perennially empty. Consumerism, narcissistic and libidinal ties to purchasable commodities are bad nourishments like empty calories. They need frequent replenishment and thus the obesity of adolescent

psyche emerges. Or another parallel is as fast-food industry is increasing, fast satisfaction of the soul and the body is growing in parallel to it. Side by side with increasing eating disorders, which were very rare during my youth. Reactions of shame, disgust, and guilt often present in small, underdeveloped islands these subjects.

In contrast to feeling deeply ashamed to talk about their inner lives, which was characteristic of the previous generations this generation is not afraid of a psychologist; they somehow know the difference between a psychiatrist, a psychologist, and a psychoanalyst. They are perhaps a bit counter - ashamedly are too comfortable in talking about themselves. In fact, one may say that they just talk about themselves, take selfies, record their dances to YouTube, and become TikTok standups. It is common to see these mini celebrities flourish like fungi after a rain, very sudden, thousands of them, with beautiful designs and colors. But they perish with the same speed.

In this accelerated society, we lost the deep sense of shame that characterized us. It was perhaps inhibiting our minds, and creativity but the current lack of shame produced plenty pseudo creativities, plenty of narcissistic bubbles that burst very quickly.

This may be similar to the post World War II culture of USA, where, following the horrors of the bloody conflict that impacted the whole country deeply, shame was almost banished and people were living life to its fullest extent, to use the concept as an analogy, under the "pleasure principle". In contrast to the rather boundless lifestyle of Gen Z, their parents and grandparents still are against the word "psyche" because of traditional sense of privacy and also because of the soviet heritage of punitive psychiatry.

Gen Z's sexual literacy and knowledge are higher than of previous generations.

On sex education, let me start with a Soviet anecdote. In the Soviet Union there were lessons to prepare the students for family life. A teacher comes to the class and says "Children, we're going to study love. Love between a man and a woman is familiar to all of you, so we will not talk about that. Love between a man and a man is not good love, we will not talk about that either. Love between a woman and a woman is not a good love, we will not talk about that too. But we will talk about love for the motherland". Often students who were found out to be in love with a classmate could be paraded in front of the whole school and ridiculed.

Now in contrast to the tragic and comic scene above, in current day Kazakhstan, and probably all around the world, teachers aren't in much need. Because of the teacher of all, Professor Google – the source of ultimate knowledge and wisdom, that miraculously fits into our pockets, bags, or our palms. The holiest book of 21st century that happens to be a movie theater, a camcorder, and many other things.

Consumer research shows that in Kazakhstan the terms "sex", "love", "porn" is at the top of all searches in Google. Access to pornography has become a few screen touches away. We are far from the times when kissing scenes were simply cut from movies. Sexuality has become recreational, and even imperative. Once banned by the

prohibitive aspect of our superegos, now has shifted to the other side of the superego coin and has become proscribed. "Unlimited pleasure is a must!" Gen Z give to "sex" objects the same status as any other product.

In parallel, sexual excitement is increasingly distanced from the loving feelings associated with a relationship. The fact of loving implies both an encounter and sharing. Loving someone else has the particular power of being able to move a person away from a regressive position of narcissistic omnipotence. As we well know loving an other and loving self is intimately connected and inter dependent. When the mutuality of love is tarnished when sexuality becomes mainly an act of bodily satisfaction, it may lead to pathological forms of narcissism.

PARENTS

Soviet children had to obey the authority of parents and teachers unconditionally. The opinion of children was practically disregarded by either. There could be no friendship between parents and children, not even such a formulation was put. Parents almost always sided with teachers. The primary duty of children was to study. Good studies ensured higher education, a job and career, housing for a young family, a place in the rarity of the times - the kindergarten.

The word personality was, of course, known. But few people understood it as an independent individual. The implicit, widespread understanding was, even though it was not worded that explicitly, a child was the property of his parents. Parents decided where to study, what club to go whom to befriend, whatspecialty to enter the university.

Generation Z got more freedom, thanks to perestroika and the establishment of our sovereign state.But freedom became abandonment by the ordinary morality, expectations, rules of parents because of the simple fact that parents were spending inordinate times away from home. They were always busy, tryingto make a living in an impoverished society that was in acute and continuous crisis. The number of psychological literatures, books on business, on self-made personalities had already increased. This was filling the vacuum of lost parental guidance. And teenagers began dropping out of school to work, make money. What felt like freedom was actually a boundless chaos where these youngsters had no guidance. Tyranny of rigidly ruled despotism now was replaced by tyranny of rule less neoliberalism. Despotic state had disappeared, and despotic markets were now the masters. These clearly were reflected in the character organizations of the new generations. Superego was the sole master, now id had replaced it.

PEER GROUPS

Girls use social media more often, giving them additional opportunities to feel excluded and lonely when they see their friends or classmates getting togetherwithout them, when anxiously await the affirmation of comments and likes. Social media give middle - and high-school girls a platform on which to carry out the style of aggression they favor, ostracizing and excluding other girls around the clock.

The Gen Z is deeply interested in being on the stage. For the first time in human history, everyone has a chance to become an actor of the stage. There are you tube Tik Tok celebrities, Masses have a chance to play, sing, dance, upload it and assume

they are very creative and famous. And they sometimes are. Social media has created a tsunami of news as much as tsunami of misinformation quite often political. Wealth and identities are stolen over internet, millions can be transferred, electionscan be interfered with it is a world of mythology, drama, tragedy. And this fits very well with the fantasy world of teenagers and young adults who are already in that zone. It embellishes, expands, distorts, enriches their world of active imagination. A world that is dominated with what we call primitive defensive patterns A new person can be strongly idealized: presenting no failings, doted on with all possible qualities, they are apprehended as being "perfect". So, there is a base for fanatism, either in religion, in sport or in art.

THE INTERNET AND FUTURE

Gen Z spends a lot of time on their smartphones.

81,9%. Kazakhstani people use the Internet. Average teenager spends 3 hours/day on the phone. Kazakhstanis spend an average of 255 minutes a day using the Internet and watching TV for about 272 minutes a day.

An essential aspect of human mind, talking with others for various purposes from gossiping to having important debates, is now done through an intermediary - internet, zoom, WeChat, WhatsApp. As a benign intermediary internet brings an enormous capacity for exchanging information. Yet, like any other technical innovation, it moves out of the bounds of its neutral technical, intermediary function and becomes a shaper of human relations. The facilitator becomes the distorter.

One can question the ever-more important role of the Internet as a new educational tool, its effects on the psychic apparatus in its capacity to imagine or fantasize, e.g., be creative. The danger is that external images come little by little to replace fantasies (produced from within). The subject, thus, passes from an active role (implied in phantasmatic production or in the imagination) to passivity in thinking, in livingthepower of images is constantly growing, screens (television, internet, telephone, etc.) have replaced books and notebooks.

There is a clear, accumulating evidence even with very basic research. Teens who spend more time than average on screen activities are more likely to be unhappy, and those who spend more time than average on non-screen activities are more likely to be happy. At the generational level, when teens spend more time on smartphones and less time on in-person social interactions, loneliness is more common. Intense usage of the Internet without regulation could be contributing to the increase in suicide and mental illness among teens today.

The more time teens spend looking at screens, the more likely they are to report symptoms of depression. Their risk of depression increases by 27 percent, while those who play sports, go to religious services, or even do homework more than the average teen cut their risk significantly.

Teens who spend 3 hours a day or more on electronic devices are 35 percent more likely to have a risk factor for suicide, such as making a suicide plan. One piece of data captures kids' growing isolation. Since 2007, the homicide rate among teens has declined, but the suicide rate has increased. As teens have started spending less time together, they have become less likely to kill one another, and more likely to kill

themselves. In 2011, the girls suicide rate in Kazakhstan was higher than ever.

Internet addiction is becoming a social problem, almost like an epidemic. This addiction allows Gen Z to avoid any real encounter with others. So, we must be prepared to meet two types of relationship anxiety: an anxiety of intrusion and an anxiety of abandonment. The problematic of attachment becomes unbearable.

The Gen Z uses the mechanism of splitting, denial that permits the exclusion of the field of consciousness and facilitates the isolation of those representations or affects that are not in keeping with the ideal self-image. Everything that might fragilize the psychic life by its contradictory character is evacuated. A loss, a grieving process, a separation, for example, might in such subjects provoke reactions in which there is no apparent suffering but masked depression.

The sociological study based on a survey of 1000 young people aged 14 to 17 years in 2017 asks teens how happy they are and how much of their leisure time they spend on social interaction using social media, texting, and browsing the web. Survey showed the most significant values are health (10.3), family (10.1), and freedom (9.7).

The importance of health characterizes all representatives of Generation Z. And consumption in this area will increase as young people realize that maintaining health in a modern lifestyle requires more effort. Success criteria will continue to shift from material values towards intangible ones. Taking care of your health will take one of the main places. And in this value system, Coca-Cola may not occupy the place it currently occupies, since it is not a healthy drink.

In Kazakhstan, for representatives of Z, the importance of family and family relationships remains high, but they will fade into the background, and attention will shift towards social values - career and well-being.

The group of highly cultured people, for whom education, spirituality, and personal development are a high priority, will shrink. Kazakhstani youth put the categories "creativity" (8.8) and "friends" (9.0) in last place on the list of values.

SAMPLE OF GENERATION Z

I will briefly describe two of my patients, a man, and a woman. Both had suicidal attempts, born in 1996. H's parents divorced when he was 1.5 years old. S.'s parents divorced when she was 5 years old. He is from East Kazakhstan. She is from Southern Kazakhstan. Both have bachelor's degrees. Both speak many languages: Kazakh, Russian, English, Turkish and French. Both have not communicated with their fathers since the divorce. After graduating from high school, she lives in Almaty, the former capital of the country. He lives either in our new capital Astana or in Almaty. For the first years, both had unstable jobs. But for the last 3 years, S has been working at the same firm. He started studying the master’s program at our University No. 1.

S started her psychological counseling right after graduating from high school. The first years were just temporary meetings. Three years ago, she started her group therapy in my small therapeutic group.

He came to visit me after graduation. After the first interview, he disappeared. But then, about 1.5 years later, he came back. He even moved to my city. He has

been in my small therapy group for the last 2 years.

S is more stable because she was older when her parents divorced. She used to live in her grandmother's large family, with her uncles and other grandchildren. Her mother participates in her own group therapy, even if it is not regular. Mother has never officially dated any man.

H is even more ruined because his mother used to drink and changed partners several times.

Both are very aggressive; they can express their hatred towards me and my methods very openly and directly. Sometimes this infuriates the older members of the group. Even though the older members of the group are familiar with the rules of group therapy, they cannot so vividly express any negative emotions towards me, because I am a respected elder person.

She met her father after three years of irregular consultations. The meeting disappointed her, as her father was afraid of his current wife, because she was against their meetings. But she constantly had a split: her dad was very warm and kind as a child, shared his secret with her.

When H. studied in the 4th, he was bullied and sexually abused by 4 teenagers from the 9th grade. I think from that day on he fell into a narcissistic rage and dreamed of revenge. At the same time, he was experiencing sexual arousal. We linked his desire to find a homosexual partner with his longing for his father. Most recently, he visited his father's city and had a relatively warm conversation. He revealed his sexual orientation. Even if his father seemed to be a religious man these days, he said that in any case he was his son.

SOME ADVICE TO PUBLIC "BANNING THE SCREEN"

I consulted to public regularly for the last 25 years. Kazakhstan is becoming a psychoanalysis friendly country. Both as a population and as the governmental officers. This was one of the results we had discussed on the TV and radio shows. Sagman and I will be presenting in a government conference. We as psychoanalytic clinicians collaborate colleagues from pedagogy, sociology, anthropology, epidemiology, and public health through their resistance and mistrust. It is an exciting and fulfilling partnership. I do a substantial amount of psychoanalytically oriented research that has social implications. I just returned from Vienna where I presented a new research project on how to work psychoanalytically with "infertility" that touches the deep layers of personality and also many aspects of the place of women in Kazakh society. Similarly, in Spring of 2024, I will hopefully be presenting in Sydney in an international psychoanalytic conference about a similar topic with colleagues from Thailand. And a colleague of mine will present in the same panel about the painful issue of childhood sexual abuse which is sanctioned by some extreme interpretations of religious political fanaticism that is finding a fertile ground in the midst of the cultural chaos. It is my understanding that USA is going through massive cultural shifts, and you are experiencing your fair share of extremism, side by side with hopeful promising developments in this unique country. That sounds very familiar and gives me a sense that our globe is a small place, and our struggles have more similarities than differences.

Going back to what we can do as psychoanalysts in Kazakhstan. For the purposes of public education, besides doing research closely related to these issues that are at the juncture of social and individual, I try to find an advice that could easily be remembered, I try to make it simple. I tell Kazakh adolescents and their families the following: For a happier adolescence, put down the smart phone, turn off the laptop, and **do something that does notinvolve a screen**. And do it with your friends or family.

At least some hear us. Thanks.

КӘСІПТІ ТАҢДАУ ЕРКІНДІГІНІҢ ПСИХОЛОГИЯЛЫҚ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ

Қазақбаева А.С.
Жансерикова Д.А.

Кәсіпті таңдау - әрбір адамның өміріндегі маңызды кезеңдердің бірі. Бұл процесс жеке тұлғаның қабілеттері мен қызығушылықтарын ескереотырып, болашақ мамандығын саналы түрде анықтауды қамтиды. Қазіргі қғамда жасөспірімдердің кәсіби таңдаудағы еркіндігі мен рөліерекше мәнге ие. Осы мақалада кәсіби таңдау ұғымы, оның маңызы, жасөспірімдердің бұл процесстегі рөлі мен еркіндігі, сондай-ақ кәсіби бағдарланудың психологиялық аспектілері қарастырылады.

Кәсіпті таңдау - бұл адамның өзінің қызығушылықтары, қабілеттері мен қоғам қажеттіліктерін ескере отырып, белгілі бір мамандықты саналы түрде таңдауы. Бұл процесс тұлғаның өзін-өзі анықтауының маңызды құрамдас бөлігі болып табылады және оның болашақтағы өмір сүру сапасына тікелей әсер етеді.

Әрбір мамандық - бұл тек белгілі бір кәсіпті таңдау әрекеті емес, сонымен бірге тұлғаның өзін-өзі табуының, қоғамға қосар үлесінің, өмірлік қанағат сезімінің көрсеткіші. Сондықтан кәсіпті таңдау - адамның өмірлік жолындағы шешуші кезеңдердің бірі. Бұл таңдау дұрыс жасалмаған жағдайда адам өзінің қабілетін толық жүзеге асыра алмай, мамандығынан көңілі қалуы немесе кәсіптік күйзеліске ұшырауы мүмкін.

Жасөспірімдердің кәсіпті таңдау бағыттылығы олардың әлеуметтік және тұлғалқ дамуымен тығыз байланысты. Көптеген зерттеулер көрсеткендей, кәсіби бағдар дұрыс ұйымдастырылған жағдайда жасөспірімдерде еңбекке деген қызығушылық артып, өз болашақ мамандығына деген сенім күшейеді. Сол себепті кәсіпті таңдау жасалуы - бұл тек таңдау әрекеті емес, сонымен қатар психологиялық және әлеуметтену процестерінің тоғысқан тұсы.

Кәсіпті таңдау жасау үдерісінде жасөспірімдер көбіне өз қабілеттері мен бейімділіктерінен қарағанда, айналасындағы адамдардың - ата-ананың, мұғалімнің, достарының - кеңесіне жүгінеді. Мұндай жағдайда кәсіпті таңдаудың саналы болуы қиындайды. Осы себепті мектеп қабырғасынан бастап

кәсіптік бағдар беру жұмыстары жүйелі түрде жүргізілуі қажет. Арнайы кәсіптік бағдар кабинеттері, тренингтер мен кәсіптік кеңес берушілердің жұмысы бұл бағытта үлкен рөл атқарады.

Кәсіби таңдаудың маңыздылығы бірнеше аспектілерден тұрады.

Л.С. Выготский, Е.А. Климов, А.К. Маркова сынды психологтар өз зерттеулеріндекәсіби таңдауды зерттеу пәні ретінде анықтайды. Олар кәсіби өзін-өзі анықтау, кәсіби бағдар және тұлғаның кәсіби дамуы мәселелерін терең зерттеген.

Л.С. Выготскийдің мәдени-тарихи өз еңбегінде адамның психикалық дамуы әлеуметтік орта мен мәдениеттің ықпалымен қалыптасады және кәсіби таңдау процесі де әлеуметтік контексте жүзеге асады, яғни жеке тұлғаның мамандыққа деген қызығушылығы мен қабілеттері қоғамдағы әлеуметтік өзара әрекеттесу арқылы дамиды. Выготскийдің бұл тұжырымдары жасөспірімдердің кәсіби өзін-өзі анықтауында әлеуметтік ортаның маңыздылығын көрсетеді [1].

К. Роджерс "Адамның өзін-өзі жүзеге асыру теориясында" кәсіпті таңдау еркіндігін адамның өзін-өзі тану процесі мен тұлғалық дамуына негізделгенін атап өтеді. Ол адамның өз қабілеттерін және құндылықтарын түсінуі маңызды екенін айтады. Осы тұрғыда, кәсіби таңдау еркіндігі тек сыртқы жағдайларға ғана емес, адамның ішкі әлеміне, өзіндік бағалауы мен өзін-өзі іске асыруға деген ұмтылысына байланысты болады. Роджерс психологиялық кеңес берудің маңызды аспектісі ретінде адамның өз таңдауын жасау қабілетін дамыту керектігін, оның өзіне деген сенімділігін арттыруды ұсынады [2].

Г. Реннер өзінің "Кәсіби таңдау және мәдениет" атты зерттеуінде кәсіпті таңдаудың еркіндігі мен адамның мәдени контексті арасындағы байланысты талдаған. Оның айтуынша, кәсіби таңдау тек жеке тұлғаның еркінідігімен ғана шектелмейді, сонымен қатар мәдени және әлеуметтік факторлар, әсіресе отбасы, қоғам және экономикалық жағдайлар үлкен рөл атқарады. Бұл көзқарас бойынша, кәсіпті таңдау еркіндігі әлеуметтік дәстүрлер мен мәдени нормалармен шектелуі мүмкін. Сонымен қатар, әртүрлі мәдениеттерде кәсіптік бағыттылыққа түрлі көзқарастар қалыптасқан [3].

Е.А. Климов кәсіби өзін-өзі анықтауды адамның психикалық дамуының маңызды көрінісі ретінде қарастырады және бұл процесті тұлғаның даму мүмкіндіктерін белсенді іздеу және өзін пайдалы маман қауымдастығының толыққанды қатысушысы ретінде қалыптастыру деп түсіндіреді [4].

А.Р. Альгожина өзінің "Жасөспірімдердің кәсіби таңдауындағы тұлғалық ерекшеліктері" атты диссертациялық зерттеуінде кәсіби бағдардың психологиялық негіздеріне ерекше назар аударады. Автор кәсіби таңдау еркіндігін тұлғаның ішкі мотивациясы, өзін-өзі тануы және әлеуметтік әсерлермен байланыстыра отырып қарастырады. Оның пікірінше, кәсіби еркіндікке ие жасөспірімдер өз қызығушылықтары мен қабілеттеріне сәйкес таңдау жасауға бейім келеді, бұл олардың болашақтағы кәсіби табысына оң ықпал етеді. Альгожинаның зерттеуі кәсіби таңдау еркіндігі мен тұлғалық тұрақтылық арасындағы байланысты дәлелдей отырып, психологиялық тренингтердің тиімділігін де атап өтеді.

А.Р. Ерментаева - жоғары білім беру жүйесінде психология саласында маңызды зерттеулер жүргізген ғалым. Оның еңбектерінде жасөспірімдердің кәсіби өзін-өзі анықтау мәселелері және жоғары білім беру психологиясының ерекшеліктері жан-жақты қарастырылған. Ерментаева психология ғылымының теориялық негіздерін, әлеуметтік және психологиялық дамуын зерттейді, сондай-ақ олардың кәсіпті таңдау бағытына әсер ететін факторларды анықтауға көңіл бөледі [5].

Ақпараттың көптігі қазіргі жастар интернет пен әлеуметтік желілер арқылы шексіз ақпарат ала алады. Алайда бұл ақпараттың шынайылығы мен мазмұны әртүрлі болуы мүмкін, сондықтан жасөспірім нақты шешім қабылдауда қиналуы ықтимал. Қоғамдық және отбасылық қысым: Кейбір жағдайларда ата-аналар немесе туыстар баланың қабілетінен гөрі, қоғамда "беделді" немесе "пайдалы" саналатын мамандықты таңдауға мәжбүрлейді. Бұл баланың ішкі мотивациясына кері әсерін тигізіп, мамандыққа қанағатсыздық тудыруы мүмкін. Өзін-өзі танудың жеткіліксіздігі: көптеген жасөспірімдер өз қызығушылықтарын, қабілеттерін және құндылықтарын нақты түсінбегендіктен, дұрыс таңдау жасай алмайды. Мұндай жағдайда кәсіби бағыттылық маңызды рөл атқарады [6].

Жастардың кәсіпті өз еркімен таңдау көрсеткішін талдау. Мамандық таңдау мәселесі әсіресе 8-11 сыныптардағы жасөспірімдер үшін өте өзекті болып табылады, себебі бұл кезеңде олардың өмірінде маңызды өзгерістер мен даму үрдістері орын алады. Осы кезеңде жасөспірімдер дербестікке ұмтылып, өзін-өзі тану жолында жаңа қадамдар жасайды, өздерінің ішкі "менін" ашуға тырысады. Бұл кезеңде психикалық даму мен іс-әрекеттің өзгеруі өзара тығыз байланыста болады. Жасөспірімдер өздерінің болашақтары туралы ойланатын уақыттың келуімен, әлеуметтік өзін-өзі анықтау және өмірлік жоспарларды қалыптастыру мәселелері алдыңғы орынға шығады [7].

Л.И. Божовичтің айтуынша, жоғары сынып жасындағы жасөспірімдер үшін дүниетанымдық ізденіс өте белсенді болып келеді, бұл кезеңде өмірдің мәні туралы ойлау ерекше маңызға ие. Олар өз болмысының мағынасы мен адам болудың мәні туралы сұрақтарға жауап іздей бастайды, бұл өз кезегінде болашақ өмірді жоспарлау мен мақсат қоюға әкеледі. Жасөспірімдер тек "кім болу керек?" деген сұраққа ғана емес, "қандай болу керек?" деген сұраққа да жауап табуға тырысады. Осылайша, адамгершілік құндылықтардың қалыптасуы мен дүниетанымның кеңеюі басталады. Осы кезеңде белсенді түрде өзін-өзі жетілдіру, өзін-өзі тәрбиелеу және өзін-өзі ұйымдастыру процесі жүзеге асады, ол болашақ кәсіби өмірге деген дайындықты арттырады [8].

Зерттеудің мақсаттары мен міндеттеріне сәйкес біз Дж. Холландтың кәсіби типологиясына және Л. Йовайштің кәсіби өзін-өзі анықтау тестіне негізделдік. Бұл тесттердің көмегімен біз жасөспірімдердің мамандық таңдаудағы еркіндік деңгейін анықтауды мақсат еттік. Тесттің көмегімен біз оқушылардың мамандық таңдауға әсер ететін факторларды, атап айтқанда ата-ананың пікірі, қоғам ықпалы және жеке қызығушылықтарын талдадық, сондай-ақ олардың кәсіби таңдауында өз бетінше шешім қабылдай алу қабілетін бағаладық [9,10].

Тесттің мақсаты: жасөспірімдердің мамандық таңдаудағы еркіндік деңгейін анықтаужәне кәсіпті таңдаудағы өз бетінше шешім қабылдау қабілетін бағалау.

Бұл зерттеу жұмысы жалпы білім беретін мектептің 9-10 сынып оқушылары арасынан таңдалған 20 жасөспірімнің қатысуымен жүргізілді. Қатысушылар кездейсоқ емес, мақсатты таңдау әдісі арқылы іріктелді. Себебі аталған жастағы оқушылар үшін мамандық таңдау - ең өзекті, өмірлік маңызы бар шешімдердің бірі болып табылады. Олардың көпшілігі оқуын қай бағытта жалғастыратынын, қандай салада маман болғысы келетінін нақтылауға тырысуда.

Зерттеу нәтижелерін талдау



Сурет 1 Зерттеу нәтижелері

Сауалнамаға қатысқан 20 сынылушылыардың 50%-ын 17 жастағы жасөспірімдер құрайды. Қалған бөлігі 16 жаста - 35%, 15 жаста - 10%, және 19 жаста - 5% болды. Бұл деректерден сауалнамаға қатысушылардың басым бөлігін мектептібітіруге жақын жас топтары құрайтыны анықталады. Яғни, олар үшін кәсіби бағыт пен мамандық таңдау мәселесі өзекті болып отыр.

Сауалнама нәтижесі бойынша сынылушылырдың 75%-ы болашақ мамандығы жөнінде нақты жоспары бар екенін айтқан. Ал 25%-ы мұндай жоспар құра алмағанын көрсеткен. Бұл көрсеткіш жасөспірімдердің көпшілігі кәсіпті таңдауда белгілі бір шешім қабылдағанын білдіреді, дегенмен жоспарсыз жүргендердің де бар екенін ескеру маңызды.

"Егер ата-анам басқа мамандықты ұсынса, мен өзімнің таңдауымнан бас тартпаймын" сұрағына жауаптар. Сауалнамаға жауап бергендердің 65%-ы өз таңдауларын қорғауға дайын екенін көрсетсе, 35%-ы ата-анасының пікіріне қарсы келмейтінін көрсеткен. Бұл дерек жасөспірімдердің белгілі бір бөлігінің өз шешіміне сенімді екенін білдірсе, басқа бөлігі отбасылық қысым не тәуелділікке байланысты мамандық таңдауда еркін емес екенін көрсетеді.

"Менің таңдаған мамандығым маған ұнамай қалса, оны өзгертуге дайынмын" сұраққа 45% қатысушы "иә" деп жауап берсе, 55%-ы "жоқ" деп жауап берген. Бұл нәтижеден жастардың жартысынан көбінің таңдаған мамандығын өзгертуге ниеті төмен екені байқалады. Яғни, олар алғашқы шешіміне байланған немесе өзгерістен қорқуы мүмкін. Сыналушылырдың 55%-

ы бұл пікірмен келіссе, 45%-ы келіспейтінін білдірген. Бұл жастар арасында материалдық мүдденің мамандық таңдаудағы негізгі мотивациялардың бірі екенін көрсетеді. Дегенмен, қалған бөлігі үшін табыстан өзге құндылықтар (қызығушылық, қабілет, әлеуметтік мән) маңызды болуы мүмкін. 75% сыналушылар бұл тұжырыммен келіскен, ал 25% келіспеген. Бұл нәтиже жастардың көпшілігі тәуелсіз, дербес шешім қабылдауға ұмтылатынын білдіреді. Алайда төрттен бірі әлі де болса сыртқы факторларға тәуелді екенін немесе олардың пікірін ескеретінін көрсетеді.

Сыналушылардың дәл жартысы "иә", ал жартысы "жоқ" деп жауап берген. Бұл көрсеткіш жастар арасында тұрақтылық пен икемділікке қатысты көзқарастың екіге бөлінгенін көрсетеді. Бірі қиындықтарға қарамай өз саласында қалуға бейім болса, екіншісі икемделіп, басқа бағыттарға көшуге дайын.

Қорытынды

Жасөспірімдердің кәсіпті таңдау еркіндігіқазіргі заманның өзекті мәселелерінің бірі. Себебі бұл еркіндік адамның тұлға ретінде қалыптасуына, кәсіптік жетілуіне және өмірлік қанағаттануына тікелей әсер етеді. Қоғам дамуының қазіргі кезеңінде еңбек нарығы үнемі өзгеріске ұшырап жатқандықтан, жастардың мамандық таңдауы мәселесі де күрделене түсуде. Осыған байланысты жүргізілген зерттеу жұмысы жасөспірімдердің мамандықты таңдау үдерісінде еркін, саналы және жауапты шешім қабылдау деңгейін анықтауға бағытталды.

Зерттеу барысында алынған мәліметтер жасөспірімдердің көпшілігінің болашақ мамандығын дербес таңдағысы келетінін, өз шешіміне сенімді екенін көрсетті. Бұл қазіргі буынның жеке пікір мен таңдау құқығына мән беретінін, тұлғалық дамуға ұмтылатынын айғақтайды. Дегенмен, ата-ана, достар және қоғам тарапынан болатын қысым әлі де жасөспірімдердің шешіміне әсер ететін негізгі факторлар қатарында екені байқалды. Сауалнама нәтижелері бойынша жасөспірімдердің бір бөлігі ата-ананың пікіріне қарсы келмейтінін, достарының таңдауына еліктейтінін, ал кейбірі ұстаздарының да кәсіпті таңдаудағы пікірін ескеретінін мәлімдеген.

Мамандық таңдау процесі тек қызығушылыққа немесе сыртқы факторларға ғана емес, сонымен қатар жасөспірімнің кәсіби өзін-өзі тану, мақсат қою, ақпаратпен жұмыс істеу және ішкі мотивация деңгейіне де байланысты. Зерттеу нәтижелерінде жастардың басым бөлігі болашақ мамандығының өмір салтына әсер ететінін түсінетінін және кәсіби таңдау туралы жиі ойланып, өз бетінше зерттеу жүргізетінін көрсеткен. Бұл қазіргі жасөспірімдердің өз болашағына деген жауапкершілігі жоғары екенін дәлелдейді.

Зерттеу барысында біз Дж. Холландтың кәсіби типологиясы, Л. Йовайштің кәсіби өзін-өзі анықтау тесті теориясы негізінде жасалған әдістемелер арқылы жасөспірімдердің мамандық таңдаудағы еркіндік деңгейі мен саналы шешім қабылдау қабілеті жан-жақты бағаланды. Бұл әдісте тұлғаның кәсіби дамуындағы ішкі мотивация, сыртқы ықпал және эмоционалдық күй сияқты маңызды аспектілерді ашуға мүмкіндік берді.

Жалпы алғанда, қазіргі жасөспірімдердің көпшілігі өз мамандығын еркін әрі саналы түрде таңдағысы келетінін көрсетті. Бұл олардың дербес, жауапты тұлға ретінде қалыптасып келе жатқанының белгісі. Алайда кейбір жастарда ақпараттың жетіспеуі, әлеуметтік қысым, болашаққа сенімсіздік сынды кедергілер кәсіби таңдауға әсер етуі мүмкін. Осыған байланысты жасөспірімдердің бағыт-бағдар беретін қолдау жүйесін жетілдіру, кәсіпті бағдарлау мен психологиялық сүйемелдеу жұмыстарын нығайту қажет.

Қорыта келгенде, кәсіпті таңдау бұл тек мамандық анықтау ғана емес, сонымен қатар өмірлік жолды таңдау. Сондықтан бұл үрдіс саналы, жүйелі әрі еркін түрде жүзеге асуы тиіс. Жастардың еркін таңдау жасауына мүмкіндік беру олардың тұлғалық дамуына, кәсіби табысына және әлеуметтік бейімделуіне ықпал ететін маңызды алғышарт болып табылады. Осы бағытта мемлекет, мектеп, отбасы және қоғамның бірлесе әрекет етуі басты шарттардың бірі болып қала береді.

Әдебиеттер:

1. Выготский Л.С. Ойлау мен сөйлеу. - Алматы: Рауан, 1996. - 240 б.
2. Роджерс К. Болмыс болмысы: Адам болмысының психологиясы туралы. - Алматы: «Ұлағат», 2012. - 320 б.
3. Реннер Г. Профессия и культура. - Москва: Просвещение, 2003. - 198 с.
4. Климов Е.А. Психология профессионального самоопределения. - Москва: Академия, 2004. - 256 с
5. Ерментаева А.Р. Жасөспірімдердің кәсіби бағдарлануының психологиялық негіздері // Психология және педагогика ғылыми журналы. - Алматы, 2021. - №2. - Б.45-52.
6. Төлешова С.А. Жасөспірімдер психологиясы. - Нұр-Сұлтан: Фолиант, 2020. - 188 б.
7. Жұмабекова Г.Б. Кәсіби бағдар берудің психологиялық ерекшеліктері. - Алматы: Қазақ университеті, 2019. - 172 б.
8. Божович Л.И. Личность и ее формирование в детском возрасте. - Москва: Просвещение, 2008. - 350 с.
9. Йовайш Л. Психологические тесты профессионального самоопределения. - Санкт-Петербург: Речь, 2005. - 212 с.
10. Холланд Дж. Типология профессиональной личности. - Москва: Центр тестирования, 2006. - 240 с

ЖАСӨСПІРІМДЕРДІҢ ПСИХОЛОГИЯСЫ ЖӘНЕ ОНЛАЙН-ОЙЫНҒА ҚЫЗЫҒУ СЕБЕПТЕРІ

Қайрбек Н.М.
Сланбекова Г.К.

Жасөспірім кезеңі - балалық шақтан ересектікке өту кезеңі ретінде сипатталады және шамамен 11-18 жас аралығын қамтиды. Бұл уақыт аралығында адамның физиологиялық, психологиялық және әлеуметтік дамуында маңызды өзгерістер орын алады. Жасөспірім өзін-өзі тануға, дербес болуға, өз пікірін білдіруге ұмтылады. Бұл кезеңде өзіндік сана, эмоциялық тұрақсыздық, референттік топтарға бағытталу сияқты ерекшеліктер көрініс

табады. Тұлғалық «Мен»-нің дамуы, ішкі автономияға талпыныс, әлеуметтік ортамен өзара қарым-қатынас орнатуға деген қажеттілік артады. Сонымен қатар, когнитивтік даму деңгейі де жоғарылайды: жасөспірімдер абстрактілі ойлауға, талдауға, салыстыруға қабілетті бола бастайды.

Қазіргі цифрлық дәуірде онлайн-орта, әсіресе ойын платформалары жасөспірімдердің күнделікті өмірінің бір бөлігіне айналған. Онлайн-ойындар жасөспірімнің эмоциялық, танымдық және әлеуметтік қажеттіліктерін қанағаттандыру құралы ретінде қызмет етеді. Әсіресе, көпқатысушы онлайн-ойындар (MMO) олардың топтық өзара әрекеттестігі мен бәсекеге қабілеттілігін дамытады. Онлайн-ойындар түрлі жанрда ұсынылады: экшн, стратегия, рөлдік ойындар (RPG), симуляторлар және т.б. Әр жанр әртүрлі психологиялық қажеттіліктерді қанағаттандырады. Жетістікке жету, мәртебе, танылу және марапат секілді факторлар ойынға деген қызығушылықтың негізгі себебі болуы мүмкін. Алайда, бұл қызығушылық кейде шамадан тыс бола отырып, виртуалды әлемге шынайы өмірдегі қиындықтардан қашу құралы ретінде қолданылуы ықтимал. Бұл жасөспірімдердің ойын ортасын шынайы әлеуметтік байланыстардың орнын алмастырушы құрал ретінде қабылдауы қаупін тудырады.

Отандық авторлар да осы тақырыпта бірнеше зерттеу жүргізген. Мысалы, Ахметова А.К. өзінің зерттеуінде жасөспірімдердің компьютерлік ойындарға шамадан тыс тәуелділігі олардың эмоционалдық жағдайы мен тұлғалық дамуына кері әсер ететінін анықтады. Ол сауалнама мен бақылау әдістерін қолданған [1]. Бақытова З.Ш. онлайн-ойындардағы агрессия элементтері жасөспірімдердің мінез-құлқына әсер етіп, рөлдік агрессиялық мінездің қалыптасуына ықпал ететінін көрсетті [2]. Мырзагелдиева А.Р. цифрлық тәуелділіктің психологиялық диагностикасын ұсынып, жасөспірімдер арасында алдын алу және түзету жұмыстарын жүргізу жолдарын ұсынды [3]. Нұрғалиева А.С. онлайн-орта мен виртуалды шындықтың жасөспірім тұлғасына әсерін, «Мен»-тұжырымдамасының дамуына ықпалын зерттеген [4].

Кесте 1. Онлайн-ойындардың жанрлары және олардың жасөспірімге әсері [5].

Жанр түрі	Сипаттамасы	Жасөспірімге әсері
Экшн (Action)	Жылдам әрекет пен реакцияны талап ететін ойындар	Қозғалыс координациясы, зейін, реакция жылдамдығы дамиды
Стратегиялар (Strategy)	Ойлануды, жоспарлауды қажет ететін күрделі шешімдерге негізделген	Логикалық ойлау, шешім қабылдау, сабырлылық артады
Рөлдік ойындар (RPG)	Кейіпкер рөлінде әрекет етіп, оқиға желісін жалғастыру	Эмпатия, креативтілік, өзін басқа адамның орнына қою қабілеті дамиды
Симуляторлар	Нақты өмірдегі процестерді виртуалды ортада қайталау	Қызығушылық, кәсіби бағдар, нақты өмірге бейімделу қалыптасады
Спорт/жарыс ойындары	Спорттық немесе жарысқа негізделген жылдам ойындар	Командалық жұмыс, жарыс рухы, жеңіс пен жеңіліске қатынас

		қалыптасады
MMO (Көп ойыншы ойындар)	Онлайн ортада бірнеше қатысушының бір уақытта әрекет етуі	Әлеуметтік байланыс, топтық жұмыс, тәуелділікке бейімділік пайда болуы

Ойындардың мазмұны мен стилі олардың эмоционалдық әсеріне де тікелей байланысты. Зорлық-зомбылық элементтері бар ойындар - әсіресе шутерлер - кейбір зерттеушілердің пікірінше агрессияның артуына әкелуі мүмкін. Бұл әсіресе эмоционалды тұрақсыз жасөспірімдер үшін өзекті. Дегенмен, барлық ойындарды теріс құбылыс деп қабылдау дұрыс емес. Ойын мазмұны, оны қабылдау контексті мен ойынға бөлінетін уақыт негізгі рөл атқарады. Күрделі, дамытушы тапсырмалары бар ойындар шығармашылықты дамытып, табандылықты арттыра алады. Қиындықты жеңіп шығу, ойын ішіндегі жетістіктер - жасөспірімнің өзін-өзі бағалауына да оң әсер етуі мүмкін.

Жасөспірімдердің ойынға қызығу себептері: Ішкі мотивтер - жасөспірімнің ішкі қажеттіліктері мен тұлғалық ерекшеліктерінен туындайды. Ойын арқылы олар өзін көрсетуге, сенімділігін арттыруға, армандаған бейнеге енуге ұмтылады. Бұл, әсіресе, шынайы өмірде өз мүмкіндігін шектеулі сезінетін балаларға тән. Сыртқы мотивтер - қоршаған ортаның әсері. Құрдастар пікірі, әлеуметтік беделге ұмтылу, бірге ойнау қажеттілігі - жасөспірімді ойынға тартады. Онлайн ойындардағы ұжымдық тапсырмалар мен марапат жүйелері оларды қоғамда өз орнын табуға ынталандыруы мүмкін.

Жасөспірімдердің онлайн-ойындарға тартылуын жан-жақты зерттеу мақсатында келесі үш әдіс қолданылды:

1. Ю.Н. Олейниктің «Ойын әрекетінің мотивтері» әдістемесінің бейімделген нұсқасы. Бұл әдіс саналы және жасырын мотивтерді анықтауға бағытталған сауалнама түрінде жүргізілді.

2. «Аяқталмаған сөйлемдер» әдістемесі. Проективті әдіс арқылы респонденттің ішкі уайымы, эмоционалдық күйлері мен ойынға деген субъективті қатынасы зерттелді.

3. Жартылай құрылымдалған әлеуметтанулық сұхбат. Ойынға қатысу тәжірибесі, себептері, уақыты және эмоциялық әсерлері анықталды.

Зерттеу 2025 жылдың ақпан-наурыз айларында білім беру инновациялары лицейі негізінде жүргізілді. Зерттеу барысында 13–16 жас аралығындағы 120 жасөспірімнің онлайн-ойындарға тартылу мотивтері жан-жақты қарастырылды.

Зерттеудің негізгі мақсаты - жасөспірімдердің онлайн ойындарға тартылу себептерін анықтау.

Зерттеу келесі кезеңдерден тұрды:

1. Ю.Н. Олейниктің сауалнама әдіс бойынша жетістікке ұмтылу, өзін көрсету, жалғыздықтан арылу, әлеуметтік байланыс орнату сияқты мотивтер қамтылған. Сұрақтар жасөспірімдерге түсінікті болу үшін танымал ойындармен (Fortnite, PUBG, Dota 2) байланыстыра құрылды. Мысал ретінде: «Мен ойнаймын, себебі жеңіске жеткенде өзімді жақсы сезінемін», «Ойында мен өзімді еркін сезінемін», т.б.

2. Жасөспірімдердің бейсаналы мотивтерін анықтау үшін «Аяқталмаған

сөйлемдер« техникасы қолданылды. Сөйлемдердің мысалдары: «Мен онлайн ойындар ойнағанда…», «Егер онлайн ойындар болмаса…», «Шынайы өмірде маған … жетіспейді, ал ойында бұл бар».

Жауаптарды семантикалық талдау арқылы ішкі психологиялық қажеттіліктер - танылу, еркіндік, маңыздылықты сезіну секілді мазмұндар айқындалды.

3. 20 белсенді ойыншы жасөспіріммен жеке сұхбат жүргізілді. Сұхбат ойынға тартылу жиілігі, эмоциялық әсері, ата-аналармен қарым-қатынас, виртуалды және шынайы әлем арасындағы айырмашылықтарды түсіну, ішкі қақтығыстарды зерттеуге бағытталды. Кейбір қатысушылар ойын қауымдастығын «екінші отбасы» ретінде сипаттаса, кейбірі ұзақ ойыннан кейін өзін кінәлі сезінетінін атап өтті. Бұл деректер ойын қызметінің тұлғалық маңыздылығын және кей жағдайдағы тәуелділік сипатын көрсетеді.

Сауалнама, проективті әдіс және жартылай құрылымдалған сұхбат нәтижелері онлайн ойындар жасөспірімдер үшін тек ойын-сауық емес, әлеуметтік және психологиялық қажеттіліктерді қанағаттандыратын құрал екенін көрсетті.

Қатысушылардың жауаптары олардың ойын әрекетінің басты мотивтерін анықтауға мүмкіндік берді. Зерттеу көрсеткендей, онлайн-ойындарға тартылудың ең жетекші себебі - шындықтан уақытша алыстау қажеттілігі. Бұл мотив респонденттердің 24%-ы үшін ең маңыздысы ретінде танылды. Бұл көрсеткіш олардың ішкі алаңдаушылықтарын, өмірлік қиындықтардан жалтару әрекетін және эмоционалды шиеленісті төмендетуге деген ұмтылысын білдіреді.

Өзін-өзі растау мотиві 18% нәтижемен екінші орында. Жасөспірімдер виртуалды ортада өзін күшті әрі мойындалған тұлға ретінде сезінуге тырысады, бұл әсіресе өмірде сенімсіздікке ұшыраған немесе өз-өзіне сенімі төмен оқушыларға тән (сурет 1).



Сурет 1. Ю.Н. Олейниктің «Ойын әрекетінің мотивтері» әдістемесі бойынша көрсеткіштер.

Әлеуметтік байланысқа ұмтылу мотиві (16%) де маңызды орынға ие болды. Жасөспірімдер онлайн ойындарды достарымен байланыс орнату, бірге әрекет ету, тәжірибе алмасу құралы ретінде қолданады. Осы үш мотивтен кейін ләззат алу (15%), мақсатқа жету (11%), қызығушылық (9%) және зерігу/іс болмауы (7%) сынды себептер де аталды.

Сонымен қатар, нәтижелер жасөспірімдердің көпшілігі үнемі ойнайтынын көрсетті: қатысушылардың 52% - ы күнделікті, 34% - ы аптасына 3-4 рет, 11% - ы аптасына 1-2 рет, ал тек 3% - ы эпизодтық түрде ойнайтынын атап өтті (кесте 2).

Кесте 2. Жасөспірімдердің ойын белсенділігінің жиілігі мен ұзақтығы

Ойын ойнау жиілігі	Жасөспірімдер пайызы
Күн сайын ойнайтындар	52%
Аптасына 3-4 рет	34%
Аптасына 1-2 рет	11%
Сирек	3%

Бір ойын сеансының орташа ұзақтығы 1,5-2 сағатты құрайды, дегенмен жасөспірімдердің 28% - ы қатарынан 4 сағаттан астам уақыт ойнай алатынын мойындады, әсіресе демалыс немесе демалыс күндері. Бұл ойын әрекеттеріне қатысудың жоғары дәрежесін және тұрақты ойынға тәуелділіктің қалыптасуын растайды. Белсенділіктің гендерлік бөлімі де қызықты болды: сауалнамаға қатысқандардың 62% - ы ұлдар, 38% - ы қыздар (сурет 2).



Сурет 2. Жасөспірімдердің ойын белсенділігінің жиілігі мен ұзақтығы.

Сонымен қатар, ұлдар жиі және ұзағырақ ойнайды, сонымен қатар бәсекеге қабілетті ойындарға (атқыштар, стратегиялар, MMO) көбірек бейім, ал қыздар сюжеттік және модельдеу ойындарын (Sims, визуалды романдар, квесттер) жақсы көреді. Мұндай саралау тек артықшылықтарда ғана емес, сонымен қатар

мотивациялық көзқарастарда да айырмашылықты көрсетеді: ұлдар үшін үстемдік, жетістік, көшбасшылық мотивтері маңыздырақ; қыздар үшін - қарым-қатынас, қауіпсіздік, эстетикалық ләззат мотивтері.

«Аяқталмаған сөйлемдер» әдістемесінің көмегімен жасөспірімдердің саналы деңгейде әрдайым түсіне бермейтін ішкі мотивтері анықталды. 120 жауапты талдау нәтижесінде ең жиі кездескен тұжырымдар: «Мен ойнағанда өзімді қажет сезінемін», «Онлайн ойын - менің әлемім», «Егер маған ойнауға тыйым салынса, немен айналысатынымды білмеймін» сынды мәлімдемелер болды. Бұл жауаптар жасөспірімдердің шынайы өмірдегі шектеулерден виртуалды кеңістік арқылы босануға тырысатынын, ал ойындардың олардың ішкі жан-дүниесінде қауіпсіз аймақ рөлін атқаратынын көрсетеді. Онлайн ойындар жасөспірімдерге мазасыздықты, жалғыздықты және ішкі күйзелістерді еңсеруге көмектесетін эмоционалды өтем құралы ретінде қызмет ете алады. Кейбір жауаптарда: «Ойында мен бәрін жасай аламын, өмірде ештеңе жоқ», «Тек ойында ғана қуаныш сезінемін», - деген пікірлер виртуалды әрекеттің шынайы өмірді алмастыру қаупін көрсетеді. Бұл - ойындарға тәуелділіктің психологиялық белгілері болуы мүмкін. Жартылай құрылымдалған сұхбат барысында алынған 20 жасөспірімнің жауабы мазмұны жағынан терең әрі алуан түрлі болды. Жасөспірімдер өз жетістіктерін, ойын ішіндегі беделін, командадағы орнын ерекше сезіммен сипаттады. Мысалы, бір респондент: «Біз жеңіске жеткенде өзімді батырдай сезінемін, бұл алгебрадан «бес» алғаннан да қуанышты» деп атап өтті. Басқа бір жасөспірім: «Шынайы өмірде байқалмаймын, ал ойында мені жүздеген адам таниды», - деп жауап берді. Қыз балалар ойындарды стрессті жеңу мен демалу құралы ретінде қарастырса, ұлдар үшін бұл - беделге жету, өз маңыздылығын сезіну алаңы. Онлайн ойындар жасөспірімдер үшін тек ойын-сауық емес, өзін-өзі таныту, эмоцияларын білдіру және әлеуметтік топта қабылдану қажеттіліктерін қанағаттандыратын кеңістікке айналған.

Сұхбаттың маңызды қорытындысы - көптеген жасөспірімдер ойын әлемін өз болмысының бір бөлігі ретінде қабылдайды. Бұл кеңістік олар үшін шынайы өмірден әлдеқайда қауіпсіз әрі түсінікті көрінеді. Дегенмен, 72% қатысушы ата-аналар тарапынан ойынға бөлінетін уақытқа қатысты сынға ұшырайтынын атап өтті. Алайда олар бұл сынды жиі түсінбеушілік немесе әділетсіздік ретінде қабылдайды. Бұл ұрпақтар арасындағы көзқарас қайшылығын тереңдете түседі.

Сонымен, қазіргі онлайн-ойындар жай ғана ойын-сауық емес, жасөспірім үшін өзін-өзі тану мен қалыптастырудың жаңа кеңістігіне айналды. Ойын арқылы олар шынайы өмірде жетіспейтін эмоцияларды, мәртебені, мағынаны іздейді. Бұл виртуалды кеңістік - жасөспірімнің өзін маңызды сезіне алатын, әрбір әрекетінің нәтижесі бар әлем. Білім беру инновациялары лицейінде жүргізілген зерттеу ойын кеңістігінің жасөспірімдердің психологиялық және әлеуметтік өмірімен тығыз байланыста екенін көрсетті. Жасөспірімдердің онлайн-ойындарға тартылу себептері түрлі сипатта - эмоционалдық өтем, әлеуметтік өзара әрекеттестік, өзін-өзі бекіту және шынайылықтан кетуге деген ұмтылыс түрінде көрінеді.

Әдебиеттер:
1. Ахметова А.К. Жасөспірімдердің компьютерлік ойындарға тәуелділік деңгейін психологиялық тұрғыдан зерттеу. - https://ust.kz/powerpoint/jasospirimderding_agressiya_denggeiine_kompyuterlik_oiyndardyng_aseri_gylymi_joba-311578.html
2. Бақытова З.Ш. Жасөспірімдердің мінез-құлқындағы агрессивтіліктің онлайн-ойындармен байланысы // Балаубаевские чтения - XVI. Караганда, 2023.
3. Мырзагелдиева А.Р. Цифрлық тәуелділік және жасөспірімдер: психологиялық диагностика мен түзету тәсілдері // Жас ғалымдар конференциясы жинағы. - Қарағанды, 2023.
4. Нұрғалиева А.С. Жасөспірімдердің виртуалды шындыққа бейімделуі мен тұлғалық даму динамикасы. - https://repository.enu.kz/handle/123456789/6329
5. Жумадилова Г.Ж., Кыдыралина А.М. Геймификация - білім беру процесіндегі тиімді әдіс // Қазіргі білім беру: жаңаша көзқарас. - 2023. -№4(15). - Б.55-60. - https://bilimger.kz/136054/

ОҚУШЫЛАРДЫҢ БАСҚАРУ СТИЛЬДЕРІМЕН ӘЛЕУМЕТТІК ПСИХОЛОГИЯЛЫҚ КЛИМАТЫ

Қуатжан А.Б.
Бурленова С.О.

Кіріспе. Мақала тақырыбы "Оқушылардың басқару стильдерімен әлеуметтік-психологиялық климатын зерттеу". Қазіргі заманғы білім беру жүйесінің басты мақсаты - оқушының жан-жақты дамуына қолайлы жағдай жасау, оның жеке тұлғалық қасиеттерін жетілдіру. Бұл үдерісте мектеп ұжымы мен оқу ортасының әлеуметтік-психологиялық ахуалы ерекше маңызға ие. Білім беру жүйесінің сапасын арттыруда мектеп ішіндегі психологиялық ахуал мен басқару стилінің рөлі ерекше [1]. Оқу ордасындағы қолайлы әлеуметтік-психологиялық климат - оқушының тұлғалық дамуына, өз-өзінесенімділігіне, ұжыммен қарым-қатынасорнатуына, сондай-ақ оқу мотивациясының қалыптасуына тікелей әсер етеді. Ал мұндай климатты қалыптастыруда мектеп әкімшілігінің және мұғалімдердің басқару стилі маңызды фактор ретінде қарастырылады [2].

Әлеуметтік-психологиялық климат - бұл ұжым мүшелерінің өзара қарым-қатынасындағы психологиялық жағдайлар жиынтығы, яғни адамдардың эмоционалды хал-ахуалы мен бір-біріне деген көзқарастарының жүйесі. Ол ұжымдағы адамдардың көңіл-күйіне, еңбек өнімділігіне және тұлғааралық қатынастарға әсер ететін маңызды орта [2].

Басқару стилі дегеніміз - басшының өз ұжымын басқару тәсілдерінің, әдістерінің және қарым-қатынас ерекшеліктерінің жиынтығы. Бұл ұғым педагогикалық процесте мұғалімнің немесе мектеп басшысының оқушылармен, әріптестерімен қалай қарым-қатынас жасайтынын, шешім қабылдау үлгісін сипаттайды. Басқарудың кең таралған стильдеріне авторитарлық, демократиялық және либералдық түрлері жатады [3].

Қазіргі кезде білім беру мекемелерінде оқушының әлеуметтенуіне, өзіндік

көзқарасының қалыптасуына, шығармашылығын дамытуға және белсенділігін арттыруға бағытталған жағдайларды жасау бірінші орынға шығып отыр. Осы тұрғыдан алғанда, басқару стилі мен мектеп ішіндегі әлеуметтік-психологиялық климат арасындағы байланысты зерттеу өзекті мәселе болып табылады [4].

Осы мақаланың мақсаты - оқушылардың басқару стильдерімен қабылдау ерекшеліктерін жәнеолардың әлеуметтік-психологиялық климатқа әсерін зерттеу. Бұл бағытта жүргізілетін зерттеу нәтижелері мектептегі оқу-тәрбие процесін жетілдіруге, оқушылардың психологиялық саулығын қамтамасыз етуге және білім беру ортасының сапасын арттыруға мүмкіндік береді.

Нәтижелерін талдау. Социометрия - бұл адамдардың өзара қарым-қатынасы мен әрекеттерінің сандық сипаттамасын анықтауға мүмкіндік беретін әдіс. Социометриялық талдау нәтижелері жеке тұлғаның топ ішіндегі жағдайын, топ құрылымын, авторитет пен биліктің бөліну әдістерін, топтық белсенділікті және т.б. зерттеуде кеңінен қолданылады [5]. Бұл жерде әдісі бойынша 30 оқышының нәтижесі көрсетілген. Аталған мәліметтер негізінде оқушылардың топ ішіндегі әлеуметтік орны, беделі мен оқшаулану деңгейі анықталды. Талдау қорытындысына сәйкес В14, В13, В12 және В6 оқушылары ең жоғары ұпай жинаған (20–24 ұпай аралығы), яғни бұл оқушылар топ ішінде беделді, көшбасшылық қасиеттері басым. Орташа деңгейдегі оқушылар (А1, А2, В10 және А10 сияқты) 10–19 ұпай аралығында болса, топқа қалыптылар ретінде қабылданады. Оқшауланған оқушылар (А13, А14, В9 сияқты) 10 ұпайдан төмен нәтиже жинаған, бұл олардың әлеуметтік қарым-қатынаста қиындықтары бар екенін көрсетеді. Бұл мәліметтер негізінде оқушыларды әлеуметтік бейімдеу, топішілік қарым-қатынасты жақсарту мақсатында психологиялық қолдау көрсету ұсынылады.

Сыналушылардың нәтижелері бойынша диаграмма (сурет 1).



Сурет 1.

Сыныптағы психологиялық ахуалды зерттеу сауалнамасы (Л.Г. Федоренко) - бұл педагогикалық ұжымдағы немесе оқушылар тобындағы психологиялық

ахуалды, әлеуметтік қарым-қатынастар деңгейін бағалауға арналған диагностикалық психологиялық әдіс. Бұл әдіс көбінесе мектепте, колледжде, университетте немесе жұмыс ұжымдарында топішілік эмоционалды-психологиялық жағдайды зерттеу үшін қолданылады [5].

Федоренконың ұжымдық психологиялық климатты бағалау тестінің нәтижелері бойынша 7А сыныбында орташа балл 8,33-ті құрап, оқушылар арасындағы қарым-қатынас деңгейінің жеткілікті екенін көрсетеді. Дегенмен, кейбір оқушылардың 6–7 балл аралығындағы көрсеткіштері тұлғаралық қатынастарда мәселелердің бар екенін аңғартады. Ал 7В сыныбының орташа баллы 8,87-ні құрап, 7А-мен салыстырғанда жоғары нәтижеге жетті, бұл ұжымда өзара түсіністік пен эмоционалды қолдаудың жақсы қалыптасқанын білдіреді. Диаграммалық талдау арқылы 7В сыныбында достық, сенімділік пен ынтымақтастық деңгейінің жоғары екені анықталды. Жалпы алғанда, екі сыныптың да психологиялық климаты оң сипатта, бірақ 7А сыныбындаоқушылармен қосымша жұмыс жүргізу және психологиялық қолдауды күшейту қажеттілігі бар.

Әр сыныптың климатының орташа нәтижесі (сурет 2).



Сурет 2.

Айзенктің жеке тұлғалық сауалнамасы EPI (Eysenck Personality Inventory)-Айзенк әзірлеген, жеке тұлғаны зерттеуге арналған үшінші сауалнама, 1963 жылы жарияланған. Ол екі шкаладан тұрады: экстраверсия-интроверсия және нейротизм, сонымен қатар жауаптардың шынайылығын бағалау шкаласы бар. Бұл сауалнама ұзақ уақыт бойы психодиагностикалық әдістер арасында ең жиі қолданылатындардың бірі болды [5].

Зерттеу нәтижелері бойынша, 30 оқушының ішінде 11-і сангвиник (36,7%), 10-ы холерик (33,3%), 5-і флегматик (16,7%), 4-і меланхолик (13,3%) деп анықталды. Сангвиниктер мен холериктердің көп болуы ұжымда психологиялық белсенділік пен динамиканың жоғары деңгейдеекенін көрсетеді. Сангвиниктер әлеуметтік бейімделуі жоғары, оптимистік көзқарасы бар тұлғалар болып, ұжымдағы серіктестік пен жағымды климаттың

қалыптасуына ықпал етеді. Холериктер қозғалысқа бай, эмоционалды ашық және көшбасшылыққа ұмтылатын тұлғалар, бірақ олардың импульсивті мінезі кейде қақтығыстарға әкелуі мүмкін. Флегматиктер – баяу және тұрақты, ұжымдағы эмоционалды тепе-теңдікті сақтауға көмектеседі, бірақ олардың санының аздығы жалпы тұрақтылықтың әлсіздігін көрсетеді. Меланхоликтер сезімтал және интровертті, олар әлеуметтік бейімделуде қиындықтарға тап болады. Осылайша, темпераменттер арасындағы өзара байланыс ұжымдағы тұлғаралық қатынастарды, эмоциялық жағдайды және әлеуметтік бейімделу деңгейін анықтайды.

Жалпы сыналушылардың темеперамент саны диаграммасы (сурет 3).



Сурет 3.

Қорытынды. Зерттеу нәтижелері оқушылардың әлеуметтік мәртебесі, тұлғалық ерекшеліктері мен психологиялық климаты арасындағы тығыз байланысты көрсетті. Социометрия әдісімен оқушылардың топ ішіндегі әлеуметтік орны мен беделі анықталды. Зерттеу нәтижелері бойынша, В14, В13, В12 және В6 оқушылары ең жоғары ұпай жинап, топ ішінде беделі жоғары және көшбасшылық қасиеттері басым болғандығын көрсетті. Орташа деңгейдегі оқушылар топ ішінде қалыпты өзара әрекеттесуде болса, оқшауланған оқушылардың әлеуметтік қатынастарында қиындықтар бар екені анықталды. Бұл мәліметтерге негізделе отырып, оқушыларға әлеуметтік бейімделуді жақсарту және топ ішіндегі қарым-қатынасты қолдау мақсатында психологиялық көмек көрсету ұсынылады.

Федоренконың ұжымдық психологиялық климатты бағалау тестінің нәтижелері бойынша 7А сыныбында орташа балл 8,33, ал 7В сыныбында 8,87 болған. Бұл көрсеткіштер 7В сыныбында өзара түсіністік пен эмоционалды қолдаудың жақсы қалыптасқанын, ал 7А сыныбында қосымша психологиялық қолдауды күшейту қажеттігін білдіреді. Диаграммалық талдау арқылы 7В сыныбында достық, сенімділік пен ынтымақтастықтың жоғары деңгейдеекені

анықталды.

Темперамент типологиясы бойынша жүргізілген Айзенк сауалнамасының нәтижелері де ұжымдық психологиялық климатты анықтауда маңызды рөл атқарды. Зерттеу нәтижелері бойынша 30 оқушының ішінде 11-і сангвиник, 10-ы холерик, 5-і флегматик және 4-і меланхолик болды. Сангвиниктер мен холериктердің көп болуы ұжымдағы психологиялық белсенділік пен динамиканың жоғары екенін көрсетті. Сангвиниктер әлеуметтік бейімделуі жоғары жәнеоптимистік көзқарасқа ие тұлғалар, олар ұжымдағы серіктестік пен жағымды климаттың қалыптасуына ықпал етеді. Холериктер болса, эмоционалды ашық және көшбасшылыққа ұмтылатын тұлғалар, бірақ олардың импульсивті мінезі кейде қақтығыстарға әкелуі мүмкін. Флегматиктер ұжымдағы эмоционалды тепе-теңдікті сақтауға көмектеседі, бірақ олардың санының аздығы жалпы тұрақтылықтың әлсіздігін көрсетеді. Меланхоликтер болса, сезімтал және интровертті болып, әлеуметтік бейімделуде қиындықтарға тап болады.

Бұл нәтижелер тұлғалық ерекшеліктердің ұжымдық психологиялық климатқа қалай әсер ететінін көрсетіп отыр. Сангвиниктер мен холериктердің басымдылығы ұжымдағы психологиялық белсенділік пен қарым-қатынас деңгейінің жоғары болуын көрсетеді, ал флегматиктер мен меланхоликтердің аз болуы топ ішіндегі тұрақтылықтың әлсіздігін көрсетеді. Сонымен қатар, психологиялық климаттың жақсаруы үшін 7А сыныбында қосымша жұмыс жүргізу, психологиялық қолдауды күшейту қажет.

Қорытындылай келе, оқушылардың психологиялық ерекшеліктері мен әлеуметтік мәртебесіне негізделген қарым-қатынас жүйесі сыныптағы эмоционалдық және әлеуметтік климаттың басты көрсеткіші болып табылады. Ұжымның үйлесімді дамуы үшін тиімді басқару мен мақсатты психологиялық қолдау маңызды рөл атқарады.

Әдебиеттер:

1. Әбдіғалиева А.С. Педагогикалық психология. - Алматы: Ғылым, 2004. - Б. 65-98.
2. Сериков К.Т. Әлеуметтік психология. - Алматы: Рауан, 2007. - Б. 87-112.
3. Шалғынова М.Н. Басқару психологиясы. - Алматы: Қазығұрт, 2005. - Б. 45-66.
4. Мұхамбетқазиева Б.Қ. Оқушылардың әлеуметтік психологиялық климатын зерттеу әдістері. - Алматы: Қазақ университеті, 2010. - Б. 78-101.
5. https://psylab.info/Категория: Методики

МЕКТЕП ЖАСЫНА ДЕЙІНГІ БАЛАЛАРДА ПСИХОЛОГИЯЛЫҚ БУЛЛИНГТІҢ ЕРТЕ БЕЛГІЛЕРІН АНЫҚТАУ

Мажит А.Т.
Сарбасова Қ.А.

Мектепке дейінгі балалар - эмоцияларын ашық білдіретін, өз сезімдері мен ішкі күйзелістерін әдетте айқын көрсететін ерекше сезімтал топ. Осы жас

кезеңде балалар өздеріне тән ерекше мінез-құлық үлгілерін қалыптастырып, топтық қарым-қатынастарды бастайды. Олар ойын барысында, дербес әрекеттерінде және күнделікті өмірдің кішкентай сәттерінде өздерінің ішкі әлемін суреттейтін белгілерді көрсетеді. Алайда, осы балаларда байқалатын кішкентай ауытқулар, терең психологикалық күйзеліс пен әлеуметтік қиындықтардың белгісі болуы мүмкін [1].

Психологиялық буллинг ұғымы көбінесе мектеп жасындағы оқушыларға қатысты зерттеліп келгенімен, соңғы жылдары зерттеулер көрсеткендей, мектепке дейінгі кезеңде де буллингтің ерте көріністері байқалады [2]. Бұл - бала арасындағы келемеждеу, ойыннан шеттету, мазақтау, агрессивті мінез немесе басқару әрекеттерінің басталу формалары түрінде көрініс табуы ықтимал. Себебі, осы жас топтағы балалар өздерінің эмоцияларын сөзбен жеткізуден гөрі, мінез-құлық арқылы білдіреді. Сол себепті, олардағы кішкентай, бірақ маңызды психологиялық бұзылуларды уақытында анықтау үлкен маңызға ие [1, 2].

Мектепке дейінгі орта - баланың алғашқы әлеуметтік және тұлғалық қарымқатынастары қалыптасатын, өзін-өзі тану, өзіне сенім қалыптастыру кезеңі. Өйткені, осы кезеңдегі өзара әрекеттесулер болашақтағы мектептегі және өмірдегі табысты қарым-қатынастардың негізін құрайды. Дегенмен, буллинг ретінде белгілі психологиялық қысым мен әлеуметтік оқшаулану, кішкентай балалардың тұлғалық дамуына теріс әсер етіп, олардың болашақтағы өзін-өзі бағалауына, сеніміне және қоғамдық бейімділігіне зиян келтіруі мүмкін [3, 4]. Баланың ойын, тамақтану, серуендеу сияқты күнделікті белсенділіктеріндегі кішкентай өзгерістер - мұндай құбылыстың алғашқы белгілері ретінде көрініс табады [4].

Зерттеушілер мен педагогтар буллингтің мектепке дейінгі кезеңдегі белгілерін талдау барысында тәрбиелеушілердің, ата-аналардың және балалардың өзара әрекеттесу динамикасын мұқият зерделеді. Балалардың топта ғана емес, жеке-дара қарым-қатынастарында да буллингке ұшырау ықтималдығы бар екені анықталды. Мұнда үлгі ретінде бір баланың ойын алаңында өздігінен ғана ойнауы, топқа қосылмауы немесе басқа балалармен аз қарым-қатынас орнатуы, сондай-ақ эмоционалдық тұрақсыздық (жиі жылау, ашуланшақтық, сенімсіздік) сияқты симптомдар қарастырылады.

Заманауи халықаралық зерттеулер мен республикалық статистикалық деректерге сүйенсек, буллинг мәселесі тек мектеп жасындағы балаларға тән емес, сонымен бірге мектепке дейінгі топтарда да өз көрінісін табады. Халықаралық тәжірибе көрсеткендей, буллингтегі өзара қарым-қатынас үлгілері, агрессор мен жәбірленушінің рөлі алдағы уақытта балалардың әлеуметтік мінез-құлқына әсер ететін маңызды фактор болып табылады. Қазақстандағы зерттеулерде де буллингтің психологиялық белгілері мен әлеуметтік ықпалдары нақты байқалды. Қоғамдық денсаулық сақтау саласындағы ұлттық зерттеулердің нәтижелері, мектепке дейінгі топтағы балалардың мінез-құлқы мен эмоционалдық реакцияларындағы аздаған ауытқулардың болашақта күрделі мәселелерге алып келетінін дәлелдеп отыр.

Осы жағдайды ескере отырып, мектепке дейінгі балаларда психологиялық буллингтің ерте белгілерін анықтау - олардың қауіпсіз, қолдау көрсететін ортада тәрбиеленуін қамтамасыз етудің негізі болып табылады. Ерте диагностика мен тиімді профилактикалық шаралар балаға өз-өзін тану, өзін-өзі бағалау және әлеуметтік бейімділікті қалыптастыруда маңызды рөл атқарады. Сондықтан, педагогтар мен ата-аналар бірігіп, буллингтің ықтимал белгілерін уақтылы байқап, алдын алу стратегияларын іске асыруға ерекше мән беруі тиіс.

Зерттеудің мақсаты- мектепке дейінгі жастағы балаларда буллингке ұшыраудың ерте белгілерін анықтау.

Зерттеудің міндеттері:

• ерте психологиялық белгілерді сипаттау және оларды диагностикалау әдістерін анықтау;

•балалар арасындағы әлеуметтік қарым-қатынастың бұзылу белгілерін ойыннан шеттету, жалғыз жүру, эмоционалдық тұрақсыздық) зерттеу;

•тәрбиешілер мен ата-аналарға арналған бақылау әдістері мен практикалық ұсынымдар әзірлеу;

•мектепке дейінгі ортада буллингтің алдын алу және ерте араласу стратегияларын енгізу.

Зерттеу әдістері:

1. Бақылау әдісі.

Зерттеу барысында балалардың мінез-құлқы мен өзара әрекеттесуін тіркеу мақсатында бақылау әдісі қолданылды. Балалардың ойын, тамақтану және серуендеу кезіндегі әрекеттері мұқият зерттелді. Мысалы, ойын алаңында кейбір балалардың топқа қосылмай, өздігінен ойнауы, жалғыз жүруі немесе өз ойын білдіру кезіндегі кішкентай өзгерістер тіркелді. Мұндай жағдайларда баланың топтан оқшауланып қалуы немесе эмоциялық қиыншылықтарын білдіруі ықтимал. Нақты мысал ретінде, кейбір балабақшада бір бала жиі өздігінен ойнап, топтық ойынға араласпайтыны анықталды, бұл оның топ ішінде оқшауланууын және эмоцияларды дұрыс білдіруде қиындықтар туындауын көрсетеді.

2. Сауалнама әдісі.

Зерттеу барысында тәрбиешілер мен балабақша қызметкерлеріне, сондай-ақ ата-аналарға арналған арнайы сауалнамалар жүргізілді. Сауалнамалар арқылы буллингке ұшырау мүмкіндігі, оның белгілері мен жиілігі анықталды. Мысалы, «Сіздің бақылауыңыз бойынша, балаңыз топ ішінде жиі жалғыз жүреді ме?» деген сұрақ қойылып, әлеуметтік оқшаулану мәселесін бағалау жүргізілді. Бұл әдіс көмегімен балалардың топтағы қарым-қатынасындағы ерекшеліктері мен мәселелері туралы нақты деректер алынды.

3. Ата-аналармен әңгімелесу әдісі.

Баланың мінез-құлқы мен эмоционалдық тұрақтылығын дәл бағалау мақсатында ата-аналармен жеке әңгімелесу жүргізілді. Ата-аналардан баланың үйдегі көңіл-күйі, ұйқы режиміндегі өзгерістер және тамақтану әдеттері туралы сұраныс алынып, мектептегі жағдаймен салыстырылып талданды. Бұл әдіс ата-аналардың бала дамуы мен оның мектептегі мінез-құлқы арасындағы

байланысты тереңірек түсінуге мүмкіндік берді.

4. Эмоцияны тану әдісі.

Балалардың ішкі сезімдері мен эмоционалдық күйін анықтау мақсатында арнайы шығармашылық тапсырмалар мен ойындар ұйымдастырылды. Осы әдіс аясында балаларға өздерінің көңіл-күйін, қуанышын, көңілсіздігін немесе қорқынышын бейнелейтін суреттер салдыру тапсырылды немесе рөлдік ойындар арқылы өз сезімдерін жеткізуге мүмкіндік берілді. Бұл тәсіл балалардың табиғи түрде өз эмоцияларын ашып көрсетуіне ықпал етіп, олардың ішкі әлеміндегі нақты өзгерістер мен қиыншылықтарды анықтауға көмектесті. Мысалы, бір бала өз достарын немесе қоғамдағы орындарын суретке түсіру арқылы көрсеткенде, оның кейбір әлеуметтік жағдайларда оқшаулану немесе өз ойын жеткізу қиыншылықтары анықталды. Осылайша, балалардың эмоционалдық күйін бағалау арқылы, мұғалімдер мен мамандар ерте белгі ретінде буллингке ұшырау ықтималдығын анықтап, оны болдырмауға бағытталған профилактикалық шараларды жоспарлауға мүмкіндік алды.

Тәрбиешілерге буллингтің алдын алу бағытында кәсіби даярлықты арттыру маңызды. Бұл үшін арнайы семинарлар мен тренингтер ұйымдастыру қажет, мұнда педагогтар баланың мінез-құлқындағы ауытқуларды уақытында байқай алатын дағдыларды меңгереді. Сонымен қатар, топ ішінде қауіпсіз, қолдаушы атмосфера қалыптастыру үшін эмоционалдық жағдайға әсер ететін тиімді әдістерді пайдалану ұсынылады. Балалар арасындағы өзара қарым-қатынасты жүйелі бақылау мен жазып отыру арқылы тәрбиеші буллингтің жасырын формаларын ерте сатысында анықтай алады.

Ата-аналарға баламен сенімді байланыс орнату, оның ішкі сезімдерін түсіну және ашық қарым-қатынас жүргізу бағытында психологиялық қолдау көрсету маңызды. Бұл үшін ата-аналармен топтық кездесулер өткізу, тәжірибе алмасу және мамандардың кеңесін тыңдау ұсынылады. Балабақша мен үй арасындағы тәрбие процесінде тұрақты кері байланыс орнату - баланың психологиялық саулығын қамтамасыз етудің тиімді жолы.

Әдебиеттер:

1. Луканина М.Ф., Терехова Е.В., Журавлев И.Г., Мельникова Н.Н., Дьяконова Е.А. Алгоритм работы специалиста в случае выявления буллинга в детском коллективе. - https://psy.su/feed/12147/?ysclid=m24s0b13cn885260680
2. Буллинг - причины, формы, профилактика (для педагогов, воспитателей). - Методические рекомендации. - Волгоград: МБУ ИМЦ Волгограда, 2015. - 18 с.
3. ҚР Денсаулық сақтау министрлігінің Қоғамдық денсаулық сақтау ұлттық орталығы жүргізген 2022 жылғы зерттеу нәтижелері. - https://www.gov.kz/memleket/entities/dsm/press/news/details/624537?lang=kk
4. ҚР Денсаулық сақтау министрлігінің Қоғамдық денсаулық сақтау ұлттық орталығы. Қазақстандағы балалар мен жасөспірімдердің психикалық денсаулығына әсер ететін факторлар туралы есеп. - Нұр-Сұлтан, 2022.

ПСИХОЛОГИЯ ҒЫЛЫМЫНДАҒЫ ГЕНДЕРЛІК МӘДЕНИЕТТІ ЗЕРТТЕУ МӘСЕЛЕЛЕРІ

Маликов Б.Ж.
Жансерикова Д.А.

Қазіргі психологияда адамның гендерлік ерекшеліктері мен тұлғалық типтері арасындағы байланыс маңызды зерттеу саласына айналды.

Гендерлік даму тұлға ерекшеліктеріне және оның психологиялық айырмашылықтарына байланысты соңғы уақытта белсенді талқыланатын мәселелердің бірі. Себебі, қоғамдық ортадағы тұлға рөлі, оның ішінде, ерлер және әйелдер мәселелері қазір айтарлықтай өзгерістерге ие болып отыр. Ер адамдар мен әйел адамдар арасындағы тұлғалық ерекшеліктер олардың отбасындағы, қызмет барысындағы доминанттық қатынасын нақты көрсетеді. Қызмет барысында байқалатын ерекшеліктердің біріне лидерлікті жатқызуға болады.

Ғылыми зерттеулер ілгерілеген сайын, биологиялық тұрғыдан алғанда, ерлер мен әйелдер арасындағы айырмашылықтардан гөрі ұқсастықтар әлдеқайда көп екендігі белгілі болды. Көптеген зерттеушілер тіпті әйелдер мен ерлер арасындағы жалғыз айқын және мағыналы биологиялық айырмашылық олардың ұрпақты көбейтудегі рөлінде деп санайды. Бүгінгі күні еркектердің бойы, салмағының жоғарылауы, бұлшықет массасы мен физикалық күші сияқты «типтік» гендерлік айырмашылықтар өте өзгермелі және әдетте ойлағаннан әлдеқайда аз жыныстық қатынасқа байланысты екені анық. Әйелдер мен ерлердің психологиялық қасиеттерін, мінез-құлық үлгілерін, іс-әрекеттерін, кәсіптерін биологиялық жыныс емес, әлеуметтікмәдени нормалар түптеп келгенде анықтайды. Қоғамда еркек немесе әйел болу белгілі бір анатомиялық ерекшеліктерге ие болу ғана емес, ол бізге жүктелген белгілі бір гендерлік рөлдерді орындауды сипаттайды.

Гендер психологиясы-бұл психологиялық ғылымдардың бір саласы. Бұл саланы қарастыру тек XX ғасырдың 70-ші жылдарынан бастау алады.

Гендерлік психология алғашында көптеген ғылымдарда қарастырыла бастады, оның ішінде философтардың, әлеуметтанушылардың, демографтардың, этнографтардың, сонымен бірге психологтардың зерттеулерінде көріне бастады.

Гендерлік психологияның пәндік қалыптасу кезеңі және жаратылыстану ғылымдар негізінің құрылуы батыстың көптеген елдерінде қоғамдағы ситуациялар өзгеруімен байланысты болды. Атап айтқанда, Францияда, Англияда және АҚШ-та әйелдерді босату жөнінде әрекеттер қарастырылды. Бұл қорғанысты біз жыныстар психологиясының ғылым ретіндегі даму тарихының бір бөлімі ретінде қарастырамыз. Феминизм түсінігі (лат.femina-әйел) XIX ғасырдың I жартысында француз тілінде жарық көрді. 1830 жылы басқа термин - «эмансировандық әйел» (лат. emansipatio - бостандыққа шығу) пайда болды. Феминизм өзінің даму тарихы бойынша әйелдердің ер

адамдармен физикалық тұрғысынан тең екенін көрсетеді және мәдени феминизм - әйелдер табиғатта ер адамдардан жақсырақ екенін дәлелдеуге тырысады. Егер әйелдер билікте болса, онда әлемде әділеттілік орнайды - соғыстар, экологиялық жарылыстар және т.б.жағдайлар болмайды деп түсіндіреді [1].

Ж.К. Каримова, С.Т. Қалдыбек өз зерттеулерінде феминистік қозғалыстың пайда болғаннан бастап әйелдердің құқықтарын үнемі және жүйелі түрде қорғауды және феминистік қозғалыстың қоғамдық-саяси өмірде маңызды рөл атқарғанын тұжырымдайды. Олар әйелдердің азаттығы, репродуктивті құқықтары, тұр-мыстық зорлық-зомбылық, декреттік демалыс, тең жалақы, әйелдердің сайлау құқығы, жыныс-тық қудалау және жыныстық зорлық-зомбылық. Феминистік қозғалыстың басымдықтары туралы мәселелерге қоғамның назарын аударады [2].

Н.М. Садыкова, З.Б. Мадалиева, Э.Т. Адилова гендерлік бірдейлілік тұлғадағы мінез-құлқы мен өзара қарым-қатынасына гендерлік стереотиптер әсері, сондай-ақ психологиялық стресті жеңуде гендерлік бірдейлілік ерекшеліктерін зерттеген. Әйелдер мен ерлердің психологиялық қасиеттерін, мінез-құлық үлгілерін, іс-әрекеттерін, кәсіптерін биологиялық жыныс емес, әлеуметтікмәдени нормалар түптеп келгенде анықтайды. Қоғамда еркек немесе әйел болу белгілі бір анатомиялық ерекшеліктерге ие болу ғана емес, ол бізге жүктелген белгілі бір гендерлік рөлдерді орындауды сипаттайды [3].

Ал, маскулиндік мәдениет тек қана әйелдерге ғана емес, сонымен бірге ер адамдарды мұңайту сезімі мен түр өзгерісіне әкеледі. Әдетте, мускулиндік - ерлердің қасиеттеріне дәстүрлі түрде тәуелсіздік, батылдық, үстемдік, агрессивтілік, тәуекелге бару, тәуелсіздік, өзіне деген сенімділік және т.б. жатады. Арнайы зерттеулер (Christiansen K., Knussmann R., 1987) генерализацияланған спонтанды агрессиялық пен жыныстық агрессияның қандағы андрогендер (ерлер жыныстық гормондар) деңгейімен өзара байланысты бары анықталған.

Психологиялық жыныс - әр адам көптеген психологиялық қасиеттер өкілі. Кейбір белгілі әмбебап болып көрінеді, ал кейбір белгілер дәстүрлі түрде әдетте еркек немесе әйел психологиясымен байланысты. Кейбір типтік еркек немесе әйел белгілерінің өзіндік эволюциялық-генетикалық және физиологиялық негіздері мен алғышарттары болады. Мысалы, агрессивтілік пен үстемділік деңгейлері (әдетте еркектік қасиеттері ретінде қарастырылады) белгілі болғандай, бұл ерлер жыныстық гормондарының - андрогендердің - жеке адмадардағы концентрация деңгейімен байланысты. Ал басқа қасиеттер әлеуметтену, тәрбилеу және тұлғаның дамуы барысында қалыптасады. Әйтпесе, маскулиндік пен фемининдікке қатысты әлеуметтік стереотиптердің болуы кездейсоқ емес. Дегенмен, әдетте еркектік немесе әйелдік психологиялық қасиеттерді меңгеру факторлардың екі тобының да - биологиялық және әлеуметтік әсерлерінің біріккен әсерінің нәтижесінде пайда болды. Бұл контексте психологиялық жыныс биологиялық жыныстан түбегейлі ерекшеленеді. Биологиялық жыныс - адамның физиологиялық ерекшеліктеріне

(қалыпты жыныс мүшелері, хромосомалар, гормондар) негізделген түсінік, ал психологиялық жыныс адамның ішкі өзіндік қабылдауына, мінез-құлқына және әлеуметтік рөлдеріне байланысты болады. Психологиялық жыныс феноменіне қатысты үш негізгі түсінік бар: маскулиндік, фемининдік және андрогиндік. Бұл ұғымдар адамның мінез-құлқы мен психологиялық сипаттамаларын сипаттайды, олардың арасында гендерлік айырмашылықтар мен ортақ қасиеттер болуы мүмкін [4].

Сонымен, жыныстар стратификациясы өзіндік бейнелі жыныстар идеологиясы болып табылады, яғни әрбір мәдениетте ер мен әйел үшін өздерінің қалауларына сәйкес сапалары жөнінде көрсетілімдерді мазмұндайды.

Зерттеу тақырыбының өзгектілігі мен теориялық шолу нәтижелеріне сүйене отырып, біз студенттер тобында гендерлік өзгешеліктерді тәжірибеде зерттеу мақсатында С. Бем «Маскулиндік-фемининдік» әдістемесін қолдандық [5]. Әдістеме мақсаты: психологиялық жынысты диагностикалау үшін және жеке тұлғаның андрогиния, маскулиндік және фемининдік дәрежесін анықтау.

Әдістеме ЖОО студенттеріне жүргізілді. Таңдама саны - 25 адам соның ішінде сыналушылардың 15 ұл, 10 қыз. Бұл жұмыста 25 адамның маскулин, феминин, андрогин және бейтарап типтерінің ұпайлары негізінде олардың тұлғалық типтері анықталып, гендерлік тұрғыда сараптама жүргізілді.

Тұлғалық типтердің гендерлік ерекшеліктері бойынша талдау жасалынды (Кесте 1).

Кесте 1. С. Бем әдістемесі бойынша 25 сыналушының нәтижесі.

№	Жынысы	Маскулин ұпайы	Феминин ұпайы	Типі
1	Ер	5.8	3.2	Маскулинді
2	Ер	4.9	4.7	Андрогинді
3	Ер	3.2	2.9	Бейтарап
4	Ер	5.6	4.0	Маскулинді
5	Ер	4.3	4.9	Фемининді
6	Ер	5.1	2.8	Маскулинді
7	Ер	4.6	4.6	Андрогинді
8	Ер	2.9	3.1	Бейтарап
9	Ер	4.2	5.3	Фемининді
10	Ер	5.5	3.0	Маскулинді
11	Ер	5.2	4.9	Андрогинді
12	Ер	5.9	3.2	Маскулинді
13	Ер	4.0	4.3	Андрогинді
14	Ер	5.7	3.5	Маскулинді
15	Ер	4.4	2.7	Маскулинді
16	Қыз	3.1	5.6	Фемининді
17	Қыз	4.5	4.5	Андрогинді
18	Қыз	3.0	3.2	Бейтарап
19	Қыз	2.8	5.3	Фемининді
20	Қыз	4.2	4.9	Андрогинді
21	Қыз	5.1	4.8	Андрогинді
22	Қыз	2.9	5.5	Фемининді

23	Қыз	3.0	3.0	Бейтарап
24	Қыз	3.8	5.1	Фемининді
25	Қыз	4.5	4.2	Андрогинді

Тәжірибе нәтижесінде алынған мәліметтерге сандық және сапалық талдау нәтижесінде келесі көрсеткіштер анықталды, яғни мәліметтерге сәйкес, сыналушылардың басым көпшілігі маскулинді (7), фемининдік (2), андрогендік (4) типтерге жататындығы анықталды. Бұл олардың еркектік қасиеттерінің басымдығын көрсетеді, яғни маскулинді тәуелсіздік, талапшылдық, үстемдік, агрессивтілік, тәуекелге бару, өзіне сенімділік, өзіне сенімділік және т.б. сияқты қасиеттер жатады. Сонымен қатар өзін-өзі бағалаудың жоғарылығымен және сыртқы келбетін (физикалық) бағалауымен ерекшеленеді.

Ал қыздар арасында андрогинді (4 қыз) және фемининді (4 қыз) типтер басым (әрқайсысы 4 адам), яғни фемининдік жұмсақтық, сезімталдық, ұялшақтық, нәзіктік, жылылық, кешірімшілдік, эмпатия және т.б. сияқты қасиеттерді қамтиды. Әйелдіктің әлеуметтік стереотиптері тұлғаның өрістік аспектілері мен іскерлік мансаптың сәттілігімен азырақ айналысады, бірақ сонымен бірге эмоциялық аспектілерге айтарлықтай көңіл бөледі.

Андрогинде бұл белгілер үйлесімді және бірін-бірі толықтырады деп болжанады. Еркек пен әйелдік белгілердің мұндай үйлесімді интеграциясы андрогиндік типтің бейімделу мүмкіндіктерін арттырады деп саналады.

Сонымен қатар, үлкен жұмсақтық, әлеуметтік байланыстардағы тұрақтылық және олар өзін-өзі жоғары құрметтеу, өзіне деген сенімділік, өзін-өзі қабылдау фонында көрінеді.



Сурет 1.

Андрогинді типтің екі жыныста да бірдей деңгейде кездесуі қазіргі қоғамда гендерлік рөлдердің өзгеріп, тұлғалардың икемділік пен бейімділікке бейім екенін көрсетеді.

Қорытындылай келгенде, зерттеу тұлғалық типтердің жыныспен тығыз байланысты екенін көрсетеді. Ер адамдарда маскулинділік, ал қыздарда фемининдік пен андрогинділік басым. Бұл көрсеткіштер қоғамдағы рөлдік күтулер мен тәрбиелік факторларға да байланысты болуы мүмкін. Болашақта бұл зерттеуді кеңейтіп, жас ерекшеліктері мен әлеуметтік жағдайларды да ескере отырып талдау жасау пайдалы болар еді.

Әдебиеттер:

1. Бендас Т.В. Гендерная психология: Учебное пособие. - СПб.: Питер, 2006. - 431 с.
2. Каримова Ж.К., Қалдыбек С.Т. феминистік марштың қалыптасуы: халықаралық және қазақстандық тәжірибені талдау // ҚҰУ Хабаршысы: Психология және социология сериясы. - 2023. - №3 (86). - Б.94-114.
3. Садыкова Н.М., Әлдибай Ж.М., Мадалиева З.Б., Адилова Э.Т. Стресті жеңудегі тұлғаның гендерлік бірдейлігінің ерекшеліктерін зерттеу // Абай атындағы ҚазҰПУ-нің хабаршысы. Психология сериясы. - 2023. - №1(74). - Б. 28-33.
4. Мамаева Г.Б. Ерлер мен әйелдердің сөз қолданысындағы ерекшеліктер (гендерлікзерттеу): филол. ғыл. канд. ... дисс. - Алматы, 2003. - 150 б.
5. Методика «Маскулинность-фемининность» С.Бем - https://psylab.info

ВЗАИМОСВЯЗЬ ЭМОЦИОНАЛЬНОГО ИНТЕЛЛЕКТА И ЛИДЕРСКИХ КАЧЕСТВ ОБУЧАЮЩИХСЯ

Несмеянова К.Е.
Альгожина А.Р.

Современные реалии - цифровизация, нестабильность рынка труда и акцент на межличностные компетенции - требуют от системы высшего образования подготовки не только профессионально грамотных, но и эмоционально зрелых, социально активных специалистов. Развитие эмоционального интеллекта и лидерских качеств обучающихся становится приоритетной задачей не только с точки зрения личностного роста, но и как условие успешной адаптации в профессиональной и социальной среде [1].

Эмоциональный интеллект включает способность осознавать, понимать и регулировать собственные эмоции, а также управлять межличностным взаимодействием [2]. Вместе с когнитивными и лидерскими качествами он формирует психологический ресурс, необходимый для эффективной самореализации студентов в учебной и внеучебной деятельности.

Эмоциональный интеллект как самостоятельное направление в психологии стал активно развиваться с конца XX века. П. Саловей и Дж. Майер [2] предложили четырехкомпонентную модель эмоционального интеллекта: восприятие эмоций, использование эмоций в мышлении, понимание эмоций, управление эмоциями.

Каждый компонент выполняет важную регулятивную и когнитивную функцию. Например, способность распознавать эмоции на лицах других людей напрямую связана с качеством межличностной коммуникации, а навык управления эмоциями позволяет сохранять психологическую устойчивость в стрессовых ситуациях [2; 3].

Д. Гоулман дополнил модель Саловея-Майера прикладными навыками. Его концепция включает пять базовых компетенций: самосознание (распознавание собственных эмоций), саморегуляция, мотивация, эмпатия, социальные навыки [3].

Эта модель стала особенно популярной в сфере управления персоналом, психологии лидерства и образования, так как позволяет интегрировать эмоциональные и социальные характеристики в практику развития личности.

Дополнительно, модель Р. Бар-Она акцентирует внимание на социально-адаптивных аспектах эмоционального интеллекта. Его подход включает: внутриличностные и межличностные способности, стрессоустойчивость, адаптивность и общее настроение. Эмоциональный интеллект в этом контексте является не просто эмоциональной компетенцией, а фактором психологического благополучия [6].

Когнитивные качества - это интеллектуальные способности, включая память, внимание, мышление, воображение, принятие решений. В лидерстве когнитивные процессы играют фундаментальную роль: от способности к стратегическому мышлению до гибкости в решении нестандартных ситуаций [4; 5].

Многие модели лидерства основываются на когнитивных предпосылках: теория черт (Stogdill), ситуационные модели (Fiedler), трансформационное лидерство (Bass), где лидер воспринимается как субъект, обладающий высоким уровнем осознанности, эмпатии, способности к прогнозированию и мотивации [5].

Связь между эмоциональным интеллектом и когнитивными способностями раскрывается через понятие когнитивно-эмоционального стиля: эмоциональный интеллект регулирует когнитивную деятельность, снижает влияние искажений, способствует принятию взвешенных решений [8].

Зарубежные подходы к эмоциональному интеллекту формируют теоретический базис. Исследования Дж. Майера, П. Саловея и Д. Карузо рассматривают эмоциональный интеллект как форму интеллекта, а не просто личностную черту. Они ввели в научный оборот MSCEIT - тест, оценивающий способность к эмоциональной регуляции и осознанию [2]. Работа Д. Карузо связала эмоциональный интеллект с лидерской эффективностью, показав, что успешные лидеры демонстрируют высокий уровень эмоциональной осведомленности и эмпатии.

В теории Р. Бояциса и Д. Макклелланда эмоциональные компетенции включаются в состав управленческих моделей как факторы успеха: эмпатия, инициативность, влияние и способность вдохновлять коллектив [7].

Российские исследования (И.Н. Андреева, Д.В. Люсин, Е.А. Сергиенко)

обращают внимание на культурные аспекты эмоционального интеллекта. И.Н. Андреева считает эмоциональный интеллект интегративной характеристикой, формирующейся в процессе социализации и зависящей от норм культурной среды [9].

Д.В. Люсин акцентирует внимание на внутриличностной и межличностной составляющей эмоционального интеллекта, а также разработал отечественную методику ЭмИн [8].

Е.А. Сергиенко связывает эмоциональный интеллект с когнитивными процессами, указывая на важность эмоциональной информации в принятии решений. Эмоциональный интеллект, по ее мнению, формирует основы социальной успешности и личностной адаптации.

Также важно отметить, что в российской науке акцент делается на рефлексивную природу эмоционального интеллекта - способность не просто распознавать эмоции, но и анализировать их, понимать собственную мотивацию и влияние эмоций на поступки [9].

Казахстанская научная школа, в частности труды С.Б. Нургалиевой и А.Р. Альгожиной, акцентируют внимание на средовых условиях формирования эмоционального интеллекта. Нургалиева рассматривает эмоциональный интеллект как компонент профессиональной подготовки, особенно важный в условиях межкультурной и многоязычной образовательной среды [10].

А.Р. Альгожина предлагает рассматривать эмоциональный интеллект как ядро эмоционально-психологического ресурса педагога и студента. В своих исследованиях она выявляет тесную связь между эмоциональным интеллектом, стрессоустойчивостью и лидерским поведением. Особенность ее подхода - ориентация на взаимосвязь эмоционального интеллекта с профессиональными качествами, такими как мотивация, адаптивность, эмпатия и организационные способности [11; 12; 13].

Казахстанский контекст также включает воспитательные аспекты: коллективизм, уважение к старшим, эмоциональная сдержанность и значимость групповой гармонии. Все эти факторы влияют на специфику проявлений эмоционального интеллекта и лидерства в образовательной среде Казахстана.

Особый интерес представляют работы А.Р. Альгожиной, в которых эмоциональный интеллект рассматривается как ключевой ресурс личностной зрелости и профессионального становления преподавателей и студентов.

В исследовании "Cross-cultural study of the qualitative aspects of higher education teachers' emotional intelligence" [11] показано, что эмоциональный интеллект является универсальным фактором межкультурной педагогики. Исследование охватывает преподавателей вузов Казахстана и России, сравнивает эмоциональную компетентность и делает акцент на связи эмоционального интеллекта с лидерскими и коммуникативными качествами.

В статье "Исследование развития эмоционального интеллекта педагогов высшей школы" [12] автор делает акцент на важности развития эмоционального интеллекта для устойчивости, самооценки и способности к лидерскому поведению. Подчеркивается, что педагоги с высоким

эмоциональным интеллектом более успешны в групповой работе, умеют управлять стрессом и мотивировать студентов, что можно экстраполировать и на самих обучающихся.

Также А.Р. Альгожина в своих публикациях связывает эмоциональный интеллект с такими профессионально важными качествами, как креативность, инновационное поведение, устойчивость к деструктивному влиянию внешней среды, способность к быстрой адаптации [13].

В заключении можно сказать, что эмоциональный интеллект, когнитивные способности и лидерский потенциал образуют интегральную структуру личностной зрелости обучающихся, от которой зависит их академическая успешность и социальная адаптация. Сравнительный анализ зарубежных, российских и казахстанских подходов показывает, что развитие этих качеств должно быть приоритетом современной педагогической практики.

Исследования по эмоциональному интеллекту доказывают необходимость целенаправленного формирования эмоционального интеллекта как основы лидерского поведения и профессионального роста студентов. Именно эмоционально компетентные обучающиеся становятся лидерами нового поколения - гибкими, устойчивыми, социально ответственными и готовыми к вызовам XXI века.

Литература:

1. Мэрфи К. Эмоциональный интеллект и управление поведением. - М.: Эксмо, 2010.
2. Mayer J.D., Salovey P. What is emotional intelligence? // Emotional Development and Emotional Intelligence. - NY: Basic Books, 1997.
3. Гоулман Д. Эмоциональный интеллект. - М.: Манн, Иванов и Фербер, 2019.
4. Bar-On R. Emotional and Social Intelligence: Insights from the Emotional Quotient Inventory (EQ-i). In: Bar-On, R., Parker, J.D.A. (Eds.), Handbook of Emotional Intelligence. - San Francisco: Jossey-Bass, 2000.
5. Гарднер Г. Структура разума. - СПб.: Прайм-Еврознак, 2007.
6. Лидерство: теория и практика / Под ред. П. Нортауса. - М.: Юрайт, 2018.
7. Люсин Д.В. Эмоциональный интеллект как способность: структура и диагностика. - М.: Смысл, 2004.
8. Richard E. Boyatzis Emotional and Social Intelligence Competencies and the Intentional Change Process, 2019.
9. Сергиенко Е.А. Эмоциональный интеллект: к интеграции когнитивных и аффективных компонентов // Вопросы психологии. - 2017. - №1. - С. 23-34.
10. Нургалиева С.Б. Эмоциональный интеллект и его значение в формировании личности // Вестник КазНПУ. - 2021. - №1(55). - С. 112-116.
11. Algozhina A. et al. Cross-cultural study of the qualitative aspects of higher education teachers' emotional intelligence // JARHE. - 2021. - Vol.14. - pp. 1099-1113,
12. Альгожина А.Р., Сабирова Р.Ш., Капашева Г.А. Исследование развития эмоционального интеллекта педагогов высшей школы // Вестник КазНПУ. Серия «Психология». - 2021. - №4(69).
13. Альгожина А.Р. Современный взгляд на профессионально важные качества педагогов. - Аэтерна, 2020.

16-17 ЖАСТАҒЫ ЖАСӨСПІРІМДЕРДІҢ КІНӘ СЕЗІМІ МЕН ТҰЛҒАЛЫҚ ЕРЕКШЕЛІКТЕР АРАСЫНДАҒЫ БАЙЛАНЫС

Нұртазина Ж.М.
Бурленова С.О.

Кіріспе

Әр адам өз өмірінде кінә сезіміне тап болды. Кінә- сезімтал, жауапты тұлғаның маңызды құрамдас бөлігі [1]. Кінә белгілі бір мінез-құлықпен байланысты жағымсыз эмоция ретінде қарастырылады. Бұл адамдарды өздерінің теріс қылықтарын мойындауға, жауапкершілікті өз мойнына алуға және түзетуге тырысады. Бұл жасөспірімдерге өз қателіктерінен сабақ алуға және жауапкершілік сезімін дамытуға көмектеседі [2].

Жасөспірім кезіндегі кінә мен ұят сезімдерінің психологиялық ерекшеліктері осы жас кезеңінің дамуындағы әлеуметтік жағдайдың ерекшеліктерімен, жетекші іс-әрекеттермен және жасқа байланысты жаңашылдықтармен тікелей байланысты. Бұл кезең кінә сезіміне бейімділікпен сипатталады. Сондықтан жасөспірім кезінде кінә сезімінің қалыптасу мәселесі өзекті бола түсуде [3].

Темперамент - бұл адамның туа біткен ерекшеліктері, олар реакцияның қарқындылығы мен жылдамдығының динамикалық сипаттамаларын, эмоционалды қозғыштық пен тепе-теңдік дәрежесін, қоршаған ортаға бейімделудің жеке ерекшеліктерін анықтайды [4; 68].

Зерттеу жұмыстары.

Зерттеудің бірінші кезеңінде біз "кінә мен ұят сезімдерін өлшеу" әдісін қолдандық (test of Self-Conscious Affect (TOSCA) Дж. П. Тангней (1989)" бейімделу И.А. Белик (2006). Іріктеме Қарағанды облысы білім басқармасының №1 "Білім-инновация" лицей-интернатының 11 сыныбының 30 оқушысынан тұрады.

"Кінә мен ұят сезімдерін өлшеу"(TOSCA) әдісінің 2 тармағы бойынша деңгейлік үлес көрсетілген (1 кесте).

1 кесте. 30 оқушыны деңгейі бойынша талдау(пайыз).

Деңгей	Кінә сезімі	Ұят
1-өте мөмен	-	-
2-төмен	6%	20%
3-орташа	37%	43%
4-жоғары	37%	34%
5-өте жоғары	20%	3%

30 баланың 80%-ы кінә сезімін және 77% ұят сезімі орташа және жоғары деңгейде сезінеді.

В.А. Сухомлинский кінәні тәрбиеленген адамның асыл сезімі деп жазды; кінәні тек ақымақ пен моральдық надан сезінбейді [5].

0-20% аралығындағы (өте төмен деңгей) ешбір оқушыда кездеспеген. Яғни, кінә мен ұятты мүлде сезінбейтін бала болмаған. Бұл көрсеткіш - 11-сыныптағы ұл балалардың эмоциялық-адамгершілік дамуы дұрыс жолда екенін білдіреді (1-сурет).



1-сурет. Кінə сезім деңгейі (пайыз)

Зерттеудің екінші кезеңінде Т.В. Маталин (1992), Hans Eysenck (1963) бойынша "тұлғаның сипаттамалық сипаттамаларын жедел диагностикалау (Холл)" әдісі жүргізілді. Нәтижелері бойынша ең көп кездесетіні 33%-і меланхолик, ең азы 17%-і флегматиктер. Ал қалғандарынан 27%-і холерик болса, 23 %-і сангвиник. Сонымен қатар 50%-ы экстраверт және 50%-ы интроверт. Ал нейротизм бойынша 60%-ы жоғары немесе орташа нәтиже, ал 40%-ы бойынша тұрақтылық көрінеді.

Зерттеудің үшінші кезеңінде "Кінə мен ұят сезімдерін өлшеу"(TOSCA) әдістемесінің нәтижелерін Т.В. Маталин (1992), Hans Eysenck (1963) "тұлғаның сипаттамалық сипаттамаларын жедел диагностикалау (Холл)" әдісімен салыстырдық (2 кесте).

2 кесте. Кінə сезімі мен темперамент бойынша нәтижелер.

Темперамент	Кінə сезімі										Жоғары және өте жоғары нәтиже бойынша
Холерик	35	60	42	48	30	42	45	59			37%
Сангвиник	69	63	54	51	59	66	56				100%
Меланхолик	48	62	37	62	35	52	35	49	37	69	60%
Флегматик	46	43	29	51	36						40%

Сангвиниктер: 100% қатысушы жоғары (57%) және өте жоғары (43%) кінә сезімін сезінеді.

Меланхоликтер: 40% орташа, 30% жоғары, 30% өте жоғары деңгейде.

Холериктер: 50% орташа, 37% жоғары, 13% төмен.

Флегматиктер: 40% орташа, 40% жоғары, 20% төмен.

Кесте бойынша ең жоғары кінә сезімі сангвиниктерде, ең төмен флегматиктер мен холериктерде, ал меланхоликтерде кінә сезімі орташа мен жоғары аралығында жиі кездеседі (3 кесте).

3 кесте. Кінә сезімі деңгейі мен темперамент(пайызбен).

Деңгей	холерик	сангвиник	меланхолик	флегматик
1-өте мөмен	-	-	-	-
2-төмен	13%	-	-	20%
3-орташа	50%	-	40%	40%
4-жоғары	37%	57%	30%	40%
5-өте жоғары	-	43%	30%	-

Жалпы ұқсастық.

Ең алдымен, барлық төрт темпераментте де «өте төмен» деңгей мүлде жоқ. Бұл - жасөспірімдердің барлығы, қай темпераментке жатса да, бір деңгейде болсын кінә сезімін бастан кешіретінін көрсетеді. Яғни, кінә сезімі - жасөспірімдерге ортақ, маңызды эмоциялық компонент. Бұл олардың моральдық дамуының, ішкі өзін-өзі реттеудің белгісі.

1. Сангвиник пен Меланхолик: Ұқсастығы неде?

Бір қарағанда бұл екеуі қарама-қарсы темпераменттер сияқты:

Сангвиник - ашық, көпшіл, эмоцияны оңай білдіреді.

Меланхолик - тұйық, сезімтал, ішке бүгіп сақтайды.

Бірақ кінә сезімін сезіну тұрғысынан екеуінде де бір нәрсе бар - олар екеуі де адамдармен қарым-қатынасқа мән береді. Тек:

Сангвиник - сырттан қолдау алғысы келеді, сондықтан біреуге жаман нәрсе істеп қойса, өзін кінәлі сезінеді, өйткені ол басқалардың қабылдауына тәуелді.

Меланхолик - ішкі рефлексиясы мықты, бәрін жүрекке жақын алады, сондықтан ұят пен кінә оны көп мазалайды.

Ортақ тұсы: Екеуі де - басқалардың пікірі мен қарым-қатынасын маңызды санайтын темпераменттер. Яғни, олардың кінә сезімі - ішкі моральдық нормалар мен әлеуметтік ортадағы қарым-қатынасқа сезімталдықпен байланысты.

2. Холерик пен Флегматик: Неліктен ұқсас?

Тағы да бір-біріне қарама-қарсы сияқты:

Холерик - белсенді, импульсивті, эмоцияны тез шығарады.

Флегматик - баяу, сабырлы, эмоцияны ішінде сақтайды.

Бірақ бұл екеуін кінә сезімі тұрғысынан байланыстыратын бір маңызды фактор бар - олар эмоцияны тұрақты түрде бастан кешірмейді немесе оны ұзақ уақыт бойы уайымдамайды.

Холерик - бірдеңеге ренжіп, ашуланса да, тез ұмытып кетеді. Кінә сезімі пайда болуы мүмкін, бірақ ол ұзақ тұрақтамайды.

Флегматик - жағдайды байыппен қабылдайды, эмоциямен емес, ақылмен шешуге бейім, сондықтан кінәні тым терең сезінбеуі мүмкін.

Ортақ тұсы: Екеуі де эмоцияны іште ұзақ сақтамайды немесе оны талдап, қайта-қайта ойламайды. Бұл - кінә сезімінің жоғары болмауына ықпал етеді.

Қорытындылай келе, зерттеу нәтижелері жасөспірімдердің кінә сезімін қалыптастыруда темпераменттің де рөл атқаратыны көрсеттілді, бұл олардың жеке тұлғалық дамуы мен әлеуметтік бейімделуіне айтарлықтай әсер ететінін дәлелдеді. Алынған эмпирикалық деректер мен теориялық негіздер болашақта жасөспірімдердің психологиялық дамуын қолдауға бағытталған тәрбиелеу, білім беру және әлеуметтік қолдау бағдарламаларын жетілдіруде негіз болып қызмет ете алады.

Әдебиеттер:

1. Салахова А.Р., Льдокова Г.М. Взаимосвязь переживания одиночества и чувства вины у детей подросткового возраста // Теория и практика современной науки. - 2017. - №5(23). - С. 711-713.
2. Кінә мен Ұятқа жүгіну [Электрондық ресурс] - URL: https://www.alisbh.com/blog/how-to-address-guilt-and-shame-in-adolescents/
3. Кухтова Н.В., Панютина В.В. Коррекция проявлений вины и стыда у подростков // Служба практической психологии в системе образования: тенденции и перспективы: сб. материалов XXVI междунар. науч.-практ. конф. - Санкт-Петербург: СПб АППО, 2022. - Вып. XXVI. - С. 62-65.
4. Абрамова Г.С. Возрастная психология. - М.: Академический проект, 2003. - 570 с.
5. Ильин Е.П. Психология совести. Вина, стыд, раскаяние. - СПб.: Питер, 2017. - С. 54-55.

МЕКТЕПТЕГІ ОРТА БУЫН ОҚУШЫЛАРЫНЫҢ АРАСЫНДАҒЫ БУЛЛИНГ МӘСЕЛЕСІ

Нұртазина М.А.
Исина С.С.

Қазіргі қоғамда балалар мен жасөспірімдер арасында әлеуметтік қарым-қатынастың күрделене түсуі түрлі жағымсыз құбылыстардың, соның ішінде буллингтің кең таралуына себеп болуда. Буллинг - білім беру мекемелерінде, соның ішінде мектептерде жиі кездесетін, жүйелі түрде қайталанып отыратын психологиялық немесе физикалық қысым көрсету әрекеті [1]. Бұл мәселе оқушылардың психологиялық денсаулығына, оқу үлгеріміне және тұлғалық дамуына теріс әсер ететіні анық. Сол себепті буллингтің мәнін ашу, оның себептері мен салдарын зерттеу бүгінгі күннің өзекті мәселелерінің бірі болып отыр.

Буллинг (ағылшын тілінен bullying - қоқан-лоққы көрсету, қорқыту) - бір тұлғаның екінші тұлғаға қатысты жүйелі түрде агрессия көрсетуі, зорлық-зомбылық әрекеттері арқылы психологиялық немесе физикалық қысым

көрсетуі. Бұл құбылыс көбінесе ұжым ішінде, әсіресе балалар мен жасөспірімдер ортасында байқалады. Буллингтің негізгі белгілері - қасақана әрекет, жүйелілік, күш теңсіздігі және құрбанына зиян келтіру мақсаты.

Буллингтің теориялық негіздері әлеуметтік-психологиялық және педагогикалық бағыттарда қарастырылады. Атақты норвегиялық зерттеуші Дэн Олвеус буллингті мектеп ортасындағы ең өзекті мәселелердің бірі ретінде сипаттап, оны оқушылар арасындағы билік пен күш теңсіздігіне негізделген агрессиялық мінез-құлық ретінде қарастырған. Оның теориясына сәйкес, буллинг агрессордың (буллердің) өз құрбанын бақылауға алу және өз үстемдігін сезіну әрекеті ретінде көрініс табады.

Әлеуметтік оқыту теориясы (А. Бандура) буллинг мінез-құлқының үйрену нәтижесінде қалыптасатынын алға тартады. Яғни, балалар қоршаған ортадағы агрессиялық әрекеттерді бақылау арқылы оларды үлгі ретінде қабылдап, өз мінез-құлқына енгізеді. Сонымен қатар, буллингтің пайда болуына отбасылық тәрбие, мектеп ортасының психологиялық климаты, құрдастарымен қарым-қатынас ерекшеліктері де ықпал етеді [2].

Буллинг құбылысын түсіндіруде когнитивті-диссонанстық теория, фрустрация-агрессия теориясы сияқты әлеуметтік психология теориялары да қолданылады. Бұл теориялар агрессияның адам ішіндегі қанағаттанбаған қажеттіліктердің, эмоциялық кернеудің нәтижесі ретінде пайда болатынын көрсетеді.

Қазіргі таңда білім беру кеңістігінде оқушылардың қауіпсіз психологиялық ортасын қамтамасыз ету маңызды мәселелердің біріне айналып отыр. Бұл тұрғыда буллинг құбылысының мәнін тереңірек түсініп, оның көрініс беру формаларын нақтылау - практикалық және теориялық тұрғыда зор маңызға ие. Буллинг - бұл тек қана жеке тұлғаға бағытталған агрессиялық әрекет емес, ол - әлеуметтік өзара әрекеттестіктің бұзылуынан туындайтын, құрылымдалған психоәлеуметтік құбылыс.

Буллинг ұғымы тар және кең мағынада қарастырылады. Тар мағынада буллинг - жекелеген тұлғаның өз құрдастарына немесе басқа бір тұлғаға жүйелі түрде психологиялық, физикалық, әлеуметтік немесе вербалды қысым көрсетуі. Ал кең мағынада буллинг - тұлғааралық қатынастар жүйесіндегі тепе-теңдіктің бұзылуынан туындайтын, қоғамда қалыптасқан мінез-құлық нормаларын бұзатын әлеуметтік құбылыс ретінде сипатталады.

Буллингтің негізгі түрлері төмендегідей жіктеледі:

1. Физикалық буллинг - денеге зақым келтіру әрекеттерін қамтиды: ұру, итеру, заттарды тартып алу, жолын кесу, дене бітіміне қол сұғу. Бұл буллинг түрі көбіне бастауыш және орта буындағы оқушылар арасында жиі кездеседі.

2. Вербалды буллинг - тіл арқылы келтірілетін психологиялық қысым: мазақ ету, кемсіту, балағат сөздер айту, лақап ат қою, қорқыту. Мұндай әрекеттер адамның өзін-өзі бағалауына, тұлғалық дамуына теріс әсер етеді.

3. Психологиялық (эмоциялық) буллинг - құрбанды оқшаулау, елемеу, қауымдастықтан шеттету, жасырын түрде зиян келтіру. Бұл түрі көбінесе байқалмайды, алайда оның салдары өте ауыр болуы мүмкін.

4. Кибербуллинг - ақпараттық-коммуникациялық технологиялар арқылы жүргізілетін буллинг. Әлеуметтік желілер, мессенджерлер, онлайн ойындар арқылы балаға немесе жасөспірімге бағытталған агрессиялық әрекеттер кіреді. Бұл - заманауи қоғамда кең етек жайып келе жатқан түрі.

5. Сексуалдық сипаттағы буллинг - сексуалдық тақырыптағы қудалау, орынсыз ескертпелер айту, ар-намысқа тию. Мұндай буллинг түрі жасөспірімдердің психоэмоциялық дамуына айтарлықтай зиян келтіреді [3].

Буллинг түрлерінің әрқайсысы тұлғаның жеке қауіпсіздігіне қауіп төндіріп қана қоймай, оның әлеуметтенуіне, ішкі дүниесінің қалыптасуына елеулі кедергілер келтіреді. Сонымен қатар, буллинг - тек қана агрессор мен құрбан арасындағы қатынас емес, ол - ұжым ішіндегі топтық динамиканың бұзылуы, ортадағы жауапкершіліктің, эмпатия мен өзара сыйластықтың жетіспеуімен тікелей байланысты күрделі құбылыс.

Білім беру мекемелерінде қауіпсіз және қолайлы әлеуметтік-психологиялық ортаны қалыптастыру - оқушылардың тұлғалық дамуы мен әлеуметтенуінің негізгі алғышарттарының бірі. Осы орайда, мектептегі буллингтің алдын алу мен болдырмау тетіктерін жүйелі түрде қарастыру - теориялық әрі практикалық мәнге ие [4].

Буллингтің алдын алу жұмыстары кешенді және көпдеңгейлі тәсілді талап етеді. Бұл бағыттағы тиімді стратегиялар келесі қағидаттарға сүйенуі қажет: инклюзияны қамтамасыз ету, психологиялық тұрақтылықты нығайту, тәрбиелік ортаны жақсарту және педагогикалық қарым-қатынасты оңтайландыру.

1. Мектепішілік саясат пен тәртіп мәдениетін қалыптастыру.

Буллингтің алдын алу үшін ең алдымен мектеп деңгейінде бірізді тәртіп кодексі мен оқушы мінез-құлқының этикалық нормаларын қалыптастыру қажет. Бұл құжаттарда буллингтің нақты анықтамасы, оның түрлері және салдары көрсетілуі тиіс. Сонымен қатар, мұғалімдер мен оқушыларға буллингке нөлдік төзімділік саясатын ұстанудың маңыздылығы түсіндірілуі қажет.

2. Психологиялық қызмет пен мониторингтік бақылау жүйесі.

Мектептегі психолог мамандардың кәсіби белсенділігі буллингтің алдын алуда шешуші рөл атқарады. Олар оқушылардың эмоционалды жағдайын, сынып ішілік қарым-қатынасты жүйелі түрде бақылап, әлеуетті тәуекел топтарын ерте анықтауы қажет. Психологиялық сауалнамалар, жеке әңгімелесу, жобалық әдістер арқылы буллингке бейім мінез-құлық индикаторларын дер кезінде тануға болады.

3. Педагог кадрлардың кәсіби даярлығы мен медиация негіздері.

Мұғалімдер мен мектеп қызметкерлері буллингті танып, оған дұрыс әрекет ету үшін арнайы оқыту курстарынан өтуі тиіс. Қақтығыстарды шешудің заманауи әдістері, медиация дағдылары және эмоционалды интеллектті дамыту - мектеп ұжымының кәсіби құзыреттілігінің маңызды бөлігі болуы қажет.

4. Оқушылар арасында эмпатия мен әлеуметтік жауапкершілікті дамыту.

Буллингтің алдын алудың маңызды тәсілдерінің бірі - оқушыларда басқаның эмоциялық жағдайына бейімделу, жанашырлық, ұжымдық рух пен

достық қарым-қатынасты дамыту. Бұл бағытта тренингтер, топтық ойындар, пікірталас алаңдары, драматерапия элементтерімен жүргізілетін тәрбиелік шаралар жоғары нәтижелі бола алады.

5. Ата-аналармен серіктестік байланыс орнату.

Буллингпен күресте ата-аналардың рөлі де елеулі. Мектеп пен ата-ана арасында тұрақты байланыс орнатып, отбасылық тәрбиеде агрессияның алдын алу жолдары түсіндірілсе, оқушының мінез-құлқындағы ауытқулар ерте кезеңде анықталады. Арнайы семинарлар мен практикалық тренингтер ата-аналардың педагогикалық сауаттылығын арттырады.

6. Кибербуллингтің алдын алуға бағытталған цифрлық гигиена.

Цифрлық технологиялардың қарқынды дамуы оқушыларды кибербуллингке ұшырату қаупін күшейтеді. Сондықтан мектеп оқушыларына ақпараттық қауіпсіздік негіздерін үйретіп, әлеуметтік желілерде өзін дұрыс ұстау мәдениетін қалыптастыру қажет. Бұл ретте медиабілім беру бағдарламаларын енгізу тиімді [5].

Ата-аналар мен мұғалімдердің ықпалы.

Буллингтің алдын алуда ата-аналар мен мұғалімдердің ықпалы - шешуші факторлардың бірі. Бұл екі әлеуметтік топ - баланың тұлғалық дамуы мен мінез-құлқының негізгі қалыптастырушылары. Олардың өзара тығыз байланысы мен бірлескен әрекеттері мектептегі агрессияны азайтуға, қауіпсіз орта құруға айтарлықтай үлес қоса алады.

Ата-аналардың рөлі.

Отбасы - баланың алғашқы әлеуметтену ортасы. Ондағы қарым-қатынас стилі, эмоционалдық жағдай, тәрбие тәсілдері баланың сыртқы ортадағы мінез-құлқына тікелей әсер етеді. Агрессиялық, бақылаусыз немесе тым қатал отбасыларда тәрбиеленген балалар көбіне буллингке бейім немесе оның құрбаны болуға икемді келеді.

Ата-аналардың буллингке ықпал ету деңгейі бірнеше бағытта байқалады:

- Профилактикалық ықпал: баламен ашық қарым-қатынас орнатып, оның мектептегі жағдайына қызығушылық таныту.
- Психологиялық қолдау: баланың ішкі жан дүниесін тыңдап, өзін қауіпсіз сезінуіне мүмкіндік беру.
- Білім беру: баланы басқаға зиян келтірмеу, сыйластық, жанашырлық сынды адами құндылықтармен тәрбиелеу.

Сонымен қатар, ата-аналардың мектеппен үнемі байланыста болуы, тәрбие үрдісіне белсенді қатысуы - буллингтің алдын алу жұмысының маңызды бөлігі.

Мұғалімдердің рөлі.

Мектеп - бала үшін екінші әлеуметтік орта. Мұғалім оқушының мінез-құлқына, өзін-өзі бағалауына, әлеуметтік дағдыларына ықпал ететін негізгі тұлғалардың бірі. Мұғалімнің сыныптағы қарым-қатынасты басқару қабілеті, әділдік, эмпатия және эмоционалдық икемділігі - буллингтің туындау немесе алдын алу мүмкіндігін анықтайды.

Мұғалімдер келесі бағыттарда ықпал ете алады:

- Бақылаушы және реттеуші рөл: сынып ішіндегі микроахуалды бақылау,

агрессиялық мінез-құлыққа дер кезінде жауап беру.

• Тәрбиелеуші рөл: балаларға ұжымдық мәдениет, сыйластық және ынтымақтастық құндылықтарын үйрету.

• Үлгі болу: өз әрекетімен оқушыларға қарым-қатынас пен адамгершілік тұрғысында үлгі көрсету.

• Кәсіби даму: буллингке қарсы іс-әрекеттер мен медиация әдістері бойынша білімін жетілдіру [3].

Осыған байланысты осындай зерттеу жүргізілді. Зерттеу барысында орта буын мектеп оқушылары арасында буллингке бейімділік, құрбандану, эмпатия деңгейі, ұжым ішіндегі психологиялық ахуал және кибербуллинг туралы ақпараттылық сияқты негізгі көрсеткіштер анықтау мақсатында. Зерттеудің бастапқы кезеңінде қатысушылардың психоэмоционалдық және әлеуметтік жағдайы арнайы сауалнамалар мен бақылау әдістері арқылы бағаланды. Бұдан кейін, алдын алу мақсатында психологиялық тренингтер, медиабілім сабақтары мен эмпатияны дамытуға бағытталған практикалық жұмыстар жүргізіледі. Нәтижесі 1-кестеде көрсетілген.

Кесте1. Жүргізілген зерттеу жұмысының нәтижесі.

Көрсеткіштері	Бастапқы кезең	Қорытынды кезең
Буллингке ұшырағандар	38% (14 оқушы)	16% (6 оқушы)
Буллингке бей оқушылар	25% (9 оқушы)	11% (4 оқушы)
Қатысушыларда эмпатия деңгейі жоғары	42% (15 оқушы)	72% (26 оқушы)
Ұжымдағы қолайлы қарым-қатынас сезімі	53% (19 оқушы)	83% (30 оқушы)
Кибербуллинг туралы ақпараттану	53% (19 оқушы)	91% (33 оқушы)

Зерттеу барысында алынған мәліметтер буллинг құбылысының мектеп оқушылары арасындағы таралу деңгейін ғана емес, сонымен қатар психологиялық-педагогикалық түзету жұмыстарының тиімділігін де көрсетеді. Алынған нәтижелер әрбір көрсеткіштің артында күрделі әлеуметтік-психологиялық үдерістер жатқанын дәлелдейді.

Ең алдымен, буллингке ұшыраған оқушылардың саны бастапқы кезеңде айтарлықтай жоғары болғаны байқалды. Бұл - мектеп ұжымындағы бірқатар оқушылардың қауіпсіздік, қабылдану және қорғау сезімдерінің жеткіліксіз екенін көрсетеді. Буллингке ұшырау көбінесе тұйық, әлеуметтік дағдылары толық дамымаған, өзін-өзі төмен бағалайтын, қоршаған ортамен қарым-қатынас орнатуда қиындық көретін балалар арасында тіркелді. Олар әдетте ұжым ішінде шеттетілген, эмоционалды қолдаусыз қалған балалар болып табылады.

Екінші маңызды санат - буллингке бейім, яғни агрессиялық мінез-құлыққа икемді оқушылар тобы. Бұл оқушылар өз әрекеттері арқылы басқаларға үстемдік орнатуға, билік жүргізуге ұмтылады. Мұндай мінез-құлық көбіне отбасылық тәрбиенің ерекшеліктерімен, эмоционалды салқындықпен, не керісінше шамадан тыс қадағалаумен байланысты. Бұл балалар өз ішкі күйзелісін сыртқа шығарудың жалғыз жолы ретінде басқаларға қысым көрсетуді таңдайды. Алайда зерттеу соңында бұл топтың да саны азайып,

психоэмоционалды реттеудің оң динамикасы байқалды.

Үшінші маңызды көрсеткіш - эмпатия деңгейінің артуы. Эмпатия - буллингтің алдын алудағы ең маңызды психологиялық қорғаныш факторларының бірі. Бұл қабілеттің жоғарылауы оқушылардың бір-бірінің сезімін түсінуге, ішкі күйіне жанашырлықпен қарауға бейімделгенін көрсетеді. Эмпатияның дамуы ұжым ішінде сенім мен қолдау атмосферасының қалыптасуына, агрессияның азаюына ықпал етеді. Бұл өзгеріс арнайы ұйымдастырылған тренингтер мен дамытушы ойындардың нәтижесінде жүзеге асқанын көрсетеді.

Оқушылардың ұжымдағы қарым-қатынасын қалай сезінетінін сипаттайтын көрсеткіш те жоғары нәтиже көрсетті. Зерттеу соңында ұжымдағы қолайлы ахуалды сезінетін оқушылар саны күрт артты. Бұл – мектеп ортасында сенімді, қауіпсіз әлеуметтік-психологиялық климат қалыптасып келе жатқанын білдіреді. Мұндай ахуал оқушының өзін еркін сезінуіне, белсенді әрекетке баруына, шығармашылық пен өз әлеуетін ашуына мүмкіндік береді.

Соңғы көрсеткіш – кибербуллинг туралы ақпараттану деңгейі – қазіргі заманауи қауіптерге қарсы психологиялық және ақпараттық иммунитеттің қалыптасуын білдіреді. Оқушылар цифрлық кеңістіктегі қауіп-қатерлерді ажырата алуға, өзін қорғай білуге, интернет мәдениетінің ережелерін меңгеруге үйренді. Бұл бағыттағы жетістік медиабілім беру бағдарламаларының тиімділігін айғақтайды.

Жалпы алғанда, жүргізілген әдістемелік жұмыстар мен психологиялық тренингтер балалардың әлеуметтік және эмоционалды дағдыларын дамытуда, қауіпсіз мінез-құлық үлгілерін қалыптастыруда айтарлықтай оң нәтиже берді. Зерттеу нәтижесі оқушылардың психоэмоционалдық саулығын нығайтуда жүйелі, ғылыми негізделген жұмыстардың маңызын дәлелдейді. Бұл - мектептегі буллингтің алдын алу тек профилактикалық шара емес, ол тұлғалық дамуды қолдайтын кең ауқымды педагогикалық-психологиялық процесс екенін көрсетеді. Қазіргі білім беру кеңістігінде мектеп оқушыларының психоэмоционалдық әл-ауқатын қамтамасыз ету, олардың қауіпсіз ортада еркін дамуына жағдай жасау - басым бағыттардың бірі. Бұл тұрғыда буллинг құбылысын жан-жақты зерттеп, оның теориялық негіздерін түсіну, түрлерін анықтау және алдын алу жолдарын нақтылау - тек педагогика мен психология ғылымдарының ғана емес, бүкіл қоғамның ортақ міндетіне айналып отыр.

Зерттеу барысында анықталғандай, буллинг - бұл жеке тұлғаның психологиялық, физикалық немесе әлеуметтік тұрғыда жүйелі түрде зорлыққа ұшырауы немесе өзі агрессор рөлінде әрекет етуі болып табылатын күрделі әлеуметтік-психологиялық құбылыс. Оның вербалды, физикалық, психологиялық, кибер және сексуалдық сипаттағы түрлері қазіргі мектеп өмірінде түрлі формада көрініс табуда. Бұл мәселенің өзектілігі - оның ұзақмерзімді салдарларында, атап айтқанда, тұлғаның ішкі күйзелісі, өзін-өзі бағалау деңгейінің төмендеуі, мектепке деген жағымсыз қатынастың қалыптасуында жатыр.

Мектептегі буллингтің алдын алудың тиімді тәсілдері ретінде кешенді

психопрофилактикалық жұмыстар, мұғалімдер мен ата-аналардың белсенді серіктестігі, оқушыларда әлеуметтік дағдыларды, эмпатияны дамыту және медиа сауаттылықты арттыру қажет екені дәлелденді. Өткізілген әдістемелік жұмыс нәтижесінде қатысушылар арасында буллингке ұшырау мен агрессиялық мінез-құлықтың азайғаны, эмоционалды тұрақтылық пен өзара сыйластықтың артқаны байқалды. Бұл - алдын алу шараларының нақты нәтижеге жеткізетінін көрсетеді [6].

Ата-аналар мен мұғалімдердің ықпалы, олардың бала тәрбиесіндегі үйлесімді әрекеті, психологиялық қолдауы мен тәрбиелік моделінің сапасы оқушының мінез-құлқы мен ортаға бейімделу деңгейін айқындайтын басты факторлардың бірі болып отыр. Сондықтан мектептің барлық қатысушылары - оқушылар, ата-аналар, мұғалімдер мен психологтар - біртұтас жүйе ретінде өзара тығыз әрекеттестік жағдайында жұмыс жасауы қажет.

Осылайша, буллингтің алдын алу - бір реттік шара емес, ол жүйелі, ғылыми негізделген, көпдеңгейлі және ұзақмерзімді педагогикалық-психологиялық үрдіс болуы тиіс. Тек осындай жағдайда ғана мектепте бала үшін қауіпсіз, сенімді, тұлғалық дамуға қолайлы орта құруға мүмкіндік туады.

Әдебиеттер:

1. Олвеус Д. Буллинг в школе: что мы знаем и что можем сделать. - М.: Питер, 2003. - С.25-27.
2. Цветкова Г.Л., Митина Л.М. Психология насилия и буллинга в образовательной среде. - М.: Академический проект, 2018. - С. 69-71.
3. Bandura A. Social Learning Theory. - Englewood Cliffs, NJ: Prentice-Hall, 1977. - P. 44-55.
4. Мұхамбетжанова С.Қ. Психология: теория және практика. - Алматы: Білім, 2012. - Б.11-12.
5. Rigby K. Children and Bullying: How Parents and Educators Can Reduce Bullying at School. - Oxford: Blackwell Publishing, 2007. - P. 88-90.
6. Қалиев С.Қ., Айтмамбетова Б.Р. Педагогика: оқу құралы. - Алматы: Рауан, 2004. - Б.66-67.

ИССЛЕДОВАНИЕ ТРЕВОЖНОСТИ И САМООЦЕНКИ У ИНТЕРНЕТ-ЗАВИСИМЫХ ПОДРОСТКОВ

Полякова К.П.
Капбасова Г.Б.

В условиях цифровизации Интернет стал неотъемлемой частью повседневной жизни подростков, предоставляя широкие возможности для общения, получения информации, обучения и самовыражения. Однако активное взаимодействие с цифровой средой сопряжено с рядом рисков, в том числе для психического здоровья. Подростки являются особенно уязвимой группой в силу возрастных особенностей, эмоциональной чувствительности и потребности в социальной поддержке [1].

Интернет-зависимость представляет собой патологическую потребность в

пребывании в онлайн-пространстве и может сопровождаться тревожностью, депрессией, когнитивными нарушениями, нарушениями сна, ухудшением зрения и общего состояния здоровья. К негативным последствиям также относят ослабление социальных связей, кибербуллинг, FOMO (страх упустить что-то важное) и хронический стресс [2, 3].

Подростковый возраст - критически важный этап в становлении личности, сопровождающийся интенсивными когнитивными и социальными изменениями. Согласно Э. Эриксону, в этот период формируется самоидентичность, и усиливаются процессы саморефлексии [4].

Самооценка является важнейшим компонентом личностного развития и влияет на уверенность в себе, стрессоустойчивость и адаптацию к социальным условиям. Нестабильная самооценка может усиливать тревожность, снижать социальную активность и провоцировать изоляцию [5,6,7,8].

Следовательно, цифровая среда, способствует формированию тревожности и недовольства собой, особенно среди активных пользователей социальных сетей.

В связи с этим цель настоящего исследования - выявить взаимосвязь между уровнем Интернет-зависимости, тревожности и самооценки у подростков.

Гипотеза: подростки с высоким уровнем Интернет-зависимости проявляют повышенную тревожность и имеют искаженную (чаще заниженную) самооценку.

Методы исследования:

1) методика диагностики Интернет-зависимости К. Янг;

2) шкала самооценки Розенберга;

3) опросник тревожности Спилбергера - Ханина.

Выборка исследования: 21 подросток (средний возраст 14 лет), обучающийся в Токаревской общеобразовательной школе КГУ.

Процедура исследования включала информирование участников и их родителей, получение согласия на участие, проведение вводной лекции, выполнение диагностических методик и первичную проверку анкет.

Результаты исследования представлены в таблице 1.

Таблица1. Распределение участников по уровню Интернет-зависимости.

Интернет-независимые испытуемые (20-49 баллы)	Испытуемые, находящиеся в зоне риска (50-79 баллы)	Интернет-зависимые (80 и выше баллов)
5	8	8

Из таблицы 1 видно, что без признаков Интернет-зависимости - 5 подростков (25%), их результаты варьировались от 40 до 49 баллов. В зоне риска оказались 8 подростков (40%), набравшие от 50 до 79 баллов. Выраженная Интернет-зависимость выявлена также у 8 подростков (40%), с результатами выше 80 баллов.

Средний балл по группе составил 72,86, что свидетельствует о преобладании умеренной степени Интернет-зависимости. При этом

максимальные значения - 117 и 118 баллов - могут свидетельствовать о необходимости психолого-педагогического вмешательства и внимательного наблюдения за состоянием данных подростков.

Интернет-зависимые подростки обладают следующими характеристиками: время, проведенное в интернете, у них постоянно увеличивается, Интернет подменяет собой реальную жизнь, происходит ухудшение самочувствия вне интернет активности. В общем, можно отметить, что Интернет-аддикция представляет собой изменение в поведении и эмоциональную зависимость, происходящие, как и в любой форме аддиктивного поведения.

По результатам исследования, подростки, которые набрали более 50 баллов, находятся в зоне риска, и скорее всего, их также можно отнести к Интернет-зависимым подросткам, поэтому мы решили разделить нашу выборку на две группы. Первая группа - Интернет-независимые подростки, вторая группа - подростки, находящиеся в зоне риска и Интернет-зависимые подростки.

Согласно результатам методики К. Янг, испытуемые были распределены на три группы, а затем объединены в две выборки для анализа: в первую выборку вошли подростки без признаков Интернет-зависимости - 5 человек (23,8%), во вторую - подростки с признаками зависимости и находящиеся в зоне риска - 16 человек (76,2%).

Следующим этапом обработки была методика Спилбергера-Ханина на исследование уровня тревожности. Эмпирические показатели Интернет-зависимых подростков представлены в таблице 2.

Таблица 2: Распределение уровня тревожности по группам зависимости.

Выборка	Низкий уровень тревожности (до 50)	Умеренный уровень тревожности (50-75 баллов)	Высокий уровень тревожности (выше 75 баллов)
Выборка 1	-	2	1
Выборка 2	-	7	11

Из таблицы 2 видно, что из выборки 1 (подростки без признаков Интернет-зависимости) только один испытуемый (4,8%) имеет высокий уровень тревожности, у двух подростков (9,5%) уровень тревожности умеренный, и ни у одного - низкий. Средний показатель по шкале тревожности составил 63,3 балла, что свидетельствует о сравнительно стабильном эмоциональном состоянии, более низкой выраженности тревожных реакций и большей устойчивости к стрессовым ситуациям.

Во второй выборке - среди подростков с признаками Интернет-зависимости и находящихся в зоне риска - 11 человек (52,4%) имеют высокий уровень тревожности, 7 человек (33,3%) - умеренный уровень. Низкий уровень тревожности не выявлен ни у одного участника. Средний показатель составил 85,0 баллов, что говорит о преобладании высокого уровня тревожности, выраженной эмоциональной нестабильности и наличии постоянного внутреннего напряжения. Эти проявления могут негативно сказываться на

психоэмоциональном состоянии подростков, снижать уровень адаптивности и способствовать развитию различных психологических трудностей.

В то же время подростки, не имеющие признаков Интернет-зависимости (5 человек), демонстрируют значительно более низкий уровень тревожности. Их показатели варьируются от 58 до 74 баллов, что соответствует умеренному уровню тревожности либо приближено к границе нормы. Средний уровень тревожности среди этой группы составил 63,3 балла, что указывает на лучшее эмоциональное самочувствие и большую стрессоустойчивость по сравнению с зависимыми сверстниками. Кроме того, методика Спилбергера-Ханина позволяет отдельно оценить личностную тревожность (стойкую склонность испытывать тревогу в различных ситуациях) и ситуативную тревожность (реакцию на конкретную стрессовую ситуацию). Результаты показали, что у подростков с выраженной Интернет-зависимостью наблюдаются высокие показатели как личностной, так и ситуативной тревожности. Это может свидетельствовать о том, что данные подростки не только склонны к хроническому беспокойству, но и остро реагируют на стрессовые факторы, что усиливает их уязвимость перед жизненными трудностями. В то время как у подростков без зависимости уровни как личностной, так и ситуативной тревожности остаются в пределах нормы либо лишь незначительно превышают её, что говорит о более стабильном эмоциональном фоне и лучшей способности справляться с внешними стрессами.

Следующим этапом обработки эмпирических данных была шкала Розенберга, результаты данной методики представлены в таблице 3.

Таблица 3. Средние показатели самооценки в группах по Интернет-зависимости.

Выборка	Низкая самооценка	Средняя самооценка	Высокая самооценка
Выборка 1	-	3	3
Выборка 2	13	2	-

Из таблицы 3 видно, что у выборки 1 (подростки без признаков Интернет-зависимости) преобладают участники с высокой и средней самооценкой: 3 чел.(50%) продемонстрировали высокую; 3 чел. (50%) - среднюю самооценку, подростков с низкой самооценкой в этой группе нет.

У выборки 2 (подростки с признаками Интернет-зависимости и в зоне риска) преобладает низкий уровень самооценки - 13 человек (61,9%). Лишь у двух подростков (9,5%) наблюдается средняя самооценка. Испытуемых с высокой самооценкой в этой группе не выявлено. Средний балл по шкале Розенберга составил 20,93, что указывает на общий дефицит уверенности в себе, склонность к самокритике и возможные трудности в формировании положительного образа «Я».

Особенно низкие показатели были зафиксированы у подростков с выраженной Интернет-зависимостью (набравших 80 баллов и выше по методике К. Янг). Их уровень самооценки варьировался от 17 до 20 баллов, а

среднее значение составило 18,5 балла. Это наиболее низкие показатели среди всех участников исследования. Ни один из подростков с Интернет-зависимостью не продемонстрировал даже средний уровень самооценки. Особенно тревожны значения в диапазоне 17-18 баллов, зафиксированные у нескольких испытуемых, поскольку такие результаты указывают на выраженную неуверенность в себе, внутреннюю неудовлетворённость, высокую чувствительность к мнению окружающих и возможные трудности в формировании позитивного самовосприятия.

Эти данные подтверждают предположение о том, что высокая Интернет-зависимость тесно связана с заниженной самооценкой, и подчёркивают необходимость психолого-педагогической поддержки таких подростков с целью развития положительного образа «Я» и устойчивой уверенности в себе.

Для выявления достоверности различий между двумя группами мы применили критерий Стьюдента, который показал, что существуют статистически значимые различия в у уровнях тревожности $t = 5,42$ ($p < 0,01$), а также в самооценке $t = 4,87$ ($p < 0,01$).

Для выявления взаимосвязи между уровнем тревожности и Интернет зависимостью, а также Интернет-зависимостью и самооценкой, мы применили коэффициент ранговой корреляции Спирмена, который показал, что существует положительная связь между уровнем Интернет-зависимости и тревожностью ($r = 0,68$; $p < 0,01$) и отрицательная между с самооценкой и Интернет-ависимостью ($r = -0,54$; $p < 0,01$).

Результаты подтверждают наличие устойчивой взаимосвязи между Интернет-зависимостью, тревожностью и уровнем самооценки у подростков. Подростки с высокой Интернет-зависимостью демонстрируют выраженную тревожность и заниженную самооценку, что может формировать замкнутый круг психологических трудностей.

Литература:

1. Катеринина А.А. Психология подросткового возраста. - Орск: Издательство Орского гуманитарно-технологического института (филиала) ОГУ, 2015. - 236 с.
2. Интернет-аддикция: руководство по оценке и лечению / под ред. К.С. Янг, К. Набуко де Абреу. - Hoboken, NJ: JohnWiley&Sons, Inc., 2011. - 312 с.
3. Еремин Р.А. Осознанность как стратегия совладания с «синдромом упущенной выгоды» в социальных сетях // Новые психологические исследования. - 2023. - № 2. - С. 7-25.
4. Эриксон Э. Идентичность: юность и кризис: - М.: Флинта: МПСИ: Прогресс, 2006. - 352 с.
5. Молчанова О.Н. Самооценка: Теоретические проблемы и эмпирические исследования: - М.: Манн, Иванов и Фербер, 2017. - 304 с.
6. Молчанова О.Н. Самооценка: стабильность или изменчивость? // Психология. Журнал Высшей школы экономики. - 2006. - Т.3. - №2. - С. 23-51.
7. Молчанова О.Н. Самооценка: Теоретические проблемы и эмпирические исследования. - М.: ФЛИНТА, 2021. - 392 с.
8. Лосенкова Т.А. Взаимосвязь интернет-зависимости с тревожными состояниями подростков // Молодой ученый. - 2014. - № 4 (63). - С. 702-703.

ЭМОЦИОНАЛЬНЫЕ ОСОБЕННОСТИ ЮНОШЕСТВА С РАЗЛИЧНЫМ УРОВНЕМ ПЕРФЕКЦИОНИЗМА

Потапова А.А.
Капашева Г.А.

Юношество, особенно период студенчества, представляет собой важный этап в жизни человека, характеризующийся интенсивными психологическими и социальными изменениями. В этот период молодые люди сталкиваются с множеством вызовов: поиском самоидентичности, становлением независимости, развитием социальных связей и определением жизненного пути. Студенческие годы сопровождаются высокой когнитивной нагрузкой, необходимостью адаптации к новой среде и формированием стратегий личностного и профессионального роста. Все эти процессы могут провоцировать эмоциональное напряжение и оказывать влияние на психологическое благополучие.

Одним из значимых факторов, определяющих эмоциональное состояние студентов, выступает перфекционизм – склонность к постановке завышенных стандартов и стремление к безупречному результату. В психологической науке принято выделять два его типа: адаптивный (конструктивный) и дезадаптивный (деструктивный). Конструктивный перфекционизм способствует личностному росту, мотивации к достижению целей, повышает организованность и целеустремлённость. Напротив, деструктивный перфекционизм сопровождается тревожностью, страхом неудачи, низкой самооценкой, прокрастинацией и хроническим стрессом. От уровня выраженности этих аспектов зависит успешность студентов в преодолении академических и социальных трудностей. Учебная нагрузка, высокие академические требования, давление со стороны преподавателей, родителей и сверстников могут усиливать проявления дезадаптивного перфекционизма, что негативно отражается на эмоциональном состоянии студентов. Это может привести к депрессии, выгоранию, нарушениям сна и трудностям в межличностной коммуникации. Исследования показывают, что высокий уровень перфекционистского стресса коррелирует с трудностями в саморегуляции, социальной адаптации и эмоциональном контроле. Перфекционизм способен как способствовать академическому успеху, так и препятствовать ему. Например, студенты с выраженным самоориентированным перфекционизмом зачастую демонстрируют высокие достижения благодаря организованности и внутренней мотивации. Однако при выраженном страхе неудачи они могут сталкиваться с прокрастинацией, чрезмерной самокритикой и снижением мотивации [1].

Проблематика перфекционизма активно исследуется как зарубежными (А. Адлер, М. Холендер, Д. Бернс, Р. Фрост, П. Хьюитт, Г. Флетт, Д. Хамачек), так и отечественными учёными (С.Н. Ениколопов, А.А. Ясная, Н.Г. Гаранян, А.Б. Холмогорова, М.В. Ларских). Однако социальные аспекты перфекционизма, в том числе его проявления в студенческой среде, по-прежнему остаются

недостаточно изученными. В этой связи особую актуальность приобретает анализ взаимосвязи перфекционизма и эмоционального интеллекта как фактора адаптационного ресурса студентов [2].

Эмоциональный интеллект (ЭИ) - это способность человека осознавать, понимать и регулировать как собственные эмоции, так и эмоции других. Он включает в себя такие компоненты, как самосознание, саморегуляция, мотивация, эмпатия и социальные навыки. Развитый эмоциональный интеллект способствует социальной адаптации, формированию гармоничных отношений, стрессоустойчивости и принятию конструктивных решений. Люди с высоким уровнем ЭИ легче взаимодействуют с окружающими, эффективно разрешают конфликты и демонстрируют высокий самоконтроль. Эмоциональный интеллект положительно коррелирует с академической успешностью, так как помогает студентам справляться со стрессом, управлять эмоциями и строить продуктивные социальные связи [3]. При этом, несмотря на то, что самоориентированный перфекционизм может способствовать достижениям, его сочетание с эмоциональной нестабильностью часто ведёт к тревожности, прокрастинации и эмоциональному истощению.

Студенты с высоким уровнем перфекционизма нередко испытывают трудности в управлении эмоциями и в межличностных взаимодействиях. Это связано с повышенной самокритичностью и завышенными ожиданиями от других, что провоцирует эмоциональный дискомфорт и снижает удовлетворённость жизнью [4]. В условиях возрастающих требований к студентам проблема перфекционизма приобретает особую значимость. Усиление академического и социального давления может вызывать тревожные расстройства, депрессию и эмоциональное выгорание. В этой связи изучение взаимосвязи перфекционизма и эмоционального интеллекта является важным направлением в разработке стратегий психологической поддержки студентов.

Цель исследования: изучение уровня перфекционизма и эмоционального интеллекта у студентов, а также анализ их взаимосвязи и влияния на адаптационные процессы.

Объект исследования: студенты высших учебных заведений.

Предмет исследования: особенности перфекционизма и эмоционального интеллекта студентов, их взаимосвязь и влияние на психологическое благополучие.

Философские и психоаналитические аспекты стремления к совершенству.

Один из первых философов, кто дал развёрнутое определение совершенства, - Аристотель. Он выделил три ключевых аспекта этого понятия:

1. Совершенное - это нечто полное, включающее в себя все необходимые элементы.

2. Совершенное - это высшего качества, не имеющее себе равных.

3. Совершенное - это то, что достигло своей цели или предназначения.

Эта концепция была развита в работах Фомы Аквинского, который различал:

1. Внутреннее совершенство - завершённость объекта как такового.

2. Функциональное совершенство - соответствие объекта его цели.

В XX веке психоаналитики начали активно исследовать феномен стремления к совершенству. Так, К. Хорни рассматривала его в социальном контексте: завышенные требования общества могут способствовать формированию невротического стремления к идеалу. В стремлении соответствовать внешним ожиданиям личность может утрачивать контакт с собственным «Я», заменяя его образом идеализированного себя. Это ведёт к нарциссической зависимости от мнения окружающих, хронической тревожности и страху перед неудачей [5]. З. Фрейд считал, что стремление к идеалу может быть формой вытеснения - бегством от собственных желаний. Такое подавление влечений создаёт внутренний конфликт и ведёт к неврозу [6].

А. Адлер, напротив, считал стремление к совершенству естественным механизмом развития личности, однако указывал, что оно может быть формой компенсации комплекса неполноценности. В таких случаях оно проявляется в фантазиях о превосходстве, не подкреплённых реальными действиями [7].

К. Юнг трактовал самосовершенствование как архетип, заложенный в коллективном бессознательном. Архетип Самости побуждает личность стремиться к целостности, однако может вести к созданию ложного образа «идеального Я» и вытеснению подлинных чувств, что также чревато невротическими состояниями [8].

Таким образом, анализ философских и психоаналитических подходов выявляет двойственную природу стремления к совершенству: с одной стороны - это фактор личностного роста, с другой - потенциальный источник психологических нарушений при утрате контакта с реальностью.

Перфекционизм и эмоциональный интеллект играют значимую роль в психологическом благополучии студентов и их способности к успешной адаптации в условиях образовательной среды. Перфекционизм, несмотря на его потенциальный вклад в академические достижения, может иметь как конструктивное, так и деструктивное влияние на личность. Особенно опасен дезадаптивный перфекционизм, связанный с тревожностью, самокритичностью и нарушением эмоционального фона. В свою очередь, высокий уровень эмоционального интеллекта способствует лучшему управлению эмоциями, повышает стрессоустойчивость и улучшает межличностные отношения. Эмоциональный интеллект может выступать буфером, смягчающим негативные последствия перфекционизма, способствуя формированию адаптивных копинг-стратегий.

Исходя из всего вышеперечисленного, исследование взаимосвязи между перфекционизмом и эмоциональным интеллектом приобретает практическую значимость для разработки психологических программ, направленных на поддержку студентов, снижение уровня эмоционального выгорания и повышение эффективности их адаптации в образовательной среде.

Литература:

1. Хилькова А.Б. Проявления перфекционизма в учебной среде // Молодой ученый. - 2024. - № 23(522). - С. 376-378.

2. Рюмина И.М. Исследование характеристик перфекционазма студентов с разным уровнем социально-психологической адаптации // Современные проблемы науки и образования. - 2017. - №2. - URL: https://science-education.ru/ru/article/view?id=26255
3. Листик Е.М., Курганова Е.А., Кудрявцева Е.Л., Пашкова О.А. Взаимосвязь эмоционального интеллекта с академической успеваемостью студентов вуза // Acta Biomedica Scientifica. - 2022. -№7(1). - P.106-113.
4. Александрова А.А Особенности эмоционального интеллекта и префекционазма у студентов. - https://cyberleninka.ru/article/n/osobennosti-emotsionalnogo-intellekta-i-perfektsionizma-u-studentov
5. Хорни К. Невротическая личность нашего времени. - М.: Прогресс-Универс, 1993. - 346 с.
6. Фрейд З. Психоанализ. Религия. Культура / пер. с нем., сост. и вступ. ст. А.М. Руткевича. - М.: Ренессанс, 1992. - С. 65-134.
7. Адлер А. Понять природу человека / пер. с англ. Е.А. Цыпина. - СПБ.: Академический проект. - 1997. - 320 с.
8. Юнг К. Г. Исследование феноменологии самости / Пер. М.А. Собуцкого. - М.: Рефл-бук, Ваклер, 1997. - 336 с.

ЖАСӨСПІРІМДЕРДІҢ ӨЗІН-ӨЗІ БАҒАЛАУ ДЕҢГЕЙІН ЗЕРТТЕУ

Салауат А.
Тусупова М.М.

Жасөспірім-бұл балалық шақ пен ересек адам арасындағы өмір кезеңі. Бұл жаста әлеуметтік-психологиялық бейімделу және өзіне және жеке қасиеттеріне сәйкес пайымдауды қалыптастыру қиындықтары, ең алдымен, мазасыздықпен байланысты [1]. Жоғары мазасыздықпен жасөспірімдерде өзін-өзі түсінудің жеткіліксіздігі қалыптасады және бейімделу қиындықтары пайда болады, сонымен қатар жоғары мазасыздықтың салдары соматикалық аурулар түрінде көрінуі мүмкін. Мазасыздықтың төмен деңгейі жағдайға немқұрайлы қарауды немесе психологиялық қорғаныс механизмдерінің көрінісін білдіруі мүмкін.

Жасөспірімдік кезең - бұл балалық шақтан ересектікке өтетін өтпелі кезең, шамамен 12 жастан 16-17 жасқа дейінгі уақыт аралығы. Бұл кезең тұлғаның қалыптасуы мен өзін-өзі тануында өте маңызды орын алады. Психологияда бұл кезеңді «екінші реткі әлеуметтену кезеңі» деп те атайды, себебі жасөспірім өз орнын қоғамда табуға ұмтылады және өзінің ішкі дүниесіне терең үңіле бастайды.

Жасөспірім-бұл жеке тұлғаны қалыптастырудың маңызды кезеңі, бұл "енді бала емес, әлі ересек емес" психологиясымен анықталады. Жасөспірім кезінде дененің физикалық және психологиялық қайта құрылуы басталатындықтан, бұл кезең жасөспірімнің өзі үшін де, айналасындағы адамдар үшін де қиын болады. Көптеген ғалымдар жасөспірім кезеңін зерттеді, бірақ ең үлкен үлес қосқан ғалымдар: Л.С. Выготский, Э. Эриксон, Т.В. Драгунова, Л.И. Божович, Д.Б. Эльконин және т. б [2].

Л.С. Выготский, Ж. Пиаже сияқты, жасөспірім кезінде интеллектуалды іс-әрекетке үлкен көңіл бөлу керек екенін атап өтті, бұл тек өзіне ғана емес,

басқаларға да әкеледі, сонымен қатар болып жатқан оқиғаларға байланысты жаңа мінез-құлықтардың қалыптасуына ықпал етеді. Сонымен бірге, ол осы кезеңде жасөспірімдердің ойлауы мен қиялдары айтарлықтай өзгерістерге ұшырайтынын атап өтті, олар, атап өткендей, интимдік салаға еніп, тіпті жақын ортадан мұқият жасырылады. Өйткені, жасөспірім үшін қиял-бұл басқаларға қол жетімді емес нәрсе. Бірақ бұл көбінесе жасөспірімдердің басқалардың тілектерін түсінбеуінен және мақұлдамауынан қорқуымен байланысты деп санауға болады. Л.С. Выготский сонымен қатар жасөспірім кезінде рефлексия мен өзін-өзі танудың маңызды дамуы бар екенін айтады. Рефлексияның дамуы оның әрекеттері мен жетістіктерін түсінуге және бағалауға негізделген [3]. Ал өзін-өзі тану өзін-өзі түсінуге ғана емес, басқа адамдарды терең түсінуге де ықпал етеді. Сонымен қатар, бұл көбінесе қоршаған ортаға байланысты.

Ч.Д. Спилбергер мен Ю.Л. Ханина мазасыздық - бұл мазасыздық реакциясының пайда болуына, объективті қауіпсіз жағдайлардың кең ауқымын қауіп төндіретін деп қабылдауға бейім қасиет, жеке қасиет. "Мазасыздық-бұл адамның жеке басының жеке қасиеті, оның өзіне қауіп төндіретін әртүрлі өмірлік жағдайларға эмоционалды теріс реакцияларға бейімділігін көрсетеді" [4; 89].

Зерттеудің мақсаты: жасөспірімдердің өзін-өзі бағалау деңгейін анықтап, оның психологиялық даму ерекшеліктеріне әсерін зерттеу.

Өзін-өзі бағалау-бұл жеке тұлғаның өзін қалай қабылдайтынын, бағалайтынын және сезінетінін көрсететін тұлғаның негізгі құрамдас бөлігі. Бұл шешім қабылдауда, әлеуметтік өзара әрекеттесуде, үлгерімде және жалпы психикалық денсаулықта шешуші рөл атқарады. Жасөспірім кезінде өзін-өзі бағалау ерекше маңызды бола бастайды, өйткені көз жасы өзін басқалармен салыстыра бастайды, әлеуметтік қабылдауға ұмтылады және олардың жеке басын анықтай бастайды.

Жасөспірім кезінде өзін-өзі бағалау жеке тұлғаның жеке басын, мінез-құлқын және эмоционалдық әл-ауқатын қалыптастыруда шешуші рөл атқарады. Бұл адамның өзін қалай қабылдайтынын және бағалайтынын білдіреді және бұл бағалау жоғары, төмен, адекватты немесе жеткіліксіз болуы мүмкін. Өзін-өзі бағалауы жоғары жасөспірімдер өзіне сенімді және төзімді болуға бейім, ал өзін-өзі бағалауы төмен жасөспірімдер жиі сенімсіздік пен сәтсіздікке ұшыраудан қорқады [5].

Өзін - өзі бағалау тұрақты немесе тұрақсыз болуы мүмкін-кейбір жасөспірімдер тұрақты өзін-өзі бағалауды сақтайды, ал басқаларына құрдастарының пікірлері немесе үлгерімі сияқты сыртқы оқиғалар қатты әсер етеді. Өзін-өзі бағалаудың дамуына әр түрлі факторлар әсер етеді, соның ішінде отбасылық қатынастар, құрдастардың қабылдауы, оқудағы жетістіктері, сыртқы келбеті, әлеуметтік үміттері. Қолдау көрсететін орталар, жағымды тәжірибелер және шынайы өзін-өзі көрсету салауатты өзін-өзі бағалауға ықпал етеді, ал сын, әлеуметтік салыстыру немесе қабылдамау эмоционалдық қиындықтарға әкелуі мүмкін. Осылайша, өзін-өзі бағалаудың дамуын түсіну және қолдау жасөспірімдерге өмірдің осы маңызды кезеңін сенімділікпен және

эмоционалды тепе-теңдікпен басқаруға көмектесу үшін өте маңызды.

Осыған орай,жасөспірімдердің өзін-өзі бағалау деңгейін анықтау мақсатында Дембо-Рубинштейн әдістемесі қолданылып, нақты нәтижелер алынды. Зерттеуге қатысқан жасөспірімдер бірнеше тұлғалық қасиеттер бойынша өздерін бағалап шықты.Зерттеуге қатысқан жасөспірімдердің көпшілігінде өзін-өзі бағалау деңгейі орташа деңгейде екені анықталды (орта есеппен 50-65 балл). Бұл жасөспірімдердің өз қабілеттері мен қасиеттерін дұрыс бағалайтындығын, алайда өзіндік сенімділікті одан әрі арттыру қажеттілігін көрсетеді.

Жасөспірімдердің көпшілігі өзінің ақыл-ой қабілетін (орта есеппен 75 балл) және қарым-қатынас жасау қабілетін (орташа 70 балл) жоғары бағалаған. Бұл олардың өз әлеуетін түсінетіндігін, сондай-ақ қарым-қатынас орнатуға бейімділігін көрсетеді.

Эмоциялық тұрақтылық пен көшбасшылық қасиеттері бойынша бағалау көрсеткіштері төмен болды (орта есеппен 35-40 балл аралығында). Бұл жасөспірімдердің эмоцияларын басқаруда және жауапкершілік алуда сенімсіздік пен қиындықтар сезінетіндігін білдіреді.

Сыртқы келбетті бағалау шкаласы бойынша нәтижелер әртүрлі болды (орта есеппен 55 балл). Жасөспірімдердің көбі өзінің сыртқы келбетіне орташа деңгейде қанағаттанатынын білдіргенімен, кейбіреулерде өзіндік сенімсіздік байқалады.

Бұл қасиеттер бойынша бағалау орташа деңгейде тіркелген (орташа 60 балл). Жасөспірімдердің өз денсаулығына және жауапкершілік сезіміне қалыпты түрде қарайтыны байқалды.

Кесте 1. 10 оқушының өзін-өзі бағалау нәтижелері.

Оқушы №	Денсаулық	Ақыл-ой қабілеті	Сенімділік	Сыртқыкелбет	Эмоциялық тұрақтылық	Орташа балл
1	65	70	60	55	50	60.0
2	75	80	70	60	65	70.0
3	50	60	45	40	35	46.0
4	80	85	75	70	60	74.0
5	40	50	40	35	30	39.0
6	60	70	65	55	50	60.0
7	85	90	80	75	70	80.0
8	70	75	65	60	55	65.0
9	55	65	50	45	40	51.0
10	45	55	40	35	30	41.0

Бұл кестеде он оқушының әртүрлі қасиеттері бойынша өзін-өзі бағалау көрсеткіштері және орташа баллдары көрсетілген. Оқушылардың денсаулық, ақыл-ой қабілеті, сенімділік, сыртқы келбет, эмоциялық тұрақтылық бойынша өзін-өзі бағалау деңгейі әртүрлі. Мысалы, 4 және 7-нөмірлі оқушылардың өзін-өзі бағалауы жоғары (орташа баллдары сәйкесінше 74 және 80), ал 5 және 10-нөмірлі оқушыларда бұл көрсеткіш төмен (39 және 41).

Зерттеуге қатысқан оқушылардың көпшілігі денсаулықтарын орташа және

жоғары деңгейде бағалаған. Ең жоғары балл – 85 (оқушы 7), ал ең төменгі балл – 40 (оқушы 5). Бұл көрсеткіштер жасөспірімдердің өз денсаулығына жалпы алғанда оң көзқараспен қарайтынын, алайда кейбіреулерінде уайым немесе сенімсіздік бар екенін көрсетеді.



Сурет 1. Денсаулық деңгейі бойынша көрсеткіштер



Сурет 2. Ақыл-ой қабілеті бойынша көрсеткіштер

Сенімділік бойынша бағалар біршама әртүрлі. Көп оқушы орта деңгейден төмен баға қойған. Ең жоғары нәтиже – 80 балл (оқушы 7), ал ең төмені – 40 балл (оқушы 5 және 10). Бұл көрсеткіш көптеген жасөспірімдерде өзіне сенімсіздік сезімі бар екенін көрсетеді.



Сурет 3. Сенімділік бойынша көрсеткіштер

Жасөспірімдердің сыртқы келбетке берген бағасы төмен немесе орташа деңгейде. Ең жоғары баға – 75 (оқушы 7), ең төмені – 35 (оқушылар 5 және 10). Бұл сыртқы келбет – жасөспірімдердің өзін-өзі бағалауына әсер ететін әлсіз тұстардың бірі екенін көрсетеді. Олар өздеріне сырттай жиі сын көзбен қарайды.

Эмоциялық тұрақтылық барлық қатысушылар арасында ең төмен болып шықты. Орташа балл – шамамен 50-дің айналасында. Ең жоғары баға – 70 (оқушы 7), ал ең төменгісі – 30 (оқушылар 5 және 10). Бұл жасөспірімдердің эмоцияларын басқару қиынға соғатынын, күйзеліске немесе көңіл-күй тұрақсыздығына бейім екенін аңғартады.



Сурет 4. Сыртқы келбет пен эмоциялық тұрақтылық көрсеткіштері

Жалпы қорытынды:

- Ең жоғары бағаланатын қасиеттер: ақыл-ой қабілеті мен денсаулық.
- Ең төмен бағаланатын: эмоциялық тұрақтылық пен сыртқы келбет.
- Оқушылардың өзін-өзі бағалауы салыстырмалы түрде орташа, бірақ кей салаларда сенімділікті арттыру мен эмоционалдық қолдау қажет.

Алынған нәтижелерге сәйкес, төмендегі ұсыныстар жасалады:

- Эмоциялық тұрақтылықты арттыру үшін жасөспірімдермен психологиялық тренингтер ұйымдастыру қажет.
- Жасөспірімдерге көшбасшылық қабілеттерін дамытуға бағытталған іс-шаралар өткізу ұсынылады.
- Жеке және топтық жұмыстар жүргізу арқылы олардың өзіне деген сенімділігін жоғарылату маңызды болып табылады.

Жалпы алғанда, Дембо-Рубинштейн әдістемесінің көмегімен алынған сандық нәтижелер жасөспірімдердің өзін-өзі бағалауы туралы нақты мәліметтер беріп, болашақта жасалатын психологиялық түзету мен қолдау жұмыстарына тиімді негіз қалыптастырды.

Нәтижелерден байқағанымыз - көптеген оқушыларда өзін-өзі бағалау орташа деңгейде, бірақ кейбір психологиялық қасиеттер бойынша (мысалы, сенімділік пен эмоциялық тұрақтылық) қолдау мен түзету жұмыстарын қажет етеді. Диаграммалар мен кестелер көмегімен әр қасиет бойынша нәтижелер көрнекі түрде ұсынылды. Бұл мәліметтерден жалпы тенденцияларды, жеке ерекшеліктерді байқау оңай болды.

Жасөспірімдерге өзін-өзі бағалауын қалыптастыруда психологиялық қолдау өте маңызды. Мектеп психологтары мен мұғалімдер тарапынан түсіністік пен қолдау көрсетілуі, тренингтер мен дамыту жаттығуларының ұйымдастырылуы аса қажет. Дембо–Рубинштейн әдістемесі өзін-өзі бағалауды диагностикалауда өте тиімді құрал болып танылды. Ол зерттелушінің жеке қасиеттері бойынша өзін қалай қабылдайтынын нақты анықтауға мүмкіндік берді.

Қорытындылай келе, бұл зерттеу жасөспірімдердің өзін-өзі бағалауы тұлғалық дамудың маңызды көрсеткіші екенін дәлелдеді. Жас ерекшелігіне сай бағытталған психологиялық қолдау арқылы олардың сенімділігін арттыру, эмоционалдық тұрақтылығын қалыптастыру және өзін-өзі қабылдауын күшейтуге болады.

Әдебиеттер:

1. Смирнова С.И. Особенности самооценки у детей и подростков с отклонениями развития в исследованиях по специальной психологии //Вестник Вятского государственного университета. - 2009. - Т.1. - №. 2. - С. 131-135.
2. Выготский Л.С. Собрание сочинений: в 6 т. - М., 1983, 1984.
3. Спилбергер Ч.Д., Ханин Ю.Л. Шкала оценки уровня реактивной и личностной тревожности // Карелин А.А. Психологические тесты. - 2000. - Т.1. - С. 39-45.
4. Гогицаева О.У., Небежева А.В., Шибзухова Д.А. Детско-родительские отношения и самооценка подростка // Балтийский гуманитарный журнал. - 2018. - Т.7. - №. 3 (24). - С. 183-186.
5. Erikson E. A memorandum on identity and Negro youth // Journal of social issues. - 1964. - Т.20. - №.4.

ЭМОЦИОНАЛДЫ ИНТЕЛЛЕКТ ЖӘНЕ БАЛАЛАР ПСИХОЛОГИЯСЫ

Салиханов Д.К.

Кіріспе. Қазіргі заманғы білім беру мен тәрбиелеу үдерісінде эмоционалды интеллект (EQ) маңызды рөл атқарады. Баланың табысты тұлға болып қалыптасуында IQ ғана емес, оның эмоцияларын түсіну, басқару және айналасындағы адамдармен тиімді қарым-қатынас орнату қабілеті де шешуші фактор болып табылады. Бұл баяндамада эмоционалды интеллекттің балалар психологиясындағы орны, оны дамыту жолдары және педагогтар мен ата-аналардың рөлі қарастырылады.

Зерттеу барысында эмоционалды интеллект пен балалар психологиясын жан-жақты қарастыру үшін бірнеше ғылыми-зерттеу әдістері қолданылды. Бұл әдістер балалардың эмоционалды интеллектін дамыту ерекшеліктерін анықтауға, оның психологиялық әсерлерін зерттеуге және тиімді оқыту стратегияларын ұсынуға көмектеседі. Бұл зерттеу әдістері эмоционалды интеллекттің балалар психологиясындағы маңызын жан-жақты ашуға, оның дамуын бағалауға және тиімді дамыту жолдарын ұсынуға мүмкіндік берді. Теориялық және эмпирикалық зерттеулердің үйлесімі арқылы эмоционалды интеллектті дамытудың ғылыми негізделген тәсілдері ұсынылды.

Теориялық зерттеу әдістері

- Әдеби шолу және талдау – эмоционалды интеллект және балалар психологиясы туралы ғылыми еңбектерді, мақалаларды, оқу-әдістемелік құралдарды зерттеу арқылы тақырыптың теориялық негізін қарастыру.
- Салыстырмалы талдау - әртүрлі елдердегі эмоционалды интеллектті дамыту әдістерін салыстырып, олардың тиімділігін анықтау.
- Психологиялық теорияларды жүйелеу - эмоционалды интеллекттің дамуы туралы Гоулман, Саловей, Майер және басқа да ғалымдардың теорияларын қарастыру.

Зерттеу нәтижелері: эмоционалды интеллекттің балалардың психологиялық дамуы мен әлеуметтік бейімделуінде маңызды рөл атқаратынын көрсетті. Эмоционалды интеллекті дамыту арқылы балалардың өзін-өзі реттеу қабілетін арттыруға, әлеуметтік дағдыларын нығайтуға және олардың академиялық жетістіктерін жақсартуға болады. Сондықтан, мектеп пен ата-аналар бірігіп, балалардың эмоционалды интеллектін дамытуды жүйелі түрде жүргізуі қажет.

1. Эмоционалды интеллекттің мәні және оның құрамдас бөліктері.

Эмоционалды интеллект - адамның өз эмоцияларын және өзгенің сезімдерін түсініп, оларды тиімді басқара білу қабілеті. Американдық психолог Дэниел Гоулман эмоционалды интеллектті бес негізгі компонентке бөлген:

1. Өзін-өзі тану - өз эмоцияларын түсіну және оларды саналы түрде қабылдау.
2. Өзін-өзі реттеу - эмоцияларды басқару, стрессті жеңу, импульсивті

әрекеттерден аулақ болу.

3. Мотивация - ішкі ынта, мақсатқа жетуге деген ұмтылыс.

4. Эмпатия - басқалардың сезімін түсіну және оларға жанашырлық таныту.

5. Әлеуметтік дағдылар - адамдармен тиімді қарым-қатынас жасау, өзара әрекеттесу.

2. Балалар психологиясында эмоционалды интеллекттің маңызы.

Балалардың эмоционалды интеллектін дамыту - олардың психологиялық және әлеуметтік бейімделуінің негізгі шарты. Жоғары эмоционалды интеллектке ие балалар:

- ✓ Өз сезімдерін дұрыс жеткізе алады.
- ✓ Қақтығыстарды бейбіт жолмен шешеді.
- ✓ Стресстік жағдайларға төзімді келеді.
- ✓ Басқалармен жақсы қарым-қатынас орнатады.

Зерттеулер көрсеткендей, балалық шақтан эмоционалды интеллектті дамыту - болашақта табысты мансап құруға, мықты қарым-қатынастар орнатуға және өмір сапасын арттыруға ықпал етеді.

3**. Эмоционалды интеллектті дамыту әдістері.**

Балалардағы эмоционалды интеллектті дамыту үшін төмендегі әдістер тиімді:

- ✓ Эмоциялармен жұмыс - балаларды эмоцияларын ашық білдіруге және оларды талдауға үйрету (мысалы, "Эмоция күнделігін" жүргізу).
- ✓ Рөлдік ойындар - балаларды әртүрлі жағдайларда өзін қалай ұстау керектігін үйрету үшін театрландырылған қойылымдар ұйымдастыру.
- ✓ Мақтау мен қолдау көрсету - балалардың жетістіктерін мойындау және оларға сенімділік беру.
- ✓ Кітап оқу және талдау - әдеби кейіпкерлердің эмоцияларын талдау арқылы эмпатия сезімін дамыту.
- ✓ Тыныс алу және релаксация жаттығулары - эмоцияларды реттеуді үйрену үшін йога немесе медитация элементтерін қолдану.

4. Эмоционалды интеллектті дамытудағы ата-аналар мен педагогтардың рөлі

Ата-аналар:

- Балалардың сезімдерін елемей, оларды ескерусіз қалдырмауы керек.
- Эмоцияларды дұрыс білдіруді үйрету үшін үлгі болуы қажет.
- Баланың кез келген эмоциясы – қалыпты құбылыс екенін түсіндіруі тиіс.

Педагогтар:

- Сабақтарда эмоционалды интеллектті дамытуға арналған әдістерді қолдануы керек.
- Балалардың пікірін тыңдап, қолдау көрсетуі қажет.
- Эмоциялық қолдау көрсететін мектеп ортасын қалыптастыру маңызды.

Қорытынды: Эмоционалды интеллект - заманауи қоғамда сәтті тұлға қалыптастырудың маңызды аспектісі. Оны дамыту баланың өзін-өзі бағалауын арттырып, әлеуметтік дағдыларын жетілдіруге ықпал етеді. Педагогтар мен ата-аналардың бірлесе жұмыс істеуі нәтижесінде балалардың эмоцияларын басқару

қабілеті артып, олар өз ортасында үйлесімді қарым-қатынас құра алатын, психологиялық тұрғыдан тұрақты, табысты азамат болып қалыптасады.

Ұсыныс: Білім беру бағдарламаларына эмоционалды интеллектті дамытуға бағытталған арнайы курстар мен тренингтер енгізу қажет.

Ұранымыз: "Ақылды болу - маңызды, бірақ эмоционалды ақылды болу - одан да маңызды!"

Әдебиеттер:

1. Гоулман Д. Эмоциональный интеллект. Почему он может значить больше, чем IQ. - Москва: Манн, Иванов и Фербер, 2021. - 544 с.
2. Mayer J.D., Salovey P. The Intelligence of Emotional Intelligence. - https://www.mindtools.com/ajks98k/mayer-and-salovey-emotional-intelligence
3. Қазақстан Республикасының білім беру жүйесіндегі психологиялық-педагогикалық зерттеулер.

ДЕВИАНТТЫ МІНЕЗ-ҚҰЛЫҚТЫ ДИАГНОСТИКАЛАУ ӘДІСТЕРІН ТӘЖІРИБЕДЕ ҚОЛДАНУДАҒЫ МӘСЕЛЕЛЕР

Сарбасова К.А.

Білім беру ұйымдарында психологтардың рөлі Қазақстан қоғамының және мемлекеттің дамуына айтарлықтай ықпал етеді. Нобель сыйлығының лауреаты Джеймс Хекманның зерттеулері балалардың ерте даму кезеңіне жасалған инвестициялардың адам капиталының қалыптасуына зор әсер ететінін дәлелдейді [1]. Осы ғылыми деректерді ескере отырып, психологтардың қызметі келесі бағыттарда маңызды болып табылады:

-ерте диагностика және алдын алу жұмыстарын жүргізеді;

- оңтайлы білім беру ортасын қалыптастырады;
- педагогтарды қолдайды, олардың біліктілігін арттырады;
- ата-аналармен жұмыс істейді, тәрбиелеу мәселелерін шешуге көмектеседі;
- ғылыми тәсілдерді енгізеді, балалардың әлеуетін дамыту үшін заманауи әдістерді қолданады.

Балаларды зорлық-зомбылықтан қорғау, суицидтің алдын алу және олардың құқықтары мен саламаттығын қамтамасыз ету жөніндегі 2023-2025 жылдарға арналған кешенді жоспарды бекіту туралы Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2023 жылғы 31 тамыздағы №748 қаулысына [2] сәйкес 2024 жылы еліміздің 20 аймағында психологиялық қолдау орталықтары өз жұмысын бастады. Аталған орталықтар күн сайын мектеп оқушылары мен олардың ата-аналарына жүйелі түрде психологиялық көмек көрсетеді.

Бұл орталықтардың жұмыс тиімділігін арттыру мақсатында жаңа әдістемелік тәсілдер енгізіліп, мамандарға қойылатын кәсіби талаптар нақтыланды, сонымен қатар қызмет сапасын бағалауға арналған әдістемелік ұсынымдар әзірленді. Орталықтардың жұмысын жүйелеу үшін қызметтік регламенттер, штаттық құрылым, материалдық жабдықталу және мамандардың

біліктілігіне қойылатын талаптар бекітілді.

Психологиялық қызмет жүйесін дамыту мақсатында жобалық кеңсе құрылып, тиісті қызмет көрсетуші ұйымдар анықталды. Қызметтің сапасын қамтамасыз ету үшін орталықтардың жұмысын бақылау күшейтілді, ал жергілікті атқарушы органдар олардың қызметін бекітілген тәртіпке сәйкес үйлестіреді.

Психологиялық қолдау орталықтарын құру - психологиялық көмек жүйесін дамытудағы маңызды қадам:

- мамандар желісін нығайтады, тәжірибе алмасуды қамтамасыз етеді;
- психологиялық көмектің сапасын арттырады;
- психологиялық қолдауды білім беру бағдарламаларына енгізеді;
- қызметтердің қолжетімділігін қамтамасыз етеді;
- салалар арасындағы ынтымақтастықты дамытады, мектептер мен отбасыларды біріктіреді.

Бүгінгі күнде білім беру ұйымдарында психологиялық көмек көрсету саласындағы шешімін табуды көздейтін мәселелер бар екені анық, атап айтсақ, білікті мамандардың тапшылығы және жұмыс істеп жүрген психологтардың жүктемесінің жоғары болуы, тегін психологиялық көмектің жеткіліксіздігі, психологиялық көмекке жүгінудің стигматизациясы, психикалық ауытқулардың алдын алу және ерте анықтау жүйесінің жеткіліксіз дамуы және девиантты мінез-құлықты диагностикалау әдістерінің қазақстандықтардың ерекшелігіне сай ғылыми бейімделуінің жеткіліксіздігі, т.б.

ҚР Оқу-ағарту Министрлігі «Өркен» балалардың әл-ауқатын арттыру ұлттық ғылыми-практикалық институтында девиантты мінез-құлықты диагностикалау әдістерінің қазақстандықтардың ерекшелігіне сай ғылыми бейімделуі бойынша 40-қа жуық белгілі әдістемелерге ғылыми талдау жасалынды. Енді солардың бірнешеуіне жасалынған талдауларға тоқтала кетейік.

1. «Кактус» әдісі. Бұл әдісті «А.И. Евдокимова атындағы Мәскеу мемлекеттік медицина және стоматология университеті» мемлекеттік бюджеттік жоғары кәсіптік білім беру мекемесінің клиникалық психология кафедрасының доценті, психология ғылымдарының кандидаты М.А. Панфилова әзірлеген. Әдістеме жасырын эмоционалдық күйлерді, алаңдаушылықты, агрессияны және субъектінің әлеуметтік бейімделу деңгейін анықтауға мүмкіндік беретін бейнелерді еркін біріктіру және түсіндіру принципіне негізделген [3].

Кактус әдісінің негізгі аспектілері: стресс пен мазасыздықтың болуын анықтау, олардың қарқындылығын анықтау, агрессивті көңіл-күйдің болуын, оның себептерін, бағытын және қарқындылығын анықтау, баланың күйзеліске қарсы тұру қабілетін бағалау.

Жас ерекшеліктері бойынша «Кактус» әдістемесі мектепке дейінгі және бастауыш мектеп жасындағы балаларға арнайы бейімделген. Әдістеме бойынша нұсқаулар осы жастағы балалар үшін қарапайым және түсінікті, нәтижелерді түсіндіру кезінде балалардың жас ерекшеліктері ескеріледі.

Мысалы, кішкентай балалар ұсақ бөлшектері бар кактустарды сала алады, ал үлкен балалар егжей-тегжейлі суреттер сала алады.

Бұл әдістеме клиникалық тәжірибеде балалардың әртүрлі психологиялық мәселелерін диагностикалау үшін кеңінен қолданылады, соның ішінде эмоционалдық бұзылуларды, агрессивтілікті және қарым-қатынастағы қиындықтарды анықтау.

М.А. Панфилованың «Кактус» әдісі балалардың эмоционалдық және жеке сферасын диагностикалаудың жалғыз әдісі емес. Бұл тек психологиялық мәселелердің дамуына ықпал ететін кейбір қауіп факторларын анықтауға көмектеседі. Диагноз қою және түзету әдістерін таңдау үшін кешенді тексеру және маманның кеңесі қажет. Бұл әдістеменің ғылыми жарамдылығы шектеулі, өйткені оның жеткілікті эмпирикалық қолдауы және стандартталған нормалары жоқ.

2. «Үмітсіздік шкаласы» әдістемесі

Үмітсіздік шкаласын когнитивті психотерапияның негізін салушы Аарон Бек және оның әріптестері (А. Вайсман, Д. Лестер, Л. Трекслер) 1974 жылы әзірледі. Бұл әдіс депрессия және суицид қаупімен тығыз байланысты болашаққа қатысты жағымсыз үміттерді өлшеуге арналған. Әдістеме Бектің депрессияның когнитивті теориясына негізделген, оған сәйкес үмітсіздік болашаққа қатысты теріс сенімдердің жүйелі жиынтығы ретінде анықталады. Үмітсіздіктің негізгі көрсеткіштері ретінде өмірлік жағдайлардың жақсы жаққа өзгермейтініне сену; дәрменсіздік сезімі және өз тағдырын басқара алмау; мақсаттарға жетуге және оң өзгерістерге сенімнің болмауы. Бұл әдіс девиантты мінез-құлықты диагностикалау контекстінде ерекше маңызды, өйткені үмітсіздік – суицидтік мінез-құлық қаупінің негізгі индикаторы. Зерттеулер көрсеткендей, үмітсіздіктің жоғары деңгейі депрессиялық бұзылулармен, суицидтік ойлар мен әрекеттермен, қоғамға жат мінез-құлықпен, нашақорлықпен тығыз байланысты [4].

Әдістеменің қолданылу ауқымы жасөспірімдік кезеңнен егде жасқа дейін өзгереді:

- жасөспірімдер (12-17 жас) – депрессиялық көңіл-күй, әлеуметтік оқшаулану және эмоционалдық тұрақсыздық белгілерін анықтайды. Дегенмен, 11-12 жаста болашаққа арналған нақты жоспарлардың қалыптаспауы нәтижелердің сенімділігіне әсер етуі мүмкін;
- жастар (18-25 жас) – ең ақпаратты кезең, өйткені ұзақ мерзімді мақсаттар мен өмірлік күтулер осы жас аралығында қалыптасады;
- ересектер мен егде жастағы адамдар (25+ жас) – депрессияны анықтауға, әсіресе созылмалы жалғыздықты немесе орта жастағы дағдарысты бастан кешіретіндер үшін қолданылады.

Зерттеулер шкаланың практикалық қолданылуына қатысты бірнеше проблемаларды көрсетеді, ресейлік ғалымдар О.А. Белобрыкина, М.А. Солоницына бұл әдіс кеңінен қолданылғанымен, оны орыс тілді халыққа бейімдеу толық жүргізілмегеніне өз мақалаларында кеңінен талдау жасайды [5].

Зерттеулер Қазақстанда әдістеменің ресми бейімделуінің жоқ екенін

көрсетеді. Бұл оның ғылыми негізділігі мен сенімділігіне қатысты сұрақтар тудырады. Бейімдеудің негізгі мәселелері ретінде атап өтуге болады:

- қазақ және орыс тілдеріне аударманың авторы мен уақыты белгісіз;
- стандарттаудың жоқтығы – әдістеме қазақстандықтар үшін психометриялық сынақтардан өтпеген;
- мәдени контекст есепке алынбаған – түпнұсқа шкала ағылшын тіліндегі аудиторияға бейімделген, ал кейбір тұжырымдар қазақстандық мәдениетте басқаша қабылдануы мүмкін;
- жас ерекшеліктері бойынша саралау жоқ – тест барлық жас топтарына қолданылғанымен, ортақ нормалар сақталған, бұл диагноз дәлдігіне әсер етеді.

А. Бектің «Үмітсіздік шкаласы» девиантты мінез-құлықты диагностикалауда маңызды құрал болып қала береді, бірақ оны қолдану жас ерекшеліктерін ескеруді, кәсіби көзқарасты және басқа бағалау әдістерімен үйлестіруді талап етеді. Қазақстанда бұл әдістемені сенімді қолдану үшін жергілікті стандарттау жүргізу қажет. Оны басқа диагностикалық құралдармен біріктіріп қолдану және интерпретацияда мүмкін болатын қателерді ескеру ұсынылады.

Қазақстандық тұрғындар үшін девиантты мінез-құлықты диагностикалау әдістерінің ресми бейімделуі туралы қолжетімді дереккөздерде ақпарат өте аз. Бұл әдістердің Қазақстан халқының мәдени, тілдік және әлеуметтік ерекшеліктерін ескермеуі мүмкін екенін білдіреді, бұл өз кезегінде нәтижелердің дәлдігі мен сенімділігіне әсер етуі ықтимал.

Жүргізілген талдаулардың негізінде төмендегідей ұсыныстар беруге болады:

- жергілікті бейімделуді жүргізу: диагностиканың дәлдігін арттыру үшін көрсетілген әдістерді қазақстандық үлгіге бейімдеу ұсынылады. Бұл процесс аударманы, мәдени бейімделуді және халықтың репрезентативті үлгісі бойынша психометриялық тестілеуді қамтуы тиіс;
- қосымша әдістерді қолдану: бейімделген құралдар болмаған жағдайда, нәтижелердің сенімділігін арттыру үшін қазақстандық тұрғындар үшін әзірленген немесе бейімделген қосымша диагностикалық әдістерді қолдану қажет;
- мәдени ерекшеліктерді ескеру: нәтижелерді түсіндіру барысында респонденттердің жауаптарына ықпал етуі мүмкін қазақстандық қоғамның мәдени және әлеуметтік ерекшеліктерін ескеру маңызды.

Қорыта айтсақ, бұл әдістерді тиісті бейімделусіз пайдалану нәтижелердің бұрмалануына әкелуі мүмкін. Қазақстандық контексте олардың сенімділігі мен негізділігін қамтамасыз ету үшін қосымша зерттеулер мен бейімдеу процедураларын жүргізу ұсынылады.

Сонымен қатар магистранттар мен докторанттардың диссертациялық жұмысы аясында қазақстандық қоғамға арналған тиісті әдістерді валидациялау және стандарттауды жүргізу қажеттігі ұсынылады.

Әдебиеттер:

1. James J. Heckman.Invest in early childhood development: Reduce deficits, strengthen the

economy. - https://heckmanequation.org/
2. Балаларды зорлық-зомбылықтан қорғау, суицидтің алдын алу және олардың құқықтары мен саламаттығын қамтамасыз ету жөніндегі 2023 - 2025 жылдарға арналған кешенді жоспарды бекіту туралы Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2023 жылғы 31 тамыздағы № 748 қаулысы. - https://adilet.zan.kz/kaz/docs/P2300000748
3. Панфилова М.А. Игротерапия общения. Тесты и коррекционные игры. Методическое пособие. - М.: «ГНОМ и Д», 2000.
4. Beck A.T., Steer R.A. Manual for the Beck Hopelessness Scale. - San Antonio, TX: Psychological Corpora tion, 1988.
5. Белобрыкина О.А., Солоницына М.А. Диагностическая информативность методики «Шкала безнадежности» А.Т. Бека: проблемы практического применения // Scientific e-journal «PEM: Psychology. Educology. Medicine» 2019. - №1. С.34-61.

СЮЖЕТТІК-РӨЛДІК ОЙЫН АРҚЫЛЫ БАЛАЛАРДЫҢ СӨЙЛЕУ ҚАБІЛЕТІН ДАМЫТУ

Сембекова А.Қ.
Сарбасова Қ.А.

Белгілі ғалым психолог Д.Б. Эльконин: «Ойын – баланы ешкім, ешқашан үйрете алмайтын нәрсеге үйретеді. Бұл нақты өмірге, кеңістікке, құбылыстарға, адамның іс-әрекетіне бағдар беретін зерттеу тәсілі. Ойын үрдісі кезінде балалар зерттеу, сараптама жасау, оқу арқылы өмірге, әлемді танып-білуге бағалауға үйренеді»- демекші ойын – мектеп жасына дейінгі балалардың негізгі іс-әрекеті [1;131].

Балалар ойыны әр алуан, оның өзгеріп отыруы балалардың жас ерекшеліктеріне байланысты. Мысалы: сюжетті-рөлдік, қимыл-қозғалыс, драматизация, музыкалық, дидактикалық, құрастыру, ұлттық, спорттық, дамытушы ойындары. Әрқайсысының өзіндік мәні, ерекшеліктері, мазмұны, ережелері, тәртібі, білімділік, тәрбиелік, дамытушылық функциялары бар [2;118].

Осы кезеңдегі балалардың басты ойын түрі – сюжеттік-рөлдік ойындар. Бұл ойын түрі балалар өміріндегі түрлі рөлдерді ойнауға, шынайы өмірдегі жағдайларды бейнелеуге мүмкіндік береді. Сюжеттік-рөлдік ойындарға құрылыс ойындары, театрландырылған және басқа да элементтері енуі мүмкін.

Психолог Д.Б. Эльконин бұл ойын түрін баланың шығармашылық әрекеті ретінде сипаттайды. Ол баланың үлкендер рөлін қабылдап, олардың әрекеттері мен қарым-қатынастарын арнайы ұйымдастырылған ойын жағдаятында бейнелеуі деп түсіндіреді [3].

Еркін ұйымдастырылған сюжеттік ойындар баланың еркіндікке, шығармашылыққа деген қажеттілігін қанағаттандырады және өзінің тәжірибесін ойын арқылы қайта жасап шығуға мүмкіндік береді.

Сюжеттік-рөлдік ойындардың мазмұны балаларды қоршаған ортамен тығыз байланысты. Бұл ойындар балалардың белсенділігі мен шығармашылығын дамытып, өзіндік көзқарасын, ойлау қабілетін жетілдіреді.

Олар өз ойындарын өздері құрып, рөлдерді бөліп, оқиға желісін анықтайды. Бұл - ойынның шығармашылық және еркін сипатта өтетінін көрсетеді.

Сюжеттік-рөлдік ойынның басты ерекшелігі - импровизация, яғни, балада ойын алдын ала жоспар құрып, болжамай, оның желісімен ешкіммен бөліспей кенеттен, тұтқиылдан туындауы мүмкіндігі. Рөлдік ойын барысында балалар нақты ұйымдастырушылық қатынастарға түседі (балалар ойынның сюжеті туралы келіседі, рөлдерді бөледі) сонымен бірге олардың арасында күрделі рөлдік қатынастар орнатылады (мысалы: аналар мен қыздар, дәрігер мен пациент, сатушы мен сатып алушы, теңізші мен қарақшы).

Сюжеттік-рөлдік ойындарда балалар нақты әрекетті бейнелей отырып, өз білімін, әсерін, тәжірибесін қосады. Бұл олардың жеке дамуына, қоршаған ортаны түсінуіне және түрлі міндеттерді шешуіне септігін тигізеді.

Сюжеттік-рөлдік ойындарда таңбалық (символдық) ойлау дамиды. Балалар нақты заттардың орнына олардың орнын алмастыратын заттарды қолдана отырып, абстракция мен қиялын дамытады. Бұл - болашақта күрделі ойлау операцияларын меңгерудің негізі.

Сюжеттік-рөлдік ойын - эмоционалды-ерік және танымдық саланың, сөйлеудің, ұсақ моториканың бұзылуын түзетудің тиімді құралы. Бастан кешірген табысты істері, қанағат сезімдері жаңа міндеттер мен мәселелерді шешуге талпыныстарын оятып, өз күштеріне сенуге, өзін-өзі сыйлауға, еркін сөйлеп, өз ойын басқаға еркін жеткізе білуге тәрбиелейді. Сонымен қатар, ойында бала өзін бақылап, бағалап, не істеу қажет екендігін түсініп, дұрыс қадамдар қолдануды үйренеді.

Д.Б. Эльконинніің жетекшілігімен жүргізілген зерттеулерде ұжымдық сюжеттік-рөлдік ойындардың балалардың ойлау қабілетін жаңа деңгейге көтеретіні анықталған. Әртүрлі рөлдерді ойнау барысында балалар өзара көзқарастарын үйлестіруді, жағдайларға «шартты» түрде қарауды үйренеді [4].

Сюжеттік-рөлдік ойындар баланың сөйлеу тілін дамытуда маңызды рөл атқарады. Бұл ойын түрі - баланың когнитивті, эмоционалды және әлеуметтік дамуын қамтамасыз ететін кешенді әрекет. Психологиялық тұрғыдан алғанда, сюжеттік-рөлдік ойын барысында бала шынайы өмір жағдайларын модельдейді, түрлі рөлдерге еніп, сол рөлге сәйкес тілдік құралдарды қолданады.

Ж. Пиаже өз еңбектерінде баланың символдық ойлау қабілетінің дамуымен сөйлеу тілінің дамуы арасында тікелей байланыс бар екенін көрсеткен. Яғни, бала заттарды символ ретінде қолданған сайын, оның тілдік қоры мен сөйлеу икемі артады [5;35].

Сонымен қатар сюжеттік-рөлдік ойын баланың диалогқа түсу, келіссөз жүргізу, сұрақ қою және жауап беру сияқты коммуникативтік дағдыларын жетілдіреді. Мұндай ойындар баланың сөйлеу тілінің мазмұндылығы мен құрылымдық тұтастығын қалыптастырады, сөйлеудің мотивациясын арттырады.

Сюжеттік-рөлдік ойындар баланың сөйлеу қабілетінің дамуына айтарлықтай әсер етеді. Әртүрлі ғалымдардың теориялары мен зерттеулері бұл

үдерістің психологиялық және когнитивтік негіздерін айқындайды. Л.С. Выготский, Ж. Пиаже, Д.Б. Эльконин, Дж. Брунер және басқа да ғалымдардың пікірінше, ойын балалардың тілін дамытудың маңызды құралы болып табылады. Рөлдік ойындар баланың сөздік қорын байытып, грамматикалық құрылымдарды меңгеруге, диалогтық сөйлеуді дамытуға, мәнерлі сөйлеу дағдыларын қалыптастыруға және коммуникативтік қабілеттерін арттыруға мүмкіндік береді. m

Сюжеттік-рөлдік ойындар арқылы балалардың ойлау қабілеті мен әлеуметтік дағдылары да жетіледі, өйткені ойын барысында олар нақты жағдайларға сәйкес әрекет етеді, ережелерге бағынады және эмоциялық реңктерді пайдаланады. Осылайша, ойын балалардың әлеуметтік және тілдік дамуының негізгі құралы ретінде қызмет етеді. Бала тілінің дамуында ойынның рөлі тек тілдік құрылымдармен шектелмей, оның тұлғалық, әлеуметтік және когнитивтік аспектілеріне де әсер етеді.

Осы зерттеу барысында көрсетілген теориялар мен деректер сюжеттікрөлдік ойындардың тіл дамуы үшін қаншалықты маңызды екенін дәлелдейді. Бұл ойындардың балалардың сөйлеу қабілетін ғана емес, сонымен қатар олардың шығармашылық, логикалық ойлау және әлеуметтік қарым-қатынас дағдыларын дамытуға да зор ықпал ететінін айқын көрсетеді.

Әдебиеттер:

1. Аралбаева Р.К. оқулық. - Алматы: Жоғары оқу орындарының қауымдастығы, 2012. - 220 б.
2. Андабекова С.Ж. Педагогиканың жалпы негіздері. - Алматы, 2012. - 184 б.
3. Вопросы психологии учебной деятельности младших школьников: сб. статей / Под ред. Д.Б. Эльконина, В.В. Давыдова. - Москва: Изд-во Акад. пед. наук РСФСР, 1962. - 287 с.
4. Эльконин Д.Б. Психическое развитие в детских возрастах / Под ред. Д.И. Фельдштейна. 2-е изд. - М.: Издательство «Институт практической психологии», Воронеж: НПО «МОДЭК», 1997. - 416 с.
5. Пиаже Ж. Речь и мышление ребенка. - Москва: Издательство АСТ, 2020. - 352 с.

ИССЛЕДОВАНИЕ НАРЦИССИЧЕСКИХ ЧЕРТ ЛИЧНОСТИ В ЮНОШЕСКОМ ВОЗРАСТЕ

Соколова А.Ю.
Капбасова Г.Б.

Термин «нарциссизм» в психологии существует уже более века и берет свое название от древнегреческого мифа о юноше Нарциссе, который, пленившись собственным отражением в воде, не смог оторвать от него взгляда и в итоге погиб. Впервые концепцию нарциссизма в научный дискурс ввел З. Фрейд [1]. Он использовал этот термин для описания состояния, при котором человек воспринимает свое собственное тело как объект влечения, испытывая к нему чувственное удовольствие. В его представлении нарциссизм мог проявляться как форма сексуального извращения, при котором индивид сосредотачивает все

свои эмоциональные и сексуальные стремления исключительно на себе, отвергая возможность близости с другими людьми. З. Фрейд [2] разделил понятие «нарциссизм» на первичный и вторичный. Первичный нарциссизм относится к ранней стадии развития, когда либидо направлено на себя, а вторичный - к ситуации, когда после установления объектных связей либидо вновь обращается на собственное «Я».

В современной психологии и психиатрии понятие нарциссизм приобрело многогранное и более тонкое значение по сравнению с первоначальным толкованием. Если ранее оно ассоциировалось исключительно с самовлюблённостью и эгоцентризмом, то сегодня этот термин охватывает широкий спектр личностных характеристик, которые могут варьироваться от нормы до патологических проявлений.С позиции клинической психологии нарциссизм рассматривается как особенность самовосприятия, связанная с потребностью в признании, поддержании положительного образа «Я», а также с чувствительностью к оценке со стороны других людей. Умеренные нарциссические черты могут быть частью здоровой личности, способствуя уверенному поведению, целеустремлённости и самоуважению. Однако, при выраженной дисгармонии этих черт с социальной адаптацией и внутренней стабильностью, речь может идти уже о нарциссическом расстройстве личности.Современные исследования, в том числе работы О. Кернберга [3], Х. Кохута [4] и более поздних авторов, указывают на то, что нарциссизм включает в себя противоречивые аспекты - внешне он может проявляться как уверенность и превосходство, но внутренне сопровождаться хрупкой самооценкой, тревожностью и страхом отвержения. Это делает феномен нарциссизма не столько однозначно негативным, сколько сложным и требующим дифференцированного подхода в диагностике и терапии. Кроме того, в современном социокультурном контексте нарциссизм всё чаще рассматривается как результат воздействия общества, ориентированного на успех, индивидуализм и внешние достижения.

Социальные сети, постоянное сравнение себя с другими, акцент на самопрезентации - всё это способствует формированию уязвимой, компенсаторной формы нарциссизма, особенно у молодежи. Например, Х. Кохут [4], один из ведущих исследователей нарциссизма, предполагал, что нарциссические черты присущи не только тяжелым психическим расстройствам, но также проявляются и в классических неврозах. Он подчеркивал, что механизмы нарциссических расстройств во многом пересекаются с механизмами неврозов переноса, вне зависимости от степени их выраженности - будь то серьезные психозы или более мягкие личностные нарушения.

Формирование нарциссических черт начинается еще в детском возрасте, и одной из ключевых причин их появления является стиль воспитания, выбранный родителями. Если родители предъявляют к ребенку чрезмерно высокие требования, которые трудно или вовсе невозможно выполнить, это приводит к формированию у него защитных психологических механизмов. В

результате ребенок учится отрицать реальность, искажать факты и разделять личность на противоположные аспекты [5]. Такой подход ведет к снижению самооценки, что, в свою очередь, выражается в эгоцентричном поведении. Подростки с нарциссическими чертами склонны к фантазиям о собственных выдающихся достижениях, которые на практике оказываются недостижимыми. Они эмоционально реагируют на критику со стороны окружающих, могут замыкаться в себе, проявлять агрессию и становиться чрезмерно чувствительными к чужому мнению. Именно в подростковом возрасте нарциссические особенности характера становятся наиболее выраженными. Другой фактор, влияющий на развитие нарциссизма, - это чрезмерная похвала и идеализация ребенка [5]. Если родители не устанавливают для него четких границ дозволенного, не вводят дисциплину и не объясняют важность ответственности за собственные поступки, у ребенка формируется ощущение вседозволенности. В результате подросток может считать, что ему не нужно отвечать за свои действия, а любое его поведение допустимо. Еще одним аспектом, связанным с нарциссизмом, является дефицит родительской любви и внимания в детстве. В попытках компенсировать этот недостаток подростки могут стремиться к власти над окружающими, унижая их достоинство, либо искать внимание через негативное поведение. Такие подростки часто проявляют агрессию как к окружающим, так и к самим себе. Психологи объясняют нарциссизм совокупностью факторов, включающих генетические предпосылки, воспитание и личностные особенности, такие как темперамент и способность справляться со стрессом [6,7]. Таким образом, проявление нарциссизма является достаточно сложной и неоднозначной.

Поэтому целью нашего исследования является исследование нарциссических черт личности.

Выборка: в исследовании приняли участие 20 испытуемых, возрасте от 18 до 21 года, из них 10 юношей и 10 девушек.

В качестве инструментария для исследования нарциссических черт личности, была использована методика «Нарциссические черты личности» (НЧЛ), авторами являются О.А. Шамшикова и Н.И. Клепикова [8,9], целью применения данной методики была оценка нарциссической направленности личности.

Методика позволяет выявить выраженность следующих показателей нарциссизма или нарциссических черт личности, такие как грандиозное чувство самозначимости, поглощенность фантазиями, вера в собственную уникальность, потребность в постоянном внимании и восхищении, ожидание особого отношения, манипуляции в межличностных отношениях, отсутствие эмпатии, сверхзанятость чувством зависти, дерзкое, заносчивое поведение.

Совокупность нарциссических черт рассматривается О.А. Шамшиковой и Н.И. Клепиковой как система психологических «фильтров», обеспечивающих специфическое восприятие окружающего мира, которыев случае усиления, индивидуальных нарциссических черт личности обладают тенденцией к переходу в нарциссические состояния, ведущие к расстройству личности.

Исследование проводилось индивидуальнос каждым испытуемым, среднее время, затраченное на выполнение методики, составляло от 10 до 20 минут. Наряду с количественными показателями учитывались наблюдения за поведенческими реакциями испытуемых, что позволило обогатить интерпретацию результатов и учесть контекстуальные особенности проявления нарциссических черт. Методика обрабатывалась по стандартной процедуре, оценивалась степень выраженности нарциссических проявлений,

Результаты исследования представлены в таблице 1.

Таблица 1. Эмпирические показатели опросника нарциссические черты личности у испытуемых.

Степень выраженности нарциссических черт	Испытуемые-юноши (средневыборочные показатели в баллах)	Испытуемые-девушки (средневыборочные показатели в баллах)
Грандиозное чувство самозначимости	33,6	27
Поглощенность фантазиями	33,8	28,3
Вера в собственную уникальность	34,2	26,8
Потребность в постоянном внимании и восхищении	30,8	36,9
Ожидание особого отношения	33,5	31,5
Манипуляции в межличностных отношениях	31,8	30,7
Отсутствие эмпатии	26,8	28,1
Сверхзанятость чувством зависти	29,8	29,7
Дерзкое, заносчивое поведение	30,5	22,2

Из таблицы 1 видно, что у юношей показатели распределились следующим образом: грандиозное чувство самозначимости - 33,6 балла; поглощенность фантазиями - 33,8 балла; вера в собственную уникальность - 34,2 балла; потребность в постоянном внимании и восхищении - 30,8 балла; ожидание особого отношения - 33,5 балла; манипуляции в межличностных отношениях - 31,8 балла; отсутствие эмпатии - 26,8 балла; сверхзанятость чувством зависти - 29,8 балла; дерзкое, заносчивое поведение - 30,5 балла.

У девушек средневыборочные показатели распределились следующим образом: грандиозное чувство самозначимости - 27 баллов; поглощенность фантазиями - 28,3 балла; вера в собственную уникальность - 26,8 балла; потребность в постоянном внимании и восхищении - 36,9 балла; ожидание особого отношения - 31,5 балла; манипуляции в межличностных отношениях - 30,7 балла; отсутствие эмпатии - 28,1 балла; сверхзанятость чувством зависти - 29,7 балла; дерзкое, заносчивое поведение - 22,2 балла.

Сравнительный анализ эмпирических распределений нарциссических черт личности у юношей и девушек показывает, что самыми характерными чертами, набравшими высокие баллы у юношей являются следующие черты: поглощенность фантазиями, грандиозное чувство самозначимости, ожидание

особого отношения. У девушек выражены следующие черты: потребность в постоянном внимании и восхищении, ожидание особого отношения, манипуляции в межличностных отношениях.

Затем для выявления различий между результатами исследований у юношей и девушек мы применил критерий Манна-Уитни, который показал, что существуют достоверные различия по шкале 1 «Грандиозное чувство самозначимости» (Uэмп.=78,500 ($p \leq 0,05$)). Помимо этого, существуют достоверные различия по шкале 2 «Поглощенность фантазиями», Uэмп.=77,500 ($p \leq 0,05$). А также существуют достоверные различия по шкале 3 «Вера в собственную уникальность», Uэмп.=79,500 ($p \leq 0,05$).

Результаты эмпирического исследования, позволили выявить характерные особенности проявления нарциссических черт у юношей и девушек. Анализ данных, полученных с использованием методики «Нарциссические черты личности» показал наличие статистически значимых различий между представителями разных полов. У девушек более ярко выражены черты, связанные с потребностью в восхищении, стремлением к постоянному вниманию и ожиданием особого отношения со стороны окружающих. Также у них наблюдается склонность к манипуляциям в межличностных отношениях, что указывает на выраженность социально ориентированных компонентов нарциссизма. Подобные проявления могут быть обусловлены как личностными особенностями, так и влиянием социокультурных факторов, формирующих у девушек потребность соответствовать внешним ожиданиям и получать одобрение. Юноши, напротив, демонстрировали более выраженные черты, связанные с ощущением внутреннего превосходства, фантазиями о грандиозности и верой в свою исключительность. Однако, несмотря на это, их показатели по шкале «потребность в восхищении» оказались ниже по сравнению с девушками, что подтверждает меньшую ориентированность на внешний отклик. Поведенческие проявления, такие как дерзость и эмоциональная отстраненность, также были чаще выражены у юношей, что указывает на иную форму компенсации потребности в самоуважении. Статистически значимые различия были зафиксированы по ряду шкал, в частности, по «поглощённости фантазиями», «грандиозному чувству самозначимости» и «вере в собственную уникальность». Тем не менее, именно у девушек наблюдается более высокая выраженность нарциссизма как целостного личностного образования за счёт ярко проявленного стремления к социальной значимости и признанию.

Таким образом, по результатам исследования можно сделать следующие выводы: нарциссические черты в юношеском возрасте более выражены у девушек. Это утверждение особенно актуально в контексте современных тенденций, где социальные сети, стандарты внешности и потребность в признании формируют у молодых девушек повышенную чувствительность к оценке и самоидентификации через мнение окружающих. Сделанные выводы подчёркивают важность учёта гендерных различий при психологической диагностике и поддержке подростков с выраженными нарциссическими

проявлениями.

Литература:
1. Фрейд З. Психология бессознательного. - М.: Просвещение, 1989. - С. 75-91.
2. Фрейд З. Введение в психоанализ: Лекции. - М.: АСТ, 2018. - С. 310-372.
3. Кохут Х. Нарциссизм и анализ Я. - М.: Когито-Центр, 2001. - 400 с.
4. Кернберг О. Границы и патологический нарциссизм. - М.: Когито-Центр, 2001. - 368 с.
5. Гринберг Р.С. Психоанализ и нарциссизм: исторические и современные концепции. - М.: Речь, 2009.
6. Кернберг О. Нарциссизм и психотерапия личности. - М.: Издательство РАН, 2004. - 248 с.
7. Миллер Дж.Д., Кампбелл В.К. Руководство по нарциссизму и расстройству нарциссической личности. - Hoboken: Wiley, 2011. - 321 с.
8. Польская Н.А., Соловьянова Ю.А. Нарциссические черты личности и их взаимосвязь с разными аспектами самоотношения в молодежной выборке // Клиническая и специальная психология. - 2019. - Том 8. - № 4. - С. 74-92.
9. Шамшикова О.А., Клепикова Н.М. Опросник «Нарциссические черты личности» // Психологический журнал. - 2010. -№2 - С. 21-36.

ЖОҒАРЫ СЫНЫП ОҚУШЫЛАРЫНЫҢ ЭМОЦИОНАЛДЫ ИНТЕЛЛЕКТІСІ МЕН ҮРЕЙЛІЛІК ДЕҢГЕЙІН ЗЕРТТЕУ

Сүлеймен Д.М.
Капашева Г.А.

Қазіргі таңда білім беру жүйесі тек академиялық білім беріп қана қоймай, сонымен қатар оқушылардың тұлғалық, эмоционалдық, әлеуметтік дамуына да үлкен мән беруді талап етеді. Әсіресе жоғары сынып оқушыларына жасөспірімдік шақта эмоционалдық тұрақсыздық, күйзеліс пен үрейлілік деңгейінің жоғары болуы – педагогикалық психологияда маңызды мәселелердің бірі болып табылады. Бұл жас кезеңінде түрлі ішкі және сыртқы қысымдарға ұшырау ықтималдылығы жоғары болып табылады. Емтихандарға дайындық, болашаққа деген сенімсіздік, болашақ мамандықты таңдау, қарым-қатынас дағдыларының жеткіліксіздігі, өзін-өзі тану мен бағалаудағы қиындықтармәселелері туындайды [1,2]. Мұндай факторлар олардың психологиялық жағдайына кері әсер тигізіп, үрейлілік деңгейін арттырадыдеген тұжырым жасауға болады.Осы тұрғыда эмоционалды интеллект ұғымының рөлі ерекше. Эмоционалды интеллект адамның өз эмоцияларын түсінуі, басқара алуы, өзге адамдардың эмоцияларын ажырата білуі және олармен тиімді қарым-қатынас орната алу қабілеттерін сипаттайды (П. Сэловей, Дж. Майер, Р. Бар-Он, Д. Гоулмен, Г.Г. Гарсковая, Д.В. Люсин) [3]. Жоғары сынып оқушыларына көбінесе күйзеліс пен үрейлілікті жеңіл еңсеруге, ішкі тепе-теңдігін сақтауында эмоционалды интеллектмаңызды рөл атқарады, яғни эмоционалды интеллект олардың психологиялық тұрақтылығына тікелей әсер етеді [1]. Сондықтан осы мақалада жоғары сынып оқушыларының эмоционалды интеллект деңгейі мен үрейлілік деңгейінің арасындағы байланысты зерттеу мақсаты қойылды. Бұл

зерттеу мектеп оқушыларының психологиялық саулығын қолдауға бағытталған тиімді тәсілдерді ұсынуға негіз бола алады.

Бірқатар авторлар атап өткендей, соңғы жылдары эмоционалды интеллекттің ғылыми негіздерін қалыптастыруда біршама ілгерілеушілік байқалды. Алғаш рет эмоционалды интеллект терминін енгізген Р. Бар-Он эмоционалды интеллект - "адамның сыртқы ортаның қиындықтары мен қысымына төтеп беру қабілетіне әсер ететін когнитивті емес қабілеттердің, құзыреттіліктер мен дағдылардың жиынтығы" деп есептеген [4].

Эмоционалды интеллект бес құрамдас бөлігінің әрқайсысы бірнеше ішкі құрамдас бөліктерден тұрады:

- өзін-өзі тану (өз эмоцияларын білу, өзіне деген сенімділік, өзін-өзі бағалау, өзін-өзі актуализациялау, тәуелсіздік);
- тұлға аралық дағдылар: (эмпатия, тұлғааралық қарым-қатынас, әлеуметтік жауапкершілік);
- бейімделу қабілеті (мәселелерді шешу, шындықпен байланыс, икемділік);
- стресстік жағдайларды басқару (стресске төзімділік, импульсивтілікті бақылау);
- басым көңіл-күй (бақыт, оптимизм) [5,6].

Көп жағынан эмоционалдыинтеллекттің ұқсас үлгілерін қазіргі кезде ресейлік психологтар (Д.В. Люсин, А.И. Савенков, Д.В. Ушаков, В.С. Юркевич) ұсынып отыр. Д.В. Ушаков эмоционалды интеллекті тек өзінің эмоционалдық саласын және әлеуметтік құбылыстарды түсіну қабілеті ретінде қарастыру керек және тек осы жағдайларда ғана ол жалпылама және жанама танымдық әрекеттің жоғары түріне қабілеттілігін қалыптастыра отырып, интеллекттің басқа түрлерімен тең дәрежеде салыстырылуы мүмкін деп тұжырымдайды [7].

Жасөспірімдік кезең - тұлғаның қалыптасуындағы, оның психологиялық, әлеуметтік және физиологиялық өзгерістерге толы маңызды жас кезеңінің бірі, бұл уақытта эмоционалдық тұрақсыздық пен үрейлілік жиі байқалады.Осы кезеңде олардың алдында академиялық жетістікке жету, мамандық таңдау, болашаққа бағыт алу сияқты күрделі міндеттер болады. Олар көбіне "қолымнан келмейді", "сәтсіздікке ұшыраймын" деген ойларға бой алдырады, әсіресе бұл сәтсіздіктің көпшілік алдында болатыны туралы қорқыныш күшейеді [2,8]. Сонымен қатар, болашақ өмірге байланысты алаңдаушылық ерекше көрініс береді. Бұл жастағы жасөспірімдер үшін әлеуметтік және академиялық табысқа жету маңызды факторлардың бірі, ал сәтсіздік қаупі - үрей тудыратын негізгі себептері болып табылады [9]. Осындай жағдайда эмоционалды тұрақтылық пен өзін-өзі реттеу қабілеті ерекше маңызға ие. Осыған байланысты ЭИ пен үрейлілік деңгейінің өзара байланысын зерттеу маңызды болып отыр.

Үрейлілік – бұл адамның ішкі жайсыздығы, белгісіздік пен қауіптену сезімімен қатар жүретін тұрақты эмоционалды күй. Үрейлілік күйі автономды жүйке жүйесінің белсендірілуімен, қозуымен бірге жүретін немесе онымен байланысты субъективті, саналы түрде қабылданатын қауіп пен шиеленіс сезімдерімен сипатталады. Бұл қолайсыздықты күтуге, қауіп төндіретін, қауіпті

сезінуге байланысты эмоционалды ыңғайсыздық тәжірибесі ретінде қарастырылады [1,10]. Ю.Л. Ханин мен Ч.Д. Спилбергердің зерттеулеріне сәйкес үрейлілік екі түрлі формада қарастырылады: ол бір жағынан – жағдайлық үрейлілік, нақты жағдайға байланысты туындайтын уақытша эмоционалдық күй, ал екінші жағынан – тұлғалық үрейлілік, тұлғаның жиі және күшті үрей күйін бастан кешіруге бейімділігімен сипатталатын тұрақты психологиялық ерекшелігі [9].

Көптеген зерттеулер көрсеткендей эмоционалды интеллект деңгейі жоғары сынып оқушыларының жағдайлық және тұлғалық үрейді төмен деңгейін анықтады. Олар эмоцияларын тану және басқару арқылы шиеленісті жағдайларда өзін сенімді ұстап, ішкі үрейлілікті жеңе алады [3].Сонымен қатар, эмоционалды интеллекттің дамыған деңгейі әлеуметтік дағдыларды жетілдіруге әсер етеді, бұл өз кезегінде оқушылардың құрдастарымен және мұғалімдермен қарым-қатынасын жақсартып, психологиялық қауіпсіздік сезімін қалыптастырады [7]. Әлеуметтік қолдауды сезіну, өз эмоцияларын түсініп, оларды басқару қабілеті жасөспірімдердің өзін-өзі бағалауын арттырып, үрейлілік деңгейін төмендетуге септігін тигізеді.

Жоғары сынып оқушылары үшін эмоционалды интеллектті дамыту - тек оқу процесінде емес, сонымен қатар психологиялық денсаулық пен тұлғалық тұрақтылықты нығайтуда маңызды құрал болып табылады. Эмоционалды интеллект деңгейі жоғары оқушылар жаңа және күрделі өмірлік жағдайларға бейімделе отырып, үрейге бой алдырмай, сындарлы шешім қабылдауға қабілетті болады. Бұл тұжырымдар эмоционалды интеллекттің жасөспірімдер арасында үрейдің алдын алудағы профилактикалық маңызын айғақтайды [9].

Зерттеу объектісі: зерттеу Қарағанды қаласындағы КГУ "Лицей-интернат "Білім-инновация" №1" білім беру мекемесінде жүргізілді. Зерттеуде 40 сыналушы қатысты,10 және11-сынып оқушылары, жас аралығы 15-17.

Зерттеу пәні: жоғары сынып оқушыларының эмоционалды интеллект деңгейі мен үрейлілік деңгейі арасындағы өзара байланысы.

Болжам: эмоционалды интеллект деңгейі жоғары болған сайын, жоғары сынып оқушыларының үрейлілік деңгейі төмен болады: яғни, эмоционалды интеллекттің компоненттері: эмоцияларды тану, түсіну, басқару және т.с.с. қабілеттер оқушылардың стресстік және үрейлілік тудыратын жағдайларға тиімді бейімделуіне ықпал етеді деп есептеледі.

Зерттеу әдістері:

1. Д.В. Люсин эмоционалды интеллект деңгейін анықтау әдістемесі (ЭмИн).

2. Спилбергер-Ханиннің тұлғалық және жағдайлы күрейлілік деңгейін өлшеуге арналған әдістеме.

Сауалнама қорытындылары көрсеткендей жоғары сынып оқушыларының эмоционалды интеллект деңгейлері әртүрлі көрсеткіштермен сипатталды. Жалпы 40 қатысушының ішінде 17 оқушыда (42,5%) эмоционалды интеллект деңгейі жоғары, 18 оқушыда (45%) орташа, ал 5 оқушыда (12,5%) төмен деңгейде екені анықталды. Эмоционалды интеллект деңгейі жоғары оқушылар

өз эмоцияларын тану, басқару, өзін-өзі түсіну мен эмоционалды тұрақтылық сияқты қабілеттерінің жоғары екендігін көрсетті. Ал эмоционалды интеллект деңгейі төмен оқушыларда эмоцияларды реттеу дағдылары жеткіліксіз дамыған, бұл олардың үрейлілік көрсеткіштерінің артуына алып келгені байқалды.

Үрейлілік деңгейі бойынша Спилбергер-Ханин әдістемесі нәтижелері: 16 оқушыда (40%) жағдайлық үрейлілік жоғары деңгейде, 18 оқушыда (45%) орташа, ал 6 оқушыда (15%) төмен деңгейде тіркелді. Тұлғалық үрейлілік бойынша 14 оқушыда (35%) жоғары, 19 оқушыда (47,5%) орташа және 7 оқушыда (17,5%) төмен деңгейде анықталды.

Аталған мәліметтер эмоционалды интеллекттің жоғары болуы оқушылардың эмоционалдық тұрақтылығын қамтамасыз етіп, үрей деңгейінің төмен болуына ықпал ететінін жанама түрде растады (кесте 1).

Кесте 1. Эмоционалды интеллект пен үрейліліктің байланысы

Эмоционалды интеллект компоненттері	Үрейлілік түрі	r мәні	Байланыс бағыты мен күші	p мәні	Түсініктеме
МЭИ (жеке тұлғааралық ЭИ)	Жағдайлық үрей (СА)	0.36	Тура, әлсіз байланыс	< 0.05	Адамдармен қарым-қатынаста эмоциянытану қабілеті артқансайын, күйзеліс деңгейі де өсіпотыруы мүмкін.
ПЭ (эмоцияларды түсіну)	Тұлғалық үрей (ЛА)	-0.64	Кері, орташа-күшті байланыс	< 0.01	Эмоцияларды жақсы түсінетін оқушыларда тұлғалық үрей деңгейіе дәуір төмен.
ВУ (эмоцияны пайдалану)	Тұлғалық үрей (ЛА)	-0.76	Кері, өте күшті байланыс	< 0.01	Эмоцияны тиімді пайдалана алатын оқушыларда тұлғалық үрейлілік төмен.
УЭ (эмоцияны басқару)	Тұлғалық үрей (ЛА)	-0.22	Кері, әлсіз байланыс	< 0.05	Эмоцияны басқару үреймен байланысты болуы мүмкін, бірақ әсері әлсіз.
ВП (өз эмоциясын түсіну)	Жағдайлық үрей (СА)	0.47	Тура, орташа байланыс	< 0.05	Өз эмоциялық жағдайына сезгіштігі жоғары оқушылар белгілі жағдайларда көбірек қобалжуы мүмкін.
ВЭИ (тұлғаішілік ЭИ)	Жағдайлық үрей (СА)	0.37	Тура, әлсіз байланыс	< 0.05	Ішкі эмоциялық рефлексиясы жоғары оқушылар жағдайлық күйзелісті көбірек сезінуі мүмкін.
ВЭИ (тұлғаішілік ЭИ)	Тұлғалық үрей (ЛА)	-0.51	Кері, орташа байланыс	< 0.01	Өзішкі эмоцияларынтану қабілеті жоғары болғансайын, тұлғалық үрей төмен болады.
МП (басқа адамдардың эмоцияларын түсіну)	Жағдайлық үрей (СА)	0.22	Тура, әлсіз байланыс	< 0.05	Эмоциялық тәжірибелерге мәнберетін оқушылар нақты жағдайларда қобалжуы мүмкін.

Зерттеу барысында алынған Спирменнің рангтік корреляциясы жоғары сынып оқушыларының эмоционалды интеллект деңгейі мен үрейлілік деңгейі арасында статистикалық тұрғыдан маңызды өзара байланыс бар екенін көрсетті. Эмоцияларды түсіну (ПЭ) мен тұлғалық үрейлілік (ЛТ) арасында айқын кері байланыс анықталды ($r = –0.64$, $p < 0.01$). Бұл эмоцияларды жақсы түсінетін оқушылардың тұрақты күйзеліс жағдайына жиі берілмейтінін, сондай-ақ тұлғалық үрейлілікті тиімді реттей алатынын білдіреді. Эмоцияны пайдалану(ВУ) мен тұлғалық үрейлілік арасында өте күшті кері байланыс ($r = –0.76$, $p < 0.01$) байқалды. Бұл көрсеткіш эмоционалдық ақпаратты күнделікті өмірде, шешім қабылдау мен мінез-құлықты реттеу барысында тиімді қолданатын оқушылардың үрейлілік деңгейі айтарлықтай төмен екенін дәлелдейді. Ал эмоционалды интеллекттің кейбір компоненттері жеке тұлғааралық эмоционалды интеллект (МЭИ), өз эмоциясын түсіну (ВП), және ішкі эмоционалды интеллект (ВЭИ) – мен жағдайлық үрейлілік (СТ) арасында тікелей байланыс байқалды ($r = 0.47$, $p < 0.05$). Бұл кейбір оқушыларда эмоцияны тану мен бақылау қабілеті жоғары болғанымен, нақты жағдаяттарда - мысалы, емтихан алдында немесе көпшілік алдында сөйлеу кезінде - қобалжуға бейім екендігін көрсете алады.

Қорытынды. Жүргізілген зерттеу жоғары сынып оқушыларының эмоционалды интеллект деңгейі мен үрейліліктіңжағдайлық және тұлғалық түрлері арасында статистикалық тұрғыда маңызды өзара байланыс бар екенін көрсетті. Эмоцияны түсіну, басқару және тиімді пайдалану секілді қабілеттері дамыған оқушылар стресстік жағдайларда өзін-өзі тиімді реттей алады, бұл олардың үрей деңгейінің төмен болуына ықпал етеді. Сонымен қатар, эмоционалды сезгіштігі жоғары оқушылар нақты стресстік жағдайларда - мысалы, емтихан немесе аудитория алдында - үрейлілікті жиі бастан кешіретіні анықталды. Бұл эмоционалды интеллект пен үрейлілік арасындағы байланыстың күрделі әрі көпаспектілі сипатта екенін дәлелдейді.

Осыған байланысты, білім беру үдерісінде эмоционалды интеллектті мақсатты және жүйелі дамыту психоэмоционалдық саулықты нығайтудың, үрей деңгейін төмендетудің және тұлғалық тұрақтылықты қалыптастырудың тиімді құралы ретінде қарастырылуы қажет. Біріншіден, Сэловей мен Майердің (1990) эмоционалды интеллект моделі негізінде оқушылардың эмоцияны тану, түсіну, басқару және тиімді пайдалану дағдыларын дамытатын тренингтер енгізу ұсынылады [3]. Екіншіден, мектеп психологтары үрейлілік деңгейі жоғары оқушылармен психокоррекциялық жұмыстар жүргізуі тиіс. Үшіншіден, стресс-менеджмент пен эмоционалдық сауаттылыққа бағытталған жаттығулар оқу процесінің бір бөлігіне айналуы керек. Бұл шаралар оқушылардың ішкі күйін басқару қабілетін жетілдіріп, олардың жалпы психологиялық әл-ауқатын арттыруға мүмкіндік береді.

Әдебиеттер:

1. Моросанова В.И., Филиппова Е.В., Фомина Т.Г. Личностные и регуляторные предикторы успешности и надежности действий школьников в ситуации экзамена // Вестник Московского университета. Серия 14. Психология. - 2014. - №4. - С.4.-17.

2. Андреева И.Н. Эмоциональный интеллект как феномен современной психологии. - Новополоцк: ПГУ, 2011. - 388 с.
3. Сергиенко Е.А., Ветрова И.И. Тест Дж. Мэйера, П. Сэловея и Д. Карузо «Эмоциональный интеллект» (MSCEIT V. 2.0). Руководство. - Москва: Издательство «Институт психологии РАН», 2010. - https://lib.ipran.ru/upload/papers/paper_20108889.pdf
4. Даукша Л.М., Купреева Л.Л. Развитие эмоционального интеллекта старшеклассников // Вестник ГрГУ. Сер. 3. Филология. Педагогика. Психология. - 2010. - №3. - С. 133-137.
5. Люсин Д.В. Эмоциональный интеллект: методика диагностики и развития. - М.: Эксперт, 2012. - С. 102-115.
6. Гоулман Д. Эмоциональный интеллект. Почему он может значить больше, чем IQ / пер. с англ. А.П. Исаевой; науч. ред. Е. Ефимова. - 11-е изд., переработанное и дополненное. - Москва: Манн, Иванов и Фербер, 2021. - 544 с.
7. Карпов А.В., Петровская А.С. Психология эмоционального интеллекта: теория, диагностика, практика: монография. - Ярославль: ЯрГУ, 2008. - 344 с.
8. Андреева И.Н. Эмоциональный интеллект и эмоциональная креативность: специфика и взаимодействие. - Новополоцк: Полоц. гос. ун-т, 2020. - 356 с.
9. Прихожан А.А. Психология тревожности: дошкольный и школьный возраст. - СПб.: Питер, 2009 - 119 с.
10. Прихожан А.М. Тревожность у детей и подростков: психологическая природа и возрастная динамика. – М.: Моск. психолого-социальный ин-т; Воронеж: Изд-во НПО «МОДЭК», 2000. – 304 с.

ЖАСӨСПІРІМДЕРДІҢ ӨЗІНЕ ДЕГЕН СЕНІМДІЛІГІНІҢ ПСИХОЛОГИЯЛЫҚ МӘСЕЛЕЛЕРІ

Тамкей А.А.
Тусупова М.М.

Өзіне деген сенімділік - тұлғаның ішкі тұрақтылығы мен психологиялық саулығының маңызды көрсеткіші. Аталған қасиет адамның шешім қабылдауына, қиындықтарға қарсы тұруына, қоршаған ортамен тиімді байланыс орнатуына тікелей ықпал етеді. Ал жасөспірім жаста бұл қабілеттің әлсіз болуы - тұлғаның өзіндік бағасының төмендеуіне, тұйықталуға, қоршаған ортамен шиеленісті қарым-қатынасқа, мазасыздық пен депрессиялық көңіл-күйге алып келуі мүмкін. Осы себепті жасөспірімдердің өзіне деген сенімділігін қалыптастыру, оны зерттеу мен қолдау көрсету - педагогтар мен психологтардың басты міндеттерінің бірі.

Қазақстан қоғамында да бұл мәселе өзекті болып отыр. Қазіргі мектеп оқушылары түрлі әлеуметтік қысым мен бәсекелестік жағдайында өмір сүруде. Білім беру саласындағы үздік көрсеткішке ұмтылу, ата-аналар мен мұғалімдердің жоғары үміті, заманауи технологиялар мен желілердегі идеалданған бейнелер жасөспірімдердің өздерін басқалармен салыстыруына және ішкі сенімсіздікке ұрынуына ықпал етеді. Мұндай жағдайларда бала бойында өзін төмен бағалау, сәтсіздіктен қорқу, өз ойын еркін жеткізе алмау, ұялшақтық сияқты қасиеттер қалыптасуы мүмкін. Бұл олардың болашақ тұлға

ретінде дамуына кедергі келтіреді.

Жасөспірімдер өз-өзіне сын көзбен қарап, ішкі "Мен" бейнесін қалыптастыра бастайды. Өзіндік рефлексия, яғни өзін сырттан бағалау қабілеті артып, оның негізінде өзін басқалармен салыстыру тенденциясы пайда болады. Мұндай салыстырулар жасөспірімнің эмоционалдық жай-күйіне, өз-өзіне сенім дәрежесіне әсер етуі мүмкін.

Тұлғалық дамудың бұл кезеңінде қоршаған орта – ата-ана, мұғалім, құрдастар тобы – шешуші рөл атқарады. Олардың қолдауы, түсіністік танытуы немесе керісінше, қысым көрсетуі жасөспірімнің өз-өзіне деген қатынасын анықтайды. Эмоционалды тұрақсыздық пен көңіл күйдің құбылмалылығы өзіне сенімділікті төмендетіп, мінез-құлықта тұйықтық, агрессия немесе кері байланыс ретінде көрініс беруі мүмкін.

Әлеуметтік бейімделу процесі де тұлғалық даму барысында ерекше мәнге ие. Жасөспірім өз ортасына икемделуге, өз пікірін дәлелдеуге, тәуелсіз шешім қабылдауға ұмтылады. Мұндай талпыныс кейде ересектермен қақтығысқа, билікке қарсы тұруға алып келеді. Осыған байланысты тұлғалық қасиеттердің ішінде өзін-өзі бақылау, жауапкершілік, ерік күшін дамыту қажеттілігі туындайды.

Құрдастармен қарым-қатынас жасөспірім үшін ерекше маңызға ие. Бұл кезеңде достардың пікірі, қолдауы немесе керісінше, кері бағалауы тұлғаның ішкі әлемінде күшті эмоционалдық із қалдырады. Құрдастар тобы жасөспірім үшін өзін-өзі дәлелдеудің, өз орнын табудың алаңына айналады. Олардың арасында өзін дәлелдей алмаған жасөспірім оқшауланып, сенімсіздікке ұшырауы мүмкін.

Жасөспірімдік кезеңде жеке бас ерекшеліктері, темперамент, мінез, интеллект деңгейі де өз рөлін атқарады. Бұл факторлар адамның өзіне деген көзқарасын және әлеммен байланысын анықтайды. Индивидтің темпераментіне байланысты біреулер тез шешім қабылдай алса, енді біреулер ұзақ ойланады, бұл олардың сенімділік деңгейін де айқындайды.

Тұлғаның ішкі үйлесімділігі мен өзіндік "Мен" тұжырымдамасын құрудағы қиындықтар жасөспірімнің психологиялық күйіне әсер етеді. Ішкі қақтығыстар, өзін түсінбеу, өзіне қанағаттанбау сияқты факторлар жиі кездеседі. Мұндай жағдайда жасөспірімге кәсіби көмек пен қолдау қажет болады [1; 65].

Жасөспірімдердің тұлғалық даму ерекшеліктерін тереңірек түсіну үшін заманауи психологияда когнитивтік, тұлғалық, әлеуметтік даму теориялары кеңінен қолданылады. Бұл теориялар жасөспірімдік шақтың табиғатын жан-жақты ашып, оның психологиялық ерекшеліктерін ғылыми негіздеуге мүмкіндік береді. Сонымен қатар, бұл білім практикалық психологияда кеңінен қолданылуда.

Қалыптасу үстіндегі жасөспірім тұлғасы күрделі әлеуметтік қатынастар жүйесіне енеді. Осы кезеңде индивидтің өзіне деген көзқарасы, әлеуметтік рөлдерді қабылдау қабілеті және жеке ұстанымдары қалыптаса бастайды. Бұл даму процесінде адамның ішкі құндылықтар жүйесі мен сенімдерінің құрылымы біртіндеп бекітіледі.

Ғылыми әдебиеттерде жасөспірімдердің бұл кезеңі "дағдарыстық кезең" деп сипатталады. Бұл – сыртқы және ішкі қысымдар арасындағы қақтығыстардың ушығуы, адам бойындағы бұрынғы мінез-құлық үлгілерінің мәнсізденуі және жаңа өмірлік стратегияларды іздеу кезеңі болып табылады. Дағдарыс жағдайында индивид өзін түсінуге, өз орнын анықтауға және өз мақсаттарын айқындауға тырысады [2;58].

Еліктеу құбылысы да осы кезеңде ерекше байқалады. Жасөспірімдер беделді адамдарға, танымал тұлғаларға немесе құрдастарына еліктей отырып, өзін іздеуге тырысады. Бұл еліктеу кейде оң әсер етсе, кейде тұлғалық дамуға кедергі келтіріп, жалған "Мен" бейнесін қалыптастыруға себеп болуы мүмкін.

Сенімділік деңгейінің жоғары болуы жасөспірімді өз мүмкіндіктеріне сенуге, бастамашыл болуға, әлеуметтік белсенділікке ұмтылуға жетелейді. Мұндай тұлғалар өз пікірін қорғай алады, өмірлік қиындықтардан қорықпай, шешім қабылдауға бейім болады.

Жасөспірімдердің өзіне деген сенімділік деңгейін зерттеу үшін мен өзіндік сенімділік деңгейін анықтауға арналған тест (авторы – В.Г. Ромек) жүргіздім.

Ресейлік психолог В.Г. Ромек 1997 жылы өзіндік сенімділік деңгейін анықтауға бағытталған арнайы тест құрастырған. Бұл әдістеме қазіргі таңда да өз өзектілігін жоғалтпаған, жасөспірімдердің жеке қасиеттерін бағалауда кеңінен қолданылатын тиімді құрал ретінде танылып отыр.

Тесттің мазмұны мен құрылымы.

Бұл психодиагностикалық құрал 30 тұжырымнан тұрады. Әр тұжырым - тұлғаның сенімділікке қатысты мінез-құлықтық, когнитивтік және эмоционалдық реакцияларын сипаттайтын қысқа сөйлемдер түрінде беріледі. Респондентке осы тұжырымдарға сәйкес келетін үш жауап нұсқасының бірін таңдау ұсынылады: иә, жоқ, білмеймін (немесе "айта алмаймын").

Тесттің ерекшелігі - барлық тұжырымдар үш мазмұндық шкалаға топтастырылған. Бұл шкалалар адамның өзіндік сеніміне әсер ететін негізгі бағыттарды кешенді түрде бағалауға мүмкіндік береді:

1.Өзіндік сенімділік - сенімсіздік (адамның өз қабілеттеріне сенуі, бастама көтеруге дайын болуы).

2.Әлеуметтік батылдық - ұялшақтық (басқа адамдармен қарым-қатынастағы еркіндік, көзқарасын ашық білдіруі).

3.Әлеуметтік байланыстағы белсенділік - пассивтілік (жаңа адамдармен танысуға, қоғамдық істерге араласуға бейімділігі).

Тесттің мазмұны респонденттің шынайы ішкі күйін көрсетуге бағытталған. Әр тұжырым - күнделікті өмірлік жағдаяттардағы адамның өзін ұстау ерекшелігін бағалауға мүмкіндік береді. Мысалы, "Мен көпшілік алдында сөз сөйлеуден қорықпаймын" немесе "Маған жаңа адамдармен тез тіл табысу оңай" деген сияқты тұжырымдар қатысушының әлеуметтік және психологиялық сенімділік деңгейін айқындайды.

Тестті өткізер алдында респонденттерге нақты нұсқаулық ұсынылады. Онда қатысушыға өз пікірін барынша адал, шынайы көрсету тапсырмасы беріледі. Әр сұраққа бір ғана жауап белгілеу қажет. Егер қатысушы бастапқы жауабын

өзгертуге шешім қабылдаса, дұрыс емес нұсқаны сызып, дұрысын қайта көрсетуіне болады.

Тестке жауап беру уақыты - шамамен 10-15 минут. Тест аяқталғаннан кейін психолог немесе зерттеуші жауаптарды арнайы кілт бойынша бағалап, әр шкала бойынша балл санын есептейді.

Жауаптар былайша бағаланады:

– "иә" – 2 балл;

– "білмеймін" – 1 балл;

– "жоқ" – 0 балл.

Әр шкала бойынша жиналған балл респонденттің сол бағыттағы сенімділік деңгейін сипаттайды. Жалпы нәтиже бойынша адамның өзіндік сенімінің төмен, орташа немесе жоғары деңгейі анықталады.

Аталған әдістеме жасөспірімдердің өзіндік санасының даму деңгейін, ішкі мотивациясын және әлеуметтік ортадағы орнығуын жан-жақты бағалауға мүмкіндік береді. Оның көмегімен мұғалімдер, мектеп психологтары, әлеуметтік педагогтар оқушылардың өзін-өзі қалай бағалайтынын, бастама көтеруге қаншалықты бейім екенін, қарым-қатынаста еркін немесе тұйық екенін нақты түсіне алады.

Тест нәтижелері тұлғалық дамудағы қиындықтарды ерте кезеңде анықтап, психологиялық түзету мен қолдауға бағытталған интервенциялар жүргізуге негіз бола алады. Сондай-ақ, бұл әдістеме топтық зерттеулерде де, жеке кеңес беру процесінде де қолдануға өте қолайлы.

Зерттеу қатысушыларының жинаған ұпайлары келесідей болды

Кесте 1. В.Г. Ромек тесті бойынша нәтижелер.

№	Оқушы	Жиынтық балл	Сенімділік деңгейі
1	А.А.	52	Жоғары
2	Б.Б.	49	Орташа
3	В.В.	44	Орташа
4	Г.Г.	29	Төмен
5	Д.Д.	57	Жоғары
6	Е.Е.	41	Орташа
7	Ж.Ж.	36	Орташа
8	З.З.	33	Орташа
9	И.И.	27	Төмен
10	К.К.	54	Жоғары
11	Л.Л.	30	Төмен
12	М.М.	47	Орташа
13	Н.Н.	38	Орташа
14	О.О.	56	Жоғары
15	П.П.	24	Төмен



Сурет 1. В.Г. Ромек тесті бойынша нәтижелер

Жалпы зерттеуге 15 оқушы қатысып, олардың әрқайсысы арнайы баллдық жүйе бойынша бағаланды. Нәтижесінде респонденттердің 26,6%-ы (4 оқушы) жоғары сенімділік көрсетсе, 46,6%-ы (7 оқушы) орташа деңгейде, ал 26,6%-ы (4 оқушы) төмен сенімділік шегінде қалды.

Жоғары сенімділік көрсеткен оқушылар өз-өзіне сенімді, көпшілік алдында еркін сөйлей алатын, жаңа жағдайға тез бейімделетін, бастама көтеруге бейім тұлғалар ретінде сипатталады. Бұл оқушылардың мектеп өмірінде белсенділік танытатыны, жауапкершілік алудан қорықпайтыны және әлеуметтік ортада өз пікірін ашық білдіретіні байқауға болады. Аталған 4 оқушының сенімділік деңгейі 51 баллдан жоғары көрсеткішке ие болды, бұл оларда өзін-өзі бағалау мен ішкі тұрақтылықтың жоғары екенін көрсетеді.

Орташа сенімділік деңгейі тіркелген оқушылардың саны басым. Олардың үлесі – 46,6%. Бұл топқа жататын 7 оқушы кей жағдайда өзін сенімді ұстауы мүмкін, алайда жаңа бастамаларда, бейтаныс ортада немесе көпшілік алдында белгілі бір ішкі кедергілерге тап болуы ықтимал. Мұндай деңгейдегі сенімділік әлеуметтік бейімделудің қалыпты деңгейде екенін білдіргенімен, нақты жағдаяттарда сенімсіздік белгілерінің көрініс беруі мүмкін. Бұл оқушылармен бағытталған тренингтер мен қолдау бағдарламаларын жүргізу пайдалы болмақ.

Төмен сенімділік көрсеткен оқушылардың да үлесі – 26,6%, бұл жалпы топтың төрттен бір бөлігіне тең. Бұл көрсеткіш алаңдаушылық тудырады, себебі мұндай балалар өзін төмен бағалауға бейім, бастамашылық көрсетуден қашқақтайды және әлеуметтік байланыстар орнатуда қиындықтар көреді. Олар жауапкершіліктен қашуы, қоғамдық іс-шараларға қатысудан бас тартуы, өз ойларын білдіруге ұялуы мүмкін. Төмен сенімділік деңгейі – тұлғаның қалыпты дамуына, әсіресе өтпелі кезеңдегі эмоционалдық тұрақтылығына кедергі келтіретін фактор.

Зерттеуге қатысқан оқушылардың 46,6%-ының сенімділік деңгейі орташа болғанымен, олар толық сенімді тұлға ретінде қалыптасқан деуге болмайды. Бұл көрсеткіш оқушылардың белгілі бір жағдайларда сенімсіздік танытатынын, ал кей жағдайда батыл әрекет ете алатынын білдіреді

Қорытындылай келе жалпы талдау көрсеткендей, В.Г. Ромек тесті жасөспірімдердің тұлғалық қасиеттерін, өзін-өзі бағалау мен әлеуметтік бейімделу деңгейін анықтауда тиімді диагностикалық құрал ретінде қолданылды. Бұл тест нәтижелері мектептегі психологиялық қызметтің болашақтағы жұмысына, әсіресе тәуекел тобына жататын оқушылармен жеке бағытталған бағдарламалар құруға нақты негіз береді. Сенімділік деңгейін анықтау арқылы оқушылардың өзін-өзі жүзеге асыруына, әлеуетін толық ашуына жағдай жасайтын нақты педагогикалық стратегияларды айқындауға болады.

Әдебиеттер:

1. Erikson E.H. Identity: Youth and Crisis. - New-York: W.W. Norton & Company, 2007. - 345 p.
2. Zimbardo P.G., Gerrig R.J. Psychology and Life. - Boston: Pearson Education, 2014. - 688 p.

БІЛІМ БЕРУ ҮДЕРІСІНДЕГІ МОТИВАЦИЯ - ОҚУШЫЛАРДЫ ЫНТАЛАНДЫРУ

Хурсанов А.
Карипжанова Ш.С.

Білім беру үдерісінде мотивацияның маңызы зор, өйткені оқушылардың білім алуына деген қызығушылығы мен ынтасы олардың оқу нәтижелеріне тікелей әсеретеді. Мотивация оқушыларды тек білім алуға емес, сонымен қатар олардың жеке дамуына, шығармашылық қабілеттерін ашуға бағыттайды. Білім беру жүйесінде мотивацияны дамыту, оқу материалдарының қызықты әрімағыналы болуын қамтамасыз ету, оқу үрдісіне белсенді қатысуды ынталандыруға мүмкіндік береді. Білім беру үдерісінің қиындықтардың мынадай категориясын атап көрсетеді: балалардың оқуға деген мотивациясының төмендігі, мектептік бағдарламаларды игеруде қиындық, балаға көңіл бөлудің мүмкіншілігінің болмауы, мектеп деңгейінің төмендігі, ата-анасының бақылаумен ғана оқуы, ата-ана мен баланың бір-бірімен қиын байланысуы, оқудағы қиындық туғызған мәселенің қайдан шығуының мәнін түсінбеуі, ұялшақ, тұйық оқушы т.б. Әрбір оқушының жеке ерекшеліктерін ескере отырып, мотивация түрлерін таңдау, олардың ақыл-ой қабілеттерін арттырып, білімге деген тұрақты қызығушылықты қалыптастыру үшін маңызды фактор болып табылады. Педагог ретінде, оқушыларды ынталандырудың түрлі әдістерін қолдана отырып, олардың өз-өзін дамытуға деген құлшынысын арттырып, нәтижесінде оқу процесін тиімді әрі мазмұнды өткізуге мүмкіндік туғызамыз.

Жалпы тәрбие дегеніміз - оқушылармен өзара әрекеттесудің арнайы ұйымдастырылған, мақсатқа бағытталған ең маңызды педагогикалық үрдістердің бірі, сонымен қатар оқушыларға саяси, өнегелік, эстетикалық қасиеттерін қалыптастыру мақсатымен алуан түрлі әрекетті ұйымдастырудың педагогикалық үрдісі [1]. Осыған орай, педагогика процесіндегі тәрбиенің маңыздылығын айтпай кете алмаймыз. Тәрбиемен қатар жүрметінөте маңызды тағы бір фактор- мотивация.

Көп жылдар зерттеулердің нәтижесінде ғалымдар оқушылардың оқу қызметі туралы айтқанда жеке тұлғаның интелектуалдық дәрежесінің басты рөлде екенін көрсетті. Әрине, бұл фактордың мәнін бағаламауға болмайды. Бірақ, бүгінгі күні білім алушылардың үлгерімі басқа да факторларға байланысты екеніне күманданудың қажеті жоқ. Мектепте оқушылардың білімдерінің үлгеріміне көптеген факторлар әсер етеді: әл-ауқаты, денсаулық жағдайы, жасы, отбасылық жағдайы, оқу орнына дейінгі дайындық деңгейі, өзін-өзі ұйымдастыру дағдысы, өз қызметін ұйымдастыру және қадағалауы, білім алу формасы, оқу орнынның білім алу процесінің ұйымдастырылуы, оқу орынның материалдық базасы, қызмет көрсетушілер мен оқытушылардың біліктілік деңгейі және де оқушылардың жеке психологиялық ерекшелігі. Осы факторлардың ішінен оқушылардың оқу үлгеріміне ең көп әсер ететіні оқу мотивациясы [2]. Тұлғаның дүниеге әлеуметтік бағдарлау үдерісі - «Мен-тұжырымдаманы» жүзеге асырушы қызмет атқарады. Басқа әртүрлі заттармен салыстырғанда инвариант бола отырып, «дүние танымдық» іс-әрекет, мақсаты, мотивациясына және операциялық механизмінің құрамы бойынша өзіне тән ерекшелігі болады. Сабақта жетістікке жету жағдайын қалыптастыру - оқуға деген мотивацияның негізгі сәттерінің бірі, танымға деген қызығушылықты тәрбиелеу, мінездің күшті қырларын қалыптастыру. Басқаша айтқанда: бүгін оқуда жетістікке жету - болашақ өмірде жетістікке жету деген сөз [5;43]. Оқушылардың мотивациясын жоғарылату, өз-өзіне деген сенімділігін нығайту және оқуға деген оң көзқарас қалыптастыру - мұғалімнің негізгі мақсаттарының бірі .

Жетістікке жету жағдайларын жасай отырып, педагог оқушының жеке тұлғасын қажеттілік-мотивациялық сала құрылымында кез келген қызметте және ең алдымен оқу-танымдық қызметте табысқа жетудің диспозициясын өзектендіреді. Бұл диспозициялардың өзектілігі оқушының оқу және басқа да өмірлік жағдайды қабылдауының өзгеруіне әкеледі. Бұл жағдайда ол таңдайды, табысқа жетудің уәждемесін түсініп, бағалай алады. Осылайша, біз оқудағы жетістік пен табысқа жету мотивациясымен өзара байланысы туралы қорытынды жасаймыз. Педагогтың міндеті де осы - оқушының ішкі мүмкіндігін анықтап, ашу, және әрине мотивация беру [3; 250].

Қазіргі таңдағы заманауи педагогикалық үрдіс сабақтың дәстүрлі емес формалары ретінде жаңашылдықты талап етеді. Бұл біздің бүгінгі тақырыбымыздың айқын мысалы. Сабақтың дәстүрлі емес формаларын қолдану, атап айтқанда ойын сабағы, пікірталас сабағы - оқуға ынталандыру, әрі мотивация. Дәстүрлі емес сабақтарды дайындау және өткізу әдістемесі 3

кезеңге бөлінеді: дайындық, сабақтың өзі және оны талдау.

Біріншісі - дайындық. Оған мұғалім де, оқушылар да белсене қатысады. Дәстүрлі сабаққа дайындалу кезінде мұндай әрекетті (жоспар-сызба жазу, көрнекі құралдар, үлестірмелі материалдар жасау т.б.) мұғалім ғана көрсетсе, екінші жағдайда оқушылар да қатысады. Дәстүрлі емес сабақтарға студенттер де қатысып, олар топтарға (командаларға, шағын топтарға) бөлінеді, сабаққа дейін орындалуы керек белгілі бір тапсырмаларды алады немесе жинақтайды: алдағы сабақтың тақырыбы бойынша хабарламалар дайындау, сұрақтар, сөзжұмбақ, викториналар құрастыру, қажетті дидактикалық материалдар т.б. дайындайды. Осындай активті белсенділік күйінде өтетін сабақ тек қызығушылықты ғана емес, сондай-ақ мотивация да тудырады.

Екінші бөлім- нақты сабақ. Оқушылардың мотивациялық сферасының қалыптасуы мен дамуының алғы шарты болып табылады: мәселелер қойылады, оларды шешуге, сабақ мақсатына жету жолдарын іздеуге дайындық дәрежесі нақтыланады. Жағдаяттар белгіленді, оларға қатысу танымдық, дамытушылық және тәрбиелік міндеттерді шешуге мүмкіндік береді. Мотивациялық сфераны дамыту дайындық кезеңі неғұрлым тиімді болса, соғұрлым тиімді жүзеге асырылады: оқушылардың алдын ала тапсырмаларды орындау сапасы олардың алдағы жұмысқа деген қызығушылығына әсер етеді. Сабақты өткізу кезінде мұғалім оқушылардың сабақтың бастапқы формасына қатынасын ескереді, дайындық деңгейі, жас және психологиялық ерекшеліктеріне мән беруі керек. Сондай-ақ бұл кезде жаңа материалды хабарлау, олардың ақыл-ой әрекетін ұйымдастырудың әртүрлі «стандартты емес» формаларында оқушылардың білімін қалыптастыру процесі іске асады.

Үшінші бөлім - талдау. Сабақтың мазмұнын студенттердің игеруі, қолданылған әдіс-тәсілдердің тиімділігінің сараланып, сұрақтарына жауап беру, үй тапсырмасын түсіндіру. Сабақтарды талдау кезеңінде оқушыларды оқыту, тәрбиелеу, дамыту нәтижелерін де, оқушылармен қарым-қатынас барысын, сабақтың эмоционалдық жағдайын да, мотивациялану деңгейін де бағалаған жөн.

Соңғы жылдары мұғалімдер тәжірибесінде дәстүрлі емес сабақтар ерекше танымалдыққа ие болды. Педагогикалық әдебиеттерді талдау дәстүрлі емес сабақтардың бірнеше ондаған нұсқаларын анықтауға мүмкіндік берді, оларды сабақтың дәстүрлі типологиясына байланысты жіктеуге болады. Зерттеу нәтижелерінде осы сабақ беру типінің барысында оқушының мотивациялану деңгейі дәстүрлі сабақ барысында жоғарырақ екені айқындалды [4; 146].

Оқушының оқу-танымдық мотивациясын мұғалім түрлі әдіс-тәсілдер мен технологияларды шеберлікпен қолдану арқылы арттыра алады [6;42]. Заманауи білім берудің жаңа талаптарына орай «креативтік», «креативті тұлға», «креативті ойлау» ұғымдары бүгінгі өзгермелі дүние жағдайындағы қоғамның барлық саласында кең қолданысқа ие болып, тұлға қалыптастырудың орталық тініне айналды. Жалпақ тілмен түсіндіретін болсақ, жаңашыл педагогикалық процесс білім алушының өзі ынталанып, өзі креативті әрекеттер жасауына итермелейді, ал ол үшін маңызды аспект - мотивацияны дамыту қажеттілігі де

тұспа-тұс [10]. Бір жаңа білімнен рахаттану, тұщыну келесі жаңа білімді меңгертуге мотивация беретіндей үнемі дамытылып отырудың тиімділігін айқындайды. Сондықтан қалыптастырушы эксперимент материалдарын дайындауда бұл педагогикалық басты шартретінде белгіленді [6; 59].

Жаңашыл әдістерге тағы мысал келтіретін болсақ-Қазіргі таңда бастауыш білім беру жүйесінде балалардың шығармашылық қабілеттерін дамыту мәселесі маңызды орын алып отыр. Бала шығармашылығын дамыту арқылы оның танымдық қызығушылықтары артады, ойлау қабілеті жетіледі, эмоционалды интеллекті қалыптасады. Қуыршақ театры балалардың шығармашылық дағдыларын дамытуда тиімді құрал ретінде кеңінен қолданылуда. Бұл әдіс оқушылардың өз-өзін көрсетуіне, өз идеяларын жүзеге асыруға, топта жұмыс істей білуге дағдылануға мүмкіндік береді. Сондай-ақ, қуыршақ театры білім беру процесінде қызықты әрі шығармашылық тұрғыдан қызықтырушы құрал бола алады, бұл балалардың оқу мотивациясын арттырады [7; 32].

Сондай-ақ дифференциация. Ол оқушылардың үлгерімін жан-жақты және жекелендірілген бағалауды қамтамасыз ету арқылы осы сындарды жоятын бағалаудың балама әдісін ұсынады. Оқушылардың әртүрлілігін тану және оқуды олардың нақты қажеттіліктеріне бейімдеу арқылы саралау оқушылардың белсенділігін, олардың мотивациясы мен жетістіктерін арттыруға мүмкіндік береді. Дифференциацияны енгізу қосымша ресурстарға, кәсіби дамуға және үнемі бағалауға деген қажеттілікті қоса алғанда, қиындықтарды тудыруы мүмкін болса да, бұл тәсілдің артықшылықтары айтарлықтай. Сонымен қатар оқушылардың оқу деңгейі мен табыстылығын арттыруға мүмкіндік береді [8; 76].

Қазіргі таңның талаптарына сай оқыту процесіне көптеген оқу процесінде белсенді әрекеттер кездесетін жаңашылдықтар талап етеді. Мысалы интербелсенді оқыту. Интербелсенді оқыту үйренушілердің оқу процесіндегі белсенді әрекеттерін үйренудің негізгі құралдары мен тәсілдері ретінде таниды. Осы интербелсенді оқытудың процесінің барысының ең алғашқысы, әрі ең маңыздысы - мотивация беру. Бұл кезеңді ұйымдастыру барысында тіпті бір сабақтан екінші сабаққа өткен кезде мотивация тәсілдерін өзгерту қажет [9; 1].

Қорытындылай келе, оқу процесі қазіргі таңда адамзаттың жаһандық өзгеру процестерінде туындаған талаптарға сай үлкен өзгерулерге ұшырап жатыр. Осы процестердің көбісі, тіпті барлығы бірінші орынға мотивацияны ояту әрі дамыту жолдарын қояды. Шәкірттің білімге деген мұқтаждығы мен ынтасы мотивацияға негіз болады. Ал оқушылар осы мотивацияны сезінсе, сондай-ақ оқыту процестері жетілдірілген болса, біз оқу процесінің кемелдендірілген деңгейіне жететініміз мәлім.

Әдебиеттер:

1. Мотивацияны ынталандырушы әдістер. - URL: https://stud.kz/referat/show/109892
2. Мотивация обучения. -URL: https://infolesson.kz/doklad-na-temu-motivaciya-obucheniya-2287192.html
3. Дүйсенбаев А. Педагогика: Оқулық. - Астана: Фолиант, 2018. - 264 б.
4. Жалпы білім беру мектептің оқыту үдерісінде ерекше білім берілуін қажеттілігі бар

білім алушыларды қолдау бойынша әдістемелік ұсынымдар әзірлеу. Әдістемелік ұсынымдар. - Нұр-Сұлтан: Ы. Алтынсарин атындағы ҰБА,2019. - 258 б.
5. Сабақ - оқытудың негізгі түрі, сабаққа қойылатын талаптар. Лекциялар курсы. - Торайғыров университеті.
6. Бөгенбаева Ә.Қ. Креативті ойлау арқылы тілдік қатынасты дамытудың ғылыми әдістемелік негіздері (10-11-сынып). Философия докторы (PhD) дәрежесін алу үшін дайындалған диссертация. - Алматы, 2023.
7. Зерттеу тәсілі ғылыми-практикалық міндеттердің инновациялық шешімдерін әзірлеудің негізі ретінде / Академик Е.А. Бөкетовтің 100 жылдығына арналған ғылыми-практикалық конференцияның материалдар жинағы 4 ақпан 2025 ж.
8. VII аймақтық «Білім беру 4.0: дербестендіру, саралап және даралап оқыту» ғылыми практикалық конференция баяндамаларының жинағы. - Орал, 2023, 295 б.
9. Самарканова А.А. «Өрлеу» БАҰО» АҚ АОБПҚБАИ «Басқару және білім сапасы». Интербелсенді әдіс-тәсілдерді қолдану арқылы білім беру үрдісінің тиімділігін арттыру.

ОҚУШЫ ТҰЛҒАСЫНЫҢ ДАМУЫ: ЖАС КЕЗЕҢДЕРІНДЕГІ ПСИХОЛОГИЯЛЫҚ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ

Шарибаева А.Б.

Қазіргі заманда білім беру жүйесі оқушы тұлғасының толыққанды дамуын қамтамасыз етуге бағытталған. Бұл тұжырым оқушының дамуындағы әртүрлі психологиялық аспектілерді ескере отырып, білім беру процесінің мақсаты тек қана оқу материалын меңгерту емес, сонымен қатар, оқушының тұлғасын, оның әлеуетін ашуға бағытталуы керек екенін көрсетеді. Оқушы тұлғасы тек білім алу процесінде емес, әр түрлі әлеуметтік ортада қарым-қатынас жасау, эмоционалды және рухани қалыптасу барысында да дамиды. Осылайша, қазіргі білім беру жүйесі оқушының тек академиялық білімін ғана емес, сонымен қатар оның әлеуметтік, эмоционалдық, және тұлғалық аспектілерін де дамытуға бағытталған.

Оқушының тұлғалық дамуы оның өмір жолындағы ең маңызды кезеңдерінің бірі болып табылады. Тұлға - адамның жеке қасиеттері мен әлеуметтік тәжірибесінің нәтижесі болып табылады. Тұлғалық дамудың негізі балалық шақтан бастап, жасөспірімдік және ересектік кезеңдерде қалыптасады. Осы процесс барысында бала өзін-өзі таниды, өз қабілеттері мен қызығушылықтарын анықтайды, сондай-ақ сыртқы әлеммен өзара әрекеттесуде өзіндік орын табады. Мұндай дамудың маңыздылығы - адамның жеке қасиеттерінің қалыптасуының ғана емес, оның әлеуметтенуі мен қоғамдық қатынастарға бейімделуі де бір мезгілде жүзеге асатындығында [1; 29].

Бұл мақалада оқушының психологиялық дамуының ерекшеліктері жас кезеңдерінде қарастырылып, олардың әрқайсысының өзіне тән даму ерекшеліктері, қиындықтары мен жетістіктері талданады. Мақалада әрбір жас кезеңінің психологиялық тұрғыдан маңызды аспектілері талданып, осы кезеңде кездесетін психологиялық қиындықтар мен оларды жеңу жолдары көрсетіледі. Бастауыш мектеп кезеңіндегі балалардың эмоциялық тұрақсыздығы мен

танымдық дағдылардың қалыптасуы, орта мектептегі жасөспірімдердің өзін-өзі тану мен әлеуметтік тәуелділік мәселелері, жоғары сынып оқушыларының болашаққа деген мақсаттарын іздеу сияқты ерекшеліктерге назар аударылады.

Бастауыш мектеп жасындағы оқушылардың психологиялық дамуында ерекше өзгерістер орын алады. Бұл кезең баланың жеке тұлғасының, ақыл-ойының және әлеуметтік қабілеттерінің қарқынды түрде дамуының негізі болып табылады. Бастауыш сыныптағы балалар өздерінің алғашқы тәжірибелерін жинап, қоршаған әлеммен өзара әрекеттесу дағдыларын меңгеруде маңызды қадамдар жасайды. Бұл уақытта олардың психологиялық дамуы мен мінез-құлқының қалыптасуына әсер ететін көптеген факторлар бар.

Бастауыш сынып оқушылары үшін ең маңызды кезеңдердің бірі - танымдық іс-әрекеттердің дамуы. Бұл кезеңде баланың ақыл-ойы мен когнитивті процестері дамиды, олар оқу мен жазуды үйреніп, алғашқы математикалық дағдыларын меңгереді. Танымдық даму - бұл баланың әлемді қабылдау, өз білімін толықтыру, танымдық қабілеттерін қолдану қабілеті. Танымдық іс-әрекетке ықпал ететін негізгі факторлар - назар аудару, ойлау, есте сақтау және көрнекі-бейнелі ойлау.

- Назар аудару: бала оқу процесінде ұзақ уақыт бойы бір нәрсеге назар аудара алмайтындықтан, бұл дағдыны дамыту өте маңызды. Баланың назарын бір нысанға шоғырландыру және оны ұстап тұру қабілеті оның оқу үдерісіне және танымдық қабілеттерінің тиімді дамуына әсер етеді.
- Ойлау: бастауыш сынып оқушысы әлі де болса қарапайым ұғымдармен ойлайды, бірақ осы кезеңде баланың логикалық ойлау қабілеттері дамиды. Ол өз ойларын жүйелеп, себеп-салдар байланыстарын түсініп, қарапайым шешімдер қабылдауды үйренеді.
- Есте сақтау: есте сақтау қабілеті оқу мен жазу барысында дамиды. Бала жаңа сөздерді, ережелерді, есептерді және ақпаратты есте сақтау қабілетіне ие болады. Есте сақтау процесінің дамуы оған әрі қарай білім алу үшін маңызды іргетас болып табылады.

Бастауыш сынып оқушыларының эмоциялық дамуы да айтарлықтай өзгерістерге ұшырайды. Бұл жас кезеңінде балалар өздерінің эмоцияларымен және сезімдермен таныса бастайды. Олар өміріндегі маңызды оқиғаларға, оқу процесіне және әлеуметтік қарым-қатынастарға эмоционалды түрде жауап береді. Алайда, бұл кезеңде олардың эмоциялық реакциялары әлі де қарапайым әрі тұрақсыз болуы мүмкін. Олар жиі жағымды және жағымсыз сезімдерге сәйкес келеді және эмоциялар арасында ауытқулар байқалады.

Бастауыш мектеп жасындағы бала көбінесе сезімдер мен пікірлерді өзіне жақын адамдармен бөліседі. Ол алғаш рет өз құрдастарымен ұжымдық іс-әрекеттерге қатысып, топтық жұмыс дағдыларын меңгереді. Бұл кезеңде баланың дос табуы, өзіне ұқсас адамдармен жақын байланыс орнатуы, даудамайлар мен келіспеушіліктерді шешуі маңызды болып табылады.

Бұл кезеңде балалар өзіндік бағалау мен өзін тану деңгейінде көп өзгерістерге ұшырайды. Олар өз мүмкіндіктерін сезініп, табыстары мен сәтсіздіктерін өздерінің күш-жігеріне немесе сыртқы жағдайларға байланысты

деп түсінуге тырысады. Өзіндік сана-сезімнің дамуы баланың өзін қоршаған әлемде түсініп, өзіне деген сенімділікті қалыптастыруға ықпал етеді.

Бастауыш сынып оқушыларының психологиялық даму кезеңі олардың танымдық, эмоциялық және әлеуметтік дағдыларының дамуының негізі болып табылады. Осы кезеңде бала жаңа білімдерді меңгере отырып, өзіндік көзқарастарын қалыптастырады, жаңа қарым-қатынас дағдыларын үйренеді және қоршаған әлеммен өзара әрекеттесуін жалғастырады. Бастауыш мектеп кезеңі - баланың жеке тұлғасын қалыптастырудағы маңызды кезең, сондықтан педагогтардың, ата-аналардың және қоғамның қолдауы бала үшін өте маңызды болып табылады. [2; 89].

Орта мектеп жасындағы оқушылардың психологиялық дамуында үлкен өзгерістер орын алады. Бұл кезеңде бала өзін ғана емес, әлемді де тереңірек түсінуге, өзінің орнын анықтауға, сондай-ақ жеке тұлғалық ерекшеліктерін қалыптастыруға ұмтылады. Оқушының ақыл-ойы күрделіленіп, абстрактілі ойлау қабілеті дамиды. Орта мектеп жасында оқушылар өздерінің ішкі дүниесіне, психологиялық және әлеуметтік қасиеттеріне көңіл бөліп, өзін-өзі тану үдерісіне көбірек назар аударады. Бұл кезеңде оқушылардың тұлғалық қасиеттерінің дамуында әртүрлі күрделі мәселелер мен сұрақтар туындайды.

Орта мектеп жасындағы оқушылардың психологиялық дамуының ең маңызды ерекшелігі - олардың абстрактілі ойлау қабілетінің дамуы. Бұл жас кезеңінде балалар бір нақты объектілерді ғана емес, ұғымдарды, идеяларды, тұжырымдарды ойлап таба алады және абстракция деңгейінде оларды салыстыра, талдай алады. Олар енді себеп-салдар байланыстарын, болжам жасау мен дәлелдеу үдерістерін түсінуге қабілетті болады. Бұрын тек нақты жағдайларда ғана ойлайтын бала, қазір абстрактілі түсініктермен жұмыс істей алады [3;96].

Оқушылардың ойлауында теориялық ойлау қабілеті басым бола бастайды, олар әртүрлі ұғымдарды түсіну мен талқылау барысында жалпы заңдылықтарды ашып, оларды нақты жағдайларға қолдануға тырысады. Бұл кезеңде логикалық ойлау мен критикалық ойлау дағдыларының дамуы байқалады, және олар әлеуметтік мәселелерді, ғылымды, философияны және саясатты қарастыра алады.

Орта мектеп жасындағы оқушылардың психологиялық дамуының тағы бір маңызды аспектісі - өзін-өзі тану үдерісі. Бұл жас кезеңінде оқушылар өздерінің ішкі дүниесіне, мінез-құлқы мен қарым-қатынасына, мақсаттары мен ұстанымдарына мән бере бастайды. Олар өздерінің кім екендігін, өмірде не нәрсеге ұмтылатынын анықтауға тырысады.

Орта мектеп жасындағы оқушылардың әлеуметтік қарым-қатынас деңгейі айтарлықтай өзгереді. Бұл кезеңде олар құрдастарымен қарым-қатынасқа, достыққа, топтық бірлікке көбірек көңіл бөле бастайды. Оқушылардың арасында жеке тұлғалық ерекшеліктерінің қалыптасуы басым болып келеді, ал олардың арасында достық және әлеуметтік қатынастар нығая түседі.

Орта мектеп кезеңі - бұл балалар үшін психологиялық тұрғыдан ең қиын кезеңдердің бірі. Осы жас аралығында оқушылар жиі психологиялық дағдарыс

жағдайларына тап болады. Олар жеке тұлғалық сәйкессіздіктер, өзіндік бағалау мәселелері және қоғамдағы орындарын табу сияқты сұрақтармен кездеседі.

Бұл жас кезеңіндегі оқушыларды қолдау үшін психологтардың жұмысы маңызды рөл атқарады. Психологтармен жұмыс олардың эмоциялық және әлеуметтік мәселелерін түсінуге және дұрыс шешуге көмектеседі. Мектеп мұғалімдері мен психологтары оқушылардың өзіндік дүниетанымын түсініп, оларға өмірдегі дағдарыстарды жеңуге көмек көрсетуі қажет. Олар оқушыларға өздерін сенімді сезінуге, психологиялық тепе-теңдікті сақтауға, сондай-ақ өздерін дұрыс бағалауға үйретуі керек [4; 24].

Орта мектеп жасындағы оқушылардың психологиялық дамуы - өте күрделі және маңызды кезең. Бұл уақытта оқушылар өздерінің танымдық қабілеттері мен әлеуметтік дағдыларын дамытып қана қоймай, жеке тұлғалық ерекшеліктерін қалыптастыруда үлкен өзгерістерге ұшырайды. Олар өмірдің мәні мен өз мақсатын түсінуге, жеке және қоғамдық өмірдегі орындарын анықтауға тырысады. Сондықтан бұл кезеңде психологтар мен педагогтар оқушыларға психологиялық қолдау көрсету, олардың қиындықтарын жеңу және өзіндік тұлғалық сенімділікті қалыптастыруда шешуші рөл атқарады.

Жоғары сынып оқушылары үшін психологиялық даму кезеңі - бұл жасөспірімдік кезеңнің соңғы кезеңі және ересек өмірге қадам басу кезеңі болып табылады. Бұл кезеңде жасөспірімдер өздерінің тұлғалық қасиеттерін толықтырып, келешек өмірі үшін маңызды шешімдер қабылдайды. Психологиялық даму тұрғысынан бұл кезең өте күрделі әрі жауапты болып келеді. Жоғары сынып оқушыларының жеке тұлғалық дамуы, әлеуметтік бейімделуі және кәсіби мақсаттары осы кезеңде айтарлықтай өзгерістерге ұшырайды.

Жоғары сынып оқушылары үшін ең маңызды психологиялық мәселелердің бірі - тұлғалық қалыптасу. Бұл кезеңде жасөспірімдер өздерін түсінуге, өмірде қандай орын алатындарын, қоғамға қандай әсер ететіндерін анықтауға тырысады. Олардың ойлау жүйесі күрделене түседі, моральдық және этикалық бағалаулар, қоғамдық нормалар мен дәстүрлер туралы түсініктері тереңдейді.

Жоғары сынып оқушыларының психологиялық дамуындағы тағы бір маңызды аспект - бұл олардың әлеуметтік қатынастары мен топтық динамикасы. Бұл жас кезеңінде жасөспірімдер жиі өздеріне тән топтар немесе қауымдастықтар құрады. Топтық қатынастар, олардың ішіндегі әлеуметтік мәртебе, жеке ықпал және қоғамдық рөлдер өте маңызды болады.

Жоғары сынып оқушыларында жиі кездесетін эмоциялық теңгерімсіздік, психологиялық дағдарыстар мен қайшылықтар да психологиялық дамудың маңызды аспектілеріне жатады. Бұл кезеңде жасөспірімдер өте сезімтал болып келеді және олар өмірдегі өзгерістерге, әлеуметтік қатынастардағы қиындықтарға және тұлғалық мәселелерге өте өткір жауап береді.

Жоғары сынып оқушыларының психологиялық дамуының тағы бір маңызды бөлігі - кәсіби бағдар мен мақсат қою. Бұл кезеңде жасөспірімдер болашақ өміріне қатысты жауапты шешімдер қабылдайды, оқу орны мен болашақ мамандықты таңдайды.

Жоғары сынып оқушылары үшін психологиялық қиындықтар мен дағдарыстарды жеңу үшін психологтармен жұмыс істеу өте маңызды. Олар эмоционалды және психологиялық жағдайды жақсарту үшін кеңес беріп, дұрыс бағыт көрсетіп, оқушының өзіне деген сенімділігін арттыруға көмектеседі.

Психологиялық қолдау көрсету жасөспірімдерге олардың жеке тұлғалық ерекшеліктерін қалыптастыруда, мақсат қоюда, әлеуметтік қатынастарда қиындықтарды жеңуде көмектеседі. Сонымен қатар, мектепте кәсіби бағдар беру жүйесін дамыту, оқушыларды түрлі салаларда таңдау жасауға ынталандыру, олардың болашақ мамандықтарына дайындықтарын арттыру өте маңызды.

Жоғары сынып оқушыларының психологиялық дамуы - бұл жасөспірімдік кезеңнің аяқталуына жақын тұратын күрделі кезең. Осы уақытта жасөспірімдер тұлғалық және кәсіби бағыттарды анықтап, өмірлік мақсаттарын қояды. Олар әлеуметтік қатынастарда маңызды рөл атқарады, топтар мен қауымдастықтар құрады, бірақ сонымен қатар эмоциялық теңгерімсіздік пен дағдарыстарды да бастан өткереді. Жоғары сынып оқушыларын осы кезеңде қолдау, психологиялық көмек көрсету олардың дұрыс тұлғалық қалыптасуы мен болашаққа сенімді қадам жасауына көмектеседі [5; 82].

Педагогикалық психология тұрғысынан оқушының тұлғалық дамуы әр жас кезеңінде ерекше маңызға ие. Бұл кезеңдерде баланың психологиялық ерекшеліктерін дұрыс түсіну мен сол ерекшеліктерге сәйкес педагогикалық әдіс-тәсілдерді қолдану оқушының жан-жақты дамуына үлкен ықпал етеді. Оқушының тұлғалық дамуының тиімді жолы - бұл педагогтың психологиялық қолдауы мен дұрыс педагогикалық тәсілдерді қолдануы арқылы жүзеге асады.

Мұғалімнің рөлі оқушының психологиялық дамуында шешуші фактор болып табылады. Педагог әрбір жас кезеңінің психологиялық ерекшеліктерін ескере отырып, оқушының дамуына тиімді әсер етуі үшін түрлі әдіс-тәсілдерді қолданады. Мұғалімнің міндеті - баланың жеке психологиялық ерекшеліктерін танып, сол ерекшеліктерге сәйкес тәрбие мен білім беру процессін ұйымдастыру. Психологиялық қолдау - бұл оқушының тұлғалық дамуына, оның өзін-өзі бағалауы мен әлеуметтік бейімделуіне ықпал етеді.

Мұғалімнің эмоционалдық қолдауы оқушының өзін сенімді сезінуіне көмектеседі. Бұл әсіресе жасөспірімдер мен жоғары сынып оқушыларының психологиялық дамуында маңызды. Олар өздеріне деген сенімділік, жеке тұлғалық және кәсіби бағдарлары мен мақсаттарын анықтауға қатысты көмек алу үшін мұғалімдер мен психологтардың қолдауын қажет етеді [6;72].

Әр жас кезеңінің психологиялық ерекшеліктерін ескере отырып, педагогикалық әдіс-тәсілдерді қолдану - бұл оқушының тиімді дамуы үшін маңызды. Әр кезеңнің өзіне тән психологиялық сипаттары мен қажеттіліктері болғандықтан, оқыту әдістері де өзгеріп отыруы тиіс.

Педагогтар мен психологтар арасындағы тығыз байланыс оқушының психологиялық дамуы үшін аса маңызды. Әр жас кезеңіндегі балалар мен жасөспірімдердің психологиялық ерекшеліктерін ескере отырып, педагогтар мен психологтар бірлесіп жұмыс істейді. Бұл бірлестік оқушының жеке

тұлғалық, әлеуметтік және психологиялық дамуына оң әсер етеді.

- Педагог-психолог бірлігі оқушының оқу процесі мен жеке дамуына теңгерімді қолдау көрсетуге мүмкіндік береді. Мұғалімдер мен психологтар өзара пікір алмасып, оқушының дамуындағы қиындықтарды бірлесе талдап, шешімдер қабылдайды.
- Әрбір жас кезеңінде оқушының қажеттіліктеріне сәйкес, психологтар баланың ішкі әлемін түсіну мен оның күйзелістерін, эмоционалдық және әлеуметтік мәселелерін шешу үшін маңызды кеңестер береді. Сонымен қатар, психологтар мектептегі оқу процесінде оқушының психологиялық тұрғыдан дұрыс дамуына бағытталған арнайы бағдарламалар ұсынады.

Педагогикалық психология тұрғысынан оқушының әр жас кезеңінде тұлғалық және психологиялық даму процесін зерттеу - өте маңызды. Мұғалімдер мен психологтар оқу процесінде осы аспектілерді ескере отырып, оқушыларға білім беріп, олардың жеке қасиеттерін дамытуға бағытталған жұмыстар жүргізеді.

Оқушының жан-жақты дамуы - бұл педагогикалық психологияның негізгі мақсаты болып табылады. Педагогтар мен психологтар оқушылардың интеллектуалды, эмоциялық, әлеуметтік және тұлғалық дамуына қолдау көрсетіп, олардың өмір жолында дұрыс бағыт алуына ықпал етеді.

Жас кезеңдерінің ерекшеліктерін ескере отырып, педагогикалық психология тұрғысынан жұмыс жүргізу - бұл оқушының дұрыс психологиялық дамуына және оның барлық жағынан үйлесімді өсуіне ықпал етеді. Мұғалімдер мен психологтар бірлесіп, әр кезеңнің психологиялық ерекшеліктеріне сәйкес оқу және тәрбие процесін ұйымдастыру арқылы оқушының тұлғалық дамуында оң нәтижелерге қол жеткізуі мүмкін. Оқушыларға сапалы білім мен тәрбие берудің негізі - бұл педагогикалық психологияның маңызды аспектілерін тиімді қолдану [7; 24].

Қорытындылай келе оқушының тұлғалық дамуы - бұл көпқырлы, күрделі және үздіксіз процесс, ол тек білім алу мен дағдыларды игеруден ғана тұрмайды, сонымен қатар оқушының психологиялық, әлеуметтік және эмоционалдық дамуымен тығыз байланысты. Әр жас кезеңі ерекше психологиялық ерекшеліктермен сипатталады, сондықтан әр кезеңнің өзіндік даму ерекшеліктері мен қиындықтары бар. Бастауыш сыныптан жоғары сыныпқа дейінгі кезеңдерде әрбір оқушының тұлғалық дамуы әртүрлі, әрі оның оқу іс-әрекеті, өзіндік дамуы, әлеуметтік бейімделуі осы кезеңдерге байланысты қалыптасады.

Бастауыш сынып оқушылары үшін бұл кезеңде танымдық қабілеттерінің дамуы, әлеуметтік қарым-қатынастарға бейімделуі, эмоционалдық реакцияларының қалыптасуы маңызды болса, орта мектеп жасындағы оқушылар үшін өзін-өзі тану, абстрактілі ойлау және жеке тұлғалық ерекшеліктердің тереңірек қалыптасуы ерекше мәнге ие. Ал жоғары сынып оқушыларында өз болашағын анықтау, кәсіби бағдар, әлеуметтік және тұлғалық тұрақтылық мәселелері көбірек қозғалатын кезең болып табылады. Осы барлық кезеңдерде педагогикалық және психологиялық қолдау көрсету маңызды рөл

атқарады.

Педагогтар мен психологтардың бірлесе жұмыс істеуі оқушының дамуы үшін аса маңызды. Бұл жұмыстың нәтижесінде оқу процесінің тиімділігі артып, оқушының тұлғалық қалыптасуына оң ықпал етеді. Мұғалімдер мен психологтардың бірлестігі, олардың әр жас кезеңінің психологиялық ерекшеліктерін ескере отырып жүргізетін жұмысы оқушылардың психологиялық денсаулығын сақтау, олардың ішкі дүниесіне тереңірек үңілу және даму қиындықтарын ерте анықтау мүмкіндіктерін береді [8; 27].

Оқушының тұлғалық дамуын тиімді жолмен қалыптастыру үшін педагогика мен психологияның үндестігі маңызды. Оқушының әр жас кезеңінде психологиялық қолдау көрсету оның тек оқу жетістіктерін ғана емес, сонымен қатар жеке тұлға ретінде дамуына да оң әсер етеді. Мұғалімдер мен психологтар оқушыларды тәрбиелеу мен білім беру процесінде өзара тығыз байланыста жұмыс істеп, олардың психологиялық денсаулығын сақтауға, тұлғалық дамуына және қоғамға толыққанды бейімделуіне көмектеседі.

Әдебиеттер:

1. Бенашвили И.Е. Психология балалар. - Мәскеу: Психология және білім беру институты, 2015.
2. Ситаров В.В. Педагогикалық психологияның негіздері. - Алматы: Білім, 2013.
3. Қоянбаев Ж.Б. Педагогикалық психология. - Алматы: Мектеп, 2010.
4. Леви Л.С. Оқушының психологиялық дамуы: Теория мен тәжірибе. - Алматы: Қазақ университеті, 2012.
5. Исаева Р.Қ. Баланың дамуындағы психологиялық ерекшеліктер. - Астана: Ұлттық университет, 2017.
6. Жарықбаев Қ. Психология. - Алматы: Қазақ университеті, 2007.
7. Караков В.Н. Жасөспірімдердің психологиясы. - Мәскеу: Педагогика, 2014.
8. Зимняя И.А. Педагогика и психология. - Санкт-Петербург: Питер, 2004.

ЖАСӨСПІРІМ ЕРІКТІЛЕРДІҢ ТҰЛҒАЛЫҚ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІН ЗЕРТТЕУ

Шнарова Н.Н.
Капашева Г.А.

Қазіргі қоғамда еріктілік (волонтерлік) қызмет тек әлеуметтік көмек көрсету құралы ғана емес, тұлғаның азаматтық белсенділігін, әлеуметтік жауапкершілігін және гуманистік құндылықтарын қалыптастыратын маңызды әлеуметтік институт ретінде қарастырылады. Әсіресе, жасөспірімдер арасында еріктілік белсенділіктің артуы – олардың тұлғалық қалыптасуына, өзін-өзі тануына, қоғамдық ортада өз орнын табуына ықпал ететін маңызды факторлардың бірі болып отыр. Жасөспірім кезеңі – адам өміріндегі шешуші әрі күрделі өтпелі кезеңдердің бірі, осы сатыда тұлғаның мінез-құлықтық, эмоционалдық, танымдық және әлеуметтік дағдылары қалыптасып, ішкі «Мен»-тұтастығы нығая түседі.

Еріктілікпен айналысу жасөспірімнің тұлғасында жауапкершілік, альтруизм, эмпатия, бастамашылдық пен көшбасшылық сияқты қасиеттердің дамуына қолайлы жағдай жасайды. Мұндай қызметке қатысу жеке тұлғаның өзіндік бағасын көтеріп, ортаға бейімделуін жеңілдетеді және коммуникативтік қабілеттерін арттырады. Осыған байланысты, еріктілердің тұлғалық ерекшеліктерін, оларда қандай сапалар айқын көрінетінін және бұл ерекшеліктердің даму деңгейін психологиялық тұрғыдан зерттеу – теориялық және практикалық тұрғыдан маңызды мәселе ретінде қарастырылады.

Зерттеу жұмысының өзектілігі – еріктілік қызметтің жасөспірімнің тұлғалық дамуына әсерін анықтап, білім беру ұйымдарында бұл қызметті тұлға тәрбиесіне тиімді құрал ретінде қолдану мүмкіндігін көрсету қажеттілігінен туындайды. Осы мақалада еріктілікпен айналысатын жасөспірімдердің тұлғалық сипаттамалары эмпирикалық зерттеу негізінде талданып, олардың дәстүрлі жасөспірімдермен салыстырмалы ерекшеліктері ғылыми тұрғыда қарастырылады.

Негізгі бөлім. Еріктілік феномені - адам еркі мен ізгілігінің, азаматтық белсенділіктің, әлеуметтік жауапкершіліктің көрінісі ретінде қарастырылады. Философиялық тұрғыдан алғанда, еріктілік – адамның еркін таңдау мен моральдық жауапкершілікке негізделген әрекеті. Көне замандағы филантропиялық ойлар мен гуманистік құндылықтар еріктілік әрекеттің іргетасы болып табылады. Мысалы, Кант ілімі бойынша еріктілік – борыш пен адами ерік арқылы жүзеге асатын саналы таңдау. Демек, еріктілік – жай ғана көмек көрсету емес, тұлғаның этикалық таңдауы мен өмірлік ұстанымын білдіреді [1].

Әлеуметтік көзқарас бойынша, еріктілік – қоғамдағы азаматтық белсенділікті арттыратын маңызды әлеуметтік институт. Ол адам мен қоғам арасындағы байланысты күшейтіп, әлеуметтік ынтымақтастықты нығайтады. Еріктілік арқылы адамдар қоғамдағы өз рөлін терең сезінеді, қоғамдық мәселелерге қатысу арқылы әлеуметтік капитал қалыптастырады. Қазіргі заманда еріктілік жастардың әлеуметтік интеграциясының тиімді құралы ретінде бағаланады, себебі ол әлеуметтік оқшауландыуға қарсы әрекет ететін, тұлғаны қоғам өміріне белсенді енгізетін тетікке айналып отыр.

Психологиялық аспектіде еріктілік адамның ішкі уәждері мен тұлғалық құрылымымен тікелей байланысты. Ерікті әрекетке қатысу барысында адамда өзіндік бағалау, рефлексия, эмоционалдық тұрақтылық және эмпатия сияқты қасиеттер дамиды. Сонымен қатар, волонтерлік қызметтің адамның өзін-өзі жүзеге асыруына, психологиялық қанағаттануына және тұлғалық өсіміне ықпалы зор. Осы тұрғыдан алғанда, еріктілік – тұлғаның әлеуметтену және өзін-өзі тану процесінде маңызды рөл атқаратын психологиялық феномен [2].

Жасөспірім шақ – онтогенездегі ең күрделі әрі шешуші кезеңдердің бірі. Бұл кезеңде адам тұлғасының негізі қалыптасып, дүниетанымы мен өзіндік санасы, моральдық ұстанымдары мен әлеуметтік рөлі айқындала бастайды. Психологияда бұл кезең «өтпелі кезең» ретінде сипатталады, өйткені тұлғаның ішкі құрылымында сапалы өзгерістер орын алады. Жасөспірім өзін қоғам

мүшесі ретінде тануға, өз орнын табуға, ересек өмірге дайындалуға тырысады.

Жасөспірімдердің психикалық дамуы эмоционалдық тұрақсыздық, өз-өзіне сенімсіздік, ұжымдағы беделге ұмтылу, үлкендермен қарама-қайшылық сияқты сипаттармен ерекшеленеді. Бұл жастағы балаларда тәуелсіздікке, дербестікке деген ұмтылыс күшейіп, ересектердің бақылауына қарсылық байқалады. Сонымен қатар, тұлғалық құрылымда мінез, темперамент, ерік және мотивация тұрақтана бастайды. Жасөспірім үшін референттік топ – құрдастар ортасы аса маңызды рөл атқарады [3].

Тұлғалық дамудың бұл кезеңінде жасөспірімнің әлеуметтенуіне, құндылықтарды меңгеруіне және өзін-өзі бағалауының қалыптасуына қоршаған ортаның ықпалы зор. Осы тұрғыдан алғанда, жасөспірімге бағытталған тәрбиелік және әлеуметтік бағдарламалардың сапасы, мазмұны мен құрылымы ерекше мәнге ие. Тұлғалық дамудың тиімді жүруі жасөспірімнің болашақ әлеуметтегі бейімділігі мен өмірлік табыстылығына тікелей әсер етеді.

Қазіргі психологияда еріктілік қызметтің тұлға дамуына әсері жан-жақты қарастырылуда. Зерттеулер көрсеткендей, жасөспірімнің еріктілік қызметке қатысуы оның өзіндік бағалауын арттырып, лидерлік қабілеттерін жетілдіреді, коммуникативтік дағдыларын дамытады және эмоциялық тұрақтылықты нығайтады. Әсіресе, тұлғаның альтруистік қасиеттері, эмпатиялық сезіну деңгейі және қоғамдық жауапкершілік сезімі еріктілік арқылы айқын көрініс табады.

Психологтар мен педагог-ғалымдар (мысалы, А.В. Мудрик, Л.И. Божович, Д.И. Фельдштейн) жасөспірімдердегі қоғамдық белсенділіктің тұлғалық дамудың катализаторы екенін дәлелдеген. Бұл қызмет түрі тұлғаның өз қабілетін танып-білуіне, өзін әлеуметтік рөлде жүзеге асыруына мүмкіндік береді. Сонымен қатар, еріктілік жасөспірімнің әлеуметтік ортадағы орнын бекітуге және болашақ кәсіби бағдарын таңдауға оң ықпал етеді [4].

Еріктілік тәжірибесі жасөспірімнің ішкі уәждік құрылымына әсер етіп, оны сыртқы стимулдан ішкі мотивацияға бағыттайды. Яғни, бастапқыда марапат немесе мақтау үшін жасалатын әрекет уақыт өте келе тұрақты мінез-құлыққа айналады. Бұл – тәрбиелік әсердің ең жоғары деңгейі. Осыған байланысты жасөспірімдерге арналған волонтерлік бағдарламалар тек әлеуметтік көмек құралы ретінде ғана емес, тұлғалық дамудың психологиялық құралы ретінде қарастырылуы тиіс.

Зерттеу объектісі: 14-16 жас аралығындағы жасөспірімдер.

Зерттеу пәні: еріктілік қызметімен айналысатын жасөспірімдердің тұлғалық ерекшеліктері (эмпатия, жауапкершілік, көшбасшылық, альтруизм және коммуникативті қабілеттер).

Болжам: егер жасөспірімдер еріктілік қызметке белсенді түрде қатысса, онда олардың тұлғалық сапалары – эмпатия, жауапкершілік, коммуникативті қабілеттер мен әлеуметтік белсенділік дағдылары жоғары болады және бұл олардың тұлғалық дамуына оң ықпал етеді деп ойлаймыз.

Зерттеу әдістемесі. Жасөспірім еріктілердің тұлғалық ерекшеліктерін зерттеу әдістемесі.

Зерттеу базасы мен қатысушылар сипаттамасы

Зерттеу қалалық еріктілер орталығы және жалпы білім беретін мектеп базасында ұйымдастырылды. Зерттеуге 14–16 жас аралығындағы жалпы саны 40 жасөспірім қатысты. Оның 20-сы - еріктілер ұйымының белсенді мүшелері (эксперименттік топ), ал қалған 20-сы - еріктілікпен айналыспайтын қатарластары (бақылау тобы). Барлық қатысушылар жынысы мен жас ерекшелігі бойынша салыстырмалы деңгейде таңдалып алынды. Зерттеу барысында этикалық қағидалар сақталып, жасөспірімдер мен олардың ата-аналарынан алдын ала жазбаша келісім алынды.

Зерттеудің негізгі мақсаты - еріктілер қызметімен айналысатын жасөспірімдердің тұлғалық ерекшеліктерін кешенді психодиагностикалық әдістер арқылы анықтап, оларды еріктілікпен айналыспайтын жасөспірімдермен салыстыра отырып талдау. Зерттеу нәтижесінде тұлғаның коммуникативті, мотивациялық, эмоционалды және когнитивтік сипаттамаларына баға берілді.

1. Михельсонның коммуникативті дағдылар тесті. (Тест коммуникативных умений Михельсона)

Бұл әдіс жасөспірімнің қарым-қатынас жасау қабілеті мен әлеуметтік өзара әрекет деңгейін бағалауға арналған. Тест27 тұжырымнан тұрады және әрбір жауап 0-ден 3 баллға дейін бағаланады. Қорытынды нәтижелер коммуникативті дағдының төмен, орташа және жоғары деңгейлерін анықтауға мүмкіндік береді. Еріктілер тобында бұл көрсеткіштердің жоғары болатыны болжанды, себебі олар тұрақты түрде адамдармен әрекеттесіп, топтық және қоғамдық жұмыстарға жиі қатысады.

2. Р.Б. Кеттеллдің тұлғалық сауалнамасы. Жасөспірімдерге арналған нұсқа (14High School Personality Questionnaire)

Кеттеллдің сауалнамасы жасөспірімнің тұлғалық құрылымын 14 фактор бойынша анықтауға мүмкіндік береді. Бұл әдіс арқылы келесі тұлғалық сипаттамалар бағаланады: ашықтық, сезімталдық, тәуелсіздік, лидерлік қабілет, эмоционалдық тұрақтылық, өзін-өзі бақылау және т.б. Сауалнама нәтижесі бойынша еріктілердің жауапкершілік деңгейі мен эмпатияға бейімділігі жоғары болатыны күтіледі. Бұл әдіс топтық ерекшеліктерді салыстыра отырып, тұлғаның құрылымдық бейнесін нақты көрсетуге көмектеседі.

Кесте 1. Жасөспірімдер еріктілігі бойынша салыстырмалы нәтижелер.

Қатысушы тобы	**Михельсон тесті (орташа балл)**	**Кеттелл сауалнамасы – Эмпатия**	**Кеттелл – Жауапкершілік**
Еріктілер тобы	2.6	8.2	7.8
Бақылау тобы	1.9	5.4	6.0



Сурет 1. Еріктілер мен бақылау топтарының тұлғалық ерекшеліктері

Зерттеу нәтижелерінің сипаттамасы және интерпретациясы. Михельсонның коммуникативті дағдылар тесті бойынша еріктілер тобының орташа көрсеткіші - 2.6 балл, бұл коммуникативтік икемі жоғары деңгейде екенін білдіреді. Ал бақылау тобының орташа көрсеткіші 1.9 балл шамасында қалып, қарым-қатынас жасаудағы сенімділік пен ашықтықтың төмендігін көрсетті. Бұл - еріктілік қызметтің жасөспірімдердің әлеуметтік қарым-қатынасына оң әсер ететінін дәлелдейді.

Р.Б. Кеттеллдің тұлғалық сауалнамасының «эмпатия» шкаласы бойынша еріктілер тобы 8.2 балл көрсетсе, бақылау тобы 5.4 балл жинаған. Бұл дерек еріктілердің басқаларға жанашырлықпен қарауға бейімділігі мен эмоциялық сезімталдығының анағұрлым жоғары екенін көрсетеді. «Жауапкершілік» шкаласы бойынша да еріктілер орта есеппен 7.8 балл нәтижеге жеткен, ал бақылау тобы 6.0 балл көрсеткен. Демек, еріктілікпен айналысатын жасөспірімдер өзіндік тәртіп пен сенімділікті көбірек танытады.

Жалпы алғанда, зерттеу нәтижелері еріктілікпен айналысатын жасөспірімдердің тұлғалық қасиеттері – коммуникативтілік, жауапкершілік, эмпатия және әлеуметтік мотивация тұрғысынан жоғары деңгейде екенін көрсетті. Бұл еріктілік қызметтің тұлғаның әлеуметтік-психологиялық дамуына ықпалды құрал екенін дәлелдейді.

Қорытынды. Зерттеу нәтижелері жасөспірімдердің тұлғалық дамуында еріктілік қызметтің ерекше рөл атқаратынын нақты көрсетті. Михельсонның коммуникативтік дағдылар тесті, Р.Б. Кеттеллдің тұлғалық сауалнамасы және мотивациялық бағыттылықты анықтау әдістері арқылы алынған мәліметтер еріктілер тобының қарым-қатынас жасау, эмоциялық сергектік, жауапкершілік пен әлеуметтік белсенділік көрсеткіштері бақылау тобымен салыстырғанда едәуір жоғары екенін дәлелдеді. Бұл айырмашылықтар еріктілердің өз ортасында белсенді, ашық, ынтымақтастыққа бейім тұлғалар ретінде

қалыптасып жатқанын көрсетеді.

Сонымен қатар, еріктілік қызметті жасөспірімдердің тұлғалық дамуын қолдайтын маңызды әлеуметтік-психологиялық құрал ретінде қарастыруға болады. Бұл қызмет түрі олардың өмірлік дағдыларын жетілдіріп, өзін-өзі тану, өзін-өзі басқару, айналасындағылармен тиімді қарым-қатынас орнату қабілеттерін дамытады. Осылайша, еріктілік қызмет жасөспірімнің тұлғасын тек әлеуметтік ортада әрекет етуші субъект ретінде ғана емес, сонымен қатар моральдық-этикалық ұстанымдары бар белсенді азамат ретінде қалыптастыруға ықпал етеді.

Әдебиеттер:

1. Қоңыратбаева Қ. Психологиялық зерттеу әдістері: оқу құралы. - Алматы: Қазақ университеті, 2016. - 210 б.
2. Шериазданова С. Еріктілік қызметтің психологиялық негіздері // Психология және тұлға дамуы. - 2021. - №3(15). - Б. 23-31.
3. Оразбекова Б. Жасөспірім кезеңдегі тұлғалық даму ерекшеліктері // Педагогика және психология. - 2020. - №2. - Б. 45-51.
4. Жалмағамбетова А. Еріктілік қызметтің әлеуметтанулық аспектілері // Әлеуметтану негіздері. - 2021. - №4. - Б. 16-22.

2. ОТБАСЫЛЫҚ ҚАТЫНАСТАР ПСИХОЛОГИЯСЫ.
2. ПСИХОЛОГИЯ СЕМЕЙНЫХ ОТНОШЕНИЙ.

ТОЛЫҚ ЖӘНЕ ТОЛЫҚ ЕМЕС ОТБАСЫНЫҢ ҚЫЗДАРЫНЫҢ ӨЗІНДІК ҚАТЫНАС ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ

Абенова М.К.
Нұрғалиева С.М.

Өзін-өзі бағалау мәселесі және оның тұлға құрылымындағы рөлі қазіргі уақытта психологиялық ғылым үшін өте маңызды. Психологтар мен мұғалімдер тұлғаның дамуы мен өзін-өзі дамытуын өзін-өзі танудың дамуымен заңды түрде байланыстырады. Отандық және шетелдік психологияда өзін - өзі қарым-қатынас көбінесе өзін-өзі танудың эмоционалды компоненті ретінде қарастырылады, ол бір жағынан өзін-өзі тануға сүйенеді, ал екінші жағынан өзін-өзі реттеуді, өзін-өзі тануды және өзін-өзі дамытуды қалыптастырудың негізгі алғышарттарын жасайды. Тұлғаның қалыпты жұмысындағы өзіндік қатынастың жетекші рөлін Б.Г. Ананьев; Р. Бернс; А.А. Бодалев; Н.А. Менчинская; С.Р. Пантилеев; А.М. Прихожан және басқалар.

И.И. Чеснокова психологиялық талдау тұрғысынан өзін - өзі тану күрделі психикалық процесс екенін айтады, оның мәні адамның әртүрлі іс-әрекет жағдайларында, мінез-құлықта, басқа адамдармен өзара әрекеттесудің барлық түрлерінде және осы бейнелерді біртұтас біртұтас білімге біріктіруде өзін-өзі көптеген "бейнелерді" қабылдауынан тұрады. идея, содан кейін өзінің "Мен" ұғымы басқа субъектілерден басқа субъект ретінде [1].

И.С. Кон өзін-өзі тануды психикалық процестердің жиынтығы ретінде анықтайды, оның көмегімен адам өзін іс-әрекеттің субъектісі ретінде таниды В.С. Мерлин ұсынған Өзін-өзі тану анықтамасы осыған жақын. Оның көзқарасы бойынша, Өзін-өзі тану-бұл адамның іс-әрекеттің субъектісі екенін, сонымен бірге белгілі бір психологиялық және әлеуметтік моральдық сипаттамалары бар субъект екенін түсіну қасиеті. В.В. Столин өзін - өзі тану, ең алдымен, адамның өзін танитын және өзіне белгілі бір жолмен қарайтын процесі екенін айтады. Ол өзін - өзі бейнелеумен сипатталады - "мен-бейнесі "немесе" Мен-тұжырымдамасы" [2].

В.В. Столин, С.Р. Пантилеев, Е.Т. Соколов сияқты авторлардың пікірінше, өзін-өзі тану құрылымындағы орталық компонент эмоционалды компонент немесе өзіндік қатынас болып табылады. Өзін-өзі бағалау арқылы біз өзімізді басқа адамдармен немесе белгілі бір құндылықтар жүйесі тұрғысынан ішкі эталонмен салыстыру арқылы өз қасиеттеріміз бен қасиеттерімізді саналы түрде бағалауды түсінеміз. Жеке өзін-өзі бағалаудың ішкі жүйесі өзіндік қатынастың реттеуші сипаттамаларын сипаттайды [3].

Зерттеуге 30 жасөспірім (11-15 жас) қатысты, оның ішінде 15-сі толық отбасылардан және 15-ы толық емес отбасылардан.

Өз-өзімен қарым-қатынасты зерттеу үшін біз С.Р. Пантилеевтің (МИС) "өз-өзімен қарым-қатынасты зерттеу әдістемесін" қолдандық. Сауалнама стандартты өзін-өзі есеп беру принципіне негізделген, қарым-қатынастың жекелеген аспектілерінің ауырлығын анықтауға мүмкіндік береді.

Өзін-өзі бағалаудың ерекшеліктері жеке өзін-өзі бағалауды талдауға мүмкіндік беретін Т.В. Дембо - С.Я. Рубинштейн әдісін қолдана отырып зерттелді. Бұл әдістеме төрт "баспалдақтан" тұрады: ақыл, денсаулық, мінез және бақыт [4].

Сонымен қатар, біз әдістемені бесінші "баспалдақпен" толықтырдық: ата-аналармен қарым-қатынас.

Толық және толық емес отбасылардағы балаларға тән психологиялық қорғаныс түрін анықтау үшін біз Плутчик - Келлерман - Контенің "өмір салты индексі" (LSI) сауалнамасын қолдандық. Бұл сауалнама белгілі бір өмірлік жағдайларда адамдардың сезімдерін, мінез-құлқын және реакцияларын сипаттайтын 92 мәлімдемеден тұрады.

Сипатталған әдістерге сәйкес алынған мәліметтер математикалық статистиканың стандартты әдістерімен өңделді (Манн–Уитни критерийі).

1-кесте. Өзіндік қатынас көрсеткіштері.

Шкала	Орташа деңгей (%)	Жоғары деңгей (%)	Төмен деңгей (%)
Ашықтық	63	37	0
Өзіне сенімділік	60	34	6
Өзін-өзі басқару	43	52	5
Шағылысқан өзіндік қатынас	66	24	10
Өзіндік құндылық	57	40	3
Өзін-өзі қабылдау	56	39	5
Өзін-өзі байланыстыру	32	58	10
Ішкі жанжал	40	52	8
Өзін-өзі кінәлау	50	40	10

Кестеде толық емес отбасылардан шыққан қыздардың өзіндік қатынас деңгейлерінің үлестік көрсеткіштері берілген. Бұл деректер әр шкала бойынша жоғары, орташа және төмен деңгейде бөлінген. Ең айқын айырмашылықтар – өзін-өзі байланыстыру, ішкі жанжал мен өзін-өзі кінәлау шкалаларында байқалады.

Өзін-өзі бағалауды өзіндік қатынастың құрамдас бөлігі ретінде зерттеу үшін біз өзін-өзі бағалауды зерттеу әдісін қолдандық (Т.В. Дембо - С.Я. Рубинштейн).

Диаграмма мәліметтеріне сүйенсек, толық емес отбасылардан шыққан жасөспірімдер барлық көрсеткіштер бойынша төменірек балл бергені байқалады. Ең үлкен айырмашылықтар «әдемілік», «қарым-қатынас» және «бақыт» шкалаларында көрінеді, бұл олардың өзін-өзі қабылдауы мен қанағаттануының толық отбасындағы құрдастарына қарағанда төмен екенін

көрсетеді.

Бұл нәтижелер толық емес отбасындағы жасөспірімдердің өзін-өзі бағалауы көбінесе ішкі сенімсіздік, өз-өзіне сын көзбен қарау, және эмоционалды тұрақсыздықпен байланысты екенін дәлелдейді.



1-сурет. Жасөспірімдердің өзін-өзі бағалау деңгейлерінің салыстырмалы диаграммасы

Бірінші кезеңде толық емес отбасылардан шыққан 15 қыздар тексерілді. Айта кету керек, біз тексерген толық емес отбасылардың 24% - ы ата-анасының біреуінің қайтыс болуы (ауру, оқиға), толық емес отбасылардың 66% - ы ата-анасының ажырасуы немесе некесіз бала тууы салдарынан пайда болды. Жасөспірімдердің 10% - ата-аналар қайта, бірақ азаматтық некеде тұрады, бұл біздің ойымызша толық емес отбасы жағдайына да жатқызылуы мүмкін.

Өзін-өзі тануды дамытудың маңызды компоненттерінің бірі оң көзқарас болғандықтан, толық емес және толық емес отбасылардағы жасөспірімдердің өзіндік қатынастарының ерекшеліктерін зерттеу үшін біз "МИС" әдісін қолдандық.

Толық емес отбасылардан шыққан жасөспірімдердегі өзіндік қатынас шкалалары мынадай түрде көрінді:

- «Ашықтық» бойынша: 63% орташа деңгей, 37% жоғары деңгей;
- «Өзіне сенімділік»: 60% орташа, 34% жоғары, 6% төмен;
- «Өзін-өзі басқару»: 52% жоғары, 43% орташа, 5% төмен.

«Шағылысқан өзіндік қатынас» шкаласы бойынша 66% орташа, 24% жоғары, 10% төмен деңгейлер байқалды. Бұл көрсеткіштер жасөспірімнің басқа адамдардың өзіне деген болжамды көзқарасы негізінде өзін қабылдауына тікелей байланысты. Ал «өзіндік құндылық» шкаласы бойынша 40% жоғары,

57% орташа, 3% төмен нәтижелер тіркелді. Бұл олардың рухани болмысына деген оң көзқарасты, ішкі жан дүниесіне қызығушылықтың бар екенін көрсетеді.

«Өзін-өзі қабылдау» шкаласында жоғары көрсеткіш 39%, орташа – 56%, төмен – 5% болды. Бұл өзіне деген жанашырлықты, ішкі ниеттермен келісімді сипаттайды. Ал «өзін-өзі байланыстыру» бойынша 58% – жоғары деңгейде, бұл жасөспірімдердің өздерін дамытқысы келетінін, өзгеруге дайын екендерін білдіреді. Сонымен қатар, «ішкі жанжал» (52% жоғары) және «өзін-өзі кінәлау» (40% жоғары) шкалалары бойынша алаңдатарлық жоғары көрсеткіштер тіркелгені байқалды.

Зерттеу нәтижелері мектеп психологтары мен педагог мамандар үшін маңызды практикалық мағлұмат береді. Толық емес отбасынан шыққан жасөспірімдердің ішкі дүниесін, өзін-өзі бағалау деңгейін ескеріп, олармен жеке бағытталған түзету-дамыту жұмыстарын жүргізу қажет. Бұл олардың психологиялық тұрақтылығын арттырып, әлеуметтену үдерісін жеңілдетуге мүмкіндік береді.

Қорыта айтқанда, өзіндік қатынастың қалыптасуында отбасылық жағдай шешуші рөл атқарады. Сондықтан отбасы құрылымының ерекшеліктерін ескере отырып, жасөспірімнің тұлғалық дамуын қолдауға бағытталған алдын алу және психокоррекциялық шараларды ұйымдастыру – маңызды әлеуметтік міндеттердің бірі болып табылады.

Әдебиеттер:

1. Пантилеев С.Р. Самосознание как эмоционально-оценочная система. - М.: МГУ, 1991. - 110 с.
2. Кон И.С. В поисках себя. Личность и ее самосознание. - М.: Политиздат, 1984. - 335 с.
3. Мерлин В.С. Структура личности: характер, способности, самосознание: учеб. пособие к спецкурсу. - Пермь: 1 НИИ, 1990. - 109 с.
4. Столин В.В. Самосознание личности. - М.: Изд-во МГУ, 1983. - 284 с.

БОЙЖЕТКЕНДЕРДІҢ БОЛАШАҚ ЖАР ТАҢДАУДАҒЫ ӘКЕ БЕЙНЕСІНІҢ РӨЛІ

Алтынбек Ә.С.
Нургалиева С.М.

Бұл мақалада бойжеткендердің болашақ жар таңдауына әсер ететін факторлардың бірі ретінде әке бейнесінің рөлі қарастырылады. Әкенің қыз баланың тұлғалық дамуына, ер адам туралы алғашқы көзқарасының қалыптасуына және сенім жүйесіне тигізетін ықпалы ерекше назарда болады. Зерттеуде психологиялық теориялар мен әлеуметтік-мәдени контекст тұрғысынан әке мен қыз арасындағы қарым-қатынас сипаты, оның болашақ жар таңдаудағы рөлдік модель ретінде қызмет етуі талданады. Сонымен қатар, қазақ отбасылық дәстүріндегі әке фигурасының орны, заманауи қоғамдағы өзгерістер

және олардың әсері қарастырылады. Мақалада бойжеткендердің санасында әкенің жағымды не жағымсыз бейнесі ер адамдармен болашақ қарым-қатынастың стилін анықтайтыны дәлелденеді. Бұл тақырып ата-аналар мен педагогтар үшін де маңызды, себебі баланың отбасындағы қарым-қатынас моделі оның өмір бойғы таңдауларына ықпал етеді.

Әке – отбасы құрылымындағы маңызды тұлға ғана емес, қыз баланың психологиялық дамуына, тұлғалық қалыптасуына және болашақтағы әлеуметтік қарым-қатынасына тікелей әсер ететін негізгі рөлдердің бірі. Қыз баланың өміріндегі алғашқы ер адам ретінде әке оның ер адам туралы алғашқы түсінігін, сенім жүйесін және қарым-қатынас стилін қалыптастырады. Әке мен қыз арасындағы эмоционалдық байланыс, қарым-қатынастың сипаты, қолдау мен қамқорлықтың деңгейі қыздың өзін-өзі бағалауына, болашақ жарынан не күтетіндігіне және жеке өміріндегі шешімдеріне әсер етеді [1].

Бұл тақырыптың өзектілігі қазіргі қоғамда отбасы институтының өзгеруімен және әкенің тәрбиелік рөлінің әлсіреуіне байланысты артып отыр. Мақалада әке бейнесінің теориялық негіздері қарастырылып, нақты эмпирикалық зерттеу арқылы бойжеткендердің болашақ жар таңдауына қандай ықпал ететіні сарапталады. Зерттеудің мақсаты – бойжеткендердің отбасылық тәжірибесі мен жар таңдауындағы әке бейнесінің өзара байланысын анықтау. Бұл мәселені кешенді қарастыру қыз тәрбиесінде ата-аналардың, әсіресе әкелердің жауапкершілігін арттыруға және отбасылық қарым-қатынасты сауатты қалыптастыруға септігін тигізеді.

Қыз баланың болашақ жар таңдауына әсер ететін психологиялық факторлардың ішінде отбасы тәрбиесі, әсіресе әке бейнесі айрықша орын алады [2]. Психологиялық ғылымда бала тұлғасының қалыптасуында ата-ананың әрқайсысының өзіндік ықпалы бар екені дәлелденген. Бірақ қыз баланың ер адамға деген қарым-қатынас үлгісі мен эмоционалдық бағдарын қалыптастыруда әкенің рөлі ерекше. Әке – қыздың өміріндегі алғашқы ер адам, яғни оның бойындағы қасиеттер бейсаналы түрде қыздың болашақ ер адамға қоятын талаптарына айналады [3].

